

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДЫҢ
ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Международная научно-практическая конференция

**СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ
И СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2019 жылғы 6 желтоқсан

**СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ И
СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**

Материалы международной научно-практической конференции
6 декабря 2019 года

НҰР-СҰЛТАН, 2019

УДК 008
ББК 72.3
Г94

Редакция алқасы: А.Қ. Құсайынов, А.Ж. Исмаилов, Қ.Ә. Ахметов, С.С. Оспанов,
Редакционная коллегия: Я.Н. Оспанова, Қ.А. Мамаділ, Б.С. Сәрсекеев,
Л.Н. Дәуренбекова, Қ.Ә. Әбішев, Г.Д. Тажбенова,
Л.В. Волкова, А.Т. Аязбаева, А.С. Сыздыкова

Г94 Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Жалпы редакциясын басқарған А.Қ. Құсайынов. – Нұр-Сұлтан: Еуразия гуманитарлық институты, 2019. – 370 б. // **Современные проблемы гуманитарных и социальных наук:** Материалы международной научно-практической конференции / Под общей редакцией А.К. Кусаинова. – Нур-Султан: Евразийский гуманитарный институт, 2019. – 370 с.

ISBN 978-601-7962-59-3

Бұл басылымда «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жарияланды. Оларда педагогика және психология, тарих, әлеуметтану, философия, әлеуметтік жұмыс, экология, валеология, қазақ және орыс филологиясы, шетел филологиясы және аударма ісі, экономика, қаржы және құқықтану саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері баяндалды.

В настоящем издании опубликованы доклады участников международной научно-практической конференции «Современные проблемы гуманитарных и социальных наук», в которых нашли отражение результаты научных исследований и достижения практической деятельности в сферах педагогики и психологии, истории, социологии, философии, социальной работы, экологии, валеологии, казахской и русской филологии, иностранной филологии и переводческого дела, экономики, финансов и права.

ISBN 978-601-7962-59-3

**УДК 008
ББК 72.3**

© Еуразия гуманитарлық институты, 2019
Евразийский гуманитарный институт, 2019
© «ҰҒТАО» АҚ Нұр-Сұлтан қ-ғы филиалы, 2019
Филиал АО «НЦНТИ» в г. Нур-Султан, 2019

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

*Құсайынов А.Қ.
тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик
Еуразия гуманитарлық институтының ректоры
Нұр-Сұлтан қ., (Қазақстан)*

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫ ҚОНАҚТАР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

Еуразия гуманитарлық институтында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер! Осы ғылыми шара аясында Сіздер Тәуелсіз Қазақстанның интеллектуалдық, мәдени, экономикалық, заңнамалық т.б. маңызды сапалар жағынан өсіп-өркендеуіне, заманауи жаңғыруына айтарлықтай ықпал ететін көкейкесті мәселелер жөніндегі зерттеулеріңізден туындайтын ғылыми-тәжірибелік ой-пікірлеріңізді ортаға салып, тиімді әрі нақты жетістіктеріңізді бөлісесіздер деп ойлаймын.

Құрметті зиялы қауым! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 жылғы 2 қыркүйек) атты жолдауында білім беру сапасын жақсарту мәселесіне арнайы тоқталып, айқын міндеттер қойып, нақты тапсырмалар берді. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарының қатарында Еуразия гуманитарлық институты да заманауи талаптарды орындаудың аса маңызды нәтижесі – нарыққа қажетті сапалы мамандар даярлау деп біледі. Қазірдің өзінде біз әлемдік білім мен ғылым кеңістігінің даңғыл жолында келеміз. Түлектерімізге деген нарықтағы бәсекелестік те жылдан-жылға күрделене, салмақтана түсуде. Әсіресе жаңа мазмұнды, сапалы білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жоғары сапаға қол жеткізе алдық. Бірқатар шетелдік ЖОО-лармен серіктестік, өзара ықпалдастық, ынтымақтастық қатынастар орнаттық. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары ойдағыдай жүзеге асырылып келеді. ЕАГИ-дің жұмыс берушілермен, өндіріс орындарымен өзара ынтымақтастық деңгейі жоғарылады. Елорда мектептерінде, банктерде, т.б. мекемелерде институт кафедраларының филиалдары нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Біздің түлектеріміздің жұмыспен қамтылуы талапқа сай деуге болады. Студенттеріміздің қатарында ҚР Президенті стипендиясының иегерлері, республикалық ғылыми, олимпиадалық, спорттық т.б. байқаулар мен жарыстардың жүлдегерлері бар. Инклюзивті білім беру, қашықтықтан білім беру технологиясы, антиплагиат жүйесі, ақпараттық қамтамасыз ету т.б. қалыпты жүзеге асырылуда. Деструктивті діни ағымдарға қарсы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылар корпусын ізгілендіру шаралары жүйелі әрі нәтижелі жүргізіледі. Студенттеріміздің әлеуметтік мұқтаждықтары барынша жедел әрі дер кезінде шешімін табады.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты концептуалды мақаласындағы, «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасындағы стратегиялық бағыттарда межеленген өзекті проблемаларды да бүгін сіздер жан-жақты талқылап, салмақты ұсынымдар береді деп сенемін. Осы реттегі ғылыми және практикалық ізденістеріңізге жетістіктер тілеймін!

Ортақ Отанымыздың білімі мен ғылымын өркендетудегі еңбектеріңіз тың жаңалықтармен еселене, еңселене берсін!

Шадиева Н.Х.

*қазақ және орыс филологиясы кафедрасының
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Еуразия гуманитарлық институты
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Рухани жаңғыру – бұл төл әдебиетімізді, мәдениетімізді жаңғырту, ұлттық сананы ояту. Жаңғыру – жазудан басталады. Жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Жазу болған жерде тарих бар. Білім жүйелі болады, ғылым сапалы болады, рухани қазына жинақы болады. Ғылымның дамуы да жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазу қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде, жазудың қадірі арта түседі.

Қазақ жазуы тым тереңнен тамыр тартады.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Қазақ жазуы кирилл жазуына көшті.

Қазір қазақ жазуының жаңа тарихы басталды. Әліпбиге реформа жасау үрдісі жүріп жатыр. 2017 жылдың 9 қазанында қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру жобасы ұсынылды. 2017 жылы қазақ тілінің жаңа латын әліпбиі 26 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. 2017 жылдың 26 қазанында бұл алфавит ресми түрде мақұлданды. 2018 жылғы 19 ақпанда осы қаулыға түзетулер енгізілді. 2017-2025 жылдары жаңа әліпбиге көшу жоспарлануда. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Ұлт көшбасшысы – Елбасы 2017 жылы сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа қазақ әліпбиіне кезең-кезеңімен көшу бойынша нақты шешімдерін көрсетіп, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің біртұтас стандартты үлгісін әзірлеуді тапсырды. Содан кейін тілтанушы ғалымдар мен IT мамандарының арасында жаңа қазақ әліпбиінің бірқатар жобалары әзірленді. Нәтижесінде Елбасына жаңа әліпбидің үш нұсқасы ұсынылды.

2017 жылы қыркүйек айында әзірленген алғашқы әліпбиде қазақ тілінің төл дыбыстары диграф таңбалармен берілді.

Диграфты таңбалар: *æ – ə, oe – ø, gh – g, ng – ŋ, ch – č, sh – ŝ, zh – ž*.

Диграфпен таңбаланған сөздер: *жәдігөй* (7 таңба) – *zhaedigoej* (10 таңба), *жәшік* (5 таңба) – *zhaeshik* (8 таңба), *жаңғақ* (6 таңба) – *zhangghaq* (9 таңба), *мүшәйра* (8 таңба) – *mueshaejra* (10 таңба).

2017 жылы 27 қазанда әзірленген келесі әліпбиде қазақтың төл дыбыстары апострофпен таңбаланды.

Апострофты таңбалар: *a', o', i', y', u', g', n', s', c'*.

Апострофты таңбалар арқылы әзірленген әліпби QWERTY-пернетақтасының 26 әрпіне бейімделген болатын. Тілтанушылар апострофтардың көзшаламға және қолдағдыға қолайсыздығы жайында мақалалар жариялап, дәйекті пікірлерін білдірді. Қазақ тілі өзінің тұрпаты жағынан агглютинативті тілдерге жатады, яғни түбір сөзге жұрнақтар мен жалғаулар үндесіміне сәйкес жалғанады. Апостроф белгілері әріптер арасында босаралық қалдырып, тұтас мәтінді екі есеге ұзартып, мәтінді теру мен оқу барысында белгілі бір қиындықтар тудырды. Мысалы:

S'oq ag'as'; qon'yr ai'y'; s'an'sorg'ys'; ko'zboi'ay's'ylyq; jaso'spirim; M.A'y'ezov atyndag'y A'debi'et ja'ne O'ner i'nsti'ty'ty.

Жалпы қазақ тілінің төл дыбыстарын алмастырған диграфтар мен апострофтар жазудың үнемділігіне қайшы келді және қазақ әліпбиінің ұлттық ерекшелігін көрсетпеді. Осылайша бұл жоба қайта түзетуге жіберілді.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары ұлттық әліпбидің негізгі критерийлерін белгіледі:

- «бір дыбыс – бір таңба» ұстанымына орай әрбір таңбаның бір ғана оқылым үлгісі болуы қажет;

- диакритикалық таңбалар да мейлінше аз болуы қажет және олар қазақ тілінің фонологиялық жүйесін толық көрсетуі керек;

- әліпбиде диграфтар, триграфтар болмауы керек, себебі олар жазуды үнемдеу принципіне қарсы шығады;

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ұлттық бейнесі болуы керек;

- латын графикасына негізделген әліпби жаңа сөздерді, мәтіндерді оңай оқуға, жазуға, ұғуға ыңғайлы болуы тиіс [2. 9].

2018 жылы 20 ақпанда жаңа қазақ әліпбиінің нақты нұсқасы бекітілді. Бұл әліпбиде диакритикалық акут белгілері пайдаланылды: *á(ə), ó(ø), ú(ү), ġ(ғ), ħ(һ), ý (у)* және екі диграф *sh (ш), ch (ч)*.

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру – қоғамдық санаға қозғау салған рухани жаңғыру идеясымен ұштасып жатқан тарихи шешім. Елбасы өз сөзін ұлттық санадан бастайды. Ұлттық санасы жоқ адамнан ұлтына жақсылық күту қиын. Елбасы былай дейді: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1]. Ұлттық санаға, ең алдымен, әсер ететін күш – ана тілі. Тілімізді реформалау ұлттық сананы жаңа деңгейге көтеретін қадам. Осыған байланысты ол саяси болғандықтан, елбасы бұл мәселені көтеріп, халық талқысына ұсынады. Елбасы өз мақаласында былай деп жазады: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» [1]. Латын әліпбиіне көшу мәселесінің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болғанымен, бұл мәселе төңірегінде дау мен талас-пікір көп. Бұл мәселе – тілші-

ғалымдар тарапынан ғана емес, басқа да сала адамдарын толғандырып, қолдарына қалам алғызып отырған көкейтесті мәселе.

Біздің заманымыз – модернизация, инновация, цифровизация заманы. Дәл осы заманда латын графикасы арқылы глобалды коммуникацияға кіруге болады және латын жазуына көшкенде еліміздің бәсекелестігі артады, соның нәтижесінде халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік тудырады.

Жаңа әліпби табысты өзгерістер алып келетіні, оның артықшылығын қоғам түсініп келеді. Шетелдегі (Еуропада, Азияда, Америкада) отандастарымыз көбісі кирилл графикасын білмейді, бір-бірімен халықаралық жазуды пайдаланады. Халықаралық жазу латын графикасына негізделген. Түркі тілдес елдердің көбісі латын графикасын пайдаланады. Латын әрпіне көшу – түбі бір, тарихы ортақ түркі халықтарымен жақындастыра түсетіні баспа беттерінде дәлелденіп те жүр. Латын әліпбиі әлеми деңгейде басым болып отыр, сондықтан латынға деген мұқтаждық бар. Алайда латын әліпбиіне көшудің ең басты себебі, көпшілік назарынан сырт қалып барады. Басты себеп осы сәтті пайдаланып, «кирилл» жазуына реформа жасау керек. Әрбір елдің өз жазуына реформа жасап алатыны әлеми тәжірибеде бар. Бізге де осы сәт келді. Өйткені қазіргі қолданыста жүрген әліпби ұлттық әліпби емес. «Өйткені бүгінгі кирилл әліпбиіміз қазақтың әліпбиі емес, «қазақ-орыс», тіптен турасын айту керек, «орыс-қазақ» әліпбиі. Өкінішке орай, орыс тілді фонетистеріміз сол «орыс-қазақ» әліпбиінің үлгісімен латынға көшуді ұсынып қиянат жасап отыр», - дейді ғалым Ә. Жүнісбек [3.6].

Еліміз 2025 жылы латын әліпбиін қолдануды бастап кетуі тиіс. Бірақ оған дейін де кезең-кезеңімен атқарылатын шаралар жетерлік. Өйткені бүтіндей бір мемлекетті бір әліпбиден басқа әліпбиге ауыстыра салу оңай жұмыс емес. Бұл – қоғамдық сауаттылықты қамти отырып атқарылатын үлкен шаруа. Әріп жазуы арқылы тарихи таным сақталады. Елбасы тұжырымында айтылғандай, басты шарт – ұлттық кодты сақтай білуге бағытталуы қажет, яғни қазақтың өзінің сөйлеу үлгісіне біршама сәйкес келетін әріптерді таңдай білуіміз, өзіміздің ұлттық кодты сақтауға, дамытуға қызмет етуіміз қажет. Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Тіл арқылы сақталған ұлттық кодты жаңғырта дамытудың бір жолы – жаңа әліпби негізінде емле-ережелерді төл тіліміздің заңдылығы негізінде қайта жаңартып, сөйлеу тіліміздің гармониялық жүйесін қайта орнықтыру болса керек.

Қазақ жазуын латыннегізді ұлттық әліпбиге көшіру арқылы түбегейлі реформалаудың маңызды кезеңі жаңа емле ережелерін анықтау болып табылады. Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен реформаны жүзеге асырудың кезеңдік жоспарына сәйкес латын графикалы әліпби бойынша жазу-сызудың орфографиялық ережелерінің ғылыми-теориялық негіздері Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандары тарапынан зерттеліп жатыр. Ғылыми ізденістер бойынша жаңа емле ережелерінің тұжырымдамасының жобасы да әзірленді.

Жазу-сызу – біздің түп негізі бар рухани дүниеміз. Жазуға реформа жасау – бұл қағаз бетіне түскен барлық мұраларымызды жаңа әліпби, жаңа емле бойынша қайта жазып шығумен тең. Демек, кирилл қарпімен жазылған еңбектер қайта жаңғырады деген сөз. Алдағы уақытта емле ережелерінің негізінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар осы ережелерге сәйкес құрастырылады. Сол кезде, басы ашылмай жатқан тіл мәселелері де бірізділікке түсіп, тұрақталады деген ойдамыз.

Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап, пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай

немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады.

Жаңа әліпбиге көшу жолында мынадай мәселелер негізге алынғаны дұрыс:

Бұрыннан тілімізде игеріліп, қалыптасқан шеттілдік сөздер айтылуы бойынша жазылса: *taýar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiyz, siez.*

Айтылуы қазірге дейін қалыптасқан ауызша коммуникацияда орыс тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына сәйкес *компьютер, канцерт, камитет*, сөздерінің айтылуы қазақ тілінің заңдылықтарына қарай дыбысталуына өзгерсе: *компьютер, концерт, комитет.*

Жазуды латын графикасына көшіру қоғам өміріне ерекше рухани серпіліс бермегі айқын. Бұл тұрғыда, ең басты міндеттердің бірі – орфографиялық олқылықтарды түзеп, ала-құлалықты біріздендіру. Осы орайда, күнделікті өмірде көп кездесетін, ресми іс-қағаздарда кездесетін, орфографиялық сөздікте дұрыс жазылуы көрсетілсе де, қоғамда, ақпарат құралдарда, баспа беттерінде кейбір сөздердің жазылуында ала-құлалық кездеседі. Мысалы, ҚР Мемлекеттік терминология комиссиясының мақұлдауымен 2007 жылы басылған Орфографиялық сөздікте «қолхат», «сенімхат», «алғысхат» сөздері бірге жазылу көрсетілген. Осындағы «алғысхат» сөзі әлі күнге дейін барлық жерде бөлек жазылып жүр. Ал «рақмет», «дастарқан», «рақат» сөздері ше?! Бұл сөздер де әлі күнге дейін екі түрлі нұсқада қолданылып жүр. Дегенмен көп адамдар «рахмет», «дастархан», «рахат» деп жазады.

Сонымен бірге «шақыру хат», «шақырухат», «шақыру хаты», «шақыру қағаз», «шақыру қағазы», «құттықтаухат» (орф. сөздікте осы нұсқа берілген), «құттықтау хаты» деген нұсқаларда әрқилы жазылып жүр. «Іссапар», «ісқағаз» сөздері қосылып, «іс-шара», «іс-әрекет» сөздері қосарланып жазылады. Бұл сөздердің морфологиялық құрамы ұқсас, жасалу жолдары бірдей, бірақ жазылуы әртүрлі. Осыларды біріздендіру құба-құп болар еді.

«Қонақүй» сөзі – қалада ең көп кездесетін сөз. Бұл сөздің бірігіп жазылуы барлық жылдардағы орфографиялық сөздікте берілген. Тек оны ескеріп жатқан халық жоқ. Бұл сөз қонақүйлердің маңдайшаларында да, баспа беттерінде де бөлек жазылып жүр.

«Мекенжай» сөзінің тіпті үш түрлі нұсқасы кездеседі: «мекен-жай», «мекенжай», «мекен жай». Орфографиялық сөздікте бірігіп жазылуы көрсетілген.

Сөздікте «Ауылшаруашылық», «теміржол» деп бірге жазуды берген, бірақ тиісті министрлік пен компанияның сайттары мен бланкілерінде бұл сөздер «Ауыл шаруашылығы министрлігі», «Қазақстан темір жолы» деп бөлек жазылып жүр. Мұндай мысалды көп келтіруге болады. Бұдан Латын әліпбиіне көшу аталмыш проблеманың да оңтайлы шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан рухани жаңғыруды жазудан бастау – ең игі іс. Тіліміздегі орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген сөздерді тілімізге икемдеп жазу қалыптасады. Әрі жалпы қоғамда сауатты жазуға бетбұрыс жасалады. Латын графикалы әліпбиге көшу керек және Ә. Жүнісбек айтқандай, сауат ашып көшу керек. Бұл үдеріс – саяси реформа.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті, 2017 ж. 12 сәуір
2. Жаңа емле. Оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 117 б.
3. Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-тәжірибелік негіздер, даму процесі және басты мәселелер. – Астана: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2018. – 280 б.

Забудская Я.Л.
кандидат филологических наук,
доцент кафедры классической литературы
Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова
г. Москва (Россия)

АНТИЧНОСТЬ И СОВРЕМЕННАЯ КУЛЬТУРА: ЛИТЕРАТУРА И КИНО

На разных этапах истории европейской культуры то один, то другой эпизод античной мифологии обретает вдруг востребованность и множество интерпретаций; изучение причин такой актуальности – вопрос интересный и сложный одновременно. Сюжет об Эдипе – это повод для актуального политического намека и бесконечных размышлений о роли судьбы; сюжет об Орфее – это символ смерти и бессмертия художника; сюжет об Атридах – пример мести и возмездия; Троянский поход – изображение ужасов войны; впрочем, интерпретация любого сюжета и персонажа может быть перевернута с ног на голову уже со времен Шекспира, высмеявшего Гектора в угоду малоизвестному античности Троилю и представившего Терсита циничным мудрецом.

Начиная с XX в. как «высокой», так и массовой культуре свойственно функциональное изменение мифа, дающее возможность для бесконечной художественной игры, аналогий и параллелей, ожидаемых и неожиданных. Главная ценность рецепции античного наследия в современной культуре – это не знание сюжета как такового (хотя с упадком образования мы можем вернуться и к этому, то есть, в сущности, к Средним векам), а игра с сюжетом, наполнение античных сюжетов современным звучанием, актуальными темами, т.е. ценность эвристическая.

Античный сюжет в любом варианте его использования (современная подача древнего мифа, как «Адская машина» Жана Кокто (1934 г.) или «Смерть Пифии» Фридриха Дюрренматта (1976 г.), или перенесения действия в наши дни, как «Траур – участь Электры» Юджина О’Нила (1931 г.), «Орфей спускается в ад» Теннесси Уильямса (1957 г.), «Кентавр» Джона Апдайка (1963 г.)) – это усложненность символики, смысловая многослойность. Часто главным средством в интерпретации становится ирония, но не обязательно: в «Благоволительницах» Джона Литтелла (2006 г.), тяжелой во всех смыслах (объем, стиль, сюжет) книге, античные реминисценции, несмотря на обманную очевидность поэтики заглавия, проступают почти незаметно, неожиданно проявляясь в финале и показывая, что у художественной рецепции уже казалось бы исчерпавших себя сюжетов еще остались новые пути. В конце концов, изучение античности становится и сюжетом *per se*, например в «Волхве» (1965 г.) когда-то модного Фаулза или «Тайной истории» (1992 г.) модной сейчас Донны Тартт.

Особым образом все это отразилось в начале XX в. в новом жанре, давшем новую жизнь античным сюжетам – кино. Существование оказалось взаимовыгодным: благодаря кино античные сюжеты нашли путь к широкой публике, незнакомой с греческой и римской литературой; кино, в свою очередь, благодаря античным сюжетам обретало культурную значимость. Использование античных имен и сюжетов сразу придавало глубину даже самому легкомысленному сюжету (например, немой фильм 1917 г. «Рабыня Фидия»). Возможно, что именно появление кинематографа (новой формы дискурса, соединившей визуальный ряд и текст) повлияло на изменение восприятия античных сюжетов – ведь у истоков новой «мифологической» драмы стоит такая фигура, как Жан Кокто, воплотивший именно этот принцип рецепции (античность как современность) не только в литературе («Адская машина»), но и в театре («Антигона», «Царь Эдип») и в кино («Орфей», «Завещание Орфея»): античный сюжет, как никакой другой, подходил для его метода «ирреального реализма».

При этом именно благодаря кино античность из элитарного знания превращается в элемент массовой культуры. Пример этому – особый жанр, пеплум, сложившийся уже в

немом кино, расцветший пышным цветом на рубеже 50-60-х гг. XX в. и заново родившийся уже в XXI благодаря успеху «Гладиатора» (2000 г.). Пеплум (он же жанр *Sword and Sandal* «меча и сандалии») – историческое кино, предлагающее зрителю красивые одежды и пейзажи, зрелищные бои, актеров со сверкающими мускулами и актрис с эффектными прическами и макияжем, наконец, благополучный финал. Впрочем, жесткие рамки жанра не мешали некоторым создателям усложнить свое повествование, тем более что античные сюжеты, как мы помним, вполне могут способствовать раскрытию современных проблем.

Примером сложной связи античности и современности может послужить история Спартака: описанная Аппианом и Плутархом (современники-римляне не спешили увековечивать этот позорный для Рима сюжет) история была слишком пугающей для сотрясаемой буржуазными революциями Европы (показательно, что классицистическая 5-актная драма «Спартак» Бернара Сорэна была поставлена в Париже в 1760-м году [1: 40]), зато оказалась востребованной в XIX в.: как воплощающая идеи революционной борьбы марксистами, как символ объединения и свободы Италии – гарибальдистами. Интересно, что популярный в Советском Союзе «Спартак» Джованьоли был написан в интересах как раз вторых, то есть гарибальдистов, и призван был служить национальной идее, а вовсе не революционной. В 1913 году Джованни Видали снял одноименный фильм все с той же целью – поднятие итальянского патриотизма: соединение этой цели с жесткими жанровыми рамками раннего немого кино (и благополучный финал к удовольствию зрителей) позволили создать, можно сказать, параллельную реальность, в которой Спартак выступает как триумфатор и объединитель Италии[1: 41].

Влияние интеллектуального кино на жанр массовой культуры иллюстрирует продолжение кинематографической судьбы Спартака – фильм Кубрика с Керком Дугласом и Лоуренсом Ольше в роли Красса, снятый, впрочем, не по роману Джованьоли, а по новелле Говарда Фаста. Фильм с невероятным для тех времен бюджетом и спецэффектами, один из ярчайших примеров пеплума, оказался еще и политическим высказыванием против маккартизма и за права афроамериканцев (что сделало его пеплумом «интеллектуальным»).

Главный вывод о разделении сюжетов на пеплум и артхаус достаточно очевиден. В пеплуме объектом изображения становятся события военной истории («Триста спартанцев», «Спартак») или биографии знаменитых людей (мифологических или исторических – Геракл, Александр, Цезарь, Клеопатра [2: 56]). Источниками при этом могут выступать свидетельства античных историков и корпусы мифов, но не обязательно: для фильма «Триста» Зака Снайдера и мидквела Мурро «Триста спартанцев: расцвет империи» основой послужили комиксы [2: 57] – видимо, потому попытка придать сюжету трагический драматизм [2: 58] выглядит искусственной. Интеллектуальное кино предпочитает литературные сюжеты, прежде всего трагедию – это и «Эдип» (1967 г.) и «Медея» (1969) Пазолини, «Медея» Ларса фон Триера (1988), «Ифигения» М. Какоянниса (1977 г.) и «Электра, любовь моя» Миклоша Янчо (1974) и т.д. Подобное разделение, разумеется, не является строгим – пеплум базируется и на литературных, эпических сюжетах («Троянская война» (1961 г.), «Гнев Ахилла» (1962 г.), «Легенда об Энее» (1962 г.), «Троя» (2004 г.)), но эпос своими формами соответствует пеплуму более, чем любой другой жанр античной литературы. Однако в целом наличие литературного источника способствует и усложнению киноязыка: например, судьба Одиссея предстает нам и в классическом пеплуме, и версиях авторского кино («Странствия Одиссея» Марио Камерини (1954 г.), «Одиссея» Франко Росси (1968 г.), одна из немногих настоящих экранизаций поэмы [3: 134], вольные интерпретации Тео Ангелопулоса «Взгляд Одиссея» (1995 г.) и братьев Коэнов «О, где же ты, брат?» (2000 г.)).

Одновременно примером и исключением, подтверждающим правило, является история Кориолана. Формально исторический (приведенный Титом Ливием, Дионисием Галикарнасским и Плутархом), этот сюжет относится скорее к области римской

мифологии времен изгнания царей и становится по-настоящему драматическим только у Шекспира (с опорой на Плутарха). Амбивалентность морально-этической наполненности сюжета (герой, но ненавистник народа; предатель, но спаситель; воин, уступивший женским слезам) дала возможность для предельно контрастных интерпретаций: это и артхаус (существующий только в одном экземпляре фильм-загадка Жана Кокто (1947 г.), *chef d'oeuvre inconnu*), и классический пеплум с положительным героем, играющим мускулами (*Coriolano: eroe senza patria* Джорджо Феррони 1964 г.), и вполне современный блокбастер с политической подоплекой («Кориолан» Рэйфа Файнса 2011 г.), кинематографический перевод античной эстетики на современный киноязык [4].

Показательно, в кинематографических версиях античных сюжетов мы очень редко имеем дело с экранизациями: в качестве примера можно привести уже упомянутую «Одиссею» Франко Росси (1968 г.), и повторную экранизацию Андрея Кончаловского (1997 г.), «Электру» (1962), «Троянок» (1971) и «Ифигению» (1977) Михалиса Кокоянниса, «Эдипа» Тайрона Гатри (1957 г.) и Питера Сэвилла (1967 г.). Попытки буквального следования духу и букве в фильмах Гатри и Сэвилла (первый – это фильм-спектакль в тяжелых костюмах, масках и с нарочитой игрой, второй сочетает стилистику пеплума с текстом Софокла) не имели успеха ни у зрителей, ни у критиков. Гораздо больший успех имели «реалистичные» (и тем самым удаленные от настоящей античной стилистики) экранизации Кокоянниса [1: 72]. Получается, что киноадаптация античного материала по определению предполагает сильное преобразование источника.

Даты фильмов говорят сами за себя – очевидно, что всплеск интереса авторского, серьезного кино последовал за расцветом пеплума и представлял собой попытку вернуть античность из области массовой культуры в более привычную для европейской традиции область культуры элитарной. Однако неудачи «прямых» экранизаций показали, что это не так просто – буквальное воспроизведение античного сюжета на экране делает его неестественным. Более продуктивным оказался путь «осовременивания» в костюмах ли, в стиле, в проблематике. В истории кино ушло несколько десятилетий на осознание того, на что европейской литературе понадобилось несколько столетий: античность ценна не как цель и образец, а как средство познания современности. При всем разнообразии форм трансформации античности в современной культуре главным становится выявление универсальных парадигм человеческого существования, т.е. – в противоположность предыдущим векам – художественным принципом для привлечения античных сюжетов и форм является не ограничение исторических и временных параметров, а возможность выйти за рамки любых конкретных параметров. В сочетании с востребованностью в массовой культуре это формирует новую, социокультурную форму рецепции античности наряду с традиционной эстетической.

Литература

1. Hardwick L. *Reception Studies: Greece and Rome*. Cambridge University Press, 2003.
2. Теперик Т.Ф. Рецепция античности в кинематографе: три версии о 300 спартанцах // *Acta eruditorum*. Вып. 29. Спб, 2018. С. 56-60
3. Мильдон В.П. *Другой Лаокоон или о границах кино и литературы*. М.: 2007.
4. Забудская Я.Л. Поэтика контраста: киноверсии судьбы Кориолана // *Acta eruditorum*. Вып. 29. Спб, 2018. С. 61-64.

Касимов А.А.
доктор юридических наук,
Судья Верховного Суда Республики Казахстан
г. Нур-Султан (Казахстан)

РЕЙДЕРСТВО: ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ. ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Изучение материалов показало, что несмотря на принимаемые государством приоритетные меры (масштабные политические и законодательные реформы), разработка и принятие более 120 законодательных актов, затрагивающих предпринимательскую деятельность, являются неэффективными и свидетельствует о том, что многие вопросы защиты предпринимателей и создания условий их безопасной деятельности не находят своего надлежащего разрешения.

Надеюсь, что данный форум позволит выработать конкретные предложения по решению этих проблем.

Президент Касым-Жомарт Кемелович Токаев сказал, что следует всячески поддерживать отечественный бизнес. Тех, кто препятствует развитию бизнеса необоснованными проверками, поборами, рейдерством, нужно строго наказывать. Пора декриминализировать действия госорганов и их представителей, направленных на подрыв бизнеса. Предусмотреть в законодательстве строгие меры, вплоть до уголовного преследования, как это имеет место в целом ряде государств.

У нас же, как видно из статистических данных, по статье 365 Уголовного кодекса – воспрепятствование законной предпринимательской деятельности было зарегистрировано за три с лишним года по всей стране всего 23 дела, и из них только 16 направлено в суды. По статье 249 Уголовного кодекса по факту рейдерства ни одного дела не было.

Вы верите тому, что у нас нет фактов рейдерства или почти нет вмешательства в бизнес?

Проблема рейдерства для нас не нова и, к сожалению, также не находит своего эффективного разрешения. Рейдерские захваты во всех его проявлениях: от уголовно-правовой и до гражданско-правовой сферы, на первый взгляд законных, имеют место в реальной жизни наших предпринимателей, нашего бизнеса. В современном (более широком) понимании рейдерство означает недружественное поглощение компаний и перераспределение собственности.

В уголовном же законодательстве под этим термином понимается противоправное действие. Формы и составы уголовных противоправных действий различны: это и мошенничество, подделка документов, силовой захват предприятия и так далее. Законодательство Казахстана не только ввело в Уголовный кодекс статью 249, в которой подробно, насколько это было возможно в рамках Уголовного кодекса, описало как и в каких формах осуществляется рейдерство (статья так и называется), но и определило 14 других составов уголовных правонарушений, посягающих на законные права предпринимателей. Это и получение взятки, служебный подлог, превышение власти, злоупотребление властью, должностными полномочиями и так далее. Тогда возникает закономерный вопрос: почему нет активной борьбы мерами уголовного воздействия с рейдерами.

Имеющиеся статистические данные говорят о слабой работе правоохранительных органов. Многие представители правоохранительных органов искренне думают, что возможным доказательством совершения рейдерской атаки являются лишь случаи силового захвата предприятия вооруженной противоборствующей группировкой. По их мнению, война бумажек – это банальный спор двух хозяйствующих субъектов. В реальной жизни, конечно, это не так.

Приведу пример в отношении акима города Аркалык как свидетельство о незаконности действий органов следствия и надзирающего прокурора, незаконно прекративших уголовное преследование в отношении акима, который необоснованно приостановил исполнение заключенного договора купли-продажи лома черных металлов, тем самым воспрепятствовав предпринимателю в реализации своих прав, направленных на извлечение доходов. Дело было прекращено за недоказанностью умысла на извлечение выгод и преимуществ либо нанесения вреда, хотя позже материальный вред в сумме 6,5 млн. тенге был взыскан в рамках гражданского дела.

Кроме того, дается неправильное толкование материального состава статьи 365 Уголовного кодекса. Действия, направленные на воспрепятствование законной предпринимательской деятельности, должны преследовать определенную цель, и эта цель должна быть доказана. Поэтому сложно согласиться с выводами, что наряду с другими причинами отсутствия случаев привлечения должностных лиц по этой статье, является сложность доказывания вины и общественно-опасных последствий.

В рейдерском бизнесе работают высококвалифицированные специалисты с огромным опытом работы, и противостоять им могут только опытные профессиональные юристы. Условно методы рейдерских атак, или недружественного поглощения, можно разделить на три основных вида. Подробную классификацию мы можем найти в литературе.

Это так называемое «белое рейдерство» – четко запланированное поглощение компании, происходящее хоть и против воли собственника, но в соответствии с требованиями закона. Как правило, такой вид поглощения применяется по отношению к компаниям с малоэффективным корпоративным управлением и финансовыми затруднениями.

«Черное» рейдерство – это незаконный захват собственности, основа которого базируется на применении криминальных методов. Это мошенничество, подкуп работников предприятия, подкуп чиновников (судей, прокуроров, работников правоохранительных органов), шантаж и так далее. Такой вид рейдерства чаще применяется к компаниям непубличным, хотя и не исключаются и любые другие компании. Защита от черного рейдерства осуществляется всеми доступными способами, в первую очередь в правоохранительной и судебной областях.

«Серое» рейдерство – поглощение компании, осуществляемое внешне законными средствами, аналогичными методам белого рейдерства, но совокупность этих средств в целом составляет схему, аналогичную методам черного рейдерства. Защита от рейдерства такого рода сложна. Очень сложно нащупать грань между законными и незаконными методами рейдерства. Если скупка акций можно считать законной, то метод, используемый для этого, может быть незаконным и, следовательно, сама скупка акций приобретает незаконный оттенок.

Выделяются наиболее распространенные методы: мошенничество, подделка документов, фальсификация протоколов собраний, подделка подписей, изготовление фальшивых документов, подкуп регистраторов, чиновников, взятки работникам правоохранительных органов, судьям. Это далеко не полный перечень возможных методов. Распространенная форма рейдерства – это перевыборы на основании фиктивных или полузаконных собраний акционеров, когда часть акционеров перевыбирают первого руководителя и назначают своего директора, который производит действия по отчуждению имущества через подставные компании.

Силовой захват. Этот способ незаконного отъема собственности постепенно уходит в прошлое, но иногда еще встречается. Захватывают предприятие, захватывают собственника, удерживают, лишают незаконно свободы, а в этот период осуществляют необходимые действия.

Гринмейл, так называемая психологическая атака, действие на грани этичности, а также скупка акций. Эти способы можно отнести к квазизаконным. Они не нарушают

закон, формальные правила все соблюдены. Описан случай, когда руководителю организации на день рождения присылают гроб с венками. Это атака на человека, он понимает, для чего это сделано. После таких действий ему предлагают уступить место, продать акции и так далее.

На сегодняшний день участились в практике действия по банкротству или по реабилитации предприятия. Очень интересен один случай на практике, когда инвестор вложил огромные суммы для разведки и добычи полезных ископаемых. Создал совместное предприятие на территории Казахстана, назначил руководителем одного из местных. Предоставил ему необходимые для работы права и уехал.

Назначенный им руководитель, преследуя свои далеко идущие цели, заключил с несколькими ТОО контракты по роду их деятельности и в тексте указал, что в случае неисполнения обязательств это предприятие отвечает не только материально, но и выплачивает огромную сумму штрафа. Как и положено по сценарию, наступает ответственность за нарушения договорных обязательств и подается в суд заявление о признании банкротом.

По результатам процедуры банкротства собственниками стали другие лица, инвестор, прежний хозяин, потерял финансовые ресурсы, и только после решения Верховного суда была восстановлена справедливость. К сожалению, такие примеры не единичны.

В целом, соглашаясь с мерами по совершенствованию защиты законных прав предпринимателей, хочу обратить внимание на то, что одними уголовно-правовыми мерами борьбы не должна ограничиваться эта работа. Необходимо комплексно заниматься этой проблемой, включая меры гражданско-правовой защиты и административной юстиции.

В нашем законодательстве нет полноценного юридического понятия рейдерства, нет и его определения в юридической науке. Мне могут возразить, что не только в нашем национальном законодательстве нет научно обоснованного определения. Его сложно дать, ибо рейдерство очень многообразное, охватывает многие сферы и отрасли юридической науки. Да, действительно, непросто будет придти к одному мнению.

Полагаем, что дорогу осилит только идущий, и мы должны постараться разработать применимое для нашей действительности, с учетом особенностей национального законодательства и практики, универсальное определение рейдерства. Затем развить это понятие в уголовно-правовой и гражданско-правовой сферах. Возможен и другой вариант, когда каждая отрасль разработает и даст свое, только ей присущее, понятие. В любом случае, если мы хотим профессионально, правовыми методами бороться с рейдерством, мы должны начать эту работу.

Литература

1. Уголовный кодекс РК от 3.07.2014 г. №226-V ЗРК. (с изменениями и дополнениями от 28.10.2019 г.)

Құрманбаева М.Ж.
«Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу
орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дарынды бала – әлі қалыптаспаған тұлға, сондықтан да ол тәрбиенің, баптың нәтижесінде пісіп жетілуі тиіс. Дарынды баланың қабілеттерін дамыту қажет. Платон бастаған ғұламалар дарындылық туа біткен қасиет десе, Декарт, Локк сияқты ғұламалар дарындылық қабілетті дамыту барысындағы нәтиже деп есептеген.

Қазіргі уақыт талабы – мәдени деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірт әзірлеу. Бүгінгі ұстаз еңбегі жас ұрпақты болашақтың даңғыл жолына салуымен бағаланады. Жеткіншек бойында ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр және тілге байланысты жаңаша көзқарастың қалыптасуына ортаның әсері зор.

Оқушының дарынын дамыту үшін әуелі оның шын мәніндегі табиғатын білген абзал, дарындылықты сонда ғана зиянсыз дамыта алу мүмкіндігі бар.

Белгілі психолог Н.С. Лейтес қабілетті балаларды үш санатқа бөледі:

1. Биік деңгейлі ақыл-ойы ертерек байқалатын бала;
2. Жекелеген пәндер мен түрлі іс-әрекетке қабілетті бала;
3. Қабілеті ашылмаған әлеуетті бала [1,3].

Жалпы психологиялық-педагогикалық зерделеу барысында дарынды баланың бейнесі анықталады.

1. Зияткер әрі ақыл-ой белсенімі бар бала сөзшеңдігімен, ойының ұшқырлығымен, байқампаздығымен және мәселені шешуде жан-жақты жолды қарастырумен, тәуелсіздігімен, құрбыларының арасында көшбасшы болуымен, зеректігімен т.с.с қасиеттерімен ерекшеленеді.

2. Бейнелеу өнеріне қабілетті бала – сурет салуға әуестігінен, көргенін есте сақтағыштығымен, сурет салу пәнін ұнататындығымен көзге түседі.

3. Ән-күйге қабілетті бала – ән сабақтарына бейім болып, ырғақты әуенге бойын билетіп, ыңылдап қайталайды, тыңдаған әуендерін алғашқы дыбыстан танитындай дарын байқатады.

4. Қозғалысқа белсенді бала дене жаттығуларын орындауда бойын тепе-тең ұстай алып, көбіне дене қозғалысына құмар келеді де, өзінің жасына қарағанда, дене күші мығым болады.

Елбасы: «Әлемді, әлем жаңалықтарын жатырқасаң, жаһан сені жатсынады. Әлемнің озық тәжірибелерінен үлгі алып, өзінде бар жақсыны көрсете білу – заман талабы. Дүние жаһандық, өзара тәуелділік сипат алды. Жаһандық әріптестік үстемдік ету үшін бұл таным біздің бірлік принципімізге айналуға тиіс» деді [2, 17]. Әлемдік тәжірибені ұлттық құндылығымызбен ұштастыра білу аталған салада аса қажет.

Практикалық психологтер интеллектуалдық даму деңгейін анықтау, шығармашылық ойлауды бағалау, шығармашылық ойлаудың тұлғаның бағыттылығын анықтаудың дәстүрлі әдістемелерін қолдана отырып, баланың психикалық ерекшеліктерінің жалпы сипаттамасын ұсынады.

1. Медициналық құжаттар мен мектеп дәрігерлерінің бақылауына жалпы таңдау жасау негізінде баланың физикалық даму аймағы зерттеледі. Балалардың өзінің дарындылығын анықтау диагностикасына қатысуы олардың түрлі деңгейлік тапсырмаларды орындауымен анықталады.

2. Бағалау – түзету кезеңі. Бұл кезең диагностикалық кестеде ізденіс кезеңінде алынған ақпараттарды нақтылау мен бекітуге бағытталған. Осы кезең барысында педагогикалық іс-әрекет бір реттік зерттеумен арнайы бағдарлама бойынша сабаққа

ауысады. Олар продуктивті ойлауды, психологиялық-әлеуметтік аймақты физикалық мәліметтерді дамытуға бағытталған.

Бала туралы алынған ақпаратты негізділігі мен дәлелділігіне қарай, осы кезең барысында жүйелі түрде кең танымал психологиялық-диагностикалық әдістемелерді қолдана отырып, балаларды жеке және ұжымдық зерттеу жүргізіледі. Бұл жұмыстың жүйелілігі, ұзақ мерзімділігі бала туралы алынған ақпараттардың дәлелділігінің қосымша кепілі қызметін атқарады.

3. Өзін-өзі бағалау кезеңі. Бұл кезеңде балаға өздігінен қосымша сабақтарды таңдау құқығы беріледі. Бала өз еркімен қосымша сабақтарды жалғастыруға деген ниеті дарындылықтың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жоғары интеллектуалдық жүктемелерге деген бейімділіктің байқалуын көптеген ғалымдар дарынды баланың ерекше қасиеттерінің бірі деп есептейді. Бала сабақты әрі қарай жалғастыруды өздігінен таңдай отыра, өзі үшін қосымша интеллектуалдық жүктемелердің қажет екендігі туралы сұрақты шеше алады. Осылайша ол өзінің дарындылығын бағалауға қатысады.

4. Қорытынды іріктеу кезеңі. Жұмыс барысындағы ақпарат деректерінен алынған мәліметтерді негізге алып, балалардың қосымша сабақтарға қатысуы мен оның нәтижесін таңдау арқылы әр баланың дамуына болжам жасалады.


Жоғарыда аталған балалар дарындылығын диагностикалаудың принциптеріне сүйене отырып, балалар ерекшелігін зерттеуге нақты әдістемелер жасалған. Балалар дарындылығын зерттеуге арналған стандартты тесттер қазіргі ғылыми, заманауи әдебиеттерде жан-жақты берілген.

Дарынды баланың психикасын анықтауда кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

- арнайы психологиялық сауалнама әдістемелер;
- баланың іс-әрекетін мұғалімдер, ата-аналар, психологтар тарапынан сарапшылық бағалау;
- балалардың шығармашылық жұмысының нақты нәтижелерін мамандар тарапынан сараптау;
- түрлі танымдық әрі пәндік олимпиадалар, конференциялар, спорт жарыстарын, шығармашылық байқаулар, фестивальдер және т.б. ұйымдастыру.

Дарынды баланы дамытуға бағытталған негізгі құндылықтарға мыналар жатады: адам еркіндігі, адам өмірі, тұлға сәйкестігі, адамның қадірі, индивидуализм, шығармашылық, тәуелсіздік, саналы әрекет, батылдық, радикализм, гуманизм, рационализм, реализм, сыншылдық, ақиқат, әділдік, рухани байлық, белсенділік, өзін-өзі танушылық, күрес, табандылық, қоғамдық қызмет, тәртіп, демократия, адам құқығы, заң алдындағы теңдік, пікір алуандығы, азаматтық қоғам, ашық қоғам, қала мәдениеті, ғылым, техника. Осы құндылықтарды жас ұрпақ бойына дарыту – ұстаз алдындағы басты міндет. Мәдениеттің алғышарты ретінде еркіндікті таныған еуропалықтар, оның ішінде Г. Гегель айтқандай: «Рухтың барлық қасиеттері тек еркіндіктен туындайды» [3, 27].

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.



Күтілетін нәтиже

- белсенділікті, қызығушылықты арттыратын;
- өзін-өзі басқара алатын, тәрбиелейтін;
- дарындылығын іске асыратын, дамытатын;
- ізденімпаз, жаңашыл;
- өз еңбектерін әлемге таныта алатын;
- еңбектерін жинақтай, тарата алатын;
- төзімі берік, ұлттық психологияны ескере білетін тұлғаны күтеміз.

Табыстың көзі, жақсы өмір сүрудің түп қазығы білімде жатқанын ұлы ақынымыз Абай да: «Балаң білімді, парасатты болсын десен, малыңды аяма», деп айтқан.

Өз ұлтының бақытты болашағын, кемел келешегін ойлаған, төрт құбыласы түгел, қуатты мемлекет құруды мақсат еткен Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, ең алдымен, елге терең білім керек екенін жұрттан бұрын аңғарып, ерте түсінген тұғырлы тұлға. Сондықтан да жас ұрпаққа ерекше көңіл бөліп, осы жылды «Жастар жылы» деп жариялады. «Ертеңін ойламаған ел азады», - дейді халық даналығы. Барын бағалап отыратын, ұрпағына, заманға сай білім беріп, тәрбиелейтін ел озады. Дарынды балалардың қабілетін анықтау мен ашу оны дамыту жолындағы маңызды рөл атқаратын алғышарт болып табылады.

Әдебиеттер

1. Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков. – М: Издательский центр «Академия», 1996
2. Назарбаев Н. Ой бөлістім халқыммен. – Алматы: Мектеп, 2006
3. Гегель Г. Логика ғылымы (аударған Қ.Әбішев). – Алматы: Рух, 1993
4. Евсикова Н.И. Педагогические технологии: к опыту вальдорфской школы/ Н.И. Евсикова, Р.А. Курбанов // Школа здоровья. – 1995. – № 2. - С. 96-113
5. Нысанбаев Ә.Н. Психология. – Алматы: Таймс, 2005

Кемайкина Т.Н.
кандидат педагогических наук, доцент кафедры педагогики
Евразийского гуманитарного института
г. Нур-Султан (Казахстан)

СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРИЕМНОЙ СЕМЬИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА

В настоящее время становится все более очевидным, что полноценное решение задач развития, воспитания и обучения, проблем социальной жизни ребенка возможно только в семье. Усилия государственных интернатных учреждений в области призрения, воспитания и обучения детей – сирот обесцениваются, поскольку такие дети в самостоятельной жизни испытывают большие трудности, обусловленные инфантилизмом, иждивенчеством, непониманием материальной стороны жизни, вопросов собственности, экономики. Дети-сироты, как правило, не умеют строить эмоциональные и деловые отношения, предъявляют окружающим отрицательные образцы поведения в результате доминирующего отрицательного опыта и незнания себя как личности. В качестве закономерной реакции на такое положение дел формируется социальный заказ общества: альтернативой государственным учреждениям выступает приемная семья.¹

В Казахстане постепенно развивается институт приемной семьи. Этот процесс проходит не так быстро, как хотелось бы и как того требуют потребности социальной среды, но государственная социальная политика в последние годы сделала несколько серьезных шагов в этом направлении. Меры, принятые Правительством РК, позволили значительно сократить число детей, воспитывающихся в детских домах.

По стране в организациях для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, воспитываются 5043 детей. За последние 3 года количество воспитанников детских домов сократилось на 3 тысячи детей, что привело к закрытию, трансформации 27 организаций для детей-сирот.²

С начала 2017 г. в работу введена информационная система «Республиканский банк данных детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и лиц, желающих принять детей на воспитание в свои семьи».

С увеличением числа детей, размещаемых в семье, явно обозначились проблемы в данной области. Воспитание ребенка в приемной семье повышает самооценку ребенка, усиливает его социальную и эмоциональную защищенность, организует формы эффективного взаимодействия с другими социальными институтами; она более адаптирована к современной социокультурной ситуации. В то же время подобная семья сталкивается с *трудностями, такими как: адаптация ребенка в семье, адаптация семьи к новому члену, адаптация ребенка к новой жизни, юридические и социально-психологические аспекты приемного родительства и многими другими.*

П. Торнтон обращается к выявлению связи между уровнем эмоционального выгорания и типом поведения преодоления. Поведение преодоления обеспечивается когнитивными и поведенческими усилиями по регуляции специфических внутренних и внешних требований, которые, по субъективной оценке, исчерпывают или превосходят ресурсы личности. Выявлены три стратегии поведения преодоления:

- две активные (овладение ситуацией путём её преобразования и преодоления эмоционального дистресса путём изменения собственного отношения к ситуации)

- одна пассивная (эскапизм или отказ от каких-либо попыток устранить обусловленные ситуацией трудности).

Путём факторного анализа на основе когнитивно-феноменологической теории стресса П. Торнтон выделено восемь подвидов поведения преодоления. Если к пассивным отнесён только один подвид (эскапизм как уклонение от решения проблем), то к активным – семь, объединяя две (планомерное решение проблем и путь конфронтации) в проблемно-сфокусированные стратегии, а пять остальных (дистанцирование – изменение масштабов происходящего в сторону преуменьшения, самообладание, поиск социальной поддержки, принятие на себя ответственности за происходящее, позитивная оценка ценностей – отыскание положительного в происходящем) – в эмоционально-сфокусированные стратегии.

Противоречия обнаружились в данных в связи между типом поведения преодоления и уровнем эмоционального выгорания, полученных разными авторами. Так с низкой степенью эмоционального выгорания связывают активные стратегии поведения преодоления, а с высокой степенью – пассивную и, наоборот, активные формы поведения преодоления указывают как не снижающие степень эмоционального выгорания, а эмоционально-сфокусированные стратегии поведения преодоления – как ассоциируемые с более высоким уровнем эмоционального выгорания.

В исследованиях российских менеджеров, проводимых Н.Е. Водопьяновой, А.Б., Серебряковой, Е.С., Старченковой изучалось влияние стилей поведения в проблемных ситуациях и личностных характеристик, на степень выраженности синдрома психического выгорания. Было обнаружено, что наиболее высокое эмоциональное истощение и редуцирование личных достижений наблюдается у тех менеджеров, которые предпочитают «избегание», а также чем больше истощение, тем ниже самооценка и больше деформация самоотношения. Эмоциональное истощение часто сопровождается мотивационной деформацией, что является защитной реакцией организма на психологические стрессы [2, 456].

Данная проблема очень актуальна и исследуется психологами в наше время. Ведь синдром эмоционального выгорания затрагивает весь ряд профессий, деятельность которых связана с постоянным напряжением, общением и взаимодействием с людьми. К группе повышенного риска по развитию эмоционального выгорания относятся медицинские работники, осуществляющие уход за онкологическими больными, пациентами с вторичными иммунодефицитами (ВИЧ и СПИД), работники реанимационных бригад.

Чтобы предотвратить СЭВ у медицинских работников необходимо придерживаться некоторых требований:

1. Соблюдать требования, которые изложены в приказах и нормативных документах по обеспечению профессиональной безопасности в учреждениях здравоохранения;

2. Проходить обучение медицинского персонала по вопросам профессиональной безопасности, психогигиены, методик релаксации, проводить дебрифинг.

3. Проводить мероприятия, направленные на оздоровление медицинского персонала: создание комнат отдыха, психологической разгрузки, формирование групп здоровья;

4. Создание психологического комфорта в коллективе [4].

Таким образом, чтобы избежать возникновения синдрома эмоционального выгорания, необходимо придерживаться данных рекомендаций, проводить дебрифинг после критических событий. Благодаря этому появляется возможность выразить свои мысли, чувства, ассоциации, вызванные каким-либо серьезным происшествием. Правильно организовать психологическую поддержку или мероприятие, осуществить психологическую коррекцию, направленную на устранение симптомов, причин профессионального выгорания сотрудников.

Литература

1. Захаров С. Синдром выгорания у врачей стигма профессионализма, или расплата за сочувствие? /С. Захаров//Интернет: <http://forums.rusmedserv.com/showthread.php?t=8748>
2. Водопьянова Н.Е. Синдром психического выгорания в коммуникативных профессиях // Психология здоровья/Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб: Издательство СПб ГУ, 2000. – С. 443–463.
3. Караванов Г., Коршунова В. Индивидуально-психологические особенности личности врача-хирурга. – Львов: Вища Школа, 1974. – 84 с.
4. Семенова Н.В., Вяльцин А.С., Авдеев Д.Б., Кузюкова А.В., Мартынова Т.С. эмоциональное выгорание у медицинских работников // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 2.

**Бақыт А.Б.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТЫНЫҒУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамзат қоғамының рухани және мәдени дүниесіз өмір сүре алмайтыны белгілі. Адамның рухани дүниесі мен ішкі мәдениетінің деңгейі оның қоршаған ортаны жоғары интеллектуалды және эмоционалды тануына мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларының рухани дүниесінің бай болуы оның сыртқы қоршаған ортамен үйлесімділікте болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап береді. Оларға: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы жатады. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға деген тең құқығын негізге ала отырып, оқушы бойына мәдени тынығу мүмкіндіктерін қалыптастырып, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды [1, 9 б.].

Қазіргі уақытта елімізде өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге, олардың мәдени тынығуын тиімді ұйымдастыруға баса мән берілуде. Бұл жауапты міндет негізінен білім беру мекемелеріне жүктелген. Оның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына бала кезінен ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық секілді рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру, жан-дүниесі бай, терең ойлы, бос уақытын тиімді ұйымдастыра алатын, жауапкершілікті сезінетін қоғамның толыққанды азаматын қалыптастыру мектеп жағдайында оңтайлы іске асады.

Мәдениет деңгейі кез келген қоғамның, белгілі бір мемлекеттің дамуының көрсеткіші саналады. Егер мәдениет төмен болса, болашақ ұрпақ та сол төмен мәдениеттің

ықпалында тәрбиеленеді. Ал мәдениет деңгейі жоғары елдің өскелең ұрпағы сол деңгейге сай болары анық. Сондықтан оқушылар мектепте білім мен тәрбиені алумен қатар, мәдени тынығу, рухани деңгейін арттыру, қарым-қатынас мәдениетін сақтау сияқты маңызды қабілеттерге дағдылануы тиіс. Мәдениеттің өзекті бөлігі өнер десек, өнерді ұғыну, түсіну арқылы адамда әсемдікке, сұлулыққа деген эстетикалық сезім қалыптасады, рухани дүниесі кеңейеді. Осындай сезімдер арқылы мектеп оқушыларының зияткерлік қабілеттері артады.

Қазіргі кезеңде елімізде мектеп оқушыларының рухани-мәдени қасиеттерін дамыту мәселесі кеңінен көтерілуде. Бүгінгі ағарту тек білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың бойында ар-ождан, азаматтық және адамға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін рухани-мәдени қасиеттерді дамытуды көздейді. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі шарттарына: оқушылардың тұлғааралық қатынасын дамыту, әр адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын, дара ерекшелігін, сезімін, өзіндік баға беруін қалыптастыруға баса назар аудару және мәдени тынығуын тиімді ұйымдастыру жұмыстары жатады.

Мектеп оқушыларының мәдени тынығуын ұйымдастырудың ұтымды жолы халық педагогикасына негізделеді. Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі [2, 119 б.].

Мектеп жағдайында оқушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыруға: сыныпта және сыныптан тыс жұмыстар жүргізу, мектепішілік көлеміндегі тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру, оқушылардың бос уақытын рухани және мәдени бағыттағы жұмыстармен толықтыру, оқушылар арасында жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру және т.б. жұмыс бағыттары негізге алынады.

Мектеп оқушыларының бос уақыты мен мәдени тынығуын дұрыс ұйымдастыруға көмек көрсету тікелей мұғалім мен сынып жетекшісінің міндетіне кіреді. Одан бөлек, бұл іске әлеуметтік педагогтар мен психологтар қатыса алады. Бүгінде қоғамның әлеуметтік белсенді тұлғаға сұранысы басым. Бос уақыт мен мәдени тынығу оқушы үшін өзіндік әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған кеңістік болып табылады. Бос уақыт белгілі деңгейде реттелуі керек, ал бос уақытты сапалы қолдану адамның ішкі мәдениетіне тікелей байланысты болады. Рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан оқушының бос уақыты мен мәдени тынығуын ұйымдастыру міндеттері болып түрлі мәдени орталықтардың іс-әрекетін насихаттау, эстетикалық қызығушылығын оята алу және әрбір оқушыға өз бос уақытын ұйымдастыруда көмек беру, оқушыларды қала, облыстың, аудан, ауылдың мәдени өміріне араластыру және жанашырлық сезімін ояту сияқты жұмыстар саналады.

Тұрғылықты жерде орналасқан мәдени орталықтар оқушылардың рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қабілетті. Театр ошақтары әр кезең сайын жаңа туындылар шығару бағытында ізденеді, мұражайлар мен көркем сурет көрмелері рухани дүниені байытуға зор ықпал ете алады [3, 73 б.].

Мектеп оқушыларына қала аумағындағы барлық көрмелер мен театр қойылымдары туралы ақпарат дұрыс және уақытылы беріліп отыруы қажет. Мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп концертке, театрға бірге баруы, сол іс-шарадан алған әсерлерін талқылап, қорытынды шығарып отыруы оқушылардың мәдени тынығу деңгейін арттыра түседі.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудағы мұғалімдер мен әлеуметтік педагогтардың басты міндеті оқушыға рухани-адамгершілік тұрғыдан өзіндік білім беру, өзіндік даму, өзіндік тәрбиені дамытуда, жеке жоспарын құруда көмек көрсету болып табылады. Бұл үшін ең алдымен оқушылардың мәдени тынығуға деген қызығушылығы мен мотивациясын тудыру аса маңызды болады.

Мектеп оқушыларының мәдени тынығуын ұйымдастыруда сыныптан тыс іс-шаралар: жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру бойынша оқушылар арасында

жүргізілген жұмыстар да маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар кезінде оқушылар адамның сырт бейнесінің негізгі сипаттамаларымен танысады (жүріс-тұрысы, қылығы, киім үлгісі, эмоционалды жағдайы [4, 119 б.].

Елімізде ұлттық және азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту, жеке адамның рухани күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығы да жасалуда. Тәрбиенің басты мақсаты – әр адамның ішкі құндылығын, тұлғалық қасиетін ашып, бағалауға үйрету. Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, мәдени тынығуын дамытуға бағытталған жұмыстар оқу орнында ғана емес, отбасында да ата-аналардың көмегімен жалғасын тауып, өзара ықпалдастық бағытта жүргізіледі. Мектептегі әлеуметтік педагогтар мен психологтар бірлесе қызмет атқару арқылы оқушыларды адамдардың сеніміне ие болу және оны ақтай білуге үйретеді. Борыш пен парызға адал болуға тәрбиелейді. Артында өшпейтін ізгілікті із қалдыра білуге талпындырып, қабілетінді, бойындағы дарынды, азаматтылығыңды дәлелдеуге итермелейді.

Қорыта келгенде, мұғалімдер мен әлеуметтік педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениеті өз шәкірттерінің білімі мен мүмкіндіктерін бағалай білуі және педагогикалық үдерістерден тыс қалмауы арқылы бағаланады. Педагогтардың моральдық санасының жоғары болуы, эмоциялық сезімі мен адами құндылықтарға бай болуы рухани-адамгершілік мәдениетінің біртұтас элементтерінің жүйесі болатынын көруге болады.

Жалпы, бүгінгідей түрлі ақпараттық техникалық құралдар белең алған қоғамда оқушылардың мәдени тынығуын реттеу, бос уақыттарында түрлі үйірмелер мен жарыстарға қатыстыру, әлеуметтік-психологиялық бағыттағы тренингтер ұйымдастыру, тұлғааралық және топаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды мәселе саналады. Бос уақыттары мен мәдени тынығуы тиімді ұйымдастырылған оқушылар жан-жақты дамуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін арттыруға мүмкіндік алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 192 б.
2. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 295 б.
3. Әбдіғаппарова Ұ.М. Өзін-өзі тану курсының болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық жетілуіндегі рөлі // Бастауыш мектеп. - 2010. - № 7-8. - 72-75 бб.
4. Аңламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2005. – 167 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстанда бүкіл елдің дамуы мен өркендеуіне қолдау көрсету үшін білім берудің барлық деңгейіне көптеген жаңалықтар енгізілуде. Олардың басты мақсаты – жас ұрпақтың сапалы білім алуын қамтамасыз ету. Бұл туралы Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші екендігіне, әлемдік білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеудің қажеттілігіне, ал сол көшке ілесе алмау мемлекет үшін үлкен сын болатындығына назар аударады [1].

Осы стратегиялық тұжырымдар 2016 жылдан бастап республикамыздың мектептеріне енгізілген жаңартылған білім бағдарламаларының негізі болып табылады. Қазақстан Республикасы жаңартылған білім бағдарламасында ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым жоғары дағдыларды меңгеруін қажет ететіндігі атап көрсетілген [2].

Осы құжатта бастауыш сынып оқушыларының жеке дара ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің барысын және нәтижесін бағалауға, бақылауға үйрету қажеттігі оқушыларда оқу іс-әрекетіне деген рефлексивтік қатынастарын мақсатты түрде қалыптастыру талап етіледі.

Білім мазмұнын жаңарту не үшін қажет болды деген сұраққа жауап берер болсақ, еліміздің дамуының бұл бағыттағы саясаты мен тәжірибеге ықпал ететін келесі маңызды салаларда айтарлықтай өзгерістер орын алғандығынан деуге болады. Олар:

- экономика;
- адамдардың өзін-өзі басқаруы;
- қарым-қатынас көлемі және жылдамдығы;
- еңбек нарығының құрылымы;
- шекарамыздың ашылып, әлемдік кеңістікке кірігуге кең мүмкіндіктің пайда болуы;
- оқыту мен үйретудің анағұрлым нәтижелі тәсілдерінің анықталуы.

Осы айтылған жағдайлар әлемдік өркениет көшінен қалмау үшін білім беру үдерісін жаңаша ұстанымдарға негіздеу, оқытуды инновациялау, білім алушының рөлін өзгертіп, өз жауапкершілігін арттыруға бағыттау, оның білімдік әрекетін бағалаудың жаңғыртылған формаларын тәжірибеге ендіруді талап етті [3].

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларға тоқталар болсақ, ол:

- әлемдік стандарттарға сай білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;
- табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- әлем азаматын тәрбиелеу;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықты арттыру;
- мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Осындай алғышарттардан туындаған жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының жалпы мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, әсіресе:

- терең әрі жүйелі ойлануына;
- өз білімі мен өміріне жауапкершілікпен қарауына;
- өздігінен дұрыс шешім қабылдап, қиын мәселелерді шешуіне;
- өз бетінше ақпараттарды түсініп, ішінен қажеттісін таңдап, оны жан-жақты талдап, баға беруіне;

➤ түрлі пікірталасқа түсіп, өз ойын дәлелдей білуге дағдыландыруға бағытталған.

Баланың жеке, ұжымдық және топтық әрекеттерге тартылуы нәтижесінде өзіндік өмір сүру әрекетінің ішіндегі өзін-өзі шектеу, өзінің тілектерін, мүмкіндіктерін білмеуін саналы ұғыну үдерісі жүзеге асады.

Сондықтан да бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі міндет – оқушыларға білім бере отырып ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдерді бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады және ой қорытынды жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру, ойлау қабілетінің дамуы анық көріне бастайды және осы кезеңде оқушының ойлауы нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды, заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды.

Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық, түсіністік, сыйластыққа негізделуі оқушының ізденушілігін дамыту – қазіргі оқыту жүйесінің бағыт алатын өзекті мәселелері.

Жаңа педагогикалық технологиялар тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастыруды, әр түрлі жағдаяттарда нақты шешімдер қабылдай білуге үйретуді мақсат етеді десек, бұл педагогикалық ұстанымдар – білім беруді жаңартудың негізгі өзегі. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – ойлауға сүйенеді. Ойлау анықтылығымен, бірізділігімен, дәлелділігімен ерекшеленеді [4].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуға біріншіден, айнала, қоршаған ортаны танып білу, екіншіден, баланың тапсырмаларды шешуге деген өзіндік талаптар күшеюі, үшіншіден, сөздік қорының кеңеюі әсер етеді. «Адамның дүниетану үдерісі нақты қарапайым пайымдаудан бірте-бірте дерексіз ойлауға көшіп отырады», – дейді Т. Тәжібаев [5, 114 б.]

Ә. Алдамұратов жас буынның дұрыс ойлап, дұрыс сөйлеуіне ата-ана мен мектеп оқытушылары бірден-бір жауапты деген құнды пікір айтады. Бұл пікірлер оқу-тәрбие үдерісіндегі озық ой-пікірлермен үндесіп жатқандығын байқауға болады [6, 54 б.].

Қ. Жарықбаевтың: еңбектерінде «Баланың ойлауын дамыту, ұғымдарын өсіру – науқандық жұмыс емес. Ол әрбір сабақ үстінде, мектептегі барлық тәлім-тәрбие үдерісінің барысында ұдайы жүргізілетін жұмыс. Мұнда оқушылардың жас ерекшелігі де қатты ескеріледі» делінген [7, 87 б.].

Сондықтан да бастауыш сынып оқушысының ойлау қабілетін тереңірек зерттеудің маңыздылығы артатыны белгілі.

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процесті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор рөл атқарады. Жаңа заман талабына сай жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгерту. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан-жылға күрделі және өзекті мәселеге айналууда.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»: 17.01.2014 жыл. <http://adilet.zan.kz>
2. Рахымбек Д. Оқушылардың ойлауын дамытуда абстракциялау тәсілінің алатын орны. //Ұлт тағылымы. Халықаралық ғылыми-педагогикалық басылым – Алматы, 2007. – №3. - 59-63 бб.
3. Нұрахметов Н. Қазақстандық мектептер дамуының жаңа бағыттары // Қазақстан мектебі, 2019. - №2. – Б. 11-15.;
4. Тәжібаев Т. Жалпы психология: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.
5. Алдамұратов Ә. Жалпы психология: оқу құралы. – Алматы : Білім, 1996. – 224 б.
6. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 158 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ ОҚИТУ БАРЫСЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

Білім саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін және тұлғаны, мемлекетті индустриялық-инновациялық дамыту міндеттерін, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасының жоғары деңгейіне жету 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасының мақсаты болып табылады. Осы міндеттердің орындалуы балаға, өмірге деген көзқарасы қалыптастырылатын білім, білік, дағдысының алғашқы негізін жүзеге асыратын бастауыш мектеп оқыту үдерісі екені белгілі.

Бастауыш мектептің жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде атқаратын рөл жоғары. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Әсіресе, бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие барысында оқу пәндерін интеграциялау негізінде меңгерту мәселесі туындауда.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару процесіне тікелей ықпал жасайды. Сондықтан қазіргі таңда мектептегі оқыту процесінде интеграция негізінде байланыс ерекше көкейтесті орын алып отыр және жалпы педагогикалық маңызға ие болуда.

Пәндер байланысы бастауыш мектеп мұғалімдерінен үлкен тәжірибені, педагогикалық шеберлікті, терең әрі тиянақты білім қорын, оқу-оқыту үдерісін дұрыс әрі күрделі ұйымдастыруды, жан-жақты іздену жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Яғни мұғалім пәндерді байланыстыру жұмыстарына дайындалып, ойластырған кезде оны пайдалану жөніндегі әртүрлі ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен танысып, оған түсетін пәндердің ерекшеліктері мен негізін біле тұрып, пән бағдармаларының ішінен қажетті материалдарды, мәліметтерді жинақтап, олардың қолдану сипатын болжай білуі керек. Бастауыш сынып мұғалімінің қосымша бақылаулары мен байқаулары, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыруы, пәндерді интеграциялаудың нәтижелі болуына көп көмегін тигізеді.

Бастауыш сынып пәндерін интеграциялауда бастауыш сынып мұғалімі мынадай әдістемелік принциптерді білуі және ұстануы қажет:

1. Пәндер байланысын алдын-ала жоспарлау;
2. Пәндер байланысын оқушылар үшін қызықты танымдық материалдар арқылы ұйымдастыру;
3. Пәндер байланысын сабақтың қажетті бөлігінде тақырыптың мазмұнын ашуда тиімді қолдану;
4. Пән мазмұнын жаңа ғылыми деректермен толықтыру;
5. Тақырыптың мазмұнын, ерекшелігін және оқушылар мүмкіндігін ескеру;
6. Жаңа берілетін интеграция негізінде байланыс мағлұматтарын оқушылардың білетіндерімен ұштастыру.

Пәндер байланысын ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімі пәндерді өзара байланыстырудың ерекшелігін, оларды түбегейлі зерттеп, соған қажетті материалдарды көптеп жинақтауы және пәндер байланысын оқу-тәрбие үдерісінде жиі қолдануы, оның нәтижелілігін бақылап, реттеп отыруы қажет.

Осы тұрғыдан саралай келе, бастауыш сыныптарда оқу процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастырып, оған теориялық тұрғыдан негіздеме беру – бұл өмір талабы.

Сондықтан да төмендегідей ұсыныстарды бастауыш сынып мұғалімі білім беру мен тәрбие үдерісінде басты назарда ұстау керек: бастауыш мектептерде берілетін білімнің мақсаты мен мазмұнына қарай, пәнаралық байланысты жүзеге асыру баланың жас ерекшеліктерін негізге алуы тиіс; оқу барысында пәнаралықты жүзеге асыруда негізге алған дидактикалық ұстанымнан ауытқымау керек және жетекшілікке алынып отырған пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескеру басты шарт.

Қорытындылай келе, пәнаралықты жүзеге асыру барысында оқу-тәрбиенің біртұтастық заңдылығын басты назарда ұстау тиімді нәтиже береді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011, маусым – 10. – 52 б.

2. Бейсенбаева А.А. Интеграция негізінде оқу процесін ұйымдастыру: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: РБК, 1995. – 117 б.

3. Оразахынова Н.А. Межпредметные связи как средство совершенствования учебно-воспитательного процесса: автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. - 48 с.

4. Куралбаева А.А. Интегрированные уроки в начальных классах // Materials of the II international scientific conference. Development of the creative potential of a person and society. - Prague, 2014, January 17–18. – P. 118-122.

**Болатбекова Н.Ж., Қамзе Ә.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ОҚУШЫНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл – ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе.

Дарындылық көптеген балалар үшін, ата-ана мен мұғалімдер үшін ғылыми-практикалық тұрғыда толық ашылмаған тақырып. Қазіргі таңда мұндай ерекше балаларды анықтау тәсілдері, өз қабілеттерін жүзеге асыруға көмек беру бағдарламалары бар болғанымен, әлі де жеткіліксіз.

Адам қабілеттілігінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді. Өртүрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл, әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды.

Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркем-өнер, адам арасындағы қарым-қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді.

Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттілік деңгейі анағұрлым жоғары.

Өз қызығушылықтары бағытында дарынды адамдар қайтпас қажырлылық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі 2-3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты, басқа қатарларымен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ болады. Дарынды бала өзін

қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса, оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтатпайды.

Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей тәуелді.

Дарынды оқушыны анықтау мектеп жұмысында бастауыш сыныптан бастау алады. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуі психологтар мен мұғалімдердің және ата-аналардың біріккен жұмысы негізінде іске асады.

Дарынды оқушылардың өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Кейбіреуі дарындылықтан қашады, еңбектеніп, оны жетілдіруге күш салмайды, ешнәрсеге қызығушылық танытпайды. Өздерін дарынсыз деп есептейтіндер де жетерлік. Алған бетінен қайтпай еңбектеніп, шығармашылыққа ерінбей ізденіп, нәтиже шығаруға талпынып тұратын дарынды балалармен жұмыс жасау бір ғанибет. Дарынды балалардың қабілетін және ерекшеліктерін ескере отырып, нағыз дарындыны үшке бөлуге болады.

1. Шығармашылық дарындылық.
2. Интеллектуалды, табиғи дарындылық.
3. Лидерлік дарындылық.

Мектептегі білім беру мен тәрбие жүйесінде дарынды баламен жұмыс жасаудағы мақсат – оқушыларға өз қабілеттерін, өзіндік қызығушылығы мен қоғам мүддесіне сәйкес толық іске асыра алатындай жағдай жасау, олардың қабілеттерін, ерекшеліктерін ашып, дамыту. Сонымен бірге бастауыш сынып мұғалімі ескеретін жағдайлар:

1. Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту.
2. Пәнге терең қызығушылығын арттыру.
3. Оқушының әсерлілік сезімін қалыптастыру.
4. Оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту.
5. Жалпы білім-білік дағдыларын дамыта оқыту.
6. Білімнің бағасын арттыру.

Мұғалім ретінде оқу мен тәрбие саласындағы аса маңызды міндет – талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, оны жетілдіріп шығарумен қатар, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жан-жақты дамуына жеке адамдық ерекше көңіл бөлу, оқушыны қоршаған ортаны аялауға, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу болып табылады.

Дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарлығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі.

Түрлі педагогикалық және психологиялық тұрғыда жүргізілген зерттеулер барысын талдай келе, дарынды баланың тұлғалық ерекшелігін төмендегідей сипаттауға болады:

1. Интеллектуалды және ақыл-ой белсенділігі бар бала сөйлеу белсенділігінің жоғарлығымен, ойының ұшқырлығымен, байқағыштығымен, мәселені шешуде жан-жақты жолды қарастыруымен, тәуелсіздігімен, құрбыларының арасында көсем болумен, есте сақтау қабілетінің деңгейімен ерекшеленеді.
2. Бейнелеу өнері бар бала сурет салуға көп уақыт бөлуімен, көргенін есте сақтауымен, сурет сабағын жақсы көретіндігімен ерекшеленеді.
3. Өнге қабілеті бар балалар ән сабақтарына аса қызығушылықпен қарайды, ритмикалық бөліктерді оңай қайталайды, таныс әуендерді бірінші дыбыстан таниды.
4. Қозғалыстың белсенділігі бар бала жаттығуларды орындауда тепе-теңдік сақтайтын, қозғалысты жақсы көретін, өзінің жасына дене күші күшті болып келеді.

Қорытындылай келе, мектептің білім беру мен тәрбие жүйесінде қолданылатын әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын, негізінде оқушылардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың да дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыру қажет.

Әдебиеттер

1. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2, 130-134 бб.
2. Шырынбаева Г.К. Оқушы дарындылығын анықтау теориясына негізделген мұғалім қызметі // Қазақ тілі: әдістеме, 2017. №3, 2-4 бб.
3. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі // Дарын, 2011. № 5, 112-116 бб.
4. Учителю об одаренных детях (пособие для учителя) под ред. В.П. Лебедевой. В.И. Панова. – Москва: Молодая гвардия, 1997, с. 18-26

**Болатбекова Н.Ж., Нуртазина Ж.А.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ТӘРБИЕШІНІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ САПАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр [1]. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» деп нақты тапсырмаларды міндеттеген болатын [2].

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында «Мектепке дейінгі білім беру – Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі...» деп көрсетілген [3].

Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі негізгі мамандар – педагогтар болып саналатыны белгілі. Ал заманауи педагогтың білім беруді ізгілендіруде, мектеп жасына дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде олардың әлеуметтік рөлінің басымдығы маңызды болып табылады. Осыған байланысты олардың құзыреттілігінен, шығармашылығынан және тұлғалық-кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуынан білім беру мен тәрбиелеу сапасын артуы мен нәтижелігі талап етілді.

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдар С.Ғ. Батибаева, Ф.Н. Жұмабекова Б.Б. Баймұратова, М.С. Сәтімбекова және тағы басқа да зерттеушілер мектепке дейінгі кезеңнің алуан түрлі мәселелерін жан-жақты қарастырып, тәрбиеші тұлғасының бойындағы маңызды сапаларады білім беру тәрбиелеу үрдісінде тиімді қолдана білу жайында қағидаларды тұжырымдаған.

Педагогтардың тұлғалық-кәсіби сапаларына қатысты мәселелер де зерттеуден тыс қалмаған. Педагогтардың өзіндік санасы мен эмоционалдық иілгіштігі Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, педагогикалық қабілеттері А.А. Люблинская, А.М. Новиков, В.А. Крутецкий, кіріктірілген сапалары Ш. Таубаева, Н.С. Ахтаева, кәсіби құзыреттілігі В.П. Панюшкин, А.Н. Ивашов, Е.В. Заика, педагогикалық шығармашылығы В.А. Кан-Калик, Н.Д. Хмель, В.С. Мухина, педагогтардың тұлғалық-кәсіби сапалары Ж.Ы. Намазбаева, Э.А. Урынбасарова еңбектерінде талданып, негізделген.

Тәрбиешілердің тұлғасы педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі тұрғысынан өзін-өзі ұйымдастырушы субъект болып табылады және мынадай сипаттамалармен анықталады:

– заттар әлемі мен идеяларын игеріп қана қоймай, оларды қайта жаңғырту, жаңашаландыру, түрлендіру мен өзгерте алуы;

- іс-әрекетті жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі міндеттерін саналы түсініп, қабылдау, қажетті жағдайларда оларды анықтай алу қабілеті мен ұмтылысы;
- қарама-қайшылық жағдайларда адамгершілікті таңдауға қабілеті, өзіндік ішкі «МЕН»-ін таңдауын негіздей білуі, анықтай алуға ұмтылысы;
- рефлексияға қабілеті, бір жағынан, қабылданған мақсаттары мен тілектеріне сәйкес өзінің мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін саналы реттей алуға қажеттілігі, екінші жағынан, «өзінің басы бостық еместігінің шегін саналы түсінуі»;
- тұлғаның белсенділігі, ұмтылысы, іс-әрекеті мен қарым-қатынасының нәтижелерін сын тұрғысынан ойлауы және рефлексияға қабілеті;
- өзін-өзі дамытуға бағыттылығы;
- өзінің іс-әрекетіне өз бетінше түзетулер енгізе алу қабілеті, «сыртқы әлемге» ішкі тәуелсіздік, көзқарастарының, ниеттерінің тұрақтылығы, оларды түзету және өзгерте алуы;
- шығармашылық әлеует, әмбебаптылық, қайталанбастық.

Ал Ж.А. Жүсіпова мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісінің бойында болатын жеке тұлғалық кәсіби сапалардың маңыздылығын талдай келіп, оларды іс-әрекет барысында тәрбиеші кәсіби-біліктілік тұрғысынан байланыстыру керек деп есептейді. Олар әрекетшілдік, рефлексивті, коммуникативтік, эмпатиялық көріністердің басым болуы [4].

Сондай-ақ Э.Ф. Зеер педагогикалық қабілеттер жүйесінен тұратын тұлғалық қасиеттерге:

- жұмысында шығармашылық тұрғыдан әрекет етуі;
- балаларға педагогикалық-еріктік ықпал ете алуы;
- балалар ұжымын ұйымдастыра білу қабілеті;
- балаларға деген қызығушылық және сүйіспеншілік;
- сөйлеу әрекетінің мазмұндылығы, анықтылығы, бейнелігі және сендіре білуі;
- педагогикалық әдеп;
- оқу пәнін өмірмен байланыстыра алу қабілеті;
- байқағыштығы;
- педагогикалық талап қоя білуді атап өтеді [5, 111-112 б].

Кәсіби іс-әрекеттің сұранысынан туындаған маманның бойына қажет кіріктірілген тұлғалық-кәсіби қасиеттер бүгінгі таңда заманауи деңгейдегі әлеуеттерін дамытуды талап етіп отыр.

Әр қоғамның дамуына сәйкес тәрбиешінің тұлғалық-кәсіби қасиеттері мен сапаларына қойылатын талаптар да өзгеріп отырады, тек өзін-өзі белсендіретін тұлға ғана қоғамның сұраныстарын қанағаттандыра алады деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы: <http://online.zakon.kz>
2. Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы. // Егеменді Қазақстан, 28 ақпан, 2007. – 13 б.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі Ережелер. ҚР МЖМБС. 001. – 2009, Астана
3. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік; Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. – 316 б.
4. Зеер Э.Ф., Сыманюк Э.Э. Психология профессиональных деструкций: Уч. для вузов. – М.: Академич. проект, 2005. – 240 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС- ӘРЕКЕТІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуді, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мектептегі жас ұрпақтың ақыл-ойы, рухани дамуының негізі – оқылатын пәннің мазмұнына, оқу-тәрбие жұмысының мақсатқа сәйкестігі мен меңгеретін ғылыми білімдер жүйесінің шығармашылық сипатына байланысты [1].

Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан, әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан, ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет-бейнесін сақтауды көздейді.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытып қалыптастырудағы педагогикалық шарттарды айқындау – тұлғаның белсенділігін көтеруде ерекше мәнге ие болатындығы А.С. Мустояпованың «Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» сияқты еңбектерінде біршама сипатталған [2]. Әрине, танымдық қызығушылық жеке шарттарды білумен шектеліп қалмайды, оған ықпал ететін жолдар да әр тарапты. Осы орайдан келгенде, халықтың ғасырлар бойы жинақталған ертегілері, музыка, жыр-толғауларының да мәні зор екендігі жөнінде А.Ж. Едігенова «Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру» деген еңбегі бар. Күнделікті сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды ертегіге қызықтыру арқылы танымды дамытуға болатындығы талданған, әдістемелік жолдар ұсынылған.

Қазақ халқының аспаптары арқылы музыкаға қызықтыру (М.А. Оразалиева), сәндік қолданбалы өнер арқылы эстетикалық таным қалыптастыру (С.А. Жолдасбекова) оқушының дүниетанымына ықпал етіп, олардың ізденісін жетілдіретіндігі дәйекті түрде сипатталған. А.Т. Тамаевтың «Әдебиет сабағында жоғарғы класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеуінде оқушыны көркем әдебиет оқуға қызықтырудың психологиялық негіздері, оны тәрбиелей отырып білім беру мәселесі қарыстырылған [2].

Танымдық қызығушылық тек пәнаралық байланыс, жеке ғылым салаларындағы ізденістермен шектелмейді, ол үнемі дамып, жетіліп отыратын өміршең мәселе. Осы жалғастыққа орай Ұ.Б. Төлешова «Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық» деген зерттеу жүргізген [2]. Онда оқушылардың игерген танымдық қызығушылығын жоғары оқу орындарында жалғастырудың алғышарттары мен олардың арасындағы байланыс

талданған. Таңдаған мамандыққа үйлесімді қызығушылықтың дамуындағы ғылыми-практикалық жолдар көрсетілген. Танымдық қызығушылықтағы басты бағдар тұлғаның өзіндік ізденуін қалыптастырумен бастамшылығын жетілдіру әдістемелері біржақты көрсетілген. Ал оқушылардың танымдық қызығушылығын тиімді ұйымдастыру оқушының мүмкіндігі деңгейінде қабілетін дамытып, өздігінен ізденуге жол ашып, шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Оқушылардың оқу іс-әрекетіне және оның нәтижесі болуына тигізетін әсері өте зор. Оқу іс-әрекетінің табыстылығы психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық факторларға байланысты екендігі мәлім. Оқу іс-әрекетінің табыстылығына оқу мотивациясы мен оның құрылымының тигізетін әсері ерекше. Осыған орай кезінде Черкс Дедсон өзінің классикалық заңы арқылы іс-әрекет тиімділігі мотивация күшіне тәуелді деп ашып көрсетеді. Сонда мотивация күші жоғарылаған сайын іс-әрекет нәтижесі өседі.

Оқушылардың оқу мотиві олардың оқу әрекетінің әртүрлі жақтарына деген бағыттылығы деп анықтаймыз. Мысалы, егер оқушылардың белсенділігі оқылатын объектіге (лингвистикалық, биологиялық т.б.) бағытталса, онда бұл жағдайда танымдық мотив түрлері туралы сөз қозғалады. Ал оқушының белсенділігі оқу барысында басқа адаммен қарым-қатынас жасауға бағытталса, онда мәселе әлеуметтік мотивтерді қамтиды.

Осыған сәйкес оқушылардың оқу үрдісіне қатысты орын алатын мотивтерді үлкен екі топқа бөлуге болады: 1) танымдық мотивтер; 2) әлеуметтік мотивтер.

Танымдық мотивтер өз ішінен бірнеше шағын топтарға бөлінеді: 1) кең ауқымды танымдық мотивтер; 2) оқу-танымдық мотивтер; 3) өзін-өзі дамыту мотивтері.

Ал әлеуметтік мотивтердің түрлері мынадай болады: 1) кең ауқымды әлеуметтік мотивтер; 2) тар ауқымды әлеуметтік мотивтер немесе позиционды мотивтер; 3) әлеуметтік тұрғыдан бірлесіп еңбек ету мотиві.

Аталған мотив түрлерінің қалыптасуы келесі кезеңдерді қамтиды: дағдылы мотивтердің актуализациялануы, осы мотивтер негізінде жаңа мақсаттардың пайда болуы, мақсатқа жету барысында мотивтің бекуі және соның негізінде жаңа мотивтердің шығуы, әртүрлі мотивтер иерархияның құрылуы, бірқатар мотивтерде жаңа қасиеттердің пайда болуы т.б.

Мотивтердің сапасы оқу іс-әрекетінің сипатына байланысты мазмұнды және тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты динамикалық болады [3].

Оқушылардың мотивтері оқу үрдісінде әртүрлі жағдайларда көрініс табады. Мысалы, кең ауқымды танымдық мотивтер тапсырманы орындау барысындағы шешім қабылдаудан, қосымша мәліметтерді білу негізінде оқытушыға қойған сұрақтарынан білінеді; оқу-танымдық мотивтер – тапсырманы өз бетімен орындауда әртүрлі амал, тәсілдерді іздестіруі, жұмысты орындау тәсілдерін салыстыру туралы оқытушыға қойылатын сұрақтар; өзін-өзі дамыту мотивтері – оқу еңбегін рациональды ұйымдастыруға байланысты ұстазға қойған сұрақтарынан көрінеді. Әлеуметтік мотивтер оқушының жауапкершілігі мен парызын түсіну әрекеттерінен көрінеді; позиционды мотивтер – құрдастарымен қарым-қатынас жасауға ұмтылысы, жолдастарына көрсеткен көмегі мен пікірі; әлеуметтік бірлескен еңбек мотивтері – ұжымдық жұмысқа ұмтылысы негізінде пайда болады.

Оқушылардың оқу мотивтері олардың бағыттылығына және дәрежесіне байланысты; мотивациялық аймақтың иерархиясына байланысты; жеке мотивтердің өзара келісімділігі мен үйлесімділігі бойынша; мотивтердің тұрақтылығына байланысты; мотивтердің әрекеттері мен олардың мінез-құлыққа тигізетін әсері бойынша сипатталады.

Мотив формаларының ерекшеліктері мотивтердің динамикалық сипатын құрайды. Оларды жекелеп, айқындадық.

1. Алғашқы немесе маңызды ерекшеліктердің бірі – мотив тұрақтылығы. Мен оқушылар үшін құнды мотивтердің тұрақты болып қалыптасуы аса маңызды деп санаймын.

2. Мотивтердің көріну формасының екінші ерекшелігі – оның эмоциональдық бейнесі, модалдығы. Психологтар оқу мотивациясының жағымды және жағымсыз жақтары туралы сөз қозғайды. Жағымсыз мотивация оқушылардың оқу үрдісінде жауапсыздық танытуға кезінде саналы түрде пайда болатын жағдай (ескерту, төменгі бағалар, берілетін сөгіс, уайымдау, т.б.) арқылы көрінеді. Жағымды мотивация – оқушының оқу еңбегінде жеткен жетістіктері мен жаңа білімді меңгеріуімен,, қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуымен байланысты.

Мотивтердің басқа формалары – мотив күшінен, көрінісінен, пайда болу жылдамдылығынан көрінеді. Олар мысалы: оқушылардың тапсырманы орындау уақытының ұзақтығынан, оқушының тапсырманы орындай алатын шамасынан көрінеді.

Оқушының оқу іс-әрекеті және оның табыстылығы туралы айтпас бұрын, жеке адамның интеллектуалдық дәрежесіне көңіл аудару қажет. Экспериментальді зерттеулерден (Т.Д. Дубовицкая, В.И. Ковалев) мотивациялық және интеллектуальдік факторлардың сәйкестігі мәселесіне көңіл аудару қажеттігі шығады [4].

Оқушылардың эстетикалық шығармашылығын зерттеу барысында осы іс-әрекетке деген жоғары мотивациясының арнайы қабілеттіліктің жеткіліксіз дәрежесін компенсациялағаны байқалады. Техникалық шығармашылыққа оқушылар оригиналды модельдер жасап шығарған (В.И. Ковалев, А.К. Маркова). Ал олардың белгілі бір іс-әрекетке деген мотивациясы төмен, бірақ арнайы қабілеттерінің дәрежесі жоғары жолдастары жұмысты шығармашылық қабілетпен орындай алмады [5].

Оқушыларды танымдық іс-әрекеттің нәтижелігін жоғарылату жолдары еліктететіндіктен, олардың ой еңбегін рационалды ұйымдастыру және оның мәдениеті туралы әдебиеттер қызықтыра түседі. Бұл жас шамасында процесуалды және нәтижелі оқу мотивациясының бірлігінің пайда болуы туралы сөз қозғауға болады.

Оқушылардың оқу-танымдық қызуғышылығы олардың тұлғалық бағыттылығымен, қарым-қатынасымен, құрылымымен, іс-әрекетінің мақсатымен байланысы шешілмеген мәселе болып отыр. Мектеп оқушысының танымдық түсінігінің жетілуі тілді меңгеруіне байланысты, ал оның нәтижелі болуы оқытудағы таңдалған әдіске тәуелді. Бұл екі арадағы үйлесімділік пен сәйкестік оқыту технологиясындағы шешуші фактор. Сондықтан мұғалім оқытылатын тілдің ерекшеліктеріне орай оқытудың тиімді әдісін таңдап, оқушының білуге деген ынта-ықыласына мән беріп, танымдық қызығушылығын жетілдіруде ұстанатын басты шарттар мынаған саяды:

1. Тілдерді оқытудағы танымдық қызығушылық оқытудың педагогикалық заңдары мен заңдылықтарына және принциптеріне сәйкес болуға тиіс.

2. Оқытушының таңдаған әдісі дидактикалық мақсат пен міндетті өтеуге үйлесімді болуына мән беріледі.

3. Оқыту әдісі өтілетін тақырыптың оқушы меңгеретін тілдік дерексіз мазмұнмен сәйкес келуін ескереді.

4. Оқыту әдісі оқушының мүмкіндігіне және жас ерекшелігіне, дербестігіне үйлесімін ескереді.

5. Таңдаған әдіс мұғалімнің қабілетіне, білім деңгейі мен тәжірибесіне сәйкесуі керек.

6. Оқыту әдісі мектептің материалдық жағдайына техникалық жабдықтарына үйлесімді болса, іс нәтижелі болмақ.

7. Таңдалған оқыту әдісі әлеуметтік ортамен байланысты және оның ерекшеліктеріне үйлесерліктей болуын назарда ұстау керек [6].

Сараптай келгенде, танымдық түсінік және қызығушылықтың қалыптасуы оқыту әдісін таңдау оқушыға теориялық және практикалық білім беріп, сөз болып отырған мәселенің мән-мазмұнын терең ұғынып, оны тілдік тұрғыдан тұтына білуге жаттығумен бірлікте шешіледі. Таңдаған оқыту әдісі тіл сабағының нақты тақырыбы қойып отырған мақсатына лайық нәтижеге жету, оқушыны шығармашылыққа бағдарлау көзделеді.

Әдебиеттер

1. Байжанова З. Жалпы педагогика. – Алматы: – Дарын 2008. 188-190 бб.
2. Кудабаяева А. Студенттердің танымдық әрекетін басқарудың негізгі жолы, Бастауыш мектеп. 2017, № 9 13-14 бб.
3. Рақымова Б. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту. Бастауыш мектеп, 2000, № 2 25-26 бб.
4. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы, п.ғ.к. дисс... автореф, Алматы, 2001
5. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары, – А: Мектеп, 1978, – 110 б.
6. Қайыпова Ш. Танымдық белсенділік тәсілдері // Қазақстан мектебі, 2005, № 2. – 32-34 бб.

**Зубайраева З.А., Кемелбаева Р.А.
Көкшетау қ. (Қазақстан)**

ОТБАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

Бүгінде тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған сай заман талабы бүгінгі отбасына үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлінген. Бүгінге дейін отбасы және ондағы бала тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев, Л. Лысенко, Р. Төлеубекова, Г. Байдельдинова, Ж. Әбиев және т.б. тарапынан зерттеліп келді [1]. Отбасының типтері, оның қызметтері, психологиялық орта мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы ондағы бала тәрбиесіне өзіндік әсерін тигізеді. «Адамның тағдыры тәрбиемен шешіледі» дегенде В. Белинский бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, тәрбиенің арқасында болашақ азамат тағдырының негізгі мәселесі шешілетінін білгірлікпен дәп басып айтқан. Бала тәрбиесі қай кезде де назардан қалып көрген емес. Дегенмен, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлер шақ осы кез. Ғұлама бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби: «Баланың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесіктен бастаған абзал» десе, ұлы Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайды білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді. Демек, ұрпақ тәрбиесі, келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі – өте маңызды, әрі жауапты іс. Алайда бала тәрбиесі тек мұғалімдердің ғана ісі екен десек, қателік болар еді. Бала жүрегі кішкентай ғана күйсандық десек, оның кілтін тапсаң ғана ашылады. Ол кілт ата-аналардың да қолында жүруі керек. Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин: «Жас уақытта көрген тәрбие, оқыған оқу тасқа жазған жазудай кетпейді» деп тәрбие үрдісінде ата-ананың, отбасының ықпалын жете атап көрсеткен болатын [2]. Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы. Отбасы – бұл адамдардың әлеуметтік-педагогикалық тәрбие тобы әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру және өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды Біз – үлкен болайық, кіші болайық, ұстаз болайық, шәкірт болайық, әке болайық, ана болайық – бәріміз де талай-талай тәлімнің төліміз, тоқсан тарау арнамен келіп тоғысқан тартымды тәрбиенің жемісіміз...

Салауатты отбасы – өркениетті қоғамның талабы. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрлер мен ізгі мұраттар тек отбасында ғана дамып, байытыла түседі. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады. Сонымен қатар, отбасы сүйіспеншіліктің мектебі болғандықтан, онда

әрбір адам: әйелі мен ері, әкесі мен анасы, қызы мен ұлы, ағасы мен қарындасы бола жүріп, сүйіспеншіліктің әртүрлі өлшемдерін танып біледі, адамды өзара түсіністікке алып келетін шынайы да тұрақты сүйіспеншіліктің дәстүрлері де тек салауатты отбасында қалыптасады. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Қазіргі заманда отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Оған дәлел 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» бола алады. Онда «Бала толық және гармониялы дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет [3]. Сондай-ақ, бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делінген. Конвенцияда әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің мына бағытта: баланың жеке басын, талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту; адам құқығын құрметтеу; баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу; баланы еркін қоғамда ынтымақтастық, түсіністік, ұлтаралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау; қоршаған ортаға жанашырлыққа тәрбиелеу жүзеге асырылуы керектігін ұсынады. Біздің қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани әлемі бай, білімге құштар болып өсуі, сонымен қатар туған халқы мен Отанына адал болып өсуі ең жоғары тілек, биік мақсат болып келген. Оның қуат алар қайнар бастауы – отбасы. Отбасы баланың жеке басының қалыптасуына екі жақты әсер етеді: Отбасының материалдық жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, яғни отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажетсінуі мен әлеуметтік құндылықтары арқылы әсер етеді. Әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған тәрбиелік шаралар арқылы әсер етеді [4]. Бұл көбінесе, отбасындағы негізгі көзқарас пен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеялық, адамгершілік және эстетикалық талаптарына қаншалықты сәйкес келуіне байланысты жүзеге асырылады. Ата-аналар отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастыру үшін оларға белгілі бір білімдер мен қабілеттіліктер қажет. Осы тұста Ресей ғалымы А. Пинт «Ата-аналар балаға жақсы тәрбие беру үшін оның мінез-құлқындағы әрбір ұсақ-түйек өзгерістерді байқап білуге қабілетті болуы керек. Педагогтар секілді кез келген ата-анаға да педагогикалық такт өте қажет. Олар балаларын суықтап қалудан немесе әртүрлі ауруға шалдығудан қорғап, алдын алып жүреді де, өздерінің дөрекі сөздері мен әрекеттері арқылы олардың жүйке жүйелеріне кері әсер ететінін ескере бермейді»,- дей келіп, бала тәрбиесінде ата-аналардың бойында педагогикалық байқағыштық, педагогикалық елестету, педагогикалық такт және ұйымдастырушылық қабілеттердің болуын ұсынады.

Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орын: балалар бақшасы, мектеп болмаса да, тәрбиені балаларына бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер арқылы бере бастаған. Олар өскен соң, өздерін қоршаған жаратылыстың ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан дүзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, адаспай кете беретін болған. Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат оны алдымен еңбек үрдісімен таныстырып, еңбектенуді сүйе білуге үйретуді көздейді. Қалған барлық мәселе осыдан өрбитінін, осыдан тарайтынын түсінген. «Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай, темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай» деген мәтел сөздерге тәжірибесі мен көргені аз балалар алғаш бұл жұмбақталып айтылған сөз бе деп түсінбей де қалуы мүмкін. Ойға салып талқылай келе, өмір тәжірибесінен алынып айтылған өнегелі сөз екеніне сүйсініп, өзіне үлгі етеді. «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп қай нәрсенің болса да еңбексіз қолға түспейтінін баладан жасырмай, сендіре айтады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген де осы негізге сүйеніп айтылған. «Әлің барда еңбек ет,

еңкейгенде емерсің» деп, оның қызығы мен рахаты алда екенін ескертеді. Отбасы тәрбиесі бала дүниеге келген алғашқы күннен басталады. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығы отбасы тәрбиесінің педагогикалық маңызын аша түседі [4]. Себебі, балалар мен жастарды қоғамдық өмірге, өнімді еңбекке тәрбиелеу ежелден-ақ ата-ана парызы, бүкіл халықтың міндеті болды. Сондықтан да отбасын балаларды еңбекке тәрбиелеудегі алғашқы «орта» деп қарауымыз керек. Отбасы мүшелері тек туысқандық сезім арқылы ғана байланыспай, шын мәніндегі достық, ортақ мүдде, еңбек арқылы бірігетін ұжым. Ендеше, сол ұжым әрбір отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына, шаруашылығы мен кәсіби мамандығына, сол ұжымдағы адамдардың қарым-қатынасына байланысты әртүрлі болып келеді. Мәселен, қазақ отбасында балалардың бір-бірімен әртүрлі ойындар ойнауының өзі оларды еңбекке тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы болып саналады. Мәселен, «Қуырмаш» ойынындағы әрбір саусаққа қызмет беріп, жұмыс істеуге жұмсау. Сен тұр – қойыңа бар! Сен тұр – жылқыңа бар! Сен тұр – түйеңе бар! Сен тұр – сиырыңа бар!- деп, төрт саусақты төрт түлік малға жұмсап, ең кішкене саусақты (шынашақты): Сен алаңдамай қазанның түбін жалап, үйде жат!- деп шаруаға жұмсауға жасының әлі жете қоймағанын ескеріп, мына жерде қант бар, Мына жерде жент бар, Мына жерде қатық бар, Мына жерде қытық бар,- деп қытықтап, балдырғанды еріксіз күлдіртіп ойнату. Бұл – педагогика ғылымындағы баланың жас ерекшелігін ескеру принципіне сай келеді. Демек, бұл ойыннан, баланы еңбекке тәрбиелеудегі мақсат пен оның өмір сүріп отырған айнала қоршаған ортасын, сол ортаның бала тәрбиесіне ықпалын көрсететіндігін байқау қиын емес. Сонымен қатар «Ақ сүйек», «Асық ойнау», «Тығалмаш», «Қақпақыл», «Белбеу соқ», тағы басқа ұлттық ойындар баланы тапқырлыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, ептілікке үйретіп, дененің сау, сергек болуына септігін тигізеді. Ал бала денсаулығының мықты болуына оның еңбекке ерте жастан-ақ араласуына ықпал етеді. Мәселен, бала өз ата-анасының, туыстарының, яғни өзін қоршаған ортадағы адамдардың еңбек іс-әрекетіне еліктейді. Оны баланың отбасындағы ойын әрекетінен байқауға болады. Мысалы, баланың жүргізуші, дәрігер, мұғалім, әнші, биші, тағы басқа болып ойнап, олардың іс-әрекеттерін өздерінің қабылдау шамаларына лайықты сыртқы көрінісін беруі. Тіптен кейбір балалардың қабілеті басым болады да, олар техника түрлерінің моделін құрастырып әуестенеді. Мұндайда ата-ана бала ойынына мән беріп, бағыт-бағдар беріп отырса, оның болашақ мамандығын таңдауына септігін тигізетіне сөзсіз. Көрнекті кеңес педагогы А.С. Макаренко балаларды еңбекке тәрбиелеу саласындағы мәселелерге ерекше назар аударған. Ол ересектердің үлгісі олардың еңбекке, қоғамға, өмірге қатысы балаларға іс жүзінде қалай әсер ететіндігіне тоқталып, өзінің еңбектерінде жасөспірімдерді белсенділікке, ынталылыққа тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. Бала тәрбиелеудегі отбасы рөліне мән бере отырып, А.С. Макаренко тәрбие ісіндегі міндетті қоғамның белсенді де саналы азаматты қалыптастыра білу деп есептеді. Сондай-ақ, ол жаңа қарым-қатынастарды қалыптастырумен бірге жаңа адам тәрбиелеуге оның санасына, тапсырылған қоғамдық іске жоғары жауапкершілікпен қарау сезінуіне, тәртіптілікке, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке және тағы басқаға тәрбиелеу қажеттігін баса айтты [5]. Демек, баланың ерік, сана, мінез-құлығын тек мақсатқа сай толық ұйымдастырылған еңбек қана қалыптастыра алады. Тағы бір ескеретін жай – еңбек оқумен ұштастырылуы тиіс. Бұл жөнінде де ол былай деп өте дәл тұжырым жасаған: «Білім қатарласа жүрмеген, мәдени және қоғамдық тәрбие қатар жүргізілмеген еңбектің тәрбиелік пайдасы болмайды, бейтарап жүргізілген іс болады да қалады. Сіз адамды кез келген мөлшерде жұмыс істеуге мәжбүр ете аласыз, бірақ онымен бірге оған саяси және адамгершілік тәрбиесін қатар жүргізе алмасаңыз, егер адам қоғамдық және мәдени өмірге қатыса алмаса, онда мұндай еңбек нәтижелі болмайды, жай ғана бейтарап іс болып қалады.

Әдебиеттер

1. Молдағалиев Б., Калаханова С. Отбасы тәрбиесінде халық тағылымын қолдану жолдары // Тәрбие құралы, № 2, 2007
2. Бәрі де отбасынан басталады // Қазақстан мектебі, № 5-6, 2007
3. Отбасында балаларды еңбекке тәрбиелеу // Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3, 2004
4. Тәрбие отбасынан басталады // Қазақстан мектебі, №12, 2006
5. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб., 2004.

**Зубайраева З.А., Шокубасова М.А.
Көкшетау қ. (Қазақстан)**

ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Оқушының танымдық белсенділігі педагогикалық құбылыс ретінде әр оқушының белсенді өмірлік позициясымен де тығыз байланысты. Оқушылардың белсенді өмірлік позициясы олардың қоршаған ортада, еңбекте адамға өмір сүру образының қалыптасуына байланысты және ол әрекеттің түрлі процесінде әсіресе рухани дамытатын оқыту процесінде қалыптасады. «Танымдық белсенділік» категориясы «ойлау әрекеті», «шығармашылық белсенділігі», «танымдық өзінділігі» категорияларымен астарласып жатады. «Танымдық белсенділік» түсінігін жете түсіну үшін танымдық және ойлау әрекеттерінің айырмашылығын ашып алу керек [1].

Танымдық белсенділікті арттыру оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, білім беру процесінің күшейтілуі үшін жүзеге асырылады. Зерттеушілер ішкі (ойлау) белсенділігі мен сыртқы (моторлы) белсенділікті бір-бірімен ажырата білудің маңыздылығын атап өтеді. Оқу процесіндегі екі белсенділік түрінің де өзіндік орны бар [2]. Алайда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру бірінші кезекте ойлау белсенділігімен байланысты, сыртқы (моторлы) әрекет мұнда ішкі белсенділіктің қалыптасуы оның дамуы үшін маңызды қызмет атқарады. Мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесіне педагогтердің, психологтердің, көптеген еңбектері арналған зерттеулерде танымдық белсенділік туралы әртүрлі пікірлер айтылған. Біреулері танымдық белсенділікті іс-әрекеттер ретінде қарастырса, екіншілері жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде қарастырады. Таным – ол адамға бірден келмейді, ол өмір көріністерін топшылау, салыстыру, тәжірибе жинақтау, оны қорыту арқылы терең де тиянақты білім негізінде пайда болады. Танымдық іс-әрекетке баланың ақыл-ойын өсіру үшін олардың елестеулерін дамытуға көбірек зер салу керек. Егер бала ойын, оқу әрекеттері арқылы айналасындағы дүниемен тығыз байланыста болса, заттарды қабылдауға әрекет етсе, оның танымы артады. Танымдық ойын арқылы түрлі объектілерді көреді, байқай алады, оларға назар аударады.

Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық қызығушылығын арттыру, танымдық жан қуаттарының оянуына түрткі болу – ол мектептегі оқытудың негізгі мәселелері. Оқушылардың танымы – өзіне тән ерекшелігі бар күрделі үрдіс. Танымдық әрекеттің негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі артады.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, қызығушылығының, құштарлығының ерекше көрінісі. Оқушылардың өзіндік белсенділігін қалыптастыру мәселесінің маңызы өте зор [3].

Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін мұғалім сол пәнге жан-жақты жетіктігін аңғарту қажет. Оқушының өзіндік ынта-ықыласы болмаса, ол сол пәнді жан-жақты меңгере алмайды. Оқу еңбегінің қиындығына төзімділік танытқан оқушы ғана өзіндік

белсенділігін дамыта алады. Төменгі мектеп жасындағы баланың танымдық іс-әрекеті оқыту үрдісінде жүзеге асады. Осы жаста қарым-қатынас шеңберінің көбеюінің маңызы артады. Баладағы өтіп жатқан осы өзгерістер педагогтердің бүкіл оқыту-тәрбиелеу жұмысын нақты мақсатқа бағыттауды талап етеді. Негізгі іс түрі – оқу болып табылады. Осы оқу арқылы олардың танымы дамиды. Оқыту үрдісінің қозғаушысы – ұстаз бен оқушының біріккен танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолының бірі – өзіндік жұмысы. Өздігінше жұмыс, оқушылардан мидың белсенді жұмыс істеуін қажет етеді, осыдан кейін ақиқатты танудың белсенділіктің негізі пайда болады.

Оқушылардың өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлану біліктері.
2. Оқуға деген ынта-ықыласының артуы.
3. Өз ойының дербестігі.
4. Өз бетімен жұмыс жүргізуі.

Өзіндік жұмыстың дәстүрлі түрі – үй жұмысы, оны оқушы мұғалімінің көмегінсіз жасайды. Әрбір оқу пәні оқушылардың алдына көптеген міндеттер қояды және оқушылардың әрекеттерінің жиынын, олардың алған білімдерін, арнайы біліктерді пайдаланып, жұмыс істеуді талап ететін, әртүрлі сипаттағы өзіндік жұмыстар түрінде анықтайды. Оқушылардың өзіндік жұмысын зерттеумен айналысатын көптеген авторлар оның негізгі қызметі оқушылардың жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймайды, қайта оларды танымдық дербестіктің жоғарғы деңгейіне көтеру деп санайды [4].

Оқушылардың танымдық ынта-ықыластары олардың білімінің деңгейі мен санасына ойлау іс-әрекетінің қалыптасуына байланысты. Танымдық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда келесі қызметтердің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету, оқушылардың артта қалуының алдын алу, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, ақыл-ой қабілеттігін дамыту т.б.

Сонымен төменгі сынып оқушыларының танымдық белсенділігі дегеніміз – мұғаліммен оқушылардың оқу іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі өзара әрекеттесуі мен оқушылардың өзара қарым-қатынасының бірлігін сипаттайтын күрделі тұлғалық құрылым болып табылады. Мектептегі таным процесі тек білім берушілік емес, сонымен қатар тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Танымдық білімді игеру барысында оқушылардың ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың көзқарастары мен сенімдері қалыптасады. Танымдық өзіндік жұмыс атқара білу қабілетінің қалыптасу үрдісі мотивті қалыптастыру, білімді сапалы түрде игеру және оқу-танымдық белсенділікті қорытындылау негізінде құрылады.

Оқушылардың сабақтан тыс және үй тапсырмасын орындау кезіндегі белсенділігі әртүрлі деңгейде болады. Мысалы, танымдық белсенділігі орта деңгейдегі оқушы көп нәрсені білгенімен, оның мәнін ашып бере алмайды. Біраз қиын тапсырмаларды орындай алады, бірақ ондай тапсырмаларды орындау үшін едәуір күшін жұмсайды. Оқушылардың тапсырмаларды орындау жеке-дара шығармашылық, қызығушылық өзіндік жұмыс арқылы танымдық іс-әрекеті қалыптасады [5]. Сабақтарда оқушыларға білім, тәрбие беріп, олардың қызығушылығын, ынта-ықыласын және танымдық қасиеттерінің артуына мүмкіндік жасауымыз қажет. Мысалы: мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығы сурет салу, ән-күй, кино, өлеңмен таныстырып, дамытып отырудың маңызы зор. Оқушылардың танымдық белсенділігі, ең бірінші, сыныптағы мұғалімнің орнына, оның әрбір оқушының жақсы оқу қабілеттілігіне, сеніміне, оқушылардың жетістіктерін әрдайым қадағалап отыруына байланысты. Оқу бала үшін қиын емес, жаңаны тану, зерттелмегенді өз бетінше ашу, танымдық іс-әрекетінің жетістіктеріне жетудің бірден-бір кезі [6].

Қазіргі заман талаптарына сай, оқушыларды өзінің шыққан тегін, қоршаған ортаны, жақсы мен жаманды ажырата білуге, отанын сүюге, білімге деген құштарлығын оятуға, танымдық қасиетін дұрыс жолға қоя білуге үйретуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. Дарын – Алматы, 2004, 188-190 бб.
2. Бейсембаева З. Студенттердің танымдық әрекетін басқарудың негізгі жолы // Бастауыш мектеп 2003, № 9, 13-14 бб.
3. Рақымова Б. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту // Бастауыш мектеп, 2000, № 2, 25-26 бб.
4. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы.п.ғ.к. дисс... автореф. – Алматы, 2001
5. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – А: «Мектеп», 1978, – 110 б.
6. Қайыпова Ш. Танымдық белсенділік тәсілдері // Қазақстан мектебі, 2005, № 2, 32-34 бб.

**Ибраева Г., Жумақанова Р.А.
Көкшетау қ. (Қазақстан)**

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«XXI ғасыр – ақпарат ғасыры» деген тұжырым күн өткен сайын санамызға сіңіп, көңіліміздің түкпірінен орын алып келеді. Шындығында, әлемдік ғаламдану үдерісі жүріп жатқан кезеңде, ақпараттар ағынынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына қажетті ақпаратты саралап, екшеп пайдалана білуі – қазіргі уақыттағы басты мәселе. Бұл әсіресе, өскелең ұрпақтың санасын сан-алуан ақпараттармен улап, ой-өрісінің дамуын дүбара күйде қалдырмаудың бірден-бір жолы. Осыдан келіп туындайтын мәселелердің бірі – бастауыш сыныптарға сапалы білім, саналы тәрбие беретін мектептерде білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістермен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, ақпараттық, мультимедиялық технологияларды оқушының тиімді пайдалана білуін қалыптастыру.

«Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Ал ҚР Тұңғыш Президентінің ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін автоматтандыру, педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілген [1].

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» республика халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың өзіндік жаңа жолын, қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын қалыптастыру - деген болатын [2]. Бұл дегеніміз, қазіргі кезеңде мектептегі білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Ол үшін қазір барлық оқушылар жаңа ақпараттық технологияны оқуға (меңгеруге) және жаңа қарым-қатынастарға бейімделуі тиіс.

Сондықтан қазір ақпараттық технология жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бір жолы. Осы жолда оқу үдерісінде мультимедиалық технологиялардың әсері арқылы оқыту мақсатына жетудің тиімді және нәтижесіне жетудің жаңа әдістердің нақты жолдарын көрсетеді.

Егер де тарихқа көз жүгіртетін болсақ, оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 1960 жылдардың бас кезінде жедел дамыған теледидар мүмкіндіктері оны оқыту-тәрбиелеу мақсатына қолдануға мүмкіндік береді. Осы жылдары «оқу телехабарлары» термині қалыптаса бастады. Ал, бұл кезеңде АҚШ, Германия, Жапония, Франция сияқты елдерде теледидардан оқу бағдарламалары беріліп отырды. Алғаш рет 1964 жылы Ленинградта телеқабылдағыштар арқылы лекциялар жүргізілсе, 1965 жылы теле орталықтарда арнайы оқу бағдарламалары бөлімі ашылды [3]. Оқыту мақсатында пайдалануға негізделген оқу телехабарларын оқу әрекетіне енгізу ГДР-де өте қарқынды жүргізілді. Әдіскер-ғалымдардың оқу телехабарларының оқушының білім алуға құштарлығын арттыруға әсерін зерттеуге көп еңбектері арналды. Мұнымен қатар, Батыс Еуропаның Бельгия, Дания, Франция, Голландия, Англия, Норвегия сияқты елдерде теледидар қызметін оқыту үдерісінде пайдалану ісі қарқынды түрде жүзеге асырылды.

Оқу телехабарларын пайдаланудың психологиялық мәселелері, телехабарлардың оқушының ойлау жүйесіне әсері, оны оқушының қабылдауы, түйсінуі жөнінде С.А. Архангельский өз зерттеуінде: «Оқушылар оқу телехабарларын көре отырып, өздері де сол хабардағы оқиғаның ішінде жүргендей әсер алады, яғни оқу телехабарлары оқушының ішкі ойлау жүйесін еріксіз баурап алады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу телехабарларының оқытудағы маңызы зор. Оқу телехабарларын көру арқылы оқушылар мектеп қабырғасында отырып-ақ өндіріске, ғылыми-зерттеу орталықтарына экскурсия жасай отырып, кез келген физикалық заңдылықтардың практикада қолдануын біле алады», - деп баяндайды [4].

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелері педагог ғалымдардың да үнемі назарында болып келеді. Мысалы: білім беру саласын ақпараттандыру, компьютерлендіру мәселелерінің әртүрлі аспектілері В.А. Монахов [5] сынды ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде көрініс тапты. Оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі В.А. Каймин [6] еңбектеріне арқау болған. Ал Қазақстанда бұл мәселелерге Кариев С.К. [7] зерттеулер жүргізді.

1990 жылдардың бас кезінде пайда болған компьютерлік оқыту технологиясының жаңа бағыттарының бірі – интеллектуалдық оқыту жүйелерін құрудың және оны пайдаланудың мәселелерімен, автоматтандырылған оқыту жүйелерінің көмегімен оқыту үдерісін жақсартудың мәселелерімен Ш.Х. Құманалина [8] және т.б. айналысты.

Компьютерлік технологиялық жаңаша техникалық оқыту құралдары ретінде пайдаланудың теориялық мәселелерімен елімізде С.К. Қалдыбаев [9] айналысты. Ал шет елдерде бұл мәселелерге D. Alpert, D.L. Bitzer сынды ғалымдар өз еңбектерін арнады.

Сонымен, оқытудың техникалық құралдары ретінде компьютердің артықшылығы мынадай мүмкіндіктеріне байланысты деп айтуға болады:

- интерактивтілігі;
- модельдеу мүмкіндігінің болуы (көз жеткізуге қиын болатын құбылыстарға виртуалды модельдеу арқылы қол жеткізу);
- коммуникативтілігі (үздіксіз қарым-қатынас).

Бастауыш сынып үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Сондықтан білім берудің негізгісі бастауыш сыныпта қаланып, оқушының шығармашылықпен ойлау қабілетін дамыта отырып, еркіндік пен жауапкершілігін ойлау қабілетін қалыптастыру.

Қазіргі таңда бастауыш сынып үшін ақпараттық технология өте қажет. Олар ақпаратты алу, сақтау, өңдеу, бағалау, ұсыну, алмасу, қолдану және де алған ақпаратты интернет желісі арқылы бірлесіп, топтық жұмысқа қатысу, оны жібере білуі. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын зерделей келе, нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- жаңа мультимедиалық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа мультимедиалық технологияны қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын артыру;

- жинақталған ақпараттық ресурстарға тез еніп кету;
- әлемдік ақпараттық білім кеңістігіне ену арқылы интеграциялау.

Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі – мультимедиалық технологияларды оқыту үрдісінде пайдалану. Оқыту құралдары жөнінде дидактикалық түсінік екі элементті құрайды:

1. оқу материалдары – кестелер, графиктер, сызбалар, транспаранттар, слайдтар, мәтіндік, графикалық, дыбыстық, анимациялық, бейнелік ақпараттар және т.б;

2. оқу материалдарын ұсыну құралдары: теледидар, бейнемагнитофон, мультимедиялық, бейнелік, проекторлар, компьютер, интерактивті сенсорлық тақталар және т.б.

Оқу материалдарын ұсынушы мұндай құрылғыларды мультимедиалық құралдар деп айтуға болады. Мультимедиалық технологиялар саласында мамандардың пікірінше, бұл саланың дамуын анықтайтын факторлардың бірі – дербес мультимедиалық компьютерден желілік жүйеде жұмыс істейтін мультимедиалық кешендер ортасына өту үдерісі [10].

Сонымен мультимедиалық технологиялар:

- ✓ әрбір пайдаланушының қабілеті мен ерекшелігін ескере отырып, олардың оқу мотивациясын арттыруға септігін тигізеді;

- ✓ түрлі типті ақпараттарды біріктіріп ұсыну арқылы оқытудың интерактивтік ұстанымын қамтамасыз етеді, өйткені, әртүрлі типті ақпаратты пайдалану адамның әртүрлі сезім мүшелері арқылы оқу материалын жан-жақты қабылдауына ықпал етеді;

- ✓ нақты күрделі де қиын, белгілі көлемде шығын мен ұзақ уақытты қажет ететін экспериментті модельдеуді жүзеге асырады;

- ✓ құбылыстар мен үдерістерді динамикада көрсету арқылы абстрактілі ақпараттарды көрнекі тұрғыда ұсына алады;

- ✓ макро және микро әлемдегі нысандарды визуалдауға мүмкіндік береді;

- ✓ білім беру жұмсалатын шығынның азаюына ықпалын тигізеді [11].

Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиалық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан да оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, онан әрі зерттеу маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда, мультимедиалық технологияларды білім беру саласында дер кезінде игеру және тиімді пайдалану бүгінгі күндегі маңызды қажеттіліктердің қатарынан саналады. Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық үдерісте мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалана алатын мұғалімдерді даярлау; 2) мектептерде, оқу орындарында ақпараттық технологиялар базасын үнемі жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім беруді дамытуға бағытталған бағдарламалар негізінде жаңаша сипатта жүргізу. Себебі, оқушыларға аталған қажеттілік мәселелерге мультимедиалық технологиялардың орасан зор потенциалдық мүмкіндіктерін оқыту үдерісінде талапқа сай пайдалана алатын білімді, білікті мұғалімдер болу қажет [12].

Қорыта келе, мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жетілдіру мәселесін шешуге бағытталған қадам болып саналады. Бастауыш сыныптарда пәндерді оқыту әдістемесінде мультимедианы пән ерекшеліктеріне сай тиімді қолданудың жолдарын іздестіру және де мультимедиалық технологиялардың жүйелік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, техникалық ерекшеліктерін анықтап талдап алу қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. ҚР Тұңғыш Президентінің ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылы 11 қазандағы «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына жолдауы.
3. Редко Г.Б. Дидактические основы применения учебного телевидения в обучении физике в средней общеобразовательной школе: автореф. дисс... докт.пед.наук. – Москва, 1994. – 38 с.
4. Архангельский С.И. Учебное кино. Учебное пособие для пединститутов. – М.: Учпедгиз, 1959. – 264 с.
5. Монахов В.М. НИТО: методологические и методические проблемы разработки и внедрения//Сб.науч.тр. Основные аспекты использования ИТО в совершенствовании методической системы обучения. – Москва, 1987. – С. 2-6.
6. Каймин В.А. Основы компьютерной технологии. – М.: Финансы и статистика, 1992. – 207 с.
7. Кариев С.К. Совершенствования обучения информатики в общеобразовательных школах Казахстана: автореф. дисс.... док.пед.наук. – Москва, 1997. – 37 с.
8. Курманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методологической системы в условиях информатизации образования: дисс... док.пед.наук. – Алматы, 2002. – 300 с.
9. Калдыбаев С.К. Дидактические основы использования компьютерных тестов в обучении математики: дисс... канд.пед.наук. – Алматы, 1997. – 172 с.
10. Стивен Томпсон, Кейт Элшир, Дейв Гиббонс. Осваиваем мультимедия. – М.: Бином, 1997. – 285 с.
11. Досжанов Б.А. Мультимедиялық құралдардың оқыту үдерісіндегі тиімділігін анықтау // «Үздіксіз кәсіби білім беру: проблемалары мен болашағы» атты РҒТК материалдары. – Қызылорда, ҚМУ, 2006. – 191-193 бб.
12. Досжанов Б.А. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы дамыту. Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан. 2007. – №3. - Б.176-180

ОСНОВЫ ПРОГРАММЫ «ТАЛАНТ-МЕНЕДЖМЕНТ» В УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Программа, созданная на основе исследования проблемы определения и воспитания способностей, приводящих к проявлению лидерского поведения, появилась в 2009 году.

Воспитание – это знание человека о том, как необходимо относиться к жизни, к себе и своей деятельности как части жизни. Жизнь – это энергия, которая имеет множество вариантов: неживая природа, живая природа, духовная жизнь. Только духовная жизнь является той единственной энергией, для которой не нужны ресурсы неживой и живой природы. Эта энергия уравнивает состояние человека и развивает его личность, обогащает и помогает осмысливать жизнь.

Воспитание как высшее отношение к жизни, к разным формам ее существования, необходимо осуществлять с точки зрения позитивной, экзистенциальной психологии. Его главная цель – формирование у ребенка человеческого отношения – разумного, осознанного, с ориентиром на общественно-историческую деятельность и культуру – к себе, природе, окружающим, жизни.

Цель программы заключается в исследовании и создании условий для адаптации, социализации, профессионализации и развития личности ребенка, его семьи и педагога в учебно-воспитательном процессе.

Программа раскрывает следующие компоненты обучения и воспитания: аналитический, организационный, коммуникационный (сотрудничество и общение), креативный (конкуренция и ориентирование), ценностный (целеустремленность и этичность). Она ориентирует на практическое использование методов активного обучения и воспитания в соответствии с ситуациями (кейсами), имеющими личностно-ориентированный развивающий эффект.

Программа основывается на следующих положениях:

1. Кризис – это целостное изменение личности, регулярно возникающее при смене (на стыке) стабильных периодов, обусловленное возникновением основных психологических новообразований (по Л.С. Выготскому [1]). Таким образом, показателем развития личности являются психологические новообразования.

2. Психология личности предполагает взаимообусловленность и взаимосвязанность потребностей (биологический фактор), согласованности со средой (социальный фактор), идентичности (личностный фактор), «стержневых особенностей» (духовный фактор) – ценностных приоритетов (по С.Л. Рубинштейну [2]). Таким образом, рост и развитие личности как переход из одного качества к другому происходит на биологическом, социальном, личностном и духовном этапах.

3. Обучение и воспитание личности предполагает последовательный переход из одного уровня в цикле развития в другой. Психологические новообразования на каждом цикле роста и развития меняют качество следующих способностей: анализировать (на базе анализа ощущений), организовать (на основе концентрации, распределения, переключаемости, устойчивости, внимания и др.), сотрудничать (посредством механизмов мыслительного процесса – понимание), общаться (демонстрируя сформированность речи), конкурировать (на основе устойчивости процессов восприятия, сохранения и воспроизведения деятельности – функции памяти), ориентироваться (на основе опыта и воображения, творчества и изобретения), достигать цели (воспитывая волевые способности), соблюдать этику (на основе убеждений о жизни и своем месте в ней – сознание).

Задачами программы является:

1. Раскрытие природного потенциала личности и гармоничная организация условий воспитания и обучения;
2. Создание наиболее эффективного взаимодействия в учебно-воспитательном процессе;
3. Актуализация возможностей и способностей личности в позитивном восприятии картины мира;
4. Формирование ценностных ориентаций, позитивно влияющих на постановку целей и принципы личности.

Воспитывать, обучать и развивать личность необходимо, используя знания о ее физиологических закономерностях, социальных правилах, механизмах формирования личности, духовных установках.

Воспитание и обучение – это, в первую очередь, работа над собой. Поэтому в программе постоянно звучат слова: «должен», «необходимо», «нужно», «обязательно», так как работа над личностным ростом – это наиболее трудный, благодарный и благородный труд, позитивно влияющий на судьбу ребенка.

Проблема воспитания и обучения не теряет своей актуальности с древнейших времен до настоящего времени. На этот сложный процесс оказывает влияние культурно-исторический период, общество, индивидуальные особенности личности.

Предметом обучения и воспитания в современный период является личность воспитанника. Сам воспитанник не всегда был предметом воспитания и обучения. Личностный подход к обучению и воспитанию имеет древние корни, но относительно молодые ростки.

«Истоки идеи личностного подхода в образовании были заложены еще Сократом, Платоном, Аристотелем, Сенекой, Плутархом, Протагором и др.

В эпоху Возрождения личностный подход к ученику нашел развитие в гуманистических воззрениях Т. Мора, Т. Кампанеллы, Э. Кабе, Г.Х. Честертона, Ф. Рабле, М. Монтеня, М. Лютера и др.

В Новое время мысль о развитии личности, ее способностей как неперменной составляющей обучения и воспитания находят отражение в идеях Д. Дидро, К.А. Гельвеция, И.Г. Песталоцци, А.Н. Радищева, Ж.-Ж. Руссо и др.

В XIX веке различные аспекты личностного подхода в воспитании и обучении рассматривались К.Д. Ушинским, И. Гербартом, Л.Н. Толстым, Н.И. Пироговым, Х. Манном, Дж. Дьюи и др.

В XX веке идеи личностного развития и саморазвития ребенка продолжают развиваться в трудах педагогов и психологов: П.Ф. Каптерева, П.П. Блонского, С.Т. Шацкого, Н.А. Алексеева, З.И. Васильевой, И.А. Колесниковой, С. Полякова, В.В. Серикова, М.Н. Скаткина и др.» [3].

Сегодня потребности общества, семьи и педагогов совпали, совместились. Все субъекты обучения и воспитания направили свое внимание на специфичность личности воспитанника.

«XXI век объявлен ЮНЕСКО веком образования. Многие исследователи (Ильин), отмечают кризис образования во всем мире и, как ответ на это, – реформирование образования. Образование является объектом исследования во многих направлениях науки: философии, педагогики, психологии, социологии и т.д. Огромный социальный срез человеческой деятельности ищет пути для дальнейшего развития. Некоторые ученые замечают закономерность этого явления. Человечество накопило колоссальный социальный опыт, который нужно передавать подрастающему поколению, но как, каким образом, в какой последовательности? Возникает масса вопросов, которые и предстоит решить науке, занимающейся исследованием проблем образования, причем опыт, накопленный странами в этом направлении, нужно исследовать, объединить, взять лучшее, найти нужный путь» [4].

Анализ процесса развития как естественной функции жизни показал, что на разных уровнях жизни развитие достигает соответствующих результатов. Так:

- на биологическом/физиологическом уровне происходит адаптация, то есть реализация способности к новому поведению, к способности жить по-новому;
- на социальном уровне формируется социализация личности, способность взаимодействовать в новом социуме, с представителями других культур, традиций;
- на личностном уровне реализуется профессионализация, способность самореализоваться в деятельности той сферы, которая позволяет личности выйти за границы заданного и привычного;
- на духовном уровне формируется предпринимательство, как инициативная и самостоятельная форма самоактуализации, преобразуется в идею о новом качестве жизни не только для себя, а для других, и если для себя, то ради других.

Развитие сопровождается кризисом, то есть переходом от одного качества и состояния в другое. Пусковым механизмом к переживанию кризиса являются сверхнасыщенность (стимулами, раздражителями, информацией), которая приводит к гиперстимуляции, и, наоборот, длительное неудовлетворение психических потребностей человека приводит к депривации.

Таким образом, развитие отражается на всех уровнях деятельности. Например:

- адаптируясь к незнакомым условиям, ребенок вынужден отказаться от привычного поведения и переходить к освоению новых действий, преодолевая собственное сопротивление, агрессию, страх, тревожность;
- попадая в новую социальную группу либо находясь в прежней, в которой появились новые традиции и установки, ребенок вынужден принять и освоить требования и ограничения своей социальной роли, преодолевая комплексы неполноценности и превосходства;
- удовлетворяя потребности в самоопределении и самоидентификации, ребенок вынужден исследовать себя и свои способности, которые способствуют его личностному росту и признанию общества, преодолевая страх совершения ошибки и творческого ступора;
- осознавая и принимая собственную миссию (в частности, талант) и нахождение способов и возможностей воплощения на практике, ребенок удовлетворяет потребность в самоактуализации, достижении целей и установок.

Литература

1. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. – М., 2018. – 224 с.
2. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб.: Издательство: «Питер», 2002. – 720 с.
3. Гаврилова М.А., Гессе В.Е. История развития идей личностно-ориентированного обучения. – Астрахань 2009
4. Николаева Н.И. Социокультурные проблемы образования. Курс лекций. – М., 2008

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ ОРИЕНТАЦИЮ ВЫПУСКНИКОВ ШКОЛ

Ряд факторов, которые могут потенциально повлиять на решения, принимаемые школьниками в отношении их основной и дальнейшей деятельности, должны быть определены и приняты во внимание. Можно предположить, что школьники имеют несовершенную информацию о специализациях университетов и структуре рынка труда, что в конечном итоге приводит к неэффективности выбора. Таким образом, в этой статье мы намерены изучить основной выбор школьников с помощью следующих вопросов исследования:

- Как школьники выбирают свою основную деятельность?
- Как такие факторы, как сложность приема и учебного процесса, влияют на принятие решения?
- Как другие факторы, такие как родители, социальное давление или недостаточная информация, влияют на решение?

Большинство источников опираются на экономические факторы, такие как потенциальные результаты, которые школьники могут ожидать от рынка труда. Таким образом, исследование Бифи, Фуже и Морель описывает влияние, которое потенциальный будущий доход может оказать на основной выбор, основываясь на данных из Франции. В результате в статье делается вывод, что потенциальный будущий заработок слабо влияет на выбор специальности в университете.

Другой вывод, который был сделан из исследования, описанного выше, гласит, что процесс принятия решений в отношении основного выбора в большей степени определялся неэкономическими соображениями. Так, Бэффи, Фужер и Морель указывают, что способности школьников и их отношение к определенным видам школьной деятельности были одними из важнейших факторов, определяющих основной выбор. Кроме того, можно предположить, что неэффективные результаты для рынка труда в Казахстане можно улучшить, подчеркнув рациональное поведение школьников, опять же, исключив фактор недостаточной информации. Несомненно, личные качества, которыми обладают школьники, не могут и не должны быть исключены из процесса принятия решений, однако добавление дополнительной информации, касающейся структуры специальностей и конституции рынка труда, может значительно улучшить будущие жизненные успехи школьников [1].

В работе Рубена, Висуолла и Зафара было дополнительно исследовано, могут ли такие факторы, как степень уверенности в себе и конкурентоспособность школьников, влиять на основной выбор [2]. Таким образом, исследование показало незначительное влияние этих факторов на процесс принятия решений или их отсутствие, однако следует учитывать, что такие личные факторы могут подвергаться значительному смещению в исследованиях и, следовательно, не должны рассматриваться как недостаточные в первую очередь. С другой стороны, поскольку такие личные факторы трудно измеримы, они не были включены в вопросник.

Последний, но не менее важный фактор, который может оказать влияние на процесс принятия решений школьниками, – это – пол. Можно предположить, что предпочтения в отношении определенных типов специальностей могут значительно различаться для мужчин и женщин. По словам Тернера и Боуэна, женщины более предрасположены в своем выборе к жизни и социальным наукам, но сравнительно меньше заинтересованы в более технических специальностях, таких как математика, физика, инженерия и подобные науки [3]. Тем не менее, не следует забывать, что у мужчин и женщин должны быть разные показатели успешности в изучении разных типов специальностей, поскольку здесь

мы говорим о предпочтениях в первую очередь. Таким образом, согласно исследованию Джемичи и Уисуал [4], в котором основное внимание уделялось национальному опросу выпускников колледжей в США, подтверждается предыдущее предположение о том, что мужчины и женщины не демонстрируют существенных различий в успехах и оценках обучения.

Ниже приведен образец вопросника, который был использован при подготовке статьи:

Класс: 10/11

Пол: Мужской / Женский

Опросник:

1. Планируете ли Вы продолжить обучение? (ВУЗ) да/нет
2. Если да, в какой из нижеперечисленных областей?
 - a. IT
 - b. Энергетика
 - c. Экономика и Финансы
 - d. Юриспруденция
 - e. Здравоохранение
 - f. Образование
 - g. Другое
3. Если нет, выбрали ли Вы уже сферу деятельности, и в какой области?
4. Что повлияло на Ваш выбор больше всего?
 - a. Родители
 - b. Ожидаемый уровень заработка
 - c. Советы друзей или родственников
 - d. Предпочтение общества (популярность профессии)
 - e. Другое
5. Что, по Вашему мнению, сформировало или будет формировать выбор в большей мере? Необходимость / Желание
6. По Вашему мнению, Вам нужна дополнительная материальная поддержка для продолжения обучения? Да / Нет
7. Планируете ли вы получать дальнейшее образование в Казахстане / соседних странах / странах дальнего зарубежья?
8. Если да, как Вы думаете, соответствует ли Ваш выбор профессии прогнозируемому распределению внутренних грантов на высшее образование?
9. Если нет, то какая из следующих причин наиболее подходит для Вашего выбора иностранного образования?
 - a. Желание родителей / родственников
 - b. Лучшие перспективы для дальнейшего карьерного роста
 - c. Другие
10. Если нет возможности продолжить обучение / получить желаемую работу по выбранной специальности, какая из групп специальностей наиболее подходит для Вас в качестве альтернативы?
 - a. IT
 - b. Энергетика
 - c. Экономика и Финансы
 - d. Юриспруденция
 - e. Здравоохранение
 - f. Образование
 - g. Другое

Таблица 1 – Результаты опроса на определение факторов, влияющих на выбор школьников (Первичные данные, собранные автором с помощью опросника).

Результат			
Внешние факторы		Внутренние факторы	
Предпочтения	64%	Родители	33%
Способности и склонности	7%	Ожидаемый доход	7%
Пол	19%	Социальное давление	23%
Уверенность себе	1%	Доход	31%
Рациональность	9%	Предварительная подготовка	6%

Опрос студентов показал (табл. 1), что социальная ориентация и личные предпочтения во многом определяют профессиональную ориентацию. Все факторы можно разделить на эндогенные (внутренние) и экзогенные (внешние). Здесь следует отметить, что будущие заработки не оказались важными детерминантами при выборе школьников, тогда как личные предпочтения и вкусы стали гораздо более значительным фактором.

Литература

1. Beffy M., Fougere D. & Maurel A. Choosing the Field of Study in Postsecondary Education: Do Expected Earnings Matter? // The Review of Economics and Statistics. – vol. 94 (1). – Pp. 334-347.
2. Reuben E., Wiswall M. Zafar B. Preferences and Biases in Educational Choices and Labor Market Expectations: Shrinking the Black Box of Gender // Economic Journal.
3. Turner S. Bowen W. Choice of Major: The Changing (Unchanging) Gender Gap // Industrial and Labor Relations Review. – vol. 52 (2). – Pp. 289-313.
4. Gemicı A. Wiswall M. Evolution of Gender Differences in Post-Secondary Human Capital Investments: College Majors at the Intensive Margin // International Economic Review. – vol. 55 (1). – P. 23-56.

**Құрманбаева М.Ж., Құнанбаева М.Н.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Адам тұлғасы – әлеуми-мәдени ортада, адамдармен әрекеттесуде және қарым-қатысында пайда болатын өте күрделі құрылым. Ресейдің психологі Б.Г. Ананьев, адамның дамуы көптеген фактордан тұрады деген, олар тегі, орта, тәрбие және өзінің іс-әрекеті деп жазған. Және сол факторлар жеке әсер етпей, қосарласып тұлғаның дамуын құрайды. Ал адам қабілеттерінің дамуын қазіргі кезде зертеуші А.М. Матюшкиннің пікірі бойынша, дарындылық адам тұлғасына қатты әсерін тигізеді. Соның шығармашылық дарындылық концепциясы бойынша – дарындылық жалпы түрлі кәсіби, ғылыми және өнер саласында адамның шығармашыл тұлға қалыптасуымен байланысты [1]. Шығармашылық деген жалпы жаңалық ашатын адам әрекеті. Ол жаңалықтар мен жаңа заңдылықтар ашумен бірге, әдеби шағармаларда және өнерде өзін білдіруде, өзін танудан көрінеді. Сонымен қатар креативтілік ұғымы – тұлғаның мінез-құлығын сипаттайды.

Өмірде ол ойлаудың деңгейі мен сапасынан (интеллект немесе IQ) және өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен танымдық іс-әрекетінде көрінеді.

Дарынды адамдар жаңа мәселелерді көтеріп соларды шешуге ұмтылады. Дарындылықтың дамуы мен көрінуі адам тұлғасына байланысты болады. Дарындылықтың бастамасы адамның психофизикалық нышандарына негізделсе, ал дарындылықтың жетіліп көрінуі адамның тұлғалық қалыптасуына тәуелді болады. Ер жетіп, есейген кезінде ерекше қабілеттердің жоқ болып кетуі соны растайды. Неліктен жастайынан жарқ етіп көрінген вундеркиндртер тез сөніп кетеді. Оған кінәлі амбицияға толы ата-анасы ма (Вольфганг Моцарттың әкесі Леопольд Моцарт), жоқ оқуға деген қызуғышылығын басып тастаған педагогтар ма? Немесе олар есейгенде өз қабілеттеріне қолданым таппаған псевдовундеркинд болғандары ма? Олар басында феноменалды жетістіктерге жетеді, мысалы, үлкендер орындайтын музыкалық шығармаларды көптеген балалар ұзақ уақыт (апталар) жаттайтын болса, дарынды музыкант оқушылар тез уақытта жаттап алады. Дарынды бала, ойлау жылдамдығы өте жоғары болғандықтан, бірнеше сағатта жаттайды және білгенді ұмытпайды. Сонымен қатар, олар стереотипті ойлауды, іс-әрекетті және күштегенді жақтырмайды. Көп балалардың ортасында өз менталитетіне ұқсас адам болмаса, жалғыз жүреді. Сондықтан дарынды балалар сыныптан жеке жүргенді ұнатады не қарым-қатынаста түрлі қиыншылықтарды бастан кешіреді. Дарынды балалардың IQ – деңгейі мен мектептегі үлгерімімен сәйкес келмеуі де жиі болып тұрады. Оның себебі ортада. Дарынды балалар өзгеше болғандықтан көбісі жақтырмай мазактап, сөгіп не ұрысып та жатады. Онтогенездің әрбір даму кезеңінде адам жаңа ерекшеліктерді қалыптастырады, олар болса, кейін басқа ерекшеліктерге негіз болып қалады. Сондықтан адам тұлғасы отбасында қаланып, содан бастауыш мектепте қалыптасқан мінез-құлық жоғары сыныптарда пісіп жетілген кезінде шыққан ақауларды қайта тәрбиелеу оңайға түспейді. Мысалы, өзін бағалау деңгейі. Бұл тұлғалық құрылым басқалардың пікірімен, көз қарастары, адамға білдірген қарым-қатынаспен қалыптасады. Үлкейгенде сол тым жоғарлап, не тым төмендеп кеткен, өзін-өзі бағалау деңгейін өзгерту тек сана-сезімін нығайту арқылы жүзеге асады.

Бұл жұмыс тек ата-аналар немесе жалғыз педагог-психологтың қолынан келмейді. Осындай жағдайларда бірігіп біріктірілген жұмыс атқарған жөн. Астанада 2011 жылдың Білім және ғылым министрімен № 528, 20 желтоқсандағы бұйрықпен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы» бойынша психолог міндеттерінің № 17, 18 пунктінде: «Психологиялық қызмет педагог-психологтардың әдістемелік бірлестігімен, психологиялық орталықтармен, тәжірибелі психологтар кафедралары және қауымдастықтарымен, білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен өзара әрекеттеседі...» және педагогикалық, медициналық қызметкерлермен, «оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен, қамқоршылық және қорғаншылық органдарымен, ата-аналар қоғамымен тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады», - делінген. Осыған орай, мектептің оқушыларын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу – мектептің білім және тәрбие беру үрдісінің негізгі мақсаттары болып табылады, сонымен қатар оқушыларға психологиялық көмек көрсету, әлеуметтік бейімделуге тосқауыл болатын жағдайлардың алдын-алу. Мектептің педагог-психологтары сынып жетекшілерімен, әлеуметтік педагогтармен және пән мұғалімдерімен бірігіп қазіргі таңда бес бағытта жұмыс жасайды: психодиагностикалық, консультациялық, алдын алу және ағартушылық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік. Әлеуметтік-диспетчерлік бағытта мектеп қызметкерлері басқа мамандармен үйлесімді жұмыс атқару (дефектологтар, логопедтер, тифлопедагогтар және т. б.) және әлеуметтік-медициналық-психологиялық деректер банкіні қалыптастыру. Заманға сай мектептің педагог-психологтары түрлі ұйымдармен және мекемелермен бірлесіп мәселелерді шешу жолын табуды көздейді. Соған орай әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қызметтің жұмысын білім беру саласындағы уәкілетті орган, ал өңірлік деңгейде аудандық, қалалық, облыстық білім басқармалары (бөлімдерімен) үйлестіреді. Дарынды балаларды оқытатын мектеп мұғалімдеріне ескертпе ретінде, бірінші сынып оқушыларының, 4 сыныптан 5 сыныпқа көшкендегі немесе жаңа оқушылардың адаптациясына (бейімделуі) назар аудару

қажет. Соңғы кездерде дарынды балалардың арасында жиі кездесетін мәселе-ол агрессивтілік пен изоляция. Жас вундеркинд оқушылар арасында ұрысуы мен достық қарым-қатынасын орнатудан қашуы кездеседі. Оның себебі интернет, баланы тек ата-насы тәрбиелеуі, мазасыздану деңгейінің жоғары болуы. Ол біртіндеп жетіспеушілік комплексіне айналып, оны компенсациялау үшін дарынды бала оқу білімін жоғарлатады, не спортпен шұғылданады, не өнермен айналысады. Бұл жайттарды мектепте сынып жетекшілері мен психолог-педагогі бақылап түзету керек. Сол үшін дарындылықты дамытуда жастайындағы керекті сәттерді біліп, педагогикалық тұрғыдан дер кезінде әсерін тигізу үшін, қазіргі дарынды балаларға арналған мектептерде, ең алдымен, дарынды және креативті ұстаздар жұмыс істеуі керек.

Ғылыми тұлғалық теориялар мен концепцияларға сүйенетін болсақ (гуманистік, психоанализдік, когнитивистік, іс-әрекеттік психология, трансперсоналдық т.б.), тұлғалық өсуді жүзеге асыратын психологиялық механизмдерге сана-сезімді нығайту жолы болады деуге болады. Тек адам өзін-өзі сезіну, түсіну және танып білу арқылы балалардың тұлғасын дамытуға болады. К. Хеллер ұсынған дарындылық теориясында тек қабілеттердің дамуы емес дарындылық тұлғалық компонентерден тұратынын көрсетті: креативтілік, қызығушылық, білімге құштарлық, интерналды реттеу-локусы, жауапкершілік, жетістіктерге жету мотивациясы, табандылық, күйзеліске қарсы тұра алу, белсенділік қасиеттерін жатқызды. Бұл теория дарындылықтың Мюнхендік моделі болып атанды [4]. М. Карне теориясында дарынды бабалардың ашылуына кедергі болатын факторларды атап көрсетті: мектеп пен оқуға қызығушылықтың жоқ болуы, ата-налармен қарым-қатынас нашарлағаны, депрессия, өзін-өзі бағалау деңгейі төмен болуы, жауапкершілікті өзіне алмау, алаңдаушылық, ерік-жігердің дамымағаны, эмоциялық жетілмегендік, реттеу алмаушылық және сезімталдылығы.. М. Карне айтуы бойынша, эгоистік, зұлымдылық, мақтаншақтық сияқты тұлғалық қасиеттер дарындылық нышандары бар болса да талант болып өсуіне әкелмейді [4].

Кезінде А. Байтұрсынов шығармашылық туралы, жаңадан жаңаны тудыратын өнер деп айтқан. Шығармашыл тұлға – басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам, - деп Қ.Б. Жарықбаев жазды [5]. «Әлеует» ұғымының философиялық сөздіктегі түсіндірмесі – адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздерімен мағыналас. Адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қор, ішкі мүмкіндіктер көзі. Мұғалімнің шығармашылық әлеуеті – оның арнайы білімдері, кәсіби, тұлғалық, рухани сапаларының, акмеологиялық бағыттылығының жиынтығынан тұратын, педагогикалық әрекетті жаңашылдықпен жүзеге асыруға негіз болатын біріккен кешенді сапасы болады. Психология мен педагогикада шығармашылық әрекет – тұлғаның шығармашылық міндеттерді өз бетінше шешуі: білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай алуы, белгіліден жаңа мәселені көре білуі, объектінің жаңа қызметін байқай алуы, жаңа соны шешімдер қабылдауы деген мәнге ие болу. Сонымен шығармашылықты дамытқан педагог үздіксіз ізденісте болады, ол жолда адам жеңістің қуанышын, түңілудің кермек дәмін сезу, тоқтаусыз толғаныспен жалындау, интеллектуалдық, эмоционалдық дарындылықтың қуанышына бөлену сияқты сезімдерді басынан кешеді. Шығармашыл мұғалімді – өзінің кәсіби шеберлігін арттырумен тұрақты айналысатын, тәжірибе жасаудан жасқанбайтын, сол мақсатта өзінің ішкі күштерін жұмылдыра білетін, ойы оралымды, қиын педагогикалық мәселелерді өзгеше, ерекше тапқырлықпен шеше алатын адам деуге болады.

Жалпы айтқанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шығармашылықты дамытуға бағытталу керек, ол деген білім алу үрдісін мағыналы да мәнді, соңғы жаңалықтармен толы ету, осы әрекет барысында білім алушыларда өз сұрақтарының пайда болып, оларға жауап іздеулеріндегі шығармашылық белсенділігін тудыруға, балалар арасында бір-біріне көмектесуге, ынтымақтастықты нығайтуды маңызды міндеттер ретінде алға қою.

Әдебиеттер

1. Вёрче Д. Забота о детях индиго. NAY HOUSE, INC. Carlsbad. Персангл. Важненко С., Изд. «София», 2005. – 272 с.
2. Матюшкин А.М. Загадки одаренности: Проблемы практической диагностики. – М.: Школа-Пресс, 1993
3. Одаренные дети: пер. с англ/Общ.ред. Г.В. Бурменской и В.С. Слущкого – М.: Прогресс, 1991. – 376 с.
4. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. //Основные современные концепции творчества и одаренности. – М.: 1997, – С. 275-294
5. Жарикбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX века: рекомендовано в качестве учебника для студентов высших учебных заведений. – Алматы: «Эверо», 2006. – 425 с.
6. Синягина Н.Ю., Чирковская Е.Г. Личностно ориентированный учебно-воспитательный процесс и развитие одаренности: метод. пособ. / Н.Ю. Синягина, Е.Г. Чирковская / под ред. А.А. Деркача, И.В. Калиш. – М.: Вузовская книга, 2001. – 131 с.

**Муликова А.С., Жалғасбек А.Ө.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Кәсіби бағытталу – әрбір адам өмірінің болашақ тағдырын анықтайтын күрделі және жауапты қадамы болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби бағдар арқылы мамандықты дұрыс таңдау адамның өмірлік жоспарларын анықтауда, сондай-ақ қоғамның дамуында өзіндік рөлге ие. Кәсіби өзін-өзі анықтау – қоғам таңдаған профессионализм көрсеткіштеріне қатысты адамның өзін анықтауы.

Жыл сайын жүз мыңдаған мектеп түлектері «ересек өмірге» өз күшімен іздене бастайды. Алайда статистиканың көрсетуі бойынша, жастардың басым бөлігі мамандықты таңдау, ары қарай білім алу, жұмысқа орналасумен байланысты күрделі мәселелерге кездеседі. Оның себебі жастарға және тәжірибесі жоқтарға еңбек нарығының «жабық болуы» емес, жоғары сынып оқушыларының қазіргі еңбек нарығындағы мамандықтар бойынша ақпараттары жеткіліксіз және кәсіптің адамға қоятын талаптарымен өзінің тұлғалық ерекшеліктерін сәйкестендіре алмауында. Яғни, өзінің қандай мамандыққа психологиялық жарамды екенін, қандай кәсіпті жемісті орындай алатынын білмейді. Көп жағдайда мектеп бітіруші-түлектер когнитивтік өрістерінің даму сипаты, қабілет, темперамент, мінез, дамуы, т.б. тұлғалық ерекшеліктеріне қарамастан, престижді мамандықтарды немесе белгілі бір тұлғаға еліктеп таңдап жатады.

Осы тұрғыда, жалпы білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екендігі анықталғанымен, әрбір білім алушыға жеке-дара психологиялық жуықтау, психологиялық диагностикалау мәселелері қажетті деңгейде қолға алына бермейді. Осы тұста орта мектептерде әрбір 500 оқушыға бір ғана психолог маманның бөлінуінің өзі психологиялық қызметтің ұйымдастырылу сапасының қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жеке психикалық қасиеттерін анықтаумен ғана шектелу басым. Бұл мәселені шешу әр мектепте әртүрлі жолдармен жүргізілуде, дегенмен, әлі де жетілдіруді, зерттеуді талап етеді. Кәсіби тұлға таңдауына оптанттың жеке ахуалы әсер етеді (жанұяның экономикалық мүмкіндігі

мен талабы), өзін бай немесе кедей сезінуі. Материалды жағдайы төмен отбасынан шыққан адамды ақшаның жоқтығы ең ақысы көп төленетін қызметті таңдауға итермелейді және жанұя дәстүрі мен қабілетіне қарамастан сауда қызметін ұйымдастыруға тырысады. Жағдайы жоғары жанұядан шыққан бала көбінесе өзінің жеке қалауының таңдауына байланысты болады.

Адамның өмірдегі кәсіби әрекеті оның әлеуметтік талаптарына жауап беруде, өзін-өзі бекітуде және өзін-өзі дамытуда негізгі болып табылады. Жалпы білім беретін ұйымдарда жасалған сараптама бойынша, жасөспірімдердің басымы көбінесе мамандық таңдауда өзін-өзі кәсіби тану технологияларын дұрыс білмегендіктен және заманауи еңбек нарығында өзінің өмірлік және кәсіби жолын жобалай алмағандықтан қиналады.

Түлектердің таңдаған мамандықтары кей жағдайда еңбек нарығының талаптарына түбегейлі жауап бермейді немесе олардың тұлғалық ерекшеліктері сол мамандыққа сай келмейді. Бұл мәселені шешудің жолы мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруді ұйымдастыру үшін білім беру жүйесінде жаңа қадамдар жасау керектігі: жаңа білім беру ұйымдарының пайда болуы, түрлі деңгейдегі оқу бағдарламалары, профильдік білім беруді жүзеге асыру, білім берудің вариативтілігі және т.б. Қазіргі уақытта мектепке қойылатын талаптың бірі жасөспірімдердің жеке білім алу сұранысын, кәсіби әрекетті таңдауда тұлғалық қажеттілігін, жаңа экономикалық және әлеуметтік мәдени жағдайларға сәйкес кәсіби өзіндік таңдауы мен өзін-өзі дамытуына дайындығын қалыптастыру.

Мамандық таңдаудағы өзін-өзі анықтаудың негізгі факторы – *жасөспірімнің жасы*. Мұнда екі қауіп болады: біріншісі – нақты тоқтамға келген және анықталған ізденісінің жоқтығымен байланысқан жоғарғы сынып оқушысының мамандық таңдаудағы өзін-өзі анықтау процесінің кешеуілдеуінде және кейінге қалдырылуы. Бұл кешеуілдету өте жиі, ортақ жетілмегендіктерімен байланысады. Екіншісі – жасөспірімдердің әлеуметтік ізденісіндегі инфантильді көрінісі. Бұл әрине түсінікті, кәсіби өзін-өзі анықтау жеткіншек үшін өзін-өзі сыйлау және «Мен өзім» деген талабы. Бұлар ержетудің негізгі компоненттері. Жасөспірімдік жас (11-12 ден 14-15-ке дейінгі жас) өтпелі кезең болып табылады [1]. Бұл кезең балалықтың аяқталуы: болашаққа көзқарас туындайды. Л.И. Божовичтің пікірінше, жасөспірімнің өмірлік жоспары мен болашағы «күйзелісті орта». Олар өздерін әлеуметтік ортада табуына, білім алуына, болашағын лайықты қамтамасыз ететін қызықты мамандық табуына қарасты жеке қажеттілігі пайда болады [2].

Мамандық таңдауда өзін-өзі анықтау әр қырынан көруге болатын көпбаспалдақты үрдіс. Біріншіден, қоғамның жаңадан тұлғаға айналып келе жатқан адамға қоятын қызметтер сериясы. Ал бұл тұлға белгілі уақытқа дейін оны шешуге тиіс. Екіншіден, шешім қабылдау үрдісі сол арқылы тұлға өз қабілеттері мен таңдауын оптимистік тұрғыда қарайды. Үшіншіден, жеке өмір стилін жасау, ал оның бір бөлігі болып, мамандандырылған іс-әрекеті саналады. Осы үш кіріспе жұмысты әр қырынан анықтайды: біріншісі қоғамның сұранысынан туындайды, екіншісі тұлғаның қабілеті, үшіншісі екеуінің келісу мүмкіндігін көрсету, бірақ бұл үшеуі де бірін-бірі толықтырады; біріншісі – әлеуметтік, екіншісі – әлеуметтік-психологиялық, үшіншісі – дифференциалдық-психологиялық [3].

Мамандыққа бағдар беру барысында балалардың психикалық ерекшеліктерін жан-жақты диагностикалау арқылы олардың болашақта қай салада табысты болуға мүмкіншіліктері молырақ екенін анықтауға көмек көрсетіледі.

Бұл жұмыстың мазмұны жеке адамның психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп, келесі компоненттер бойынша мағлұмат алудан тұрады: мінез-құлқының жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау; Жүйке қызметінің жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау; қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, кәсіби ниеттері туралы мағлұматтар алу; құндылық бағдарлануы; когнитивтік өріс ерекшеліктері; білімі, іскерлігі және дағдылары.

Кәсіби оқыту жұмысын ұйымдастыруда құндылықтардың қалыптасуына ықпалдасушы – мотивтер екенін ескеру қажет. Мамандықтарды таңдау мотивтерін алты топқа бөлуге болады: жалпы себеп-түрткі; мамандықтың романтикасы; танымдық

сипатындағы мотивтер; қоғамдық мәні бар мамандық таңдау мотиві; беделге, үлгіге сүйену; мотивацияланбаған таңдау.

Барлық мотивтерді сипаты бойынша төрт топқа бөлеміз: а) нақты еңбекке бағытталған, мақсаты анықталған, дәлелге негізделген мотивтер; б) нақты емес, жеткіліксіз себептестірілген мотивациялар; в) сенімсіз, негізсіз мотивациялар; г) ешқандай негізі жоқ мотивациялар. Кәсіп таңдаудың психологиялық теориясын Ф. Парсонс жасады. Ол келесі хаттамаларды құрастырды:

а) әр адам өзінің жеке қасиеттерімен, ең алдымен, кәсіби маңызды қабілеттілігімен бір ғана мамандыққа оптималды жарамды;

б) кәсіби жетістік пен қанағаттылық мамандыққа қажетті жеке қасиеттің болуымен үйлеседі;

в) кәсіби таңдау адам өзі немесе кәсіби кеңесші тұлғаның психологиялық диспозициясын немесе физиологиялық қасиетін анықтап, оларды қызмет талап ететін диспозициялармен сәйкестендіретін рационалды үрдіс.

Кәсіби таңдау мінездемелерінің арасынан Ф. Парсонс, ең алдымен, саналылық пен ұтымдылықты ерекшеледі. Парсонс оларды түрлі қызметтегі тұлға құндылығы, қабілеті және қызығушылығы арасындағы мәміле деп түсінеді [4].

Мамандық таңдауға түрлі факторлар әсер етеді, олардың қатарына әлеуметтік-экономикалық мәртебе, этникалық тән, зерде, арнайы қабілет, ата-ана мамандығы, өмірлік құндылығы мен сенімін құру көзі – жанұя жатады. Ата-ана мен балалар арасындағы қатынас мамандық таңдауда байқалатын қызығушылық пен мұқтаждықтың пайда болуына себептеседі.

Жанұяның ортаңғы назарында жүрген балалар топта араласқанды және өзгелердің сыйластығы мен сүйіспеншілігін қажеттілігі туындауы мүмкін. Оларды қарым-қатынасқа байланысты мәдениет, өнер, сауықтыру аясындағы жұмыстар қызықтыратын болады. Ата-анасы аз көңіл бөлетін, махаббат пен құрметтен тапшылық көретін балаларда жалғыздықты талап ететін мамандық қызықтыруы мүмкін. Олар өздерін өзгелермен қарқынды араласуды қажет етпейтін ғылым немесе техника жолына бағыттауы мүмкін. Мамандық таңдау – адамның өміріндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Мамандық адамның жеке қабілеттеріне қаншалықты дәрежеде сай келсе, адам сол мамандыққа қажет кәсіби әрекетті де соғұрлым әсерлі етіп жүзеге асырып отырады, бұл оның белгілі бір деңгейде өмір сапасын арттырады деуге негіз бар.

Әдебиеттер

1. Ауталипова Ұ.И., Шеръязданова Х.Т. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы, 2016
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование. – М., 1984. – 231 с.
3. Ильин Е.П. Профессиональная деятельность личности. – М., 2011. – 236 с.
4. Парсонс Ф. Сознание личности. – СПб., 2001. – 117 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

Педагогические условия считаются важными жизненными обстоятельствами, определяющими достижение высокого уровня профессиональной компетентности педагога. Профессиональная компетентность педагога основывается на передовых направлениях формирования образования, основных достижениях в области педагогики и психологии.

В настоящее время педагогическая наука, основанная на базовых знаниях и передовых разработках, оказывает конкретное влияние на содержание, уровень и качество образования. Поэтому в первую очередь необходимо обсудить приоритетные педагогические обстоятельства формирования профессиональной компетентности педагогов в образовательном процессе вуза [1].

Ориентация на становление субъектности личности, способной к самоидентификации и самоактуализации, основана на том, собственно, что специфику педагогических процессов в профобразовании оформляет индивидуальность студента как субъектов образования, состоящая в том, что на всех этапах обучения в образовательных учреждениях сопрягается со владением технологией осмысленного воздействия: задача, объяснение и способ.

В психолого-педагогической литературе под *условием* понимается совокупность посылов наружной и внутренней среды, вероятно влияющих на становление определенного психологического явления, при этом воздействие опосредовано энергичностью самой личности, группы людей.

Российские ученые отмечают, что «педагогические условия» считаются одним из компонентов педагогической системы, отражающей совокупность вероятностей образовательной и материально-пространственной среды, воздействующих на личностный и процессуальные аспекты предоставленной системы и обеспечивающих её действительное функционирование и становление.

Педагогические условия – это структурная оболочка педагогических технологий или же педагогических моделей. Соответственно педагогическим условиям реализуются составляющие технологии. Применение педагогических критериев ставит своей целью обеспечение организационно-педагогического и психолого-педагогического сопровождения профессиональной подготовки педагогов, улучшения системы переподготовки педагогических кадров для работы в системе последиplomного образования.

Как считает В.И. Андреев, педагогические условия – это результат целенаправленного отбора, конструирования и использования составляющих содержания, способов, методов или приемов, а также организационных форм обучения для достижения поставленных целей [2].

Анализ исследований и раскладов по определению мнения о «педагогических условиях» позволяет сделать вывод, о том, что этот термин обозначает в реальности:

- педагогические обстоятельства научные работники оценивают как совокупности вероятностей образовательной и материально-пространственной среды, внедрение которых содействует увеличению производительности целостного педагогического процесса;

- совокупность влияний, характеризуемых как психолого-педагогические обстоятельства, ориентирована, в первую очередь, на становление личности субъектов педагогической системы (педагога, студента и иных участников), что собственно гарантирует успешное решение задач целостного педагогического процесса;

- ведущей функцией психолого-педагогических критериев считается организация этих мер педагогического взаимодействия, которые обеспечивают переустройство определенных данных становления, воспитания и изучения личности, то есть влияют на личностный аспект педагогической системы.

Для выявления и проверки реализации педагогических условий эффективного формирования профессиональной компетентности мы определили одну из основных задач опытно-экспериментальной работы: выявить исходный уровень сформированности профессиональной компетентности у будущих педагогов.

Для проведения опытно-экспериментальной работы были отобраны экспериментальная и контрольная группы студентов, включающие в общей сложности 150 человек, которые обучались по специальности «Педагогика и психология».

В ходе каждого этапа последовательно решался ряд задач. В исследовании предполагалось выявление уровня профессиональной компетентности у будущих педагогов контрольных и экспериментальных групп. Для этого нами были определены уровни сформированности профессиональной компетентности у будущих педагогов.

В структуре профессиональной компетентности мы выделяем три взаимосвязанных уровня: *высокий* (оптимальный), *средний* (потенциальный), *низкий* (минимальный). Предназначение каждого уровня заключается в обеспечении информацией об исходном или текущем состоянии развития профессиональной компетентности и определении перспектив дальнейшего развития данного вида компетентности специалистов.

Высокий уровень профессиональной компетентности студентов характеризуется наличием необходимых теоретических знаний, практических навыков и личных качеств. Этот уровень выражается в способности разрабатывать схему классификации, оценивать систему обучения.

Средний уровень компетентности характеризуется избирательным характером познавательной заинтересованности и недостаточной информированностью о личной ответственности за результаты работы по изучению профессиональных навыков, способности связывать теорию и практику.

Низкий уровень компетентности учащихся указывает на то, что когнитивный интерес и ценностное отношение к будущей профессиональной деятельности недостаточно сформированы, творческие способности слабо развиты, способность демонстрировать только теоретические знания, способность утверждать факт и наличие концепции теории.

Таким образом, на основе выделенных уровней сформированности профессиональной компетентности педагога, на первом этапе опытно-экспериментальной работы полученные данные были следующими (Таблица 1).

Таблица 1.

Исходный уровень сформированности профессиональной компетентности педагога у студентов контрольной и экспериментальной групп

Группа	Количество студентов	Уровни сформированности профессиональных компетенций		
		Низкий	Средний	Высокий
КГ	150	42,2% (70)	39,6% (55)	18,2% (25)
ЭК	148	43,4 % (71)	40,3% (56)	16,3% (21)

В таблице 1 приводится базовый уровень профессиональной компетентности педагога у студентов контрольной и экспериментальной групп.

Результаты эксперимента проведенных срезов позволяют констатировать, что показатели сформированности профессиональных компетенций у большинства студентов

контрольной и экспериментальной групп были низкими, что составило 43,4% и 42,2%, что свидетельствует о том, что данная категория студентов может применять полученные знания лишь частично. Средние показатели уровней сформированности заявленных компетенций характерны для 39,6% студентов контрольной группы и 40,3% студентов экспериментальной группы, которые могут находиться на уровне понимания пройденного материала и применять их на практике. Также высокие уровни выявлены у 18,2% и 16,3% контрольной и экспериментальной групп студентов, которые могут успешно доносить свои мысли и идеи. На втором этапе сравнивались полученные результаты срезов знаний после проведения полного курса в Таблице 2.

Таблица 2

Итоговый результат в контрольной и экспериментальной группах

Группа	Количество студентов	Уровни сформированности профессиональных компетенций		
		Низкий	Средний	Высокий
КГ	150	38,4% (70)	40,8% (55)	20,8% (25)
ЭК	148	23,2 % (71)	29,2% (56)	47,6% (21)

Итоговый срез после завершения опытно-экспериментальной работы показал значительные изменения показателей, как в контрольной, так и в экспериментальной группе. Низкие значения в контрольной группе – 38,4%, в экспериментальной группе – 23,2%, значения среднего уровня сформированности профессиональных компетенций студентов составило 40,8% и 29,2%. С высокими показателями уровней сформированности заявленных компетенций в экспериментальной группе возросло – 47,6%, по сравнению с контрольной группой 20,8%.

В процессе опытно-экспериментальной работы использовались разнообразные виды наблюдения: сплошное и выборочное, непосредственное и косвенное, наблюдение самих студентов в целях анализа и самоанализа.

Наблюдение в реальных учебных условиях и условиях межличностного взаимодействия было направлено на: фиксацию уровня педагогических знаний, коммуникативных умений, навыков самостоятельной работы, техники выступления перед аудиторией, выявление основных педагогических затруднений студентов.

Литература

1. Абдырахманов Т.А. Азыркы билим берүүдөгү компетенттик мамиле: учебно-метод. пособие [Текст]. – Бишкек, 2013. – 121 с.
2. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 608 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – АҚПАРАТТЫҚ ЗАМАННЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында: «Білім беру формасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», - деп атап көрсетті. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі күні ақпараттық технологияларды меңгеру – басты заман талабы. Бұлай дейтін себебіміз – ХХІ ғасырдың «ақпараттық технология ғасыры» деп аталуында. Ақпараттық технология ғасыры өз алдына «ақпараттық қоғамды» қалыптастырды [1]. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелерінің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың жолдарын қарастыру. Ю.Е. Хохловтың «бөбек – әрқашан өз заманының баласы» деген тезисімен келіспеуге болмайды [2]. Себебі осы уақытқа дейін оқушылар қағаз бетіндегі мәтіндерден ғана (кітаптар, баспасөз) білім алды. Бірақ бүгінгі электронды форматтағы (теледидарлық, компьютерлік, ғаламтор жүйесі және т.б.) медиа мәтіндерді қолдануға сұраныс көбірек. Осындай себептердің барлығын ескере отырып, өскелең ұрпақта «медиабілім», «медиа сауаттылық», «медиақұзыреттілік» терминдерін қалыптастыру қажет. Соңғы онжылдықта қазіргі әлемде медиабілімнің маңыздылығы Л.А. Иванова [3], И.А. Фатеева [4], А.В. Федеров [5], И.В. Чельшева [6] т.б. ғылыми зерттеулерде қарастырылды. Қазақстанда медиасауаттылық және ақпараттық технологияларды сабақ барысында қолдану О.З. Иманғожина [7], Р.О. Джеренова [8], Е.Ж. Смагулов [9], П.Б. Сейітқазы [10] еңбектерінде талданды. А.В. Федоров «Медиаобразование в России: краткая история развития» монографиясында: «медиа-білім беру – бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық қарым-қатынас дағдыларын, сыни ойлауды, интерпретациялауды, медиа мәтінді талдау мен бағалауды қалыптастыру мақсатында медиа-коммуникацияны пайдаланумен қатар оның негізінде білім беру және жеке тұлғаны дамыту процесі» ретінде қарастырады [5, 266 б.]. Осылайша, медиабілімді ақпараттық қоғамда мәдениеттің бір құрамдас бөлігі ретінде талдауымызға болады. Н.А. Леготина: «Оқушыларға медиабілім беру – саналы түрде БАҚ-да таралған мәліметтерді өздігінен саналы түрде талдай білуге мақсатты түрде үйрету», - деп анықтама берді [11]. Ал педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Перизат Сейітқазының айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдары жеткіншектердің дүниетанымына өзіндік үлес қосады, сондай-ақ болашақ мамандардың қосымша білім алуында, ізденулеріне, әртүрлі ақпараттарды жинақтап, оларды талдай алуында өзіндік рөл атқарады [12].

Осылайша, бастауыш сыныпта медиабілім берудің жолдарына тоқтала аламыз: қазіргі заманғы ақпараттық жағдайда өмірге жаңа ұрпақты тәрбиелеу, әртүрлі ақпаратты қабылдау, адамға оның әсерін түсінуге үйрету, қарым-қатынастың вербалды емес формаларына негізделген қарым-қатынас әдістерін меңгеру. Бастауыш сынып оқушыларының медиақұзыреттілігін дамыту әдістері:

1. Практикалық жұмыстар (газет-журналдан мақалаларды салыстыру, жаңалықтарды маңыздылығы бойынша бөлу);
2. Дебаттар, дискуссия ұйымдастыру;
3. Рөлдік ойындар (журналист, сұхбат беруші);
4. Экскурсия, редакцияларға бару;
5. Skype кездесулер ұйымдастыру;

Бастауыш сынып оқушылары медиабілім алу барысында ақпаратты дұрыс түсінуге, анализ жасауға және дұрыс пайдалануды үйренеді. Сондықтан сабақ беру барысында ең жақсы нәтиже беретін «Миға шабуыл» әдісін қолдануымызға болады. Бұл әдістің тапсырмаларына: ақпараттық ізденісті жоспарлау, мақалдарды әңгімемен сәйкестендіру, ақпаратты өңдеу, әңгімелердің идеясын анықтап, өз пікірін дәлелдеу, логикалық операцияларды пайдалану жатады. Медиабілім берудің тағы бір маңызды міндеттерінің бірі – оқушыны сыни тұрғыдан ойлануға дағдыландыру. Осы тұрғыда қазіргі кезде көп қолданылып жүрген әдістердің бірі – ИНСЕРТ. Оның негізгі мақсаты – ақпаратты оқу және өзіндік түсіну, жалған ақпаратты шынайы ақпараттан ажырата алу, медиа мәтінге байланысты сұрақ қоя білу біліктілігін арттырады [13]. Дидактика тұрғысынан алғанда, медиабілім беруді қолдану тұлғаның сыни ойлауын дамытатын және шығармашылық әлеуетін арттыратын икемді және әмбебап үрдіс. Бұл мәселені теориялық тұрғыдан талдай отырып, біз төмендегі ұсыныстарды жасаймыз:

1. Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған кеңес кітапшалар шығару;
2. Оқушыларға IT саласында жұмыс атқаратын қызметкерлермен кездесулер ұйымдастыру, әлеуметтік желілерге талдау жасау.

Жоғарыда келтірілген теориялық мәліметтерді қортындылай келе, ақпараттық технологияны оқыту технологияларының бір түрі ретінде оқу үрдісінде оңтайлы пайдалану тиімді және ол бүгінгі күннің қажеттілігі. Дегенмен, медиабілім беру әдісін басқа технологиялармен бірге кешенді түрде пайдаланғанда ғана қоғам талабына сай жеке тұлға қалыптастыруға болатындығын естен шығармау қажет.

Әдебиеттер

1. Хакимова Т. Ақпараттық технология – басты заман талабы //«TENGE MONITOR»//Республикалық экономикалық апталық газеті, 12.10.2017
2. Хохлов Ю.Е. Медиаобразование в современном обществе или как выжить в мире СМИ// Информационное общество. – 2003. – №1, -1 б.
3. Иванова Л.А. Формирование медиакоммуникативной образованности школьников-подростков средствами видео/на материале уроков французского языка: Дис...канд.пед.наук:13.00.00 – Иркутск, 1999. – 204 с.
4. Фатеева И.А. Медиаобразование:теоретические основы и практика реализации. – Челябинск: Челяб.гос.ун-т, 2007. – 270 с.
5. Федоров А.В. Медиаобразование в России: краткая история развития: монография / А.В. Федоров, И.В. Чельшева. Таганрог: Познание, 2002. – 266 с.
6. Чельшева И.В. Программа медиаобразовательного курса «медиаобразование младших школьников» // Медиаобразование, 2012.- №2. - С. 89-94.
7. Имангожина О.З. Методика профессионального ориентирования школьников в условиях информатизации образования. Автореф.канд.пед.наук. – А: 2003, – 21 с.
8. Джеренова Р.О. Дидактические условия формирования компьютер обучающих умений будущего учителя в ВУЗе. Автореф.канд.пед.наук. – А: 2002. – 21 с.
9. Смагулов Е.Ж. Медиа білім берудің педагогикалық негіздері // Молодой ученый. 2016. – №5. 2. – 9-10 бб.
10. Сейітқазы, П.Б. Медиабілім мазмұнындағы негізгі түсініктер мен теориялар // П.Б. Сейітқазы, А.К. Абдиркенова // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы // 2018. - N 2(58). 22-28 бб.
11. Өмірзақ А., Сейітқазы П.: Медиа сауаттылық интеллектуалды тұлғаны қалыптастырады, // Turkistan газеті // 29.10.2017
12. Загашев И.О, Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. – СПб.: Альянс «Дельта», 2003

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тіл адам қоғамына тән. Ол қоғамдағы, еңбек процесіндегі қажеттіліктен, мұқтаждықтан келіп туған. Тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше екені мәлім. Өйткені, тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының белгілері бейнеледі [1]. Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекеме балаларына мемлекеттік тілді меңгерту бірінші жолға қойылып отыр. Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқыту, бала тілін дамыту жұмыстары тәрбиешілердің көп еңбек етіп, ізденіс пен дайындығын қажет етеді. Сондықтан бала тілін дамыту мәселесінде мектепке дейінгі мекемеде білім беру, тәрбиелеу ісіне қоғам, ұжым болып бір ауыздан атсалысуымыз қажет.

Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамытып, өз ойын еркін жеткізуге, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсу, сөздік қорын молайтумен сипатталады.

Тіл мәдениетін игеру дыбыстарды дұрыс айту – баланың сәбилік шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену болып табылады. *Бала ауызша сөйлеу барысында диалог түрінде әңгімелесіп, сөйлеу дағдысын қалыптастырады.* Бұл баланың тыңдау қабілеті мен түсінуі, әңгімеге араласуы, сұраққа жауап беруі мен сұрақ қоя білуінен көрінеді. Әңгімелесу кезінде, бала өз ойын толық жеткізіп айтып, әңгіменің мазмұнын түсініп, өзін-өзі мәдениетті түрде ұстай білу керек.

Біздің мақсатымыз – мектеп жасына дейінгі балаларға ана тілін игеру арқылы ата-бабадан қалған салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды, мәдениеттің озық үлгілерімен таныстырып, көркем шығармалар арқылы бала бойына өз тіліне деген сүйіспеншілік қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай әдеби мұралармен сусындатып, сөздік қорларын байыту педагогтардың алдындағы міндеті. Оқу-тәрбие үрдісінде балаларға ертегі, әңгіме, өлең-тақпақтар, жаңылтпаштар, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айтудың маңызы зор. Бұл баланың ақыл-ойының жетілуіне, әдепті, көргенді болып өсуіне өлшеусіз ықпал етеді. Баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиетіндегі шығармалардың кейіпкерлеріне еліктеуден басталады. Өйткені, бала шығармадағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп жағымды мінез-құлық дағдыларын бойына сіңіріп, ерлікке ұмтылып, еңбекке құлшынып өседі.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге үйрету мектепке дейінгі кезеңде орын алады.

Мектепке дейінгі мекеменің оқу үрдісінің үлгілік бағдарламасының мазмұнында балалардың тілін дамыту «Қатынас» білім саласына жатады. Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді. Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау үрдісінде іске асады. Балабақшадағы

балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. Олардың сөзінде жай-жайылма, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Керісінше, бұл жастағы балалар морфологиялық формаларды өте баяу меңгеретіндері байқалады. Балалар сөйлемдегі сөздерді көбінесе жалғау, жұрнақсыз дара айтады. Сондықтан балабақша тәрбиешілері сөйлеуді дамытуға ұйымдастырылған оқу қызметінде жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отыруға міндетті. Сонымен қатар, дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу қызметінде ғана емес, музыка, дене шынықтыру оқу қызметтерінде, балалардың бос уақыттарында күннің II жартысында жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдеби шығармаларды тыңдау, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеу, суретке қарап шағын әңгімелер құрастыру, мақал-мәтелдер жаттау, жаңылтпаштарды нақышына келтіріп жылдам айту баланың ойын ұшқыр, тілін ширатады [2].

«Сөйлеуді дамыту» оқу қызметі барысында сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, дидактикалық ойын (сөздік ойындар) түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асыруға болады. Мысалы, зат есімдерді көптік, септік жалғауларын қосып айтуға үйретуде «Кімге не керек?», «Не жок», «Кім қайдан келді?» т.б. ойындарды балалар аса қызығушылықпен ойнайды. Бұл үшін түрлі ойыншықтарды, қажетті заттарды әртүрлі жағдайда орналастырып баладан сұрау керек. Бала «қайда?» деген сұраққа жауап бере отырып, заттың кеңістікте орналасқан орнын сөзбен айтады. Мұнымен қатар «Жасырылған затты тап», «Орныңды тап» т.б. ойындар өткізуге болады. Мысалы, ойыншық аюды не қуыршақты жасырып сұрағанда бала: «Аю шкафтың үстінде, қуыршақ төсектің астында» немесе «Доп үстелдің жанында», «Мысық үйдің үстінде отыр», - деп жауап береді. Сөйлемдегі орны бос сөздерді тауып, сөйлем құрап айтуға үйретуде «Әжемнен хат келді», «Мен қайттім? (қуандым)» немесе «Балапан ұшып кетті» деген сөздерге «Қайдан? Қалай? Неге?» деген сұрақтар арқылы балапанның ұшқан жерін, неге ұшып кеткен себебін айтқызып дұрыс. Бірыңғай мүшелі, сабақтас салалас құрмалас сөйлемдер құрап айтуға үйретуде «Пошташы хат әкелді» деген ойын ойнатуға болады. Әр бала ойнау үшін алдымен ойланады, ойлана отырып ойнайды. Кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, құрбыларымен бірге ойнайды, сол арқылы бір-бірімен сөйлеседі. Сөйлесе жүріп, пікірлесіп әсер алысады, ойынның мазмұнын анықтайды. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Бала жалғыз ойнағанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп отырады, қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау қабілеті болып табылады.

Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруде суреттер көрсетіп әңгіме құратудың рөлі ерекше. Мәселен, «Фермада», «Тоқтарбек совхозға барғанда не көрді?», «Қырман басында», «Жайлауда көргендерім», «Жидек тергенде» деген тақырыптарды алуға болады. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Бұл басқа да оқу қызметтерінде жүзеге асып, музыка оқу қызметінде әуеннің үнімен бала сезіміне әсер етсе, сөйлеуді дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден, баланың ақыл-ойын дамытып, танымын кеңейтсе, екіншіден, ана тілін жақсы білуге көмектеседі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұнын түсініп, ойын дұрыс жеткізіп, адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөздерін қолданып, сөз мәнерін өздері түрлендіріп, сөйлемнің мазмұнына сай қолдануға машықтануы қажет. Құрдастары айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлердің аттарын айтуға үйренеді [3].

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Кезінде орыстың ұлы ақыны сахнаны «сиқырлы өлке» деп атаған. Балалардың тілін дамыту театрлық қойылымдарды сахналаумен тығыз байланысты. Театрландырылған қойылымдар мектепке дейінгі жастағы балаларға

кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын дұрыс дыбыстау, сөзді нақты, анық айта білу, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, театр өнеріне деген қызығушылықтары арттырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтап, қойылымдарға қажетті театр түрлерін, керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.) жеке жұмыс әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жүйелі жүргізілген жұмыстың көрнекті нәтижесі балалардың сөйлеу дағдысының қалыптасқан кезеңінде шығады. Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығындағы «Алтын сақа», «Үйшік», «Алдар Көсе», «Батпан құйрық» т.б. ертегілерін театрландырылған қойылымдарда рөлге бөліп сомдау, баланың тек қана тілін дамытып қана қоймай, сахнада өзін ұстай білу мәдениетін, өзіне сенімділік дағдыларын дамытуға зор үлес қосады [4].

Мектеп жасына дейінгі балалармен ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығулар пайдаланылады. Ал ересек топта балалар үшін мектепке дайындықтың, яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздылығын ескере отырып, ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған түрлі жаттығулар пайдалануға болады. Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Сол себепті, ересек топта қолданатын жаттығулар түрлерімен балалардың мектепке дайындығын арттырып, сөйлеу дағдысын толық жетілуін қамтамасыз етуге болады [5].

Қорыта айтқанда, балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу жұмыстары оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілді. Ойын технологиясын күнделікті қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөз қорын байытып, сөйлеу дағдысы жетілдіріледі. Театр түрлері, театрлық қойылымдар «Драма» оқу қызметі барысында үйрету кезеңдері орындалады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту барысында қолданылатын әр жұмыс түрінің өзіндік қайталанбас орны бар.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р., Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
2. Дүкенбаева Г., Төрежанова К. Балаларға тіл дыбыстарын үйрету, – Алматы: Мектеп, 1989 ж.
3. Баймұратова Б. «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету». – Алматы: Мектеп, 1981.
4. Тәжібаева Э.П. Балабақшада баланың тілін дамыту маңыздылығы. «Оқу заман» журналы, 2016, №5
5. Ғаламтор <http://bigox.kz/mektep-zhasyna-deingi-balalardyn-tilin-damytudagy-usak-motorikanyn-manyzy>

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕШЛІ

Қазіргі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасында орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұлғасынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп нақты көрсетілген. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында педагогика саласында бірнеше жаңа технологиялар жүйесі жинақталған. 12 жылдық білім беру жүйесінде білім беруді ұйымдастырудағы жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, құзыреттілік жаңаша көзқарас ретінде қарастырылуда. Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің міндеті – ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың негізгі құзыреттілігі ретінде: құндылық-бағдарлық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық технологиялық, әлеуметтік-еңбек, коммуникативтік, өзін-өзі тұлғалық дамыту құзыреттілік-тері белгіленген. Яғни, мектепте алған терең білімдерін болашақта пайдалана білуге бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға күш салуымыз керектігі баса айтылған [1].

«Қазіргі ақпараттандыру заманында балаларға қалай білім беру керек?», «сабақта алған білімдері бәсекеге қабілетті тұлға болуға қалай көмектеседі?» сияқты проблемалар туындауда. Заманауи технологияларға жаппай компьютерлендіруге қарамастан, барлығының басында адам тұрады. Ендеше, бүгінгі заманның мұғалімі қандай? Мұғалім деген кім? Ол қандай болуы керек? Оқытудың табысты болуы құзырлы мұғалімге тән белгілер (бас, қол, жүрек) болғанда ғана іске асады. Мұғалімнің жұмысын сапаға жеткізер үш көмекшіні Шульман өз кестесінде белгілеп нақтылап атап жазған. Біріншіден, «кәсіби түсінік» болуы міндетті, себебі жеке тұлғаны дамытуда оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім бере алуы қажет. Оқушыны өзің ойлаған деңгейге жеткізудегі зерттеудің тиімді жолын біліп, көре алу. Екіншіден, «оқытудың тәжірибелік дағдылары» іске асыру жолындағы өзгерістер мен түрлі идеяларды қолдану (әдіс-тәсілдер, ынталандыру, жоспарлау мен бағалау, қолайлы орта қалыптастыру). Үшіншіден, «кәсіби – өнегелілік тұтастық» (этиканы сақтайтын, шыншыл, төзімді, батыл, мейірім, құрметке ие болу керек) балаға білім беру құнды қызмет екенін түсініп, нақты ұстанымдары қалыптасқан жандар болуы шарт деп көрсетілген. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Кәсіби құзыреттілік – мұғалімнің біліктілігін арттыру, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну, жоғарғы деңгейге ұмтылу мен ізденіс, жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі, қолдана білу, адами құндылықтарға сай бола отырып, бала бойына жағымды қасиеттерді сіңіре білу. Құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, мәселені шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде пән мұғалімінің құзыреттілігі: арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет; әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті, ұжыммен, топпен қызмет ету, кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу. Яғни, мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушыларды топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек. Пәндік құзыреттілік – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатынасты білім, біліктілігі және дағдысы

мен іс-әрекетінің сапалар жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу іскерлігі. Ақпараттық құзыреттілік – айрықша назар аударуды қажет етеді. Себебі, ақпараттық қарым-қатынас технологиясын игеру әр маманнан талап етіледі [2].

Мұғалім шығармашылығы мынадан байқалады:

1. Нәтижеге жету жолында педагогикалық өзара әрекет жүйесін құру.

2. Өз қызметінде бағдарланған міндеттерді шешуді тұрақты түрде кері байланыс арқылы жүзеге асыру.

Құзыреттіліктің даму бағыттары мен қажеттілігін және тәрбиелік мәнін қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби шеберлігі және оны оқушымен ара-қатынасында қолдана білу қабілетін анықтау. Мұғалім құзыреттілігінің қалыптасуына мұғалімнің кәсіби білім сапасының көрсеткіштерінің әсер етуі. Сонымен бірге, ең бастысы, заман талабына сай білім беру мен тәрбиелеудегі тиімді ізденістер және әр елдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту, қоғамдық ортада өз ойын еркін айта алатын, мәдени-рухани құндылықтарға жан дүниесі бай, саналы, тәрбиелі азамат қалыптастыру – әр ұстаздың басты міндеті болу керек.

Ресей жазушысы Н.Ш. Королева кәсіби құзыреттіліктің 3 негізгі құрамдас бөлігін атап көрсетеді:

Бірінші – адамның осы жұмысқа қарым-қатынасы, оның еңбекке бағыты, еңбекке деген қызығушылығы, жігері.

Екінші – кәсіпке деген қабілеті (туа біткен қабілеті, бейімділігі).

Үшінші – кәсіби қызметі үшін қажетті білімді меңгеру [3].

Мұғалім құзыреттілігінің білім беру жүйесіндегі сапалық көрсеткіштері: мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық және әлемдегі мәдениет арналарына сусындату – басты міндет. Өйткені егеменді елдің ертеңі оқу-білімінің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамынан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді.

Білім беру жүйесінің негізгі бөлшегі – оқушы, оқушылар тобы, сынып, мектеп болса, білім сапасы баспалдақтардың әрбір буынына байланысты білім беру сапасын жақсартудың жолдарын анықтауға тырысамыз. Әрбір оқушыны жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу – әр мұғалімнің негізгі міндеті. Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ақпаратты оқыту технологиясын бүгінгі күні интербелсенді тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интербелсенді тақтамен жаңа материалдарды арнайы бағдарлама мүмкіндігін пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және интербелсенді тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы бола алады. Әрине, әрбір тақырыптарды өткенде интербелсенді тақтаны пайдаланудың тиімділігі төмен, мұндай жағдайда тақтаны сабақтың кейбір фрагменттеріне пайдаланған орынды. Мұғалімнің интербелсенді тақтаны пайдалануға алдын-ала дайындыққа 1-ші кезеңде уақыты көп кететінін, кейіннен азаятынын ескерген жөн. Оқушылар сабаққа дайындалуға белсенді түрде кіріседі, бұл олардың оқу-зерттеу жұмыстарын да, шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыларын дамытады, информатика және мультимедиялық білім алуда жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Оқушының өзі еңбектеніп алған білімі есте жақсы сақталатындығы, тақырып оңай және игерілетіндігі белгілі. Сабақтарда оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту – баға жетпес құндылықтардың бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білеміз.

Мұғалімнің құзыреттілігі оның сабақты нәтижелі жүргізуіне де тікелей байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» [4].

Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Осылайша, педагог қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық жағдайларды оқушы тұлғасының дамуына бағыттап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

Әдебиеттер

1. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлылық моделі, «12 жылдық білім», 2006. – № 3
2. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі, 2009 ж. – 186 б.
3. Богаева И.Д. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік, 2009 ж. – 203 б.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы.: 2017.

**Оқай А., Жалғасова А.Ә.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазіргі таңда білім беру бағытындағы заман талабы – жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану болып табылады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыз жолдауында айтылғандай; болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Осы тұрғыда отандық әдіскер ғалымдар енгізіп отырған жаңашылдықтар да бар. Мәселен, М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы», Ж. Қараев «Деңгейлік тапсырмалар» атты зерттеу еңбектерін ұсынды. Н. Оразақынова «Сатылай кешенді талдау» атты еңбегін пән сабақтарының өткізілуіне арнаған. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты [1].

Елімізде білім беруді жетілдіруде жасалып жатқан жаңа қадамдар баршылық. Солардың бірі де бірегейі: жаңа үштілдік білім беру бағдарламасы болып табылады. Аталмыш бағдарлама бүкіл халықтық талқылаудан өткені белгілі. Осы жаңа бағдарламаға орай әркім өз ойлары мен көзқарастарын білдірді. Жаңа бағытта білім беру оқушылардың тұлға болып қалыптасуына өз септігін тигізетініне сенім мол. Жаңа бағдарламамен білім беру оқушылардың таланты мен дарынын ашуда, олардың өз деңгейінде ойлап, сыни пікірлер білдіруіне де мүмкіндік береді.

Топтасып жұмыс жасауда ұжымдық сипатты сезініп, өз ойларын еркін айтуға ұмтылары сөзсіз. Жаңа бағдарламаға сай тапсырмаларды қызықты етіп берсе, оқушылар қажеттілігін алуға мүмкіндігі мол. Қазіргі таңдағы ұсынылып отырған білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, интеллектуалдық деңгейін көтеріп, адами қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Кез келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Ұсынылып отырған жаңа Бағдарламамен оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерінің тиімділігі бар. Ол атап айтқанда, оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдайды, өзара ынтымақты қарым-қатынас жасайды.

Әр оқушы өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жолы ашылып, бір-біріне құрметпен қарауға ұмтылады.

Балалар өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға, бірін-бірі бағалауға, мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға ұмтылады.

Бір-бірлерін, жанындағы достарының ойын тыңдау арқылы проблемаларды шешу жолдарын іздей алады, сөйтіп қиындықты шешуге көмектеседі.

Қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстазға тікелей байланысты. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілік жүктейді. Өздігінен білім алуға ұмтылатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық [2].

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті, ең бірінші, сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану.

Сонымен қатар, бағдарламаның тиімсіз жақтары да аталуда. Мәселен, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларда әр білім сатысына (бастауыш, негізгі, орта) қатысты лайықты оқыту мақсаттары дәл анықталмағандығы айтылуда. Сонымен бірге стандарттар мәтіні бірін-бірі қайталайтындығы сөз болуда. Білім сатысын оқушы қандай біліммен аяқтауы керек екені нақты белгісіз. Мысалы, математика пәні бойынша бастауышты бітіргенде білім алушыдан не күтілетінін, негізгі мектепті бітіруші нені білуі керек екенін дөп басып айту мүмкін емес.

Мектептегі пәндерді ана тілінде оқыту емес, екінші тілді үйрену үшін қолдау ретінде қарастыру, мәселен, математика пәнін оқытуды жоспарлауда да кездеседі. Кез келген ғылым саласының өзіндік ғылыми тілі – жасанды тілі де болатындығы белгілі. Мектепте оқытылатын математика және жаратылыстану пәндері сәйкес ғылым тілін меңгерудің негізін қалайды. Ғылым тілі ана тілімізден, яғни табиғи тілден бөлек бола алмайды және онымен біте қайнасып жатады.

Бағдарламада дүние жүзінде берік орын алған не үшін оқыту, нені оқыту, қалай оқыту, неге қол жеткізу канондары шатастырылып берілгендіктен, әдістеменің ішкі жүйесі бұзылып, дара байланыстар ескерілмеген. Жаңартылған бағдарламаны жасаушылар ешқашан өзінің тұрақтылығын жоғалтпайтын білім мазмұнын толық

ажырата, түсіне алмаған сияқты. Әйтпесе, айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым сияқты білімді игерудің нәтижесін көрсететін әрекеттерді білім мазмұны дер ме? [3].

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні – баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдыретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Дұрыс білім беру, ең алдымен, баланы дұрыс ойлауға әкелетіні сөзсіз. Дұрыс ойлай білген, дұрыс ойлануға үйренген бала тілді де дұрыс қолданып, шешен сөйлей алатын болады. Дұрыс ойлау мен дұрыс сөйлеу – пәнді меңгерудің, жақсы оқудың алғышарты. Нәтижесінде, баланың бойында тіліне, ұлтына, мемлекетіне деген құрмет пен мақтанш сезімі оянады. Елін, жұртын, тілін қастерлейтін, ардақтайтын азамат болып өседі.

Білім берудің жаңартылған бағдарламасын жетілдіре түсу жолында еліміздің үздік педагогтары мен әдіскерлерінің еңбектерін басшылыққа ала отырып, әр ұстаз шығармашылықпен жұмыс істегені абзал. Білім беру саласында озық ой-пікір айтып, жаңашыл әдіс-тәсілдерімен бөлісетін ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала жұмыс жасау дұрыс болар еді.

Әдебиеттер

1. infourok.ru
2. multiurok.ru
3. egemen.kz

**Омарова С.М., Айтымова А.Т.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қырық үшінші қара сөзінде бала өмірге келгендегі қабілетті әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан.

Екі адамның тілдесуі барысында қажетті ақпаратты алу бірден іске аспай жататын жағдайлар бәрімізге мәлім және ондай жағдайлар жиі кездесіп жатады. Әсіресе мұндай жағдайларға мектеп қабырғасында үнемі куә боламыз. Мұғалім берген тапсырманы оқушы дұрыс түсінбей, оқушының берген жауабына мұғалім қанағаттанбай, бір-біріне ренжіп жатқан жағдайлар аз емес. Сондықтан осындай жағдайларды болдырмас үшін түрлі тәсілдерді қолдануға тура келеді. Сол тәсілдердің бірі – оқушыларға тиімді тапсырмалар беру.

Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстанған жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыра білуі керек.

Қазіргі таңда әр сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда Блум таксономиясы тиімді. Оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері құрастырылады, ол Б. Блумның таксономиясы арқылы оқу мақсаттарына сәйкес ойлау дағдыларының деңгейі бойынша жіктеледі.

Яғни, таксономия – заттың белгілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттілігін, орналасуын құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.

Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген. Сондықтан таксономияның әр деңгейіне сай оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім оқыту үдерісін жоспарлаған кезде беретін тапсырмалар мен сұрақтарын терең ойлана отырып әзірлеу керек. Оқушының дамуын көздеген мұғалім баланың бір деңгейден келесі деңгейге көшуінде кедергі тудырмайтын, дамуға итермелейтін тапсырмалар мен сұрақтарды дайындауда шеберлік таныта білу қажет. Оқушы дамуының көрсеткіші оның ойлау мен сөйлеу қабілетінің деңгейі. Ендеше осы екі көрсеткішті дамыту үшін сұрақ қоюда Блум таксономиясын қолданған өте тиімді. Бұл сұрақ қою техникасының тиімділігі – сабақта жүйелі түрде оқушының білімін тексере, бақылай отырып, оның ойлау қабілеттерін ынталандыруға жағдай жасауға болады.

Блум таксономиясының сатылары бойынша қолданылатын сұраулы есімдіктерінің мысалдары

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу және түсіну	Не? Кім? Қашан? Не...үлгісі болып табылады? ...не тұспалданады? ...басқаша қалай түсінуге болады? ...бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты?... қандай жағдайларда?
Талдау	Неге? Қалай? ...себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? ...бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті?

Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ жоспары Блум таксономиясының деңгейлері арқылы өткізіледі. Осыған сәйкес әртүрлі тапсырмалар, әдістер, сұрақтар қолдануға болады. Мысалы, кластер. «Жүзімнің шоқтары» деген мағынада қолданылған идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып тірек сөз, басты идея тақтаның дәптердің ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. Тақырыпшалардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздеген де тиімді. Әдетте кластерлер оқушының жеке орындалуынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта 4-6 адам жалғасады. Рефлексияда және бағалауда қолдануға болады.

Сонымен қатар, «Сингвейн» әдісін де сабақта қолдану өте тиімді. Мысалы:

- 1 жол: тақырыптың атауы зат есім
- 2 жол: тақырыпты сипаттайын екі сөз сын есім
- 3 жол: тақырып туралы қимылды білдіретін етістік
- 4 жол: соған қатысты сөйлем
- 5 жол: тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз

Профессор Алма Қыраубаева: «Мұғалім сыныпқа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ең болмағанда, ынталандыру үшін кіру керек»,- деген. Ежелгі гректер даналыққа ұмтылу таңғалудан басталады деп есептеген. Егер әр сабақта мұғалім оқушыларға тиімді, қызықты тапсырмалар дайындап келсе, бұл оқушылардың қызығушылығын, сабаққа деген ынта-жігерлерін арттыра түседі.

Оспанова Я.Н.
г. Нур-Султан (Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ ЛИДЕРОВ СТУДЕНЧЕСКОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

Лидеру отводится роль главного звена в регуляции различных сфер деятельности студенческого самоуправления. Одна из задач вуза – «воспитать новых лидеров, вооруженных комплексом знаний, необходимых для эффективного управления» [1, с. 82]. Впервые теория лидерства в зарубежной педагогике была выдвинута в 30-е годы XX века. По утверждениям американских исследователей, ряд врожденных свойств и характеристик индивида (сила, подвижность нервных процессов, способность к эмпатии, ярко выраженные артистические и интеллектуальные способности) позволяют ему занять доминирующее положение в любой ситуации и взять на себя роль лидера. Эта теория была выдвинута Е. Бочардусом. Однако, в годы Второй мировой войны, когда интерес к проблемам лидерства весьма возрос, ряд исследований показал несостоятельность этой теории. Был проведен анализ по теории черт лидера и оказалось, что набор и качества, которыми, по мнению автора, должны были отличаться лидеры, во-первых, слишком широки, во-вторых, противоречивы. В жизни есть немало случаев, когда лица, отмеченные сильной волей, интеллектом и другими достоинствами, так и не стали лидерами. По данным Е. Дженингс, почти в каждой группе, есть члены, превосходящие лидеров по уму, по способностям, однако не имеющих статус лидера. В 50-х гг. была выдвинута концепция «Лидерство как функция группы» (Р. Крачфилд, Д. Креч, Г. Коменчс), а также «Теория лидерства как функции ситуации» (Р. Брильз, Т. Ньюком, А. Фаре). Теория «Лидерство как функция группы» исходила из того, что феномен лидерства есть результат внутригруппового развития, все члены которой в той или иной степени – участники этого процесса. Лидер – это член группы с наибольшим статусом, который последовательно придерживается норм и ценностей группы.

Наблюдение над тем, как одни и те же лица в группах могут занимать разное положение, играя в них различные социальные и межличностные роли, привели исследователей к выводу, что лидерство – это не столько функция личности и группы, сколько результат сложного и многопланового влияния различных факторов и ситуаций [2, с. 26].

Одним из существенных факторов развития лидерского потенциала является подготовка студентов к организационно-управленческой деятельности. В этой подготовке можно выделить три главных структурных компонента.

Первый компонент – информационный. Студентам в различной форме сообщается разнообразная информация в решении организационно-управленческих задач. Данный компонент может быть реализован посредством спецкурса.

Второй компонент – операционный. Он включает в себя формирование у студентов организационно-управленческих навыков и умений на основе практического применения управленческих знаний в моделированных управленческих ситуациях. Это осуществляется непосредственно в деятельности студенческих общественных

объединениях (СОО). При организации коллективной деятельности лидер СОО должен руководствоваться следующими основными положениями:

- организация деятельности объединения основывается на доверии, взаимном уважении, доброжелательности;
- позиция лидера – рядом и вместе;
- лидер выступает не только организатором процесса, но и носителем духовных ценностей;
- взаимодействие членов СОО и лидера имеет характер диалога;
- содержание деятельности предполагает проблемность, что стимулирует интеллектуальную деятельность, способствует эмоциональной насыщенности.

Третий компонент (практический) – управленческая практика, в процессе которой закрепляются приобретенные знания, умения и навыки, осуществляется коррекция управленческих действий [3, с. 126].

Для подготовки лидеров нами был разработан спецкурс «Организационно-педагогические основы подготовки лидеров молодежных объединений». Целью преподавания спецкурса является вооружение лидеров студенческих общественных объединений организаторскими, управленческими знаниями, умениями и навыками. Задачи изучения спецкурса следующие:

- сформировать представления о научно-теоретических основах проблемы лидерства;
- сформировать умения организаторской, управленческой деятельности и самоорганизации;
- сформировать навыки планирования, моделирования, анализа организационно-управленческой деятельности.

Условиями эффективности спецкурса являются: активность студентов; практическая направленность; сотрудничество участников педагогического процесса.

В ходе обучения нами активно применялся метод письменного изложения вопросов в виде мини-эссе, творческого проекта, описания социальных технологий, выступлений, рецензий на доклады и т.д. Практика подготовки политических лидеров и управленческих кадров в ведущих мировых центрах (Оксфордский, Гарвардский, Сорбоннский, Токийский университеты) доказала эффективность письменных работ в формировании культуры речи. Большое внимание уделялось формированию навыков ораторского искусства, поскольку «несомненное качество лидера – ораторское мастерство, артистичная увлекательная декламация. Эмоциональная, образная, богатая речь – бесспорно один из мощнейших способов завоевания аудитории. Действенное слово всегда содержательно и многогранно. Различными своими гранями оно воздействует на разные стороны человеческой психики: на интеллект, на воображение, на чувство» [4, с. 88]. Речь лидера как форма общения посредством языка играет главную роль в межличностном взаимодействии с людьми, установлении контактов и обретении взаимопонимания. Она реализуется в повседневных актах речевой деятельности и речевого поведения. Последнее понятие является более широким и подразумевает невербальное общение с аудиторией – умение работать голосом, мимикой, жестами, взглядом. Мы делали акцент не только на обучении, но и на выработке практических навыков речи. Для постановки ораторского мастерства нами практиковались такие формы обучения, как самопрезентация, защита проекта, кейс-метод (метод обсуждения ситуаций), публичное выступление в защиту политической платформы, дебаты, тренинги, ролевые игры, публичные выступления в молодежных СМИ, на радио, где отрабатывали ораторское искусство студентов в единстве вербальных и невербальных проявлений. Большое внимание уделялось самопрезентациям, поскольку личность лидера – объект пристального внимания со стороны окружающих буквально с первых моментов общения. От эффекта «первого впечатления» зависит дальнейшее развитие взаимоотношений и результативность совместной работы. От культуры самопрезентации зависит аттракция –

личное обаяние лидера. Привлекательность лидера является эмоциональным регулятором межличностных отношений, обеспечивая их устойчивость, глубину, доверительность. На занятия мы приглашали лидеров столичного молодежного движения, Конгресса молодежи Казахстана.

Для ознакомления с политической системой и включения лидеров в деятельность в рамках студенческого самоуправления мы проводили встречи с сотрудниками молодежных государственных структур, политическими деятелями, депутатами молодежного Маслихата, лидерами МК «Жас Отан» НДП «Нур Отан», молодыми предпринимателями. Это способствует развитию тесных связей с общественностью, с близлежащими предприятиями, с руководителями местных органов власти.

Установление связей с общественностью способствует активному участию в деятельности разнообразных общественных организаций, поддержанию контактов с органами массовой информации. Рекомендуется регулярно выпускать письменные бюллетени и распространять их среди заинтересованных органов государственного и местного управления; выпускать мини-бюллетени в качестве приложения к регулярно выпускаемой студенческой газете.

Органы самоуправления, СОО устраивают дискуссии по вопросам выработки и принятия нормативно-правовой документации КДМ, СОО, обсуждают отдельные проблемы, связанные с каждодневной работой вуза, проводят общие собрания. Очень широко практикуются дискуссии «вопросная система», в результате которых студенты – лидеры самостоятельно принимают решения. Г. Алмонд и С. Верба по этому поводу пишут: «Молодежь, имевшая опыт в принятии самостоятельных решений, более склонна, чем другие, верить в то, что она может воздействовать на решения правительства, а это, без сомнения, следует считать желательным в воспитании граждан» [5, с.74].

Одним из звеньев подготовки лидеров является семинар по изучению социальных проблем, где уделяется большое внимание дискуссии. Лидерам студенческого самоуправления предоставлена возможность интервьюировать своих избирателей и отстаивать свою точку зрения. В ходе семинара изучаются приемы, используемые лидерами самоуправления для выяснения реакции их избирателей. Рассматриваются отношения студенческого самоуправления с общественностью.

В формировании лидерских качеств используется метод тренировки в раскованности, свободы движений и жестов. Они облегчают установление заинтересованного поведения, который помогает добиться физического дружеского контакта с собеседником, создают у него ощущение защищенности, вызывают доверие и симпатию к лидеру.

Таким образом, создание условий для подготовки лидеров студенческого самоуправления в совокупности приводит к решению значимой социальной задачи – становлению инициативных, самостоятельных, ответственных специалистов, способных к эффективной управленческой деятельности в качественно иных условиях общественного развития.

Литература

1. Stogdill R. Handbook of Leadership. A survey of theory and research. – NY. 1984. – P.725.
2. Петровский А.В., Шпалинский В.В. Социальная психология коллектива. – М.: Просвещение, 1978. – 176 с.
3. Лучанкин А, Сняцкий А. Социально-клубная работа с молодежью: проблемы и подходы. – Екатеринбург: УрО РАН, 1996. ч.2. – 1997. – 362 с.
4. Рыданова И.И. Основы педагогики общения. – Минск: Белорусская наука, 1998. – 319 с.
5. Американская социологическая мысль. – М.: Изд-во МГУ, 1994. – 398 с.

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Студенттердің кәсіби іс-әрекетке бейімделуі жоғары оқу орнының ішкі талабы мен білім беру ерекшеліктеріне тығыз байланысты болады. Кәсіптік білім беру саласының қазіргі бағдарламасының бірі – студенттерді ойдағыдай дамыту және кәсіби іс-әрекетке оңтайлы бейімдеу үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады.

Студенттер өзінің мобильділігі және ерекше белсенділігімен ерекшеленетін, еліміздің болашағын анықтайтын маңызды әлеуметтік топ. Қоғамның белсенді бөлігі болып табылатын студенттерде де өзінің өмірлік сұраныстарына қанағаттана алмаушылық, дезадаптациялық мінез-құлық және жаңа ортадағы адамдармен ұнамды қарым-қатынас орната алмау жағдайлары орын алады.

Студенттердің жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуін үздіксіз үдеріс деп сипаттауға болады. Кәсіби іс-әрекетке бейімделу деп – жоғары оқу орнында қалыптасқан талаптарды орындауы, тәртіпке бағынуы, бағалау өлшемдерін түсінуі, құндылықтар мен нормаларды бойына сіңіруі, кәсіби іскерліктерді меңгеруі, жалпы айтқанда, студенттің сол оқу орнына икемделу қабілеті түсіндіріледі [1, 132 б].

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу барысында студенттер әлеуметтік және жеке қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерін жоғары оқу орнының ішкі тәртібі мен жағдайына сәйкес келтіруге тырысады. Студенттердің бейімделу үдерісіне психикалық белсенділікті ұйымдастыру, таңдаған мамандығына деген қызығушылықты ояту, ұжымдық және жекелік жұмыстарды тиімді атқару, бос уақытта және күнделікті жағдайда орындалатын жұмыстарды үйлестіру, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби және тұлғалық сапаларын дамыту және т.б. жатады.

Студенттерді кәсіби іс-әрекетке бейімдеу маңызды болғанымен, бейімделудің физиологиялық аспектісі көбіне назардан тыс қалып жатады. Қазіргі кезде студенттер арасында күйзеліс жағдайлардың саны өсуде, жүйке-психикалық ауытқулармен психосоматикалық бұзылулар, медиақұралдар негізінде пайда болған қорқыныштар мен мазасыздық, әлеуметтік-мәдени фактор салдарынан пайда болған аурулардың саны ұдайы ұлғаю үстінде.

Ресейлік ғалым Б.Г. Ананьевтың зерттеулерінде, студенттік жас адамның негізгі әлеуметтік-гендік әлеуеттерін дамыту үшін сенситивтік кезең болып табылады. Жоғары білім адамның психикасына, оның тұлғасының дамуына зор әсерін тигізеді. Кәсіптік бейімделу үдерісінде студенттер психикасының барлық деңгейлерінің дамуы жүзеге асады. ЖОО-да жақсы білім алу үшін жалпы интеллектуалдық дамудың барынша жоғары деңгейі болуы шарт, әсіресе қабылдаудың, түйсіктің, естің, ойлаудың, зейіннің, қиялдың, танымдық қызығушылықтардың кеңдігін, логикалық операциялардың белгілі деңгейін, шығармашылық пен креативті іс-әрекетті және т.б. меңгеру қажет болады [2, 29 б.].

Студенттің табысты іс-әрекеті үшін қажетті жағдай, ол ішкі жайсыздық сезімін жоятын және қоршаған ортамен шиеленіс мүмкіндігін шектейтін, оған жаңалық болған ЖОО-да оқу ерекшеліктерін меңгеру болып табылады. Оқу жылының алғашқы жылдарында ақыл-ой іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудың іскерліктері мен дағдылары қалыптасады, таңдаған мамандыққа деген бейімділік сезінеді, еңбек, демалыс және тұрмыстың тиімді тәртібі орнығады, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері бойынша өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу жұмысының жүйесі орнатылады.

Көпжылдық үйреншікті жұмыс таптауының ауысуы, ортаның жаңа жағдайларына бейімделу қажеттілігі кейде физиологиялық жағынан студенттерді жүйке қозулары мен күйзелісті реакцияларға әкеп соғады. Осы себептер бойынша бұрынғы таптауындардың өзгеруімен байланысты бейімделу кезеңі алғашқы кезде үлгерімнің

төмендігін және қарым-қатынастағы қиындықтарды туындатады. Қайта құрылуларға студенттердің жоғары жүйке жүйесі типінің ерекшеліктері ғана емес, әлеуметтік факторлар да ықпал жасайды [3, 49 б.].

Кәсіби іс-әрекетке бейімделудің физиологиялық ерекшеліктерін қарастырған ғалымдардың бірі К.Р. Брагинаның еңбектерінде бейімделу үдерісі үш кезең арқылы түсіндіріледі. Бірінші курста студенттің әлеуметтік рөлі өзгереді, сұраныстары мен құндылықтар жүйесін түзеп, жоғары мектептің қатаң талаптарына сай бейімделіп, өзінің мінез-құлқын икемдейді, жаңа ұжымда өзара қарым-қатынас орнату (басқа қалалардан келгендерге – тұрмысын орнықтыру) қажеттіліктері пайда болады. Екінші курста құндылықтарды қайта бағалау, мамандық таңдауын қайта ойластыру мәселелері орын алады. Үшінші және төртінші курс дағдарысының ерекшелігі болашақта жұмысқа орналасу, таңдап алынған мамандықтың төңірегінде жұмыстың және кәсіби жетілудің келешегімен байланысты болады. Кәсіби іс-әрекетке бейімделудің физиологиялық аспектісі тұрғысынан студенттердегі физикалық және психикалық денсаулық қорының жоқтығы әрбір кезеңде невротикалық бұзылулардың және бейімделудегі ауытқулардың дамуына әкеліп соғады [4, 850 б.].

Н.В. Жигинас студенттердің психикалық денсаулықтарын зерттей отырып, кәсіби іс-әрекетке бейімделу үдерісіндегі дағдарысты кезеңдерді қарастырады. Зерттеу барысында студент тұлғасының қалыптасуына жағымсыз әсер беретін, соның ішінде оларда невроз тудыратын факторларды шартты түрде үш топқа жіктеп көрсетеді:

- Әлеуметтік факторлар – өткен ғасырдың екінші жартысында көптеген елдердегі невроздардың таралуының жалпы беталысын көрсетеді. Бұл 35% жағдайларда кездеседі.

- Психологиялық факторлар – түрлі шағын топтардағы адамдардың өзара қарым-қатынастарымен байланысты болады. Бұл фактор 25% жағдайларда кездеседі. Оған отбасындағы қарым-қатынасты, жатақханада тұратын топ мүшелерінің арасындағы психологиялық үйлесімсіздікті, оқу тобындағы өзара қарым-қатынасты жатқызуға болады [5, 62 б.].

Жатақханада тұратын студенттер арасындағы психологиялық үйлесімсіздікке келесі себептер ықпал етеді: топ мүшелері мінездерінің ерекшеліктеріне байланысты қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар, қызығушылықтарындағы айырмашылықтар, жас ерекшеліктер, бір бөлмеде тұратын студенттердің арасындағы биологиялық ырғақтарының айырмашылықтары, біреуінің немесе оның отбасы мүшелерінің сырқаты немесе қайғылы оқиғасы және т.б.

Оқу тобындағы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаспен байланысты күйзелісті себептерге: мінез қырларының ерекшеліктеріне байланысты топтағы бейімділіктің төмендеуі, білім мен оқу дайындығының әртүрлі деңгейіне байланысты топ мүшелерінің арасындағы психологиялық үйлесімсіздік, топтағы жасанды қарым-қатынастар, эмоционалдық депривацияға және студенттік топтағы тұлғааралық қатынастардың бұзылуына әкелетін топ мүшелерінің арасында бірлескен өнімді іс-әрекеттің жоқтығы, студенттердің әлеуметтік-коммуникативтік дамуының төмендігі және т.б. жатқызуға болады.

Студенттерде психологиялық және педагогикалық себептер 40 % жағдайларда кездеседі. Аталған себептерге бейімделумен байланысты қиындықтар (шағын әлеуметтік қоршаған ортаның өзгеруімен, кәсіби оқытудың басталуымен, оқу барысында кәсіби бағдардың өзгеруімен, басқа факультетке ауысумен, оқу орнының ауысуымен, оқудың аяқталуымен және өзіндік кәсіби іс-әрекетке дайындықпен және т.б.), педагогикалық үдеріс талаптар деңгейінің студенттің бастапқы даярлығының деңгейіне сәйкес келмеуі, оқытушы ұстанымының өктемдігі, психикалық, эмоционалдық қажу, емтихан тапсыру кезінде студенттердің невроздық деңгейінің өсуі, ақпарат көлемінің тым ауқымдылығы, уақыт тапшылығы, оқыту әдістерімен қанағаттанбағандықтан, оқуға деген мотивация деңгейінің төмендеуі, оқытушылармен және басқа да қызметкерлермен кикілжіңдердің туындауы т.б. жағдайлар ықпал етеді.

Қорыта келгенде, студенттердің кәсіби іс-әрекетке бейімделуін үш түрге жіктеуге болады. Атап айтқанда: *ресми бейімділік* – студенттердің жаңа ортаға, жоғарғы мектеп құрылымына, онда оқудың мазмұнына, талаптарына, өзінің міндеттеріне танымдық-ақпараттық бейімделуі; *қоғамдық бейімділік* – бірінші курс студенттерінің топтарын іштей біріктіру үрдісі және сол топтарды жалпы студенттік ортамен біріктіру; *дидактикалық бейімділік* – жоғарғы мектепте оқу жұмыстарының жаңа формалары мен әдістеріне студенттерді дайындау. Студенттердің кәсіби іс-әрекетке бейімделуін жүзеге асыруда оның физиологиялық аспектісі ескерілуі қажет. Жоғары оқу орнында психосоматикалық және стрестік жағдайлардың алдын алу болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке оңтайлы бейімделуін қамтамасыз ете отырып, кәсіби құзыретті мамандарды даярлауға мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер

1. Шманова М. Студенттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуі // «Сейфуллин оқулары – 14: Жастар, ғылым, инновациялар» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А., 2018. – 132-136 бб.
2. Ананьев Б. Г. Человек как предмет познания. – ЛГУ, 1968. – 329 с.
3. Ниетбаева Г.Б. Қазіргі кезеңдегі студенттердің психологиялық денсаулығының дамуы: философия докторы дис.... – Алматы, 2014. – 169 б.
4. Брагина К. Р. Тревожная и депрессивная симптоматика в рамках невротических и адаптационных расстройств у студентов-медиков на различных этапах обучения // Вісник Вінницького державного медичного університету, 2003. - Т. 7. –849-851 с.
5. Жигинас Н.В. Кризис идентичности студентов в свете проблемы психического здоровья // Вестник ТГПУ, 2009, - №4.- С. 61-64

К ПРОБЛЕМЕ ОБНОВЛЕНИЯ ШКОЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В настоящее время в системе образования наряду со словом «реформа» все чаще употребляется «обновление», «обновление содержания образования». Обновление предполагает создание нового, совершенного, качественного изменения, что ведет к улучшению при сохранении базы, замену устаревших элементов более современными. В статье рассматривается обновление содержания школьных учебников истории.

Анализ показывает, что в методологическом отношении существенных изменений в содержании учебников нет: также остаются открытыми историческая роль и значение Золотой Орды, образования Казахского ханства и жузов, вхождение Казахской степи в состав Российской империи, проблемы национально-освободительного движения, показ соотношения реформ и революций, проблема преемственности между СССР и Республикой Казахстан.

Судя по содержанию учебников истории, в авторской среде есть два мнения: одни считают, что важно давать фактологические знания, другие говорят о важности практических и концептуальных знаний. Основным недостатком новых учебников является *слабая воспитательная направленность и недостаточный учет возрастных особенностей* адресата. Авторам не удалось устранить основной недостаток – **усредненность заложенного в учебнике материала, средний уровень знаний**. Новые учебники повторяют старые ошибки: в текстовых компонентах преобладает авторский текст, нет проблемных ситуации, проблемных текстов. Погрешности начинаются с *методического построения и названий тем* параграфов, рубрик и подпунктов. Предложенные названия не соответствуют содержанию раскрываемого материала. Так, §1 называется «*Что изучает предмет истории Казахстана*», однако собственно Казахстану посвящено всего 2 предложения [1, с. 6-8]; в рубрике «*Экспедиция Бартоломеу Диаша. Фернан Магеллан*», о Бартоломеу Диаше нет ни слова [2, с. 94].

Авторы смело экспериментируют с методическим построением – в некоторых учебниках *отсутствуют подразделы, главы* [2], предлагаются сдвоенные параграфы [3; 4]. Например, в учебнике 8 (7) класса абсолютно все параграфы сдвоенные [4]; в учебнике «Истории Казахстана» 5 класса *из 53 параграфов учебника 38 сдвоенные* [1]. Следует отметить, что некоторые сдвоенные параграфы по объему меньше традиционных [1]. Сдвоенные параграфы *перегружают текст*, что отрицательно влияет на его понимание и усвоение. Так, в §§20-21 учебника всемирной истории [3] раскрываются события происходившие в четырех странах на протяжении XV-XVII веков. В тексте дано более 30 дат, 10 имен правителей, 9 новых понятий, часть из которых не объясняется [3].

Авторы при составлении учебных текстов *не учитывают возрастные особенности* детей. В учебнике для детей 11 лет, мы насчитали более 90 предложений, нарушающих норму длины предложения для этого возраста [1]. Есть предложение-рекордсмен из 130 слов [5]. Авторы вводят новые понятия, не учитывая методических требований. В учебнике 5-го класса в §3-4 предлагают запомнить ученику, выделив курсивом, **15 новых слов** [1]; в 6 классе в §10 – **18 новых слов** [5]. Иногда понятия даются без объяснений. Некоторые *названия параграфов* состоят из 9-12 слов [2; 3].

В 5 классе формируются *хронологические умения* школьников, однако, в новом учебнике [1] нет ни линий времени, ни понятий «до нашей эры», «наша эра», ни задач на счет лет в истории. В §§29-30 учебника истории 9 (8) класса подробно раскрывается тема «Участие казахстанцев в сражениях Великой Отечественной войны» [6], однако авторы не отмечают даты описываемых событий [6]. Аналогичная ситуация и с *формированием*

пространственных представлений – в учебнике 5 класса всего 1 карта. К слову сказать, в предыдущем учебнике насчитывалось 7 карт [7].

Не всегда авторами реализуются *межпредметные и внутрикурсовые связи*. Так, при изучении второй мировой войны в учебнике «Истории Казахстана» 9 (8) класса нет никаких сведений ни о Сталине, ни о Гитлере, ни о полководцах, нет названий воюющих государств, Второго фронта, ленд-лиза, военных действий союзников. Изучение этих вопросов перекладывается на учебник всемирной истории, но из того, что написано в рассматриваемом учебнике у школьника может возникнуть одностороннее представление, что во второй мировой войне воевали только казахстанцы [6].

Известно, что лучший способ развивать умения – научиться накладывать их на разное содержание. Однако в анализируемых учебниках вопросы и задания разработаны без учета *интеграционной деятельности*.

Погрешности, которые характерны для новых учебников, на наш взгляд объясняются тем, что учебники издаются **без должной апробации**. Экспериментальная работа с учебником, последующий анализ и обсуждение требует времени от 3 до 5 лет, но зато минимизирует ошибки.

Можно констатировать факт увеличения количества часов, отводимых на изучение истории Казахстана [8], что повлияло на объем учебников и рост количество параграфов, в том числе за счет сдвоения номераций параграфов [1; 4; 9]. Такое состояние дел обусловлено новой программой, так количество часов на изучение древнего периода увеличено в два раза, с 34 ч. до 68 ч. [8]. Это способствовало включению дополнительных археологических материалов, связанных в основном с могильниками, что касается персоналий, то в данном курсе при изучении саков программа знакомит школьников с Томирис и Шираком, а при изучении сарматов, савроматов, усуней, кангюев нет ни одной исторической личности. Таким образом, в учебнике 5 класса «Истории Казахстана» имена исторических личностей изучаемого периода встречаются только в двух разделах из семи [1]. В целом учебники древнего периода истории Казахстана представляет учащимся материал *«археологического» характера*, во многом абстрактного для детей [1; 9].

В учебниках, изданных по обновленной программе наблюдается **сокращение** учебного исторического материала по сравнению с учебными материалами учебников, изданных в первые годы независимости и так называемыми «Учебниками нового поколения» изданных в начале 2000-х г. Если первые учебники критиковались за *избыточную*, иногда нерелевантную информацию, перегрузку учебников фактами, цифровыми и статистическими данными, топонимистическими наименованиями, то учебники, подготовленные по обновленной программе, страдают краткостью. Переход от варианта подготовки учебника истории с большим объемом фактологических знаний к модели учебника с отражением практических и концептуальных знаний сопровождается тенденцией подмены содержания образования технологиями обучения.

Таким образом, отсутствие в отечественном учебниковедении системного подхода, основанного на стратегических целях к решению проблем учебника ведет к компанейщине: периодически учебники переиздаются, причем без должного анализа уже апробированных учебников, в результате новые учебники повторяют ошибки старых учебников.

Проблему усредненности заложенного в учебнике материала можно решить за счет создания *проблемных текстов*, разработки *разнотипных заданий*. Автор должен «видеть» адресата и учитывать возрастные особенности детей, для которых пишется учебник.

Думается, что в подготовке учебника должна быть **конкуренция**. Тогда будут разные авторские модели, коллективы.

Литература

1. Кумеков Б.Е. и др. История Казахстана: Учебник для 5 кл. общеобразоват. шк. /Б.Е. Кумеков, Т.С. Жумаганбетов, К.С. Игликова – Алматы: Атамұра, 2017. – 144 с.

2. Айтбай Р. Всемирная история: Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк. /Р.Т. Айтбай, А.К. Касымова, А. Ешмукамбетов. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 с.
3. Всемирная история: Учебник для 7 (6) кл. общеобразоват. шк./ Р.Айтбай, А. Касымова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 114 с.
4. История Казахстана (XVIII-XIX вв.). Учебник для 8 (7) кл. общеобразоват. шк. /З.Е. Кабульдинов, Ж.Н. Калиев, А.Т. Бейсембаева. – Алматы: Атамұра, 2018. – 208 с.
5. Бакина Н.С. и др. История Казахстана: Учебник для 7 (6) класса общеобразоват. шк./ Н.С. Бакина, Н.Т. Жанакова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 240 с.
6. История древнего Казахстана: Учебник для 6 класса общеобразовательной школы /Т.С. Садыков, А.Т. Толеубаев, Г. Халидуллин, Б.С. Сарсекеев/ 2-е изд., переработ. – Алматы, Атамұра, 2011. – 184 с.
7. Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115. Приложение 40 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан «Типовая учебная программа по предмету «История Казахстана» для 5-9 классов уровня основного среднего образования».
8. Тулебаев Т.А. и др. История древнего Казахстана: Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк. /А.Т. Толеубаев, Г.Д. Иргебаев/ 3-е изд., переработ. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 с.
9. Кабульдинов З.Е. и др. История Казахстана: Учебник для 9 (8) класса общеобразовательной школы. З.Е. Кабульдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Крукеев. – Алматы: Атамұра, 2019. – 176 с.

**Сеңкібаев С.Т., Мусина А.Д.
Көкшетау қ. (Қазақстан)**

ОҚУШЫНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы білім беруді жаңарту жағдайында дарынды балалар тұлғасын дамыту ең көкейтесті мәселе болып табылады.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауының он жетінші бағытында: «...бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз үшін әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек», - деп көрсетілген болатын [1].

Көрсетілген мәселенің өзектілігіне байланысты мектептің педагогикалық жүйесінде оқушылардың дарындылығын дамыту туралы көптеген ғылыми ой-пікірлер айтылған болатын. Соның ішінде дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер жинақталған. Бұл мәселенің түп тамыры ғасырлар тереңінде жатыр. Адамның психологиялық ерекшеліктері жөніндегі идеялар, оның ішінде, қабілеттілік туралы ойлар сонау ертедегі грек философтарының еңбектерінде, қайта өрлеу дәуірі ғалымдарының және алдыңғы қатарлы әр елдің озық ойлы педагогтерінің еңбектерінде кездеседі.

Грек философтары дарындылықты құдайдың құдіретінен дей келе, оны дамытуда білім мен тәрбие берудің маңызын жоққа шығармайды. Ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген тәрбие теориясында айналасындағы дүниені шынайы ақиқат тұрғыда танып-білуін қамтамасыз етуі мен қоғамға, адамдарға дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруын

қарастырады. Бұл идеялар Платон, Аристотель, Гераклит, Гиппократ, Демокрит, Плутарх, Квинтиллан еңбектерінде одан әрі дами түсті [2].

Оқушылардың жеке қабілеттерін, дарындылығын, ақыл-ойын дамыту мәселесі туралы құнды пікірлер Ф. Бэкон, М. Монтень, Д. Локк, Д. Дьюи, Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, И.Кант еңбектерінде айтылды [3].

Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына атсалысқан көрнекті қайраткерлер Ж. Аймауытов, Ш. Кұдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін ескеру керектігі баса айтылды [4].

Мектептің педагогикалық жүйесі мен әдістеме саласы бойынша оқушылардың дарындылығын дамыту мәселелерін М.О. Оразымбетова, Г.А. Назарова, Ұ.Б. Жексенбаева, Ж.А. Сейсенбаева Л.Ж, Ж.К. Елеупаева және т.б. зерттеген [5, 6].

Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын, негізінде оқушылардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың да дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыру қажет. Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту, оны қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау, кәсіби және жеке даралық қабілетін анықтай алуына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету – мектептің педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Дарынды балаға өзінің қабілетін еркін танытуға мүмкіндік беретін, өзінің дарынына қарай бірегей тұлға ретінде дамуына жол ашатын білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Талантты тани білу, дарындылықтың белгілерін дамыту мұғалімнің ғана қолынан келеді. Ол дарынды баланы анықтау барысында ең алдымен, оқушылардың оқу үлгерімін, олардың ғылыми-танымдық жетістіктерінен хабардар болуы керек.

Орта мектептің оқушысы бір нақты пән бойынша айрықша дарындылық көрсетіп, басқа пәндер бойынша көзге түспеуі мүмкін. Арнайы пәндер бойынша қабілеттері мықты болу мүмкін.

Сондықтан да мектеп мұғалімі үшін дарынды балаларды анықтауда төмендегі жағдайларға баса назар аударуы қажет:

- олар ақпаратты түсініп қана қоймай, оны іс жүзінде пайдалана алады;
- танымдық іс-әрекетті жоспарлауға ұзақ уақыт жұмсағанымен, оны жүзеге тез асыра алады;
- оларда анализдік және синтездік ой-тәсілдері қатар жүреді;
- олар мәселенің қайшылықтарын ажырата отырып, одан шығудың жолын аргумент келтіре отырып дәлелді пікірлермен жеткізе біледі;
- зейін қасиеттерінің ішінде шоғырлануы өте басым келеді;
- есте сақтау, сөйлеу қабілеттерінің ерекшелігімен бірге, шығармашылық ойлау деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді.

Сонымен бірге, дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби-тұлғалық іс-әрекеті барысында орындалатын қағидаларды қарастыратын болсақ:

- дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне баса назар аудару және үздіксіз жұмыс жасау;
- дарынды оқушының танымдық деңгейіне байланысты тереңдетілген арнайы бағдарламалар құрастырып, ғылыми-шығармашылық ізденіс барысында кеңестер беру;
- оқушыға дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы оның ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына көмек жасау;
- педагогикалық үрдісте диагностика жұмысын жүргізе алу және оларды бір-бірімен байланыстыру;
- дарындылықты анықтауда әртүрлі психодиагностикалық әдістемелерді, ал дамытуда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана білу.

Дарынды оқушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек. Дегенмен, топ жағдайында дарынды оқушылар санатын қарастыру кезінде, олардың бірқатар ортақ сипаттамаларын көруге болады. Кейбір

оқушылар бірқатар салада ерекше қасиеттерінің бар екендігін көрсете білсе, ал дәл осы кезде басқалары – өзін тек бір ғана салада көрсете алады. Дарынды оқушылардың көпшілігінде осындай мінез неғұрлым көрініп тұрады әрі қарқынды болуы мүмкін. Дарынды оқушыларды әрқашанда мінез-құлқы бойынша бірден табу мүмкін емес, өйткені кейде олардың айрықша қабілеттілігі айқын көрінбейді. Кейбір оқушылардың дарындылығы объективті себептердің әсерінен көрінбеуі де мүмкін, болмаса, оларда әлі өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік болмаған шығар. Ал қалғандары түрлі себеппен үлгере алмайтындардың санатына жатқызылып, немесе өз дарындылығын әдейі жасырып жүруі де мүмкін. Енді кейбір дарынды оқушылар оқуда қиындық көруі мүмкін, бұл олардың шынайы қабілеттерінің көрінуіне кедергі болады.

Дарынды оқушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алса, кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінеді. Қазіргі уақытта дарынды оқушыларды олардың тек жоғары зиятының болуымен ғана анықтамайды. Олар бір салада дарынды болса, басқа салада қиындық көруі мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін.

Баланың бойында белгілі бір қабілеттер мен қасиеттердің бар екенін көрсететін мәдени құндылықтар дарындылық пен таланттың кез келген тұжырымдамасының маңызды бөлшегі болып табылады.

Қазіргі кезеңде өзін және дарынды оқушыларды танып біле алатын, оқыту әдістерін меңгерген, оқу-тәрбие процесін жүзеге асырудың шығармашылық жолдарын, өзін қоршаған ортаны, өзгелермен қарым-қатынасты ізгілікті негіздерде жаңғыртып, өзгертіп отыруға қабілетті, ой-өрісі, көзқарасы, жеке басының мәдениеті жоғары, педагогикалық кәсіби дайындығы жан-жақты дамыған ұстаздар ауадай қажет болып отыр.

Қорыта айтқанда, дарынды балаларды дамыту – күрделі үрдіс. Әрбір дарынды оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның бойындағы ерекше қасиеттерін ажырата біліп, қабілетін дамыту – әрбір мұғалімнің алдындағы басты міндет.

Әдебиеттер

1. Тұңғыш Елбасы Н. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан, 28 ақпан, 2007. – 13 б.
2. Познавательная традиция: философско-методологический анализ. – М.: Философское общ., 1989. – 203 с.
3. Избранные философские произведения. В 2-х томах. – Т.2. - м., 1996. – 546 с.
4. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
5. Елеупаева Ж.К. Қазіргі мектептерді оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары // Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Түркістан, 2008. – 9 б.
6. Жексенбаева Ұ.Б. Балалар дарындылығын диагностикалау. – Алматы, 2005
7. Отческа Я.Б. Одаренность и ее формирование на современном этапе развития школы. – Астана: «Дарын», 2006., – 147 с.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ МЕДИАМӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі кәсіби білім беру болашақ педагог-психологтарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, өмірлік және тұлғалық мәселелерін өз бетінше шешу қабілетін дамытуға жағдай жасауы тиіс. Кәсіби құзыретті педагог-психолог мамандарды даярлаудың негізгі шарты – кәсіби білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық-психологиялық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу болып табылады.

Қазіргі кәсіптік-психологиялық қызмет білімді маманды ғана емес, сол мамандыққа ішкі жан дүниесімен сәйкес келетін тұлғаны қажетсінеді. Маман өз саласында кәсіпқой болуы мүмкін, алайда кәсіби мәселелердің бәрін бірдей шешуге құзыреті жете бермейді. Педагог-психолог маманның кәсібилігінің құрамдас бөліктеріне: кәсіби (объективті қажетті) педагогикалық-психологиялық білімдер; кәсіби педагогикалық-психологиялық іскерліктер; кәсіптік психологиялық позиция, педагогтың ұстанымдары; педагог-психологқа кәсіптік білім мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік беретін тұлғалық ерекшеліктер кіреді [1, 49 б.].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбындағы дәрісінде: «Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешіруде», - деп атап өткен болатын [2].

Қазіргі кездегі жоғары білім беруде ақпараттармен сапалы жұмыс істеу біліктілігінің болуы аса маңызды. Білім берудің сандық жүйеге ауысуы болашақ мамандардан біліктілігін үздіксіз жетілдіруін, білімдерін қайтадан жаңартып отыруын, жаңалықтардан қалмай іс-әрекеттің жаңа түрлерін жүйелі түрде меңгеруін талап етеді. Жаңа талаптар бойынша болашақ мамандар: талдау жұмыстарын өзбетімен орындай алуы; атқарылатын қызметіне қарай мақсат қоя білуі; ақпараттық технологияларды қолдана алуы; қызметін жоспарлай алуы; әрекетін жинақтай алуы; жұмыстарын қорытып, салыстырып, дәлелдеуі; өзін-өзі адекватты бағалауы; меңгерген білік, дағды, іскерліктерін тәжірибеде қолдана алуы қажет.

Білім берудің ақпараттануы объективті түрде: оқу-әдістемелік жұмысты қайта ұйымдастыруды; оқытушыға талаптың күшеюі және оның рөлінің өзгеруін; студенттердің тұлғасының рөлі мен оның жеке ерекшеліктерінің; қол жетімді ақпараттық ресурстардың көлемінің күрт ұлғаюын тудырады. Заманауи тұлға ақпараттық ресурстарды дұрыс бағытта қолдана білуге және ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдарлануға дағдылануы қажет.

Болашақ маманның ақпараттық құралдарды тиімді қолдануы мен қажетті ақпараттарды таңдап, талдап, тасылмауы медиамәдениет сапасының қалыптасуына тәуелді болады. Медиамәдениет түсінігінің пайда болуы медиабілім берумен байланысты туындады. Медиабілім – педагогика ғылымында жаңадан пайда болған және мазмұны енді ғана қалыптасып келе жатқан жаңа бағыт саналады. Сондықтан да, осы сала бойынша түсініктер мен терминдер барлық елдерде бірдей қолданыла бермейді. «Медиабілім» терминінің өзі әр тілде әртүрлі жазылады (бөлек, бірге немесе дефис арқылы): ағылшын тілінде аталған термин екі сөзбен жазылады – media education; француз тілінде – l'education aux medias; испан тілінде – education para los medios; неміс және орыс тілдерінде термин бірге, біріккен сөз ретінде жазылады – «medienerziehung» және «медиаобразование» [3, 19 б.].

Медиабілім негізінде тұлғаның ақпаратпен мәдени қарым-қатынас орната алу қабілеті мен медиамәтінді талдау іскерлігі қалыптасады. Медиамәдениет ақпаратты

жеткізе білу мәдениетімен оны қабылдай алу мәдениетінен тұрады. Оның деңгейі медиамәтінді қабылдай білетін, талдай алатын, бағалайтын, медиа шығармашылықпен айналысатын, медиа саласы бойынша білімін жаңа ақпараттармен үнемі толықтырып отыратын тұлға қалыптасуынан көрініс береді.

Медиамәдениет түсінігі ресейлік басылымдарда XX ғасырдың 70-ші жылдарында пайда болды. Ең алғаш осы түсінік К.М. Войханский мен Б.А. Смирновтың 1974 жылы «Кітапхана және ақпарат» зерттеуінің материалдар жинағында қолданылды. Алғашында бұл түсінік кітапханашыларға қатысты қолданылғанымен, 1980 жылдардың соңына қарай медиамәдениет қоғамтанушылар, философтар, бұқаралық ақпарат саласындағы мамандардың қолданысына енді [4, 89 б.].

Медиамәдениет түсінігі мәні мен мазмұны жағынан көптеген ұғымдарды біріктіреді: жалпыхалықтық мәдениет, білімдік іс-әрекет, ақпараттық іс-әрекет, ақпараттық қоғамдағы адамдардың мінез-құлқының ережелері және т.б. Нысаны мен зерттеу әдістері жағынан медиамәдениет әртүрлі білім салаларында қолданылады және оған жақын, мағыналас түсініктер көп, атап айтқанда: «библиографиялық мәдениет», «кітап оқу мәдениеті», «библиографиялық білім», «библиографиялық сауаттылық», «компьютерлік сауаттылық», «медиа сауаттылық», «ақпараттық мәдениет», «медиа құзыреттілік» және т.б.

Медиамәдениет адамның ақпараттық ортамен өзара әрекетінде білім, іскерлік, дағды және рефлексивті ұстанымдардың кешені ретінде көрінеді. Болашақ мамандардың медиамәдениет деңгейіне – ақпараттық қоғамдағы мінез-құлық ережелерінің жиынтығын, интеллект жүйесімен қарым-қатынас жасаудың нормасы мен тәсілдері, телематика, жаһандық және локальды ақпараттық жүйелердің құралдарын қолдану т.б. жатқызуға болады.

Медиамәдениет түсінігіне ғылымның бірнеше салалары бойынша түрлі бағыттағы анықтамалар берілген:

- Ақпараттық қарым-қатынасқа адамдардың қанағаттану деңгейі мен ақпаратты құру, жинақтау, сақтау және қолданудың нәтижелілігі болып табылады (Ю.С. Брановский);

- ЭВМ-нің көмегімен ақпаратты жинақтау, іздеу және сараптау біліктілігі, ЭВМ-ді қолдана отырып, әдеби, графикалық және шығармашылық формада өз ойын және идеясын білдіру іскерлігі (В.А. Каймин);

- Тұлғаның күнделікті өмірге қажетті ақпараттық жүйелермен, мәліметтер базасы және электронды кестелер, компьютерлер және ақпараттық жүйелермен жұмыс істей білу іскерлігінің мәдени деңгейі (Е.Я. Коган, Ю.А. Первин);

- Тұлғаның медиамәтіндерді қабылдау, талдау және бағалау, медиа-шығармашылықпен айналысу, жаңа білімдерді игеру қабілеті (А.А. Новикова).

Көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарында ақпараттық мәдениет бейне және дыбысты (кино, теледидар, видео, ғаламтор және т.б.) басып алу мен таратудың техникалық тәсілімен байланысты аудиовизуальды мәдениет ретінде қарастырылса, кейбірінде тұлғаның ақпаратпен дұрыс бағытта жұмыс істеу іскерлігі мен мәдени қарым-қатынас орната алу сапасы ретінде түсіндіріледі [5, 217 б.].

Педагогикалық бағытта білім алатын студенттерге медиамәдениет сапасын дамыту маңызды қажеттілік саналады. Жеке тұлғалармен тікелей байланыста жұмыс атқаратын педагог-психологтар үшін де түрлі ақпараттарды қажетіне сай тәжірибеде тиімді пайдалану біліктілігі кәсіби құзыреттілігінің артуына жағдай жасайды. Болашақ педагог-психологтың ақпараттық мәдениет деңгейін анықтайтын көрсеткіштерге: қажетті білімді өздігінен таңдай және талдай білу, жылдам өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу; ақпаратпен сауатты жұмыс істей білу; өздіген сыни пікірлей алу, алған білімін нақты мақсаттарға қолдана білу, жаңашыл, шығармашыл ойлай білу; әртүрлі әлеуметтік топтарда коммуникативті қарым-қатынас жасай алу, ақпаратты дұрыс тарата білу; ақпараттарды өзінің рухани адамгершілік, интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру үшін пайдалана білуді жатқызуға болады.

Жоғары оқу орны жағдайында, болашақ педагог-психологтардың медиамәдениетін қалыптастыру үдерісі ақпараттық білім негіздерін беруге, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдысын қалыптастыруға, ақпараттық қоғамға бейімдеуге мүмкін жасайды. Медиамәдениеті қалыптасқан болашақ педагог-психолог ақпаратты жинақтап қана қоймай, ақпараттардың түбіріне үңіледі, оны өзінің және басқалардың тәжірибесімен байланыстырады, медиамәтінге пікір білдіру және оны сыни тұрғыдан қабылдау, медиамәтінді өз деңгейінде бағалау іскерлігіне ие болады. Осы аталған білім мен іскерліктерді меңгерген мамандар тәжірибеде айтарлықтай қиындықтарға кездеспейді және сандық білім беру жағдайында жұмыс жасауға дайын болады.

Әдебиеттер

1. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006. – 260 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. Еуразия университеті студенттері алдында оқылған дәріс // Егемен Қазақстан, 2006. – 1-3 бб.
3. Рыжих Н.П. Развитие медиакомпетентности студентов педагогического вуза на материале экранных искусств. – Таганрог: Центр развития личности, 2008. – 298 с.
4. Масанов Е.Ж. Медиамәдениеттегі адам мәселесі: философия докт... диссертация. – Алматы, 2012. – 151 б.
5. Федоров А.В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. – М.: Изд-во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. – 616 с.

Утегенова Б.М.
г. Костанай (Казахстан)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ

Активная образовательная продуктивная работа проблемно-поисковой направленности в учебном процессе вуза, основанная на научно-познавательной и исследовательской мыслительной деятельности, одним из основных результатов которой является приобретение специальных умений и навыков поисковой работы. Основной ее задачей является практическое овладение студентами современными методами научного познания, формированием умений и навыков самостоятельной исследовательской работы, повышением их активности и самостоятельности в учебном и научном процессе, средством развития творческих способностей студентов.

Постоянно изменяющиеся условия педагогической деятельности учителя требуют опережения и в подготовке будущих учителей в педвузе в:

- моделировании научно-исследовательской деятельности студентов для формирования учителей-исследователей;
- организации непрерывного комплексного обучения на основе преемственности всех видов учебной и научно-исследовательских работ, выполняемых студентами от курса к курсу.

Основным условием инновационного развития педвуза является обеспечение качества обучения и воспитания студентов и востребованность ее выпускников в школах региона.

Стратегическая программа развития педагогического университета опирается на следующие принципы:

- интеграция науки, образования и практики;
- соединение традиций в подготовке учительских кадров с современными тенденциями модернизации системы образования в Республике Казахстан;
- создание системы непрерывного педагогического образования;
- проведение учебной и научно-исследовательской работы на собственных экспериментальных площадках и базах практики в организациях общего среднего образования;
- формирование системы дополнительного образования в педвузе и расширение деятельности в разработке студенческих исследовательских проектов.

По мнению Ш.Т. Таубаевой, формирование педагога-исследователя – процесс долгий, непрерывный, требующий обеспечения определенных условий на всех его этапах [1, 67].

Исследовательские умения и навыки студентов могут определяться как способность и готовность личности самостоятельно и эффективно выполнять учебно-исследовательскую деятельность, прогнозировать ее результаты и применять их на практике. Образовательные программы в высшей школе ставят перед преподавателями вуза задачи развития у студентов методологического мышления, инициативы и навыков исследования, создания пространства для научных и социальных проектов студенчества и совершенствования практик обучающихся. А это коренным образом изменяет формы работы преподавателя.

Исследовательский принцип в обучении предполагает такую организацию учебного процесса, при которой студенты знакомятся с основными методами исследования, применяемыми в изучаемых ими науках, усваивают доступные им элементы исследовательской методики и овладевают умением самостоятельно добывать новые знания путем исследования явлений и процессов.

В формировании мыслительных навыков студентов: от знания, понимания и применения до анализа, синтеза и оценки, преподаватели используют разнообразные способы, методы, приемы, среди которых появляются и более современные, инновационные – учебно-исследовательские мини-проекты, защита научного доклада, обобщение опытной работы по исследованию актуальных проблем образовательной практики. Результативность исследовательской практики студентов – это показатель овладения бакалаврами педагогического образования когнитивным компонентом профессиональной компетентности. Она проявляется не только в умениях осуществлять интеллектуально-логические операции, связанные с анализом, обобщением, объяснением, обоснованием, изложением, систематизацией, моделированием и интеллектуально-эвристическими способностями (генерирование идеи, ассоциативность мышления, видение противоречий, умение ставить задачу, выдвигать гипотезу), но и имеет воспитательное значение: формирует навыки исследования как особого качества методологического сознания будущего педагога.

В перечне научно-исследовательских навыков будущих педагогов мы выделяем: системную работу с научной литературой, систематизацию информации, обработку информации с помощью современных научных методов, навыки владения индуктивным и дедуктивным методам познания, умение анализа и выявления педагогических проблем в реальной школьной практике, изучение и применение передового педагогического опыта, выбор и оценка эффективности современных образовательных технологий, методов и форм педагогической деятельности и освоение диагностических процедур исследовательской работы.

Педагогические возможности развития креативной активности студентов в разработке учебных и учебно-исследовательских проектов необходимо использовать в организации научного исследования, его оформления, выстраивание защиты позиций,

выбор темы исследования с позиций актуальности для образовательной практики, установление коммуникационных связей во внешней среде в процессе участия студентов в научных конкурсах регионального, республиканского, международного масштаба.

Определенная система в формировании исследовательских навыков студентов позволяет использовать стимулирование мотивационного компонента освоения студентами навыков научно-исследовательской деятельности, который активизирует познавательный интерес студентов, стремление добиваться успешности НИР в различных конкурсах и олимпиадах. Кроме того, лишь обеспечение поэтапного характера формирования исследовательских навыков студентов способствует устойчивому развитию способностей к поисковой познавательной деятельности, соотнесенный с задачами профессионального обучения в педвузе.

Активизация учебной и научно-исследовательской деятельности на основе обогащения в рабочих программах (силлабусах) учебных курсов в вузе требует формулировку таких заданий, форм и методов организации образовательной среды в вузе, которые способствуют формированию навыков исследовательской работы. Это могут быть специальные курсы по методологии научно-исследовательской деятельности, активные семинары для студентов по введению в НИР, конкурс научных проектов и докладов, организация проблемно-исследовательских студенческих групп, участие студентов в стартап-проектах, научных конференциях, организация «Школы молодого исследователя», включение студентов в качестве тьюторов в ученические научные работы школ, организация специальных тренингов освоения студентами педвуза навыков научно-исследовательской деятельности на экспериментальной площадке школ в период производственной практики и во внеаудиторное время и др [2, 45].

В высшей школе организация творческого сотрудничества преподавателя и студентов на принципах личностно-ориентированного взаимодействия способствуют решению задач развития исследовательских навыков: использование проблемных, игровых, проектных, дискуссионных и других активных форм и методов обучения на занятиях, обеспечение эффективности и результативности работы студенческого научного общества.

В комплексе исследовательских навыков студентов выделим наиболее значимые, сформулированные на основе знаний, умений и компетенций – способность студентов классифицировать имеющиеся или полученные научные данные, овладение навыками планирования и проведения опытно-экспериментальной работы, умение систематизировать и структурировать информацию по теме исследования, реализации и корректировки намеченных действий по программе исследования.

Немаловажную роль играет интерпретационно-рефлексивная деятельность студентов, что означает владение знаниями и умениями осуществлять анализ результатов поисковой исследовательской деятельности, то есть навыков соотнесения достигнутых результатов с поставленной целью, умением интерпретировать полученные данные, проводить самооценку исследовательской деятельности, формулировать выводы по исследованию, разрабатывать методические рекомендации для тех, кто будет использовать результаты исследования на практике. В формировании навыков исследовательской работы необходимым методологическим инструментарием научной деятельности является практика по отработке умений и навыков, необходимых для проведения исследования студентов.

Таким образом, в основе ключевой задачи подготовки педагогов является формирование единого организационного пространства учебно-воспитательной, социально-управленческой и научно-образовательной деятельности вуза с опережающим решением кадровых, научно-методологических задач.

Литература

1. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя. – Алматы: Элем, 2000. – 370 с.

2. Соловьева Н.Н. Основы подготовки к научной деятельности и оформление ее результатов. – М.: АПК и ППРО, 2006. – 102 с.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР: ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ФИЛОСОФИЯ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС, ЭКОЛОГИЯ, ВАЛЕОЛОГИЯ

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ: ИСТОРИЯ, СОЦИОЛОГИЯ, ФИЛОСОФИЯ, СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА, ЭКОЛОГИЯ, ВАЛЕОЛОГИЯ

**Аубакирова Қ.Ш.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕЙТІН КӘСПОРЫНДАРДЫҢ ДАМУЫ (XIX ғ. II жарт.- XX ғ. басы)

XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басында Қазақстанда ауыл шаруашылық, яғни, мал өнімдерін өңдеу өнеркәсібі саласы дами бастады.

Қазақстанда қолөнер кәсібі ғасырлар бойы көшпелі шаруашылықпен байланысты дамыды. Өздері тұтынатын қажетті өнімнің көбісін әр отбасы өзі немесе ағайын-туыс, көрші-қолаң көмегімен өндірді. XIX ғ. II жартысында қолөнерді (киіз үй, ер-тұрман, зергерлік бұйымдар, т.б. жасау) негізгі кәсіп еткен шеберлер мен ісмерлер пайда бола бастады. Олар ауылды аралап жүріп жұмыс істеді. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында өндірушілер тауарды тұтынушылардың тапсырысы бойынша ғана емес, базарға сату үшін де өндіретін майдагерлік дами бастады.

XX ғасыр басында кең етек жая дамыған өнеркәсіптің түрі жеңіл өнеркәсіп болды. Бұған жүн жуатын, мал майын қорытатын, ішек-қарын тазартатын, былғары, май шайқайтын, шарап жасау зауыттары, темекі фабрикалары және басқа кәсіпорындар жатты.

Қалаларда бұл кезеңдегі зауыт-фабрикалар саны жағынан аз, сапасы жағынан әлсіз болған еді. Бұған себеп, білікті техникалық мамандар жетіспеді.

Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында пайда болған біршама ірі жүн жуу орындары Тамбов, Симбирск, Самара, Қазан губерниялары мен басқа да губерниялардың мәуіті фабрикалары иелерінің қолында болды. Шикізат та соларға тасылды. Мәскеудің «Стукен және К сауда үйі» Семей облысының жүн рыногында шексіз монополияны иеленді. Жүн, негізінен, әскери ведомство үшін дайындалды және оған сұраным бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында едәуір артты. Ал Қазақстанда Верныйға жақын жерде Қарғалы кентінде бір ғана шұға фабрикасы салынды (1910). Фабрика «Шахворостовтың сауда үйі» серіктігінің иелігінде болды және қой мен түйе жүнінен солдаттарға арналған сұрғылт шинель шұғасын өндірді [1, 20]. Жүн өңдеу саласы бойынша, В.П. Злокозованың фабрикасын атап өтуге болады. Бірінші дүниежүзілік соғысы жылдары жүнге деген сұраныс ұлғая түсті. Кәсіпкерлер жүн өңдеу, оны жуу фабрикаларын ашты. Мысалы, В.П. Злокозова 100 адам жұмысшылар бар фабрика ашты. Шұға өндіру өзен суларында жүргізілген еді. Қой жүнін өңдеу зауыттары 16 жұмысшымен жабдықталған, олар көбінесе адамдардың қолымен өңделіп, жылына 4 мың сомның өнімін шығарды.

Былғары өндірісі өлкенің далалық облыстарында дамыды. Семей облысының өзінде 1900 жылы 22 былғары зауыты болды. Алғаш өңделген тері әскери ведомствоның зауыттарына және шетелге: Америкаға, Германия мен Францияға шығарылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында теріге сұранымның өсуіне байланысты былғары зауыттарының саны көбейді. Бұл салада «П. Плещеев және К серіктестігі» және «Ағайынды Трапезниковтар серіктестігі» зауыттары тек қана әскери тапсырыстарды орындады. 854 ж. 3 гильдиялы Яков Маликовтің былғары зауыты ат күшімен істейтін темір қондырғылар жұмыс істеді.

Қазақстанның оңтүстігінде шикізат өндейтін ұсақ кәсіпорындармен қатар, мақта тазарту өнеркәсібі де дамыды. 1912 жылы Келес, ал 1914 жылы Велико-Алексеев зауыттары салынды.

Қазақ өлкесінде сабын қайнату ісі де қолға алына бастады. Мысалы, Баймұрат Рафиқовтың 1854 ж. бір сабын қайнататын зауыты болды. Жылына 80 пұт сабын өндірді, екі ерікті жұмысшылары болды. Зауытта өндірілген өнімдер көшпенді қазақ даласына, жәрмеңкелерде сатылды.

Қазақстанның ірі кәсіпорындарының бірі Шымкенттегі шипалы жусаннан сантонин өндіру жөніндегі химия зауыты болды. Бұл зауыт ірі көпес Н.И. Ивановтың иелігінде болатын. Ол 1885 жылдан жұмыс істей бастады және сол кезде дүние жүзінде бағалы дәрі-дәрмек өндірген бірден-бір кәсіпорын осы болды [2, 56].

Құрылыс материалдары өнеркәсібі пайда болды. 1914 жылы бір Оралдың өзінде ғана 12 кірпіш зауыты жұмыс істеді, ал 1916 жылы Шымкент уезінің Георгиевка селосында цемент зауыты және т.б. жұмыс істей бастады [3, 109].

1870-1880 жж. қалалық жерлерде өнеркәсіп саласы ұлғая түсті. Өнеркәсіп өнімдері Ірбіт жәрмеңкесі мен қазақ даласына шығарылды. Көбіне тауарлар мен малдарға айырбасталынды. Алайда, қалада өнеркәсіп нашар дамыды. Зауыт және фабрикалар құрылысына көпестер қаржы салуға асыққан жоқ. Білікті мамандар жетіспеді. Жұмысшылардың жағдайы, әсіресе қазақтардың жағдайы нашар болды. Жұмысшылар арасында аурулар мен өлім саны болғандығы туралы мәліметтер бар. Жұмыс ұзақтығы, ережесі туралы заңнамаларға көп мән берілмеді, барлық шешімдер тек көпестердің қолында болды. Өнеркәсіптен қарағанда, кейбір қалаларда сауда жандана түсті.

Қазақ өлкесінде тамақ, дәм-татымдық өнімдер өнеркәсібі бірсыпыра дамыды, Семейде ХІХ ғасырдың аяғында ірі диірмендер пайда болды. 1911 жылы олардың саны 22-ге жетті. 1908 жылы мұнда «Семей ұн тартатын бу диірмендерінің акционерлік қоғамы» құрылды. Ол облыстағы ұн тарту ісін толық монополиялап алды. Ұн мен майдың негізгі бөлігі жергілікті жердегі тұтынушылар болды, қалған бөлігі Ресейдің ішкі аудандарына ғана емес, сонымен қатар, шетелге де жіберіліп отырды [4, 120].

Ет өнеркәсібінің кәсіпорындары мұздатқыш қоймалардың болмауы себептерінен, негізінен күзде және жазда жұмыс істеп, көбінесе, Ақмола және Орал облыстарында дамыды. Саланың ең ірі кәсіпорындары Көкшетау уезінің Қотыркөл станицасындағы ет-консерві зауыты (1904 жылы негізі салынған), Петропавлдағы консерві зауыты (1915) және Оралдағы ет тоңазытқыш (1915) зауыты болды. Саланың осы және басқа кәсіпорындарына әскери ведомство ерекше мүдделілік танытты, сондықтан бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында олар өз өндірісін едәуір кеңейтті.

Ұн тарту саланың шапшаң дамуы нәтижесінде, ұн тарту акционерлік қоғамдар пайда болды. Атап айтсақ, «Мусин және Компания», «Красильников және Компания», «Плещеев және Компания». 1907 жылы ұн тарту орындарында 280 жұмысшылар жұмыс істеп, 2014710 пұт ұн өндіріледі. Облыстың «Обзорында» көрсетілгендей, ұн тарту ісі механикалық түрде емес, қозғалыстағы аттардың көмегімен жүргізілді, және де көбіне қала тұрғындардың сұранысына ие болды. Ал ауыл тұрғындары өздері ұн тартып, нан пісірген болатын.

Өнеркәсіптің тағы бір түрі шарап жасау ісі кірісті болып табылады. Бұл саламен айналысқандар көпес Федор Плещеев болды. Кейіннен сыра зауытын ашты, жұмысшыларға шіркеу мектебін ашты 10 жылдан соң, Плещеевтің шарап зауыты ірі зауыттың біріне айналып, Қазақстан мен Орта Азияға танымал болды. 1912 жылы Плещеев капиталын кәсіпкер Р.В.Поляков пен бірігіп (150.000 сом) тамыз айында Поляков және К Сауда үйі тіркеліп спирт саудасымен айналысты [5, 60]. Сонымен қатар, шарап зауытымен бірге, кішігірім арақ шығаратын зауыт салды. Бұл зауытта адамдар саны 7-12 болып, көбіне қолдарымен шөлмектерді жуып, жұмыс істейтін. Арақ шығару көлемі жағынан 1902 жылы 1462 шелек – 16087 рубль, 1 шелектің құны – 11 рубль болды. Бірінші дүниежүзілік соғысы басталғаннан кейін елде арақ өнімдерін шығару күрт төмендеді [6, 220].

Қазақстандағы ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату өнеркәсібінің жетекші салаларының бірі май дайындау болса, оның үлкен бөлігі шығыс өңірге тиесілі болды.

Жыл сайын миллион рубльдің майы Ресей ғана емес, шетелдік нарықтарға шығарылған. 1908 жылы бір ғана Семей арқылы 3730000 пұт май, Петропавловскіден теміржол арқылы 192 пұт май әкетілген. 2 гильдиялы көпес Абдышев май өндіру зауыты бойынша, екі жұмысшы қызмет атқарды. Жыл бойы 400 пұт сиыр майын, 100 пұт қой майын, барлығы 1 мың руб. өндірілді [7, 130].

1913 жылы Қазақстанның барлық ірі өнеркәсібі - 67 млн. рубльдің өнімін берді. Оның ішінде, ауыл шаруашылық шикізат өнімдерін өндеу өнеркәсібі барлық өнімнің 72 %, тау-кен және тау-кен зауыт өнеркәсібі 11, 5 млн. рубльдің өнімін берген, бұл арақ-шарап өнеркәсібімен салыстырғанда, 100 мың рубльге кем болды.

Сонымен, қорыта айтқанда, Қазақстандағы кәсіпшіліктің бірқатары жергілікті капитал және сырттан келген орыс капиталы негізінде дамыды. Оның өнімі түгелдей дерлік өлкеден тыс жерлерге әкетілді. Осының бәрі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпалын тигізді. Қазақстанның кен-зауыт өнеркәсібінен айырмашылығы, ауыл шаруашылық шикізатын өндеу өнеркәсібі жергілікті қажеттіліктермен тығыз байланысты болды.

Әдебиеттер

1. Телеуова Ә. Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің дамуы // Қазақ тарихы, 2015. - №5. -19-22 – бб.
2. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құрастырғандар: М.Қ. Қозыбаев, Қозыбаев І.М. – Алматы: Атамұра, 1994. – 256 б.
3. Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – 270 с.
4. Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. (Социально-экономический аспект). – Алма-Ата, 1990. – 240 с.
5. Асылбеков М.Х. Казахстан в канун октября. – Алма-Ата, 1985. – 128 с.
6. Сундетов С.А. О генезисе капитализма в сельском хозяйстве Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – 250 с.
7. Бочанова Г.А. Обрабатывающая промышленность Западной Сибири. Конец XIX – начало XX вв. – Новосибирск, 1978. – 320 с.

**Ахметов Қ.Ә.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ Өңір тарихы туралы

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат.

Бұл іргелі мақаланы халық Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдауда.

Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ. Нағыз ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана Елбасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп айтуға болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық.

Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматтың өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Ең бастысы – жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - [1] дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі – ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.

«Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», - деді ол.

Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Елбасының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қақысы жоқ», - деуі шешімді пікір.

Болашаққа бағдар беретін бұл еңбекте екі стратегиялық міндет бүгінгі қоғамның алдына қойылды: біріншісі – ұлттық сананы заманауи биікке көтеру үдерісінде қазақтың, өзінің ұлттық болмасынан айырылып қалмау; екіншісі – жаңаша жаңғыру үрдісінде әлемдік өркениеттің қазіргі деңгейінен қалыспай, бәсекелестікке қабілетті болып, дамыған 30 елдің қатарына кіру міндеттері болмақ.

Осы міндеттерді шешу үшін ғылымның, оның негізінде дамитын озық технологиялардың маңызы артады. Ал, осы міндеттерді жүзеге асыратын – ол адам. Сондықтан адам капиталын қалыптастыру қоғамда ең басты қажеттіліктің бірі болмақ. Бұл міндеттерді іске асыруда ғылымның қоғамдық-гуманитарлық салалары зор рөл атқаруы керек. Тарих, этнология, әдебиеттану, тіл, мәдениет, философия ғылымдарынсыз қайдан шыққанымызды, қандай белестерден өткенімізді саралауға, өзіңді-өзің тануға мүмкіндік болмайтындығын берік түсінуіміз керек. Кезінде Алаш қайраткерлері XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының артта қалғандығын қоғамдық-гуманитарлық ғылымның

дамымағандығымен байланыстыра қарастырған. М. Дулатұлы 1914 жылы жазылған «Абай» мақаласында былай деп жазыпты: «Қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті (ғылым салаларын айтып отыр Қ.А.) жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады... Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмегенін жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ» [2]. Бұл ой-толғамдар ұлттықты сақтау, ол үшін тарихи сананы тәрбиелеу, әдебиет арқылы ұлт рухын дамыту, сол арқылы қоғамның ілгері дамуы туралы болып отыр.

Осы ретте бағдарламалық мақаладағы «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттың дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет». Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», деген тұжырымда теориялық, методологиялық, танымдық зор әлеует жатыр.

Рухани жаңғыру бағдарламасына ең алдымен маңыз көшелі ғылым – тарих ғылымы негізгі тірек болады. Осы ретте Елбасы мақаласында ұлттық тарихтың аса маңызды екі тұғыры ерекше аталып өткен. Олар – «Туған жер» бағдарламасы және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

Аталған екі тұғыр өңір тарихын зерделеудің негізі әрі бағыт-бағдар беретін маңызды нұсқаулық құжат болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары тарихи зерттеулер жүргізуге нағыз шығармашылық еркіндік туған кезең болды. Отан тарихының тыйым салынған тақырыптары бойынша жаңаша тұрғыдан саралап, келелі зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндіктер туды. Тыйым салынған құжаттар архив қорларынан жарыққа шықты.

Осы ретте, еліміздің тарих ғылымында тәуелсіздік жылдары ғана шындап қолға алынған жаңа бағыт – өңір тарихы еді. Себебі қай өңірдің тарихы болмасын, ол қазақ тарихының, Отан тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге, әр өңірдің территориясы туралы, тарихи-географиялық мәліметтер, қалыптасқан топонимикалық жүйесі өлке тарихы үшін де, отан тарихы үшін де өте мол тарихи ақпарат береді.

Осындай дала өлкесі кеңістігіндегі Қазақстан тарихында өзіндік орын алатын өңір қазақ жерінің солтүстік өңірі. Ұлан-ғайыр кең даланың басқа жерлеріндегідей аққайыңды теріскей өңірінде де қазақ тарихының барлық кезеңдері, сонау көне дәуірден бастап, қазіргі кезеңге дейінгі тарихи артефактілер кездеседі.

Солтүстік өңірде алғашқы археологиялық қазба жұмыстары өткен ғасырдың 60-шы жылдары жүргізілді. 1967 жылы археолог Геннадий Борисович Здановичтің басшылығымен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Өңірдің әртүрлі аймақтарында қола, темір дәуірлерінің ескерткіштері ашылып, зерттелді. Г.Б. Зданович Қарағанды университетінде қызмет ете жүріп, Солтүстік өңірде археологиялық зерттеулер жүргізді. Кейін Челябині мемлекеттік университетінде жұмыста жүріп, қазақстандық археологтармен бірігіп жұмыс істеген. Өлкеде ашылған жаңа археологиялық жаңалықтарға, қола дәуіріндегі Солтүстік Қазақстанға, Оңтүстік Оралға, Батыс Сібірге қатысты материалдардың жүйеленуіне байланысты Г. Зданович Батыс Сібір аумағын ежелгі үнді-иран тайпалары (арийлер) мекендеген деген мәлімдеме жасады.

Кейінгі, 80-90-шы жылдар өңірде археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасып, профессор В.Ф. Зайберттің басшылығымен көне дәуірдің энеолит дәуіріне жататын Ботай мәдениеті зерттеле бастады. Қазір бұл археологиялық ескерткіш дүние жүзіне мәлім болып отыр.

Соңғы жаңалық, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданындағы Сілеті өзені төменгі ағысындағы «Қызыл оба» деген жерді қазған М.Қозыбаев атындағы мемлекеттік университет пен Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің

«Margulan centre» орталығының бірлескен археологиялық экспедициясы XIV ғасырда Алтын Орда билеушілері жерленген мавзолей қорымды тапты.

Зерттеушілердің пайымдауы бойынша, табылған жәдігерлерді зерделей келе, осы аймақты Орда хандарының бір ставкасы болуы мүмкін деген қорытындыға келген.

Қысқаша шолу арқылы Солтүстік өңірдің көне тарихынан хабардар болып, бұл аймақта ежелгі тайпалардың мекені болғандығын, белгілі тарихи дәуірлерден өткендігін болжайлаймыз. Соңғы жаңалықтың Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту қарсаңында болуының ерекше мәні бар.

Орта ғасыр, жаңа тарих дәуірлерінде Солтүстік өңірде де қазақ этносының қалыптасу үрдістері жүріп жатты. Ел бірлігін сақтау, жат жұрттық елдердің басқыншылығынан ел тәуелсіздігін қорғау – басты мұратқа айналды.

Осы кезеңде елін қорғаған батыр тұлғалардың орны ерекше еді. Қожаберген, Құлеке, Тілеуке, Құлсары, Меңдеке, Сары, Баян батырлар жоңғарларға қарсы соғысып, елін, жерін қорғауға зор үлес қосқан тұлғалар.

Өңір тарихын зерделеуде осы тарихи тұлғалар туралы ізденістер, тарихи зерттеулер әрқашан ерекше көңіл бөлетін тақырыптар болуы керек.

Әдебиеттер

1. Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017 жыл
2. АҚІАТ, 2019, №7. – 10 б.

Габитов Т.Х.
г. Алматы (Қазақстан)

ПРОЦЕСС ОБРАЗОВАНИЯ И РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В КАЗАХСТАНЕ

В основе устойчивого развития государства лежит человеческий капитал, системообразующими элементами которого являются: образование и приобретенные навыки, здоровье и культурно-нравственный потенциал. По оценкам экспертов, увеличение человеческого капитала на один процент приводит к росту производительности труда на 3,81%. Всемирный банк на примере обследования 192 стран пришел к выводу, что только 16% роста в странах с переходной экономикой обусловлены физическим капиталом (оборудование, здания и производственная инфраструктура), 20% – природным капиталом, остальные 64% связаны с социальным и человеческим капиталом.

В ФРГ, Японии, Швейцарии на долю человеческого капитала приходится 80% общего объема капитала. Сейчас более 50% экономически активных граждан развитых стран (а в США – две трети населения) заняты умственным трудом. Международными экспертами ежегодно публикуются аналитические доклады, публикации о принимаемых странами мира мерах по повышению уровня качества жизни и благосостояния населения. Это глобальный индекс конкурентоспособности (ВЭФ), индекс человеческого развития (ПРООН), «Индикаторы для расчета качества жизни» (международная компания по развитию человеческих ресурсов «Mercer human resource») и т.д.

В Казахстане государственными органами ведется постоянный мониторинг и проводится определенная работа по улучшению показателей конкурентоспособности и индексу человеческого развития. Наша страна еще не входит в число стран с высоким уровнем развития. Таким образом, именно здоровые люди с их образованием,

необходимой квалификацией и опытом, высокой культурой и нравственностью определяют границы и возможности технологической, экономической и социальной модернизации общества. Для формирования высокоинтеллектуальной, здоровой и высоконравственной нации необходима Концепция развития человеческого капитала, которая охватывает все сферы, ориентированные на его воспроизводство. При этом первоочередной задачей следует считать проблемный блок, включающий вопросы образования и науки, здравоохранения, культуры, рынка труда и занятости населения.

Сфера образования и науки. Как известно, до 40% валового национального продукта наиболее развитые страны получают в результате развития эффективной системы образования. В нашей стране ежегодно увеличиваются объёмы финансирования системы образования. Однако доля расходов на образование от ВВП составляет 4%, тогда как в Европе 6-7%. Тем самым заложено постоянное и все более увеличивающееся отставание нашей системы образования от темпов развитых стран. Даже для сохранения нынешнего огромного разрыва необходимо выделять на образование 6-7% ВВП.

Для перехода от технологического развития догоняющего типа к действительно инновационной, «умной» экономике, необходимо сокращать данный разрыв, а значит, расходы на сферу образования (в удельном весе к ВВП) должны даже превысить аналогичные показатели других стран, т.е. составить не менее 10% ВВП. В современном мире наука превращается в своеобразный генератор «человеческого капитала». В процессе развития науки создаются интеллектуальные новации, на основании которых затем формируются новые технологии производства и способы потребления, происходит преобразование самих людей, которые выступают носителями новых способностей и потребностей.

Анализ показывает, что если расходы на науку не превышают 1% ВВП на протяжении 5-7 лет, то ни о каком инновационном развитии этой страны говорить нельзя. Инвестиции в науку у развитых стран значительно превышают приведенный показатель. Так в Швеции расходы на науку составляют 3,7% от ВВП, в Японии 3,2%, в США 2,7%, в Германии 2,4%.

Со всей очевидностью наблюдается реинтеграция научного потенциала по министерствам и ведомствам, несбалансированность координации работы научных организаций и неопределенность их статуса. Отсутствие единого органа управления наукой проявляется практически по всем направлениям жизнедеятельности научных организаций, прежде всего, в несовершенстве механизма финансирования научных исследований и деятельности научных организаций.

Формирование научных программ и подготовки научных кадров осуществляется независимо от потребностей и имеющегося научного потенциала. Ежегодное увеличение объемов финансирования научных исследований не влияет на саму науку и научно-профессиональный рост ученых, так как подавляющая часть инвестиций в последние годы выделяется не на развитие существующего научного потенциала, а на создание новых (прежде всего, административных) структур, не имеющих отношения к научной деятельности, что обусловило ее низкую эффективность за последние пять лет.

В сфере здравоохранения. По данным ПРООН в экономически развитых европейских странах расходы на здравоохранение и образование велики и достигают 8,1% и 8,3% от ВВП соответственно. Средняя величина расходов на здравоохранение в развитых странах Европы равна 6,44%, что приблизительно соответствует расходам на здравоохранение в США (6,5%).

В то же время в системе здравоохранения Казахстана, наряду с имеющимися достижениями, показатели здоровья населения невысокие и, как следствие, продолжительность жизни ниже, чем в среднем по СНГ. За 10 лет численность больничных учреждений и больничных коек снизилась почти в 2,2 раза; на треть, или на 20 тысяч человек сократилось число врачей. В результате вынужденной оптимизации около 1200 населенных пунктов сельской местности остались без медицинской

организации или медицинского обслуживания. Рост цен на лекарственные средства сделал их малодоступными для значительной части населения. Неравенство возможностей проявилось и в доступности здравоохранения в зависимости от экономического, должностно-статусного положения, географического и сельско-городского признаков. Социально-экономические трудности привели к сокращению обращаемости населения в медицинские учреждения из-за ограниченной доступности медицинской помощи. В то же время по данным Всемирной организации здравоохранения, сохранение здоровья человека лишь на 15% зависит от медицины, на столько же – от чистоты окружающей среды, на 25% – от уровня жизни, и на оставшиеся 45% – от каждого конкретного индивидуума.

В настоящее время граждане Республики Казахстан практически не заботятся о своём здоровье, а работодатели – о здоровье своих работников. Существующая система подготовки специалистов по государственному образовательному заказу (особенно с высшим образованием) способствует росту числа «дипломированных» безработных.

Напряженность на рынке труда усиливают выпускники школ, других организаций образования, нетрудоустроенные после учебы, молодежь, не закончившая учебу по различным причинам, воспитанники детских домов, дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей в возрасте до 23 лет. Характерная черта современного рынка труда – стихийная миграция сельских жителей (особенно молодежи) в города. При этом недоступность жилья и отсутствие регистрации (прописки) не способствуют обеспечению сельской молодежи работой в городах.

Практика показывает, что внутренние мигранты имеют весьма низкие адаптационные возможности. Кроме того, их перемещение происходит стихийно, вне каких-либо государственных и отраслевых программ, а также без учета и регистрации в органах юстиции. Международный опыт и наметившиеся миграционные тенденции позволяют предположить, что переселение людей из сел в города имеет поступательный характер и будет происходить по мере дальнейшего промышленного развития страны.

Одновременно процесс переселения сельских жителей в города сопровождается ростом числа безработной молодежи вследствие отсутствия профессионального образования, стажа и каких-либо трудовых навыков. Данные негативные явления усугубляются отсутствием жилья у данной категории граждан. Осуществляемые в стране политические, экономические и социальные реформы, обусловленные серьезными изменениями на рынке труда, в сфере профессионально-квалификационной структуры человеческих ресурсов, технического и профессионального образования, занятости населения, вызывают потребность в реформировании системы подготовки национальных кадров.

Дальнейшее наращивание производственного и экономического потенциала, инновационное развитие Казахстана возможны только на новой технологической основе. Таким образом, мировой опыт показывает, что главным условием достижения развития экономики является накопление и сохранение человеческого капитала, проведение в жизнь стратегий, побуждающих людей совершенствовать свои навыки и умения на протяжении всей жизни посредством непрерывного обучения и профессиональной подготовки.

Для экономического подъема в стране наряду с инвестициями в физический капитал необходимы крупномасштабные инвестиции в образование и науку, здравоохранение и другие компоненты человеческого капитала. К инвестициям в человеческий капитал сегодня актуально относить и расходы на фундаментальные научные разработки. Инвестиции в человека становятся все более выгодной и приоритетной сферой государственных и частных вложений. В условиях формирования глобального общества, основанного на знаниях, национальный интеллектуальный капитал становится основой экономического благосостояния, фактором политической мощи государства, определяя

его место в постоянно меняющемся мировом разделении труда. Таким образом, существующие проблемы требуют концептуального решения на государственном уровне.

**Ғалымжанов Б.Ғ.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫНДАҒЫ МӘНГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы – халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елдің дамуын жаңа сатыға жетелейтін жаңа қадам.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші ф.ғ.д, профессор Қ. Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» - екендігін жазылған [1, 20-21 бб.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін, Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел мақсаты – түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйінін аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған. Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі осы – «Мәңгілік ел» идеясы. Осы мәңгілік ел идеясы 7 бөлімнен тұратын болса, біз қарастырып отырған Мәшһүр Жүсіп мұраларындағы ұлттық құндылықтар осы жеті бөлімге сәйкес келеді. Мысалы, Қазақстан тәуелсіздігі және Астана бөліміне: «Ғылым – аспандағы күн сияқты, жарығы зор дүр» [2, 125 б.]. Ақын алдағы өмірде ғылым мен білімнің маңызын меңзейді. Ғылымды меңгерген адамның болашағы жарқын екенін, адамнан адамның біліммен ғана оза алатынын астарлап жеткізеді.

Тағы бір сөзінде әулие Мәшһүр Жүсіп: «Білмегеннің бәрі надан. Кім өте дүниеқор болса, жалғанда сол жаман. Ендеше, біреудің надан екендігін, біреудің жаман екендігін

біліп тұрып, өзің надан, өзің жаман болма!» [3] - дейді. Әулие болашақтың жарқын болуы білімде екенін меңзей отырып, жастарға білім алуды, надан болмауды насихаттайды. Тәуелсіздік дегеніміздің өзі білім, білім бар жерде ғана адам еркін тәуелсіз бола алады. Ал надан ешқашан тәуелсіз бола алмайтынын, жарқын болашаққа тек ғылым-біліммен жететінімізді айтады.

Қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім бөліміне: «Қолыма қағаз, қалам алайын да» деген өлеңінде:

...Адамға үлкен дұшпан – жұтқын тамақ,
Үлкен жау, ұйықтамасаң, болар қабак,
Тығынын бір тесіктің толтырам деп,
Күнәны үсті-үстіне жүрміз жамап...[4, 144-160 б.].

Мына бір тұста ақын адам құлқынның құлы болмауды, қарынның қамымен жүріп, адамдықтан шықпауды еске салады. Адам баласы көз бен тілден сақ болуды, жаман нәрсені көрумен, айтудан өзін сақтауды үйренуге шақырады. Тіл мен көзіне сақ болған адамда адами құндылықтардың өріс алатынын меңзейді.

Зайырлы қоғам және жоғары руханият бөліміне: Ақын «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады», - дейді. Сонымен қатар, ғалым үш түрлі: нан ғалым, тән ғалым, жан ғалымның сипаттамасын береді. Бұл ойда да ақын білім, ғылымның мәнін кеңінен ашады. Адал еңбек және шығармашылық өмір бойы білім алу мәселесіне үндейді. Шын ғылым, білім болған жерде ғана экономикалық өсім болатынын дәріптейді. Үш ғалым түрін айта отырып, адамды руханиятқа баулиды [3].

Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу бөліміне: «Ақыл деген не нәрсе? Адам деген бір жалаңаш нәрсе. Мінез, ақыл, сөз – киім іспеттес. Осылар көркем болса, жұрт көзіне сүйікті, көрікті көрінеді. Егер мінезі жаман болса, ақылы жоқ болса, сөз ретін білмесе, киімі жаман есепті, жұрт көзіне сүйкімсіз, жексұрын... Олай болса, әркім мінез түзетуді, «Ақыл не нәрсе?» соны тануды, «Сөз деген не нәрсе?» соны білуді, тіршіліктегі керектің ең алды екен деп біліп, соңына түсу керек.

Ақыл деген бір нұр жарықтық. Бұл өзі Құдайдың беруімен болады, не болмаса ісі ілгері басқандарды көріп, солардың қылғанын қылуға тырысса, кері кеткендердің қылығын қылмасқа тырысса, осындай тәжірибемен де табылады. Бұрынғының жақсылары айтқан «Ақылды өзің білмесең, сатып ал» - деп. Ақылды, ғылымды Алла тағала адамзатқа қиған, басқа мақұлық атқа қимаған. Ақылдың ең азы бір тарыдай. Бір пұт ақылы бар жан болады. Онан да көп болса, бола береді.

Бір тарыдай ақыл біреуде бола қалса, ол ақыл иесін қорлыққа бермей, таза сақтауға жарайды. Біреуге біреу ұрысқанда, «Осы шіркіннің тарыдай болса да ақылы жоқ», - деп ұрысады. Малайлықта, лас жұмыста жүргендердің тарыдай ақылы жоқтықтан. Тарыдай ақылы болса, есебін тауып, малайлықтан, лас жұмыстан кетіп, басқа бір кәсіпке кірісіп кетеді...» [3] – дейді, М. Жүсіп.

Осынау бір ойдан білім мен ғылым адамзаттың жақсы өмір сүруіне, пайдалы іс жасауына, қоғаммен бірге дамуына ықпал ететінін жеткізе отырып, адамның бай болуы да, кедей болуы да, жақсы не жаман болуы да тікелей өзіне байланысты екенін дәріптейді. Ақыл не нәрсе, сөз деген не нәрсе соны білуге шақырады.

Жалпыға бірдей еңбек қоғамы бөліміне: Мәшһүр Жүсіп адамның дамуына әсер ететін 4 кедергіні атап өткен: Бірінші, адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін 40 адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші, жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші, ұйқышылық. Үнемі маңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші, қорқақтық. Осы философиялық ойы арқылы ақын «адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек!» - деген ойды айтады. Осы төрт кедергі адамзатты еңбек етуден қашыратынын, жалқаулыққа бастап, өзіне-өзі сенбей, адасатындығын дәріптейді.

Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы бөліміне: Ұлт тілін ұлықтаған, сөз өнері хас шеберінің ой-толғаныстары былайша өріледі: «Жетпіс екі тіл бар, сол жетпіс екі тілдің ішінде араб тілінен асыл тіл жоқ... Онан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді, дін де осында, ғылым мен білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабамыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті, не үшін – ақ жүрек болып, ақ көңіл болғандықтан» [5, 5 б.]. Міне, керемет сөз, керемет ой.

Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіл әлемдік өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы бөліміне: «Ағашсыз жапырақ» өлеңінде:

...Жігіттер, сараңдықты қылма кәсіп,

Болмайды сараң жанға жұмақ (үжмақ) нәсіп.

Болса да өзі тақуа, өзі сопы,

Тозақтан құтылмайды сараң қашып... [4, 203-205 бб.].

Ақын жалпы жастарды соның ішінде жігіттерді сараңдықтан сақтануға шақырады. Сараң адам жұмаққа кірмейді деп ескертеді.

...Халықтың бар жұмысы – қысыр кеңес,

Бұл ісі артқы жасқа пайда емес.

Ағашсыз көк жапырақ шықпағанда,

Өріпсіз қайдан берер ғылым жеміс?! – дей отырып, жастарды алға ұмтылуға, ұлттық құндылықтарды жоғалтпауға, негізінен айырылған адам ұлтқа қызмет ете алмайтынын ескертеді.

Гурьевский уездный отдел народного хозяйства к середине марта развернул ремонт судов, сдал в эксплуатацию мыловаренный завод, овчинную мастерскую. К началу навигации 1920 г. Гурьевское районное управление водного транспорта выпустило из капитального ремонта 6 паровых судов из 7 имеющихся, 9 моторных нефтяных судов, сухогрузные баржи, грузоподъемностью 151 000 пудов, 2 наливные баржи в 3200 пудов, 13 парусных морских рыболовецких шхун [9, с. 56]. Несмотря на то, что на судах не хватало специалистов и технического персонала, Рупвод (районное управление водным транспортом) сумел в короткий срок укомплектовать команды кораблей, подобрав машинистов, матросов, организовав сверхурочные работы, Рупвод добился увеличения производительности ремонтных работ на 50%. Одновременно была проведена реорганизация работы ремонтных мастерских порта. В мастерских увеличилось число токарей. Работа токарного цеха велась в две смены. Для очистки выхода из устья р. Урал в море была налажена работа землечерпальной машины.

Несмотря на огромные трудности, успешно восстанавливался рыбный и тюлений промыслы на Каспии. Урало-Эмбенское управление рыбными и тюленьими промыслами подготовило 28 морских и речных судов. Четырнадцать из них было оборудовано ледниками.

Для лова рыбы из 704 рыболовецких судов было отремонтировано и передано в эксплуатацию рыболовецким объединениям 392. В районе было организовано 24 рыболовецкие артели с 4080 рыбаками. Было подготовлено 10442 сети и невода для лова рыбы. На промыслах было взято на учет 90375 пудов соленой рыбы, 175 475 пудов соли для посола рыбы. С начала путины до мая рыбаки выловили 7128 пудов красной рыбы, 32713 пудов частиковой рыбы и добились 392 пуда икры [9].

По данным Всероссийской переписи 1920 г., по Оренбургской, Кустанайской, Актюбинской, Уральской, Семипалатинской и Букеевской губерниям, вошедшим в состав Казахской республики, было зарегистрировано 6981 промышленное предприятие, имеющее специальное помещения, механические двигатели и применяющие наемную рабочую силу. Ко времени переписи действовало 6418 предприятий с общим числом рабочих – 38336 человек. Но еще не эксплуатировались 563 предприятия. В их число входили в основном крупные механизированные предприятия, восстановление которых требовало значительных материальных средств и квалифицированных кадров [4].

По абсолютному большинству зарегистрированных предприятий первое место занимала Семипалатинская губерния, в которой насчитывалось 3019, или 43,3% общего числа предприятий. На втором месте стояла Оренбургская губерния с 1432 предприятиями, или 20,5%. Наименьшее число промышленных предприятий было в Букеевской губернии – 46, или 0,6% [4].

Баевский Д.А. в своих работах отмечает, что число бездействующих предприятий в Семипалатинской губернии достигало 167, Кустанайской – 129, Оренбургской – 126, Уральской – 78, Актюбинской – 60, Букеевской – 3. Из общего количества действовавших

тогда крупных и мелких предприятий только на 34% из них применялись механические двигатели, в том числе и конные приводы. В Кустанайской губернии их насчитывалось 27,4, Оренбургской – 26,8, а в Букеевской – 1,1% [10, с. 24].

В крайне тяжелом положении в это время находилась топливная промышленность. Для того чтобы пустить в ход заводы и фабрики, развернуть добычу полезных ископаемых, наладить работу железнодорожного транспорта, заставить двигаться корабли, осветить города и обогреть жилища людей, нужно было топливо. Недра Казахстана хранили значительные запасы угля и нефти. Местные советские хозяйственные органы, поднимая рабочих и крестьян на ликвидацию разрухи в народном хозяйстве, много сил и внимания уделяли восстановлению топливной промышленности и, в первую очередь, нефтяной, расположенной в Урало-Эмбенском нефтеносном районе.

13 января 1920 г. Совнарком предложил реввоенсоветам Туркестанского и Кавказского фронтов, 4-й армии, Уральскому областному ревкому организовать вывоз нефти гужевым транспортом из Гурьева на Уральск и Астрахань.

Командованию Туркестанского фронта предписывалось выделить в распоряжение особоуполномоченного Совнаркома С. Громана не менее 400 красноармейцев и 2500 подвод. Всех красноармейцев обеспечить теплой одеждой, обувью, палатками, походными кухнями, кипяtilьниками и продовольствием в размере воинского пайка на все время работы. Обеспечить фуражом лошадей и верблюдов, занятых на перевозке нефти и керосина.

Уральский облревком обязывался провести трудовую мобилизацию населения и ввести гужевую повинность с применением частичной натуральной оплаты за доставленную нефть продуктами и промышленными товарами из специального фонда, высылаемого из Москвы, организовать производство необходимого оборудования для транспорта и сбруи для лошадей и верблюдов в нужном количестве с запасом [10, с. 268].

К весне 1920 г. в город Актюбинск гужевым способом было привезено с Эмбы 16 789 пудов нефти для снабжения промышленности. Нефть вывозилась в различные районы Казахстана.

Организуя вывозы жидкого топлива советские и хозяйственные органы Казахстана уделяли значительное внимание восстановлению промыслов. Был восстановлен нефтеперегонный завод на пристани Ракуша, который переработал 667 858 пудов нефти. Из Гурьева за год перевезли 72, 5 тыс. пудов нефти [2, с. 187].

Таким образом, в годы гражданской войны начинает восстанавливаться народное хозяйство. В Уральской области начали работать мукольные предприятия, консервные, кожевенные заводы. В Гурьеве восстанавливается рыбная промышленность. Начинает налаживаться работа топливной промышленности. В это же время национализируются суконно-шерстяная фабрика, кирпичные, мыловаренные заводы. Всех красноармейцев, работавших на заводах, обеспечили теплой одеждой, обувью, палатками, походными кухнями, кипяtilьниками и продовольствием в размере воинского пайка. Обеспечили фуражом лошадей и верблюдов, занятых на перевозке нефти и керосина.

Литература

1. Отчет Уральского губернского экономического совещания за период с 1. X. 1921 г. по 1.X. 1922 г. Уральск, 1922, с. 8-9.
2. Елагин А.С. Социалистическое строительство в Казахстане в годы гражданской войны (1918-1920 гг.). Алма-Ата. «Наука» КазССР. 1966, с. 307.
3. Государственный архив Западно-Казахстанской области. Ф. 9.-Оп.5.-Д.93.-лл.1-4.
4. ЦГА РК. Ф. 962.-Оп.1.-Д.30А.-лл.14-18.
5. ЦГА РК. Ф. 30.-Оп.1.-Д.6.-лл.31-33.
6. «Яицкая Правда», 1920 г. 22 января, Уральск.-с.3
7. Государственный Архив Актюбинской области. Ф. 517.-Оп.1.-Д.22.-л.2.
8. Государственный архив Западно-Казахстанской области. Ф. 7.-Оп.2.-Д.95.-лл.15-17.

9. Государственный архив Гурьевской области. Ф. 3.-Оп.1.-Д.6.-л.56.

10. Баевский Д.А. Очерки по истории хозяйственного строительства периода гражданской войны. – М., 1957. – 333 с.

Турсунова Б.Ж.
Семей қ. (Қазақстан)

ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУІ: ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

1990 жылдың басында репатрианттардың тарихи отанына оралу мәселесі мемлекеттік биліктің басшылығымен шешіле бастады. Мәселенің күрделілігіне орай, ел үкіметі қазақтардың шетелдерден оралуын біртіндеп жүзеге асыру бағдарламасын мемлекет тарапынан шешуге негіздеді. Осылайша, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, жеке дербес мемлекет болып қалыптасып, өз саясатын жүргізе бастаған алғашқы күннен бастап терең тарихы бар көші-қон мәселелеріне қатысты өз бағытын айқындауға тырысты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Алыстағы ағайынға ақ тілек» деген айдармен, тарихи зобалаңдардың зардабынан төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды жер бетіндегі жалғыз ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды [1]. Ендігі кезекте «Елбасының этникалық қазақ ұлтын өз отанына шақырудың мәні неде?», «Қазақстандық диаспора шығуының тарихи маңызы?» деген сауалдарға кеңінен тарихи түп тамырына ажаратып көрсек. Еліміздің тарихына үңілсек, халқымыздың басына түскен ауыр жағдайлардың аз болмағандығын білеміз. Сондай қиындықтардың әсерінен азып-тозып, елін-жерін тастап бас сауғалап жан-жаққа ауа көшкендері де болған. XVIII—XIX ғасырларда болған жаугершілік пен ұлт-азаттық қозғалыстары, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, азамат соғысы, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қазақ халқының көрші елдерге жаппай қоныс аударуына алып келді. Бұған қоса XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20-жылдарында болған шекара бөлінісі кезінде қазақ халқының бір бөлігі Қазақстаннан бөлініп қалды. Шетелдердегі қазақтардың тұрмысы ауыр болды, көптеген қиыншылықтарды бастарынан өткізді. Қазақстанның тәуелсіздік алуы олардың өшкен үмітін оятты. Шетелдегі қазақтардың бір бөлігі отандас мәртебесін алып, Қазақстанға қайтып оралды, қалғандары тарихи отандарымен әртүрлі деңгейде байланыс орнатты. Қазақстанда және шетелдерде қазақ диаспорасы зерттеле бастады. Міне соның нәтижесінде әлемнің түпкір-түкпірінен тарихи тағдырмен шет елдерге ауа көшкен қазақ диаспорасы тарихи Отанына оралуда. Қазіргі таңда да сол шеттен қоныс аударғысы келетін отандастардың саны көбеймесе азайып отырған жоқ. Миграция және демография агенттігінің мәліметтері бойынша дүниежүзіндегі қазақ ұлтының өкілдері 45 елде шамамен 13 млн. адамды құрайды. Этникалық қазақтардың үштен бірі әртүрлі жағдайларға байланысты Қазақстан тысқары жерлерде өмір сүріп жатыр. Осынша қазақ этностарының өзге елде өмір сүріп жатқандығына жоғарыда көрсеткен тарихи аспектілерден басқа тарихи күнделікті оқиғалармен байланысын қарастырып көрсек: - XVIII-XIX ғасырларда болған жаугершілік пен ұлт-азаттық қозғалыстары, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, азамат соғысы, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қазақ халқының көрші елдерге жаппай қоныс аударуына алып келді (Қытай, Пәкістан, Индия, Түркия, Ауғанстан, Иран, Сауд Арабия, Батыс Еуропа) - Батыс Еуропа елдеріне түрік жұмысшы табының құрамымен миграцияланған. Түркия қазақтары. ТМД құрамындағы

қазақтар, кеңес одағы кезеңінде әскер қатарындағы қызметтерімен жергілікті жерлерінде отырып қалғандар, ұлтаралық некенің әсері, аспирантура мен докторантурада оқуға барудың әсері және т.б. - Қазақстанның шекара сызығындағы келесі Ресей Федерациясы, Түркменстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай елдерімен өмір сүріп жатқан қазақтар. - Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскен (Туркестанский легион) кейіннен АҚШ иммиграцияланған КСРО бұрынғы азаматтары, қазақтар. - Қазақстаннан өзге елдерге оқуға немесе жұмыс істеуге шығып тұрғылықты мекен жайын ауыстырып қалып қойған қазақтар. - Ұлтаралық некенің әсерінен басқа мемлекетте азаматтық алған қазақтар. - Шетелдік отбасылардың бала кезінен асырап алған қазақтар (АҚШ, Батыс Еуропа елдері) [2]. «Диаспора» грекше шашыранды деген мағына беретін сөз. Сонда бұл өз Отанынан басқа елде өмір сүріп жатқандар туралы ұғым береді. Ал ирредента деген сөз өз тарихи отанында өмір сүріп жатқан, бірақ белгілі бір саяси жағдайға байланысты өзге мемлекет құрамында қалып қойған жердегі адамдар туралы түсінік береді. Мәселен, Ресей, Орталық Азия, Қытай құрамына қосылған бұрынғы қазақ жерінде өмір сүретіндерді ирреденталар деп атайды. Енді ирреденттер туралы қарастыралық. «Ирредент» сөзі, грекше – «қайта бірікпеген» деген мағына береді. Диаспора – жоғарыда атап өткеніміздей, миграция нәтижесінде пайда болса, ирреденттер – соғыс, даулы шекара сызықтары немесе отарлау саясаты нәтижесінде қайта бірікпей өз елінің шегінен тыс, тарихи ұлттың шекаралас өлкелерінде қалып қойған бөлшектері болып табылады. Егер Қазақстаннан тыс жерде 4 млн 500 мың адам өмір сүріп жатса, оның 800 мыңы диаспора болып саналады. Ал 3 млн 700 мыңы қазақ ирреденталар болып есептеледі. Яғни, ол көрші елдерге қосылып кеткен қазақ жеріндегі тұрғындар. Ресейдің Астрахан, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың қарамағында қалған Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, т.б.

Моңғол жеріндегі Баян Өлгий аймағы, Өзбекстан құрамында қалған Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл, т.б. жерде өмір сүріп жатқан қазақтар ирреденталар болып табылады [3]. Алайда бұлар да диаспоралардың бір түрі. Егер «оралман» терминіне тоқталатын болсақ, дүниежүзілік практикада бұл термин белгісіз және басқа елдерде қолданылмаған. Қазақстандық тәжірибеде бұл термин «отандастар», «репатрианттар» деген терминдердің баламасы ретінде қолданыла бастады. Жалпы басқа елдердегі этникалық азшылықты құрайтын қандастарымызды «диаспора» деп атаймыз. Ал шекаралық межелеу кезінде көрші Қытай, Монғолия, Ресей, Өзбекстан жерінде қалып қойған этникалық қандастарымызды О. Нечипоренконың терминімен «иридиент» деп атауымызға болатынын көрсетіп өттік. Сонымен оралмандар – Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін басқа елдерде тұрақты тұрып жатқан және Қазақстанға тұрақты өмір сүру мақсатында келген шетелдік, азаматтығы жоқ қазақ ұлтының өкілдері. «Көші-қон туралы» Заңға сәйкес халықаралық «Репатриант» терминін тілімізге икемдеп, «Оралман» атауымен ауыстырған болатын. Осылайша оралман түсінігі алғашқыда шекарадан өтіп, елге оралған қазақ ұлтының өкілдеріне арнайы мәртебе беріп, мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақы, өтемақы сияқты жекелеген жеңілдіктерді алу мақсатында айтылатын уақытша атау болып қарастырылды [4]. Ал оралмандар – шетелдерден өз еліне оралған адамдар. Ел басы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде осы «оралман» деген сөзді қойсақ деген пікір айтқан болатын. Шынында бұл сөз көңілге қонымсыз сөз. Шет елден келгендерге де онша ұнамайды. Сондықтан Елбасының «шет елдегі ағайындарды» «отандастар» деп айтсақ бұл атау біртіндеп өмірге енсе жақсы болар еді деген болатын. Оралман термині жайындағы этникалық репатрианттардың пікірлері: Ең өкінішті жағдай бізді жергілікті қазақтар мойындамайды. Олардың айтуынша, нағыз қазақ емес, оралманбыз. Біз қазақпыз ғой! Бізге жергілікті қазақтардың айтуынша, біздің ата-бабаларымызды қиын-қыстау кезінде отанын тастаған сатқындар ретінде қабылдауы ұнамайды. Бірақ тарихтан қарасақ біз қазақтардың ерте заманғы мекенінде Синьцзянде тұрамыз. Біздің бабаларымыз ешқайда кетпеген өмір бойы сол жерде мекендеген. Ел шекарасын дұрыс бөлмеу салдарынан біз сол өңірде қалып қойғанбыз... Жергілікті қазақтардың қатал мінездері маған ұнамайды...

(20 жаста, студент, Қытайдан келген, СУАР) [5]. «Маған өзі бұл термин ұнамайды. Өйткені бір жерде отырғанда адамдармен араласа сөйлесе келе сенің оралман екендігін білсе болды, бірден саған деген көзқарасы теріс өзгеріп шыға келеді. Менің ойымша, адамды солай атау дұрыс емес. Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан Қазақстанға оралған қазақтарды, қытайлар, өзбектер, қырғыздар деп атап айдар тағып жатыр. Бұл да дұрыс емес. (М., 22 жаста, оралман Қытай, Өскемен). Мен оралман емеспін. Мен өзімді Қазақстан Республикасының азаматымын деп санаймын (Ж., 55 жаста, Өскемен) [6]. Осы жерде Шерхан Мұртазаның айтқан сөзі көңілге қонымды келеді: «Қытай қазағы, Моңғол қазағы, Иран қазағы, Өзбек қазағы деген қазақ жоқ. Жер бетінде бір ғана қазақ бар», - деп өз ойын нақтылап жеткізе білген. Сенатор Адырбековтің айтуынша, «оралман» деген сөз этникалық қазақтарды кемсітіп, олардың жергілікті жұртпен тең өмір сүруіне, ортаға сіңісіп кетуіне кері әсер етеді. Оның үстіне еліміз тәуелсіздік алғалы қолданылып келе жатқан «оралман» термині әбден ескірген. Сондықтан, Икрам Адырбеков «оралманның» орнына «қандас», «отандас» сынды жаңа атауға ауысайық дейді. Осындай түрлі пікірлерде қоғамда әртүрлі талқыға түсіп жатқаны белгілі болғанымен, нақты бір белгіленген атаудың толық енгізілмегенін атап өтуге болады. Ресейде отанға оралған орыстарды «отандастар» дейді. Бізге де «оралман» атауын өзгертетін уақыт жетті. Қазіргі айтылып жүрген қандастар, бауырластар тіркесін ауызекі тілде айтсақ жарасады. Алайда заңдық тұрғыдан бұл сөз «этникалық отандастар» болып айтылуы тиіс, - деп мәселені төтесінен қойған әріптесін сенатор Әділ Ахметов те қолдап: – «Қытайда жүргенде қазақ едік, отанға оралып «қытай» атандық» деген бауырларымыздың өкпе-назын жиі еститін болдық. Сондықтан сырттан келген ағайындарымызды алаламайтын әдемі атау керек-ақ. Рас, «этникалық отандастар» сөзі айтуға шұбалаңқы болғанымен, кейін келе «этникалық» деген тіркес бәрібір тілдік қорымыздан түсіп қалады. Ал «оралманға» қарағанда «отандас» сөзі әлдеқайда жылы естіледі. Ендеше мұны қолдау керек. Бастысы, «отандас» термині арқылы қандастарды кемсіту де, өгейсіту де жойылады, - деген пікірін алға тартты. Әрине бұл жоғарыда көтерілген пікірлер әлі де зерттеулерді қажет ететін, қоғам еншісіндегі мәселелердің бірі болып қалады. Тарихи кезең барысында шет мемлекетке кетіп, бүгінде қазақ диаспорасын құрап отырған ұлт тағдыры қазіргі таңның өзекті мәселелерінің бірі. Елге оралушы азаматтарды қоғамдық ортаға тез бейімделу үшін олармен қарым-қатынасты жақсарту керек және ұлттық жетілудің бір саласы ретінде репатрианттар мәселесіне аса жауапкершілікпен қарау маңызды. Аталған мәселелер тек жоғары жақпен ғана шектеліп қалмай жергілікті халықта оларға қолдау көрсетуі шарт. Репатрианттар қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі болып табылғандықтан және ел экономикасының дамуы мен демографиясын көтеруге үлес қосып отырған Қазақстан азаматтары ретінде елге қоныстанғаннан кейін бейімдеу орталықтарының қызметтерін одан әрі кеңейтіп, халықпен байланысқа тез түсуге жағдай жасау қажет. Себебі мәдениеті де, қоғамдық ортасы да мүлдем жат ортадан қоныс аударып келген азаматтардың жергілікті ортаға бейімделіп кетуі көп уақытты талап ететін іс-әрекет.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниеүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 8 б.
2. Ракишева Б. Казахская диаспора: миграционный потенциал и ожидания от Казахстана // Социальный портрет современного казахстанского общества. – Астана – Алматы, 2015. – 208 с.
3. Қазақ тарихы // http://www.qazaq-alemi.kz/more?id=1123&page_id=45
4. Кемелбаева Л. «Оралман» емес, отандассың, бауырым! // <http://abai.kz/post/1483>
5. Алексеенко А. Надежды и реальность этнической репатриации в Казахстан: // Диаспоры (независимый научный журнал). – Москва, 2014. – 6 с.

6. Поправко И. «Истинные казахи» в пространстве языка, культуры и времени (оралманы и «культурное гражданство») // Диаспоры (независимый научный журнал). – Москва, 2014. – 39 с.

**Шагирбаева Б.К.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деп атап өткен еді [1]. Демек, әлеуметтік-тарихи тәжірибе әрбір жаңа ұрпақ өз халқының өткен тәжірибесін қайта ойлап, ұлттық дамудың мақсаттары мен міндеттерін айқындауымен қатар, оның перспективаларын тұжырымдап, нақты уақытта ұлтқа тән саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени бағдарларды, қазіргі заманғы әлемге сәйкес ұлттық сана-сезімді қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл процесс ұлт тарихының аса күрделі кезеңдерінде қарқынды жүреді. Ұлттық код, яғни сана-сезім ұлт пен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор. Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Бір этносты басқа этностан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың өзгешелігі – бір халықтың жаратылысындағы айрықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шараушылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Яғни, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілтінің бүтін болуы. Қазіргі жаһандану кезеңінде әлемдік сахнадан жойылып кетуден аман қалуын ойлаған әрбір ұлт алдымен өзінің байырғы рухани-тектік қасиеттерін мейлінше жаңғыртып, осы арқылы заманауи ғаламдық бәсекелестікке төтеп бере алу жағын ескергені жөн.

Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды, ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана-сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Яғни, ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды тарап ондағы этностық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы болып табылады. Жеке тұлғаның ұлттық сана-сезіміне өзінің ұлттық қатыстылығы туралы субъектіні таныстыру, өзінің этникалығын позитивті қабылдау, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгіні мен болашағына деген көзқарас, ана тілін меңгерудегі белсенділік, халық мәдениетін зерделеудегі белсенділік, ұлттық мүдделер мен құндылық бағдарларын ұғыну және қабылдау, басқа да этникалық қауымдастықтарға қарым-қатынасты қалыптастыру, оның аумақтық тұтастығын сақтауға дайындық, оның байлығын арттыруға ұмтылу кіреді.

Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.

Құндылық – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның даму барысына бағыт беріп отырады. Құндылықтар әлемі адамдықтың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, рухани мәдениеті. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрліліктің даму деңгейіндегі ұлттық құндылықтың

алатын орны ерекше. Көшпенді халқымыздың өмірі ұлттық құндылықтарға бай. Бұған дәлел – мақал-мәтелдер, жырлар мен аңыздардан құралған, оқиғаларға толы өткен тарихты білдіретін ауыз әдебиеті, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы. Елінің бостандығын, еркін өмірін уағыздаған, мәдениет пен өркениет жолына түсуіне үн қосқан ақын-жыраулардың, ағартушылар мен зиялылардың пікір, пайымдаулары ұмытылмайды. Олардың қазақ ұлттық құндылықтарына қосқан үлесі ұшан теңіз.

Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы және т.б. белгілі бір жолмен үйлеседі. Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты менталитет бастапқыда әдеттегі эмоционалды түрге ие болды деп айтуға болады, тек экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана ол көп қырлы дүниетанымдық сипатқа ие болады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың бір бөлігі ретінде ұлттық құндылықтар – құлық пен құндылықтар түрінде оң тәжірибені сақтаушы ұлттың өзін дамыту шарасы болып, индивид пен этнос өмірінің дербес факторы екендігі мәлім. Қоғамдық қатынастардың нақты жұмыс істеуі оның деңгейіне байланысты. Ұлттық және әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар ұлт субъектісінің қоршаған шындыққа деген шығармашылық қатынасын көрсетеді. Адам өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге, белгілі бір этнос өкілі ретінде өзін-өзі дамытуға қабілетті жарқын даралық ретінде жасайды [2].

Қоғамның негізі, болашағы – ұлттық құндылығы ұлттық тәрбиеге тәуелді. Ұлттық тәрбие болмаса, қоғамдық ортада кісілік қалыптаспайды. Кісілігі жоқ қоғам мемлекетке, оның болашағы ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды, бұндай орта тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі уақытқа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтан да өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойында кісілік қасиеттердің орын алуымен көрінеді.

Шығыстың ұлы ойшыл, ғұлама ғалымы әл-Фарабидің: «көзсіз батырлық ерлікке ұқсас, ысырапшылық жомарттыққа ұқсас, әзілқойлық өткір тілдікке ұқсас, жарамсақтық доскерлікке ұқсас, өзін-өзі кемсіту кішіпейілділікке ұқсас, көлгірсу адамдағы адалдыққа ұқсас. Осы шеткеріліктердің ішінде жаратылысымыз бойынша өзіміздің бейімдірек тұратындарымыз бар болғандықтан, біз бұлардан сақтануымыз керек. Қатерлі істің тұсында батылдығымыз жетпей қалушылық, жаратылысымызда өзіміз бейім тұратын сараңдық бұған мысал бола алады. Ал өзіміз неғұрлым бейімдірек тұратын және оның үстіне орташа мөлшерге ұқсас боп тұратын шеткеріліктен одан бетер сақ болуымыз керек. Мысалы, әзілқойлық – әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейім бола бастаймыз. Енді бізге қалғаны бір шеткеріліктен екінші шеткерілікке немесе орташа мөлшерге ауысуды жеңілдету үшін қандай амалдар бар екенін білу. Осы амалды [білмей] тұрып пікір ғана айту, сірә, жеткіліксіз болып шығар» [3], - деген сұңғыла ойы болашақ ұрпақтың жадысына ұлттық құндылығымызды қадап бекітуді, сананы жаңғырта тәрбие беруді көздейді. Сондықтан да, келешек ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, болмыс-бітіміне сіндіру мақсат етіледі. Оған дәлел сонау ықылым заманнан келе жатқан аталы сөздерімізді келтірсек болады. Мысалы: «*Ақыл атасы – ақиқат. Тән-жанның, жан-жаратқанның аманаты. Ең жақсы өкімет – ең жақсы азаматтар билік құрған өкімет. Бұл дүниедегі алыптың алыбы – дүниенің өзі. Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ*» (Анақарыс (Анахарсис) б.з.д.Үғ.-ҮІІғ.), «*Рух өлмейді, рух көшеді. Даңқты адамдардың рухына бас иіп, тағзым ету соларға ұқсасам екен деген тілекті оятады. Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ. Қанмен бекітілген достықты жаннан безген жаман бұзады. Көзіңді ойып берсең де, дос көңілін қалдырма*» (Тоқсары (Токсарид), «*Қағаны батыр, ақылгөйі кемеңгер елдің бағы жанады. Ел қамын жеген ер – басшы. Қаған парызы – халқын*

тойдырып, мерейін өсіріп отыру. Түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!» (Тоныкөк), Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ. Біз көктен жаралған, көптің ұлы – түркі жұрты боламыз! Түркіні бұзар – тәтті сөз. Төзімі тозғандар ең шуақты күндерін шарапқа айырбастайды» (Білге қаған), Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. Тағдыр – тәңірі ісі. Көтерген де – тәңірі, ел берген де – тәңірі, Жер-су иесіз болмауы керек. Қаған ел құрар. Түркі халқы жойылмасын, ел болсын! Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда – екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне – Бумын қаған мен Істемі қаған отырған; отырып, түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт. Кетіскеннен кектескен жаман» (Күлтегін) [4]. Бүгінгі ғаламдану үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну қиын емес. Ал мұның бәрі тарих, мәдениет, таным, тіл деген ең негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Әрине, бұлар халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі.

Қорыта келе, Тұңғыш Президентіміз «қазақтар – ұлы өркениеттің мұрагерлері, тарихтың сан-сапалық құз қияларына өзінің ұлттық «мен» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен қатар, еселеп жаңарта білді», - деген аталы сөзі қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдени мұраларының өміршең екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы» // Егемен Қазақстан, 1998, 16 қаңтар
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005
3. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
4. Әл-Фараби. – Алматы, 4-том.
5. Қазақ афоризмдері. (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан-бүгінге дейін) Құрастырушы: Е. Шаймерденұлы. – Алматы: Алматыкітап, 2012. – 320 б.

Абдрахманова А.Е.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЛЕОНАЗМ

Тіл байлығының көрсеткіші, сөздік қордың алтын сандығы, асыл қазынасы – синонимдер. Олар өзіндік белгілеріне қарай топтастырылады. Сөздерді синоним деп тануға сөздің дыбысталуында сәл де болса, тұлғалық өзгешелік болуы қажет; сонымен қатар сөздер бір ғана ұғымды білдіруі және сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс деген белгілер негіз болады. Сондай-ақ бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келуі және мәнмәтінде бірін-бірі алмастырған жағдайда, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы синонимдердің қосымша белгілерін көрсетеді.

Синоним сөздердің түбірлері әртүрлі болғанымен, беретін мағыналары жағынан мәнмен болып келеді. Көп жағдайда оларды өзара алмастыруға да болады, бірақ әрдайым бұлай бола бермейді. Қалай болғанда да, мағыналық жақындық көзге түсіп тұрады. Мысалы: *Әркім өз арманын, қиялын іске асыруға тырысады* деген сөйлемде *арман* және *қиял* деген сөздердің мағыналық жуықтастығы дау туғызбауы тиіс. Сонымен қатар *биік – жоғары, алыс – қашық, күмән – шүбә* сияқты мәнмен сөздер тілімізде молынан кездеседі.

Синонимдер дегеніміз – әртүрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер [1]. Яғни, сөздер бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, олар синоним деп танылады. Өзара мәнмен сөздерден синонимдік қатар құра алады.

Туған тіліміздің оралымды, көркем әрі бейнелі, кең тынысты тіл екені осы синонимдердің молдығынан байқалады. Синонимдерді зерттеген тіл білімінің майталманы Әсет Болғанбаев синонимдерге тұлғасы өзгеше болғанымен, мағынасы бір-біріне жақын, бірінің орнына бірі қолданыла беретін мәнмен сөздер деген анықтама береді. Олардың қолданылу жағдайларын көрсетіп береді, солардың бірі – плеоназмдық сөз қолданысы. Плеоназм гректің *pleonasmos* сөзінен алынып, *артықшылық, шамадан тыс* деген мағынаны береді. Олар – қабаттасып қатар қолданылып, нәтижесінде бір мағынаны білдіріп, қалыптасып кеткен екі немесе үш сөз. Синонимдерді жеке қолданғаннан гөрі плеонастикалық тізбек жасап, жұптап қолдану көркем де мәнерлі болып көрінеді. Мәні күштірек, басымырақ болады.

Сәкен Сейфуллин көркем шығармада кейіпкердің сан қилы образын жасау үшін синонимдерді түрлі тәсілмен қолданады.

1. Алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған мәтінде бір рет пайдаланып кеткен сөзін қайталап қолданбас үшін шығармаға ерекше стильдік мән беру тәсілін қолданады: Мәселен: заттық синонимдердің алмасып келуін былайша қолданады:

Өң жоқ, түс жоқ, кепкен, солған, арыған,

Тәндеріңді жастан темір қарыған.

Жанды жанмен асыраған қаһарман

Қарның тойған күн болмаған – жарыған. «Жұмыскерлерге» [2].

Немесе:

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,

Ағашты биік таулы жерлері бар.

Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын

Меймандос, берекелі елдері бар. «Біздің жақта» [2].

ә) сындық синонимдерді қолданады:

Кербезісің маңызданған, сұлу терек!

Орандың желбіреген жасыл желек.

Тұрасың ырғатылып тақаппарсың

Басқа ағаш көрінбейді саған серік. «Сұлу терек» [2].

Немесе *«Балқыған, көктегі шыжыған қызыл күн өткір алтын шұғыласын көктем жерге шашыратып, бүркіп ойнап тұрғандай» («Жер қазғандар»).*

Бір сөз шығармада қайталап қолданыла берсе, сөйлер сөз жұтаң тартып, кедейленеді. Синоним сөздер қалай болса, солай ауыстырылмайды, кезектестіріліп қолданылады. Кез келген жазушы шығарма жазып, сөйлем құрауда сөздердің мән-мағынасына терең үңіліп, үйлесіміне қарай салмақтайды. Осы тұста Сәкен Сейфуллин өзінің мақсатты ойына ең сай келеді деген қолайлы сөзді таңдап алады. Әртүрлі дыбысталатын сөздерді алмастыру арқылы жазушылар сөйлер сөзді түрлендіреді, ойын анықтайды, көріктендіреді.

2. Сәкен Сейфуллин синонимдерді белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақтан сипаттап көрсету үшін жұмсайды. Сондықтан мән-мағына сөздер мағына жағынан ыңғайласып, қарсы қойылып, салыстырылып та айтыла береді. Мысалы:

Жасыл шөбің

Жұмсақ көгің

Жібек емей немене? «Отарба» [2].

Синонимдерді қолданудың бірінші тәсілі мен екінші тәсілі мақсатты жағынан ғана болмаса, бір мән-мәтінде келіп, алма-кезек ауысып тұруы жағынан ұқсастығы бірдей десе де болады.

3. Сәкен Сейфуллин белгілі бір ұғымды толық әр тұстан қамтып сипаттап көрсету үшін мән-мағына сөздердің бір сыңарын жеткіліксіз етіп, екі кейде үш-төртеуін топтап қатарынан, бірінен соң бірін қолданады. Мысалы:

а) оның шығармаларында заттық синонимдердің екеуінің қатар келуі кездеседі.

Мысалы:

Сөйледі кептер барлық сыр зарлығын,

Сұңқардың жомарттығын, мырзалығын.

Кез болып, қара орманда достық қылған,

Үш ерге жан-тәнімен ырзалығын. «Көкшетау» [2].

ә) заттық синонимдердің үшеуін қатар келтіру арқылы қолданады. Мысалы:

Сұп-сүйір бейне найза шың, құз, биік

Төбесі кейде тұрар бұлтқа тиіп.

Қарасаң етегінен шың басына,

Тақияң жерге түсер тұрған киіп. «Көкшетау» [2].

б) сындық синонимдердің екеуін қатар келтіру арқылы қолданады. Мысалы:

Бұл жазғандар малы кемді

Қорлағандар теңсінбей,

Жуас, момын ең бекшіні

Құл қылғандар менсінбей. «Қара арбада» [2].

в) етістік синонимдердің екеуінің қатар келуін қолданады. Мысалы: *Айша мүдіріп, кібіртіктеп қалды. Тәжім етіп, сәлем ет, Үлкен үйге кірерде (С. Сейфуллин).*

г) басқа сөз таптарындағы синонимдерді қатарластырып қолданады. Қатар қолданылған синонимдер тобы бір-біріне ерекше мән беріп, бірінің мағынасын – екіншісі, екіншісі үшіншісін толықтырып тұрады. Біріндегі кемшілік мағыналық, көркемдік реңктер басқасынан көрініс табады. Мысалы: *«Сөйтіп, зарлап, жылап, қашып жүріп, ақыры ол байғұс дордақ Ахметтен құтылады ғой. Байғұс өзін ұстап берген төркініне қашады. Төркіні жаны ашыса, әуелде оны бармаймын деп отырғанда, жылатып, зарлатып, ұстап малға сатып жібермес еді ғой», – дейді Айша ішінен («Айша»).* Бұл мысалда *зарлап, жылап* сөздері бір-біріне синоним ретінде қатарластырыла қолданылған.

Сыршыл да отаншыл ақын Сәкен Сейфуллин «Біздің жақта» өлеңінде меймандос, берекелі халқы бар туған жерінің әсем табиғатын, думанды, шалқар көлдерін суреттеуден бастайды да, әрі қарай сол елдің ер палуан, аңшы-мерген, әнші, сал-серілерін, жігіттері мен ару қыздарын сипаттайды. Осы тұста ақын плеонастикалық тізбектерді немесе плеоназмды өте ұтымды қолданады. Мысалы, *тал шыбық, шекер бал, ер жігіт, еркін бейбіт, жас өрім* [2]. Ал «Көкшетау» поэмасынан бірнеше мысалдар келтірсек: *кербез сұлу, есен-сау, көк желек, сырласып сыбырласу, тамсанып таңырқану, айдын шалқар, самал жел, әуел баста*, т.б.

Ақын өлеңдерінен мұндай тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Бұл тіркестердің алдыңғысы соңғысының мағынасын күшейтіп, анықтап, экспрессивті-эмоционалдық мәні жағынан ерекше қызмет атқарып тұр.

Қорыта келгенде, сөз логикалық дәлдігімен, ойлаған ойдың реңкін өз бояуымен нақты көрсетсе ғана мәнерлілік сипатқа ие болады. Сәкен Сейфуллин тілдегі синонимдерді өз орнымен үйлестіріп жұмсай білген. Сол арқылы өз ойын дәлме-дәл мәнді де мағыналы жеткізе алған.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 264 б.
2. Сәкен Сейфуллин. Өлеңдер жинағы.– Алматы, 2003

Алиева А.М., Убайдуллаева Г.Ж.
г. Нур-Султан (Қазақстан)

ДИСКУРС-АНАЛИЗ КАК ОСНОВНОЙ МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ ПЕРСОНАЛЬНОГО БРЕНДИНГА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

Сегодня персональный брендинг больше не является ареной только лишь для политиков, бизнес-лидеров и общественных деятелей. На данный момент не секрет, что селф-брендинг стал доступным для каждого. В связи с этим социальные сети играют важную роль в качестве площадки для продвижения и позволяют создавать огромное количество способов самобрендинга. С течением времени развитие и изменения в данной сфере были поразительными, поскольку постоянно появляются все новые способы развития своего бренда в социальных сетях.

Персональный брендинг рассматривается как вопрос, требующий проведения исследования в различных странах и культурах для отслеживания возможных вариаций в зависимости от общества [1]. С. Валлас и Е. Камминс (2015) исследовали «корпоративную культуру» на основе интервью с сотрудниками и соискателями путем анализа деловой литературы с 1980 год по 2010 год. В своем исследовании они описывают эволюцию дискурса персонального брендинга.

Корни персонального брендинга уходят в 90-е годы прошлого столетия, когда он рассматривался в основном с точки зрения рынка труда. Основное внимание было уделено тому, как персональный брендинг может помочь людям получить работу и обеспечить их привлекательность на рынке. С тех пор концепция эволюционировала в сторону «Предприимчивого Я», которое подчеркивает сильную связь между компанией и ее сотрудником. «Предприимчивое Я» содержит идею о том, что сотрудник и его бренд должны быть использованы для нужд компании [1]. Революция в социальных сетях придала совершенно новый смысл концепции персонального бренда, поскольку контроль и власть перешли от профессионалов к отдельным людям [2].

Особый интерес данной статьи заключается в изучении дискурса персонального брендинга в контексте социальных медиа. Согласно Т. Смит, социальные и пользовательские технологии изменили отношение общества к содержанию и информации и одновременно породили новый вид экономики и возможностей для исследовательских целей. Развитие социальных медиа оказало свое влияние на научное сообщество и сделало просторечие и разговорный язык доступным для использования в исследовательских целях [3]. В целом, это исследование фокусируется на том, что на самом деле означает «личность» в современном обществе, где ее конструирование происходит в социальных сетях под влиянием миллионов других людей. Наблюдается огромный скачок по сравнению с 80-ми годами, когда социальное «я» формировалось главным образом под влиянием небольших социальных групп и институтов, таких как семья, школа. Концепция и перспектива аутентичности помогают исследователю понять, что означает прозрачность личности в контексте социальных медиа, и задуматься о том, существует ли аутентичность личности в социальных сетях.

Наиболее приемлемым и подходящим методом исследования явления селф-брендинга в социальных сетях является анализ с использованием качественных методов. Качественное исследование представляет собой интерпретированную точку зрения, где предмет исследования рассматривается в его естественной обстановке, связанной с ситуацией, временем и местом. Качественное исследование – это создание смысла. Интерпретации явлений основаны на тех значениях, которые люди придают им [4]. Методы качественного переосмысления основаны на конструктивистском мышлении, которое в качестве термина используется в социальной науке с начала 60-х гг. В конструктивизме интерес представляет социальная реальность. Вместо того, чтобы рассматривать реальность как данность, конструктивистское мышление определяет мир как активно создаваемый его участниками. Интерес заключается в процессах, в которых строится социальная реальность. Идет поиск ответов на вопрос, как строится социальная реальность. Более того, вопрос заключается в поиске того, «что является важным?», ведь он помогает исследователю анализировать скрытые реальности: что остается недосказанным? [5].

По нашему мнению, дискурс-анализ является базовым методом исследования конструирования персонального брендинга. В соответствии с D. Eskola и D. Suoranta (2008), основное внимание уделяется тому, как значения реальности производятся в таких социальных практиках, как речь или текст. Дискурс-анализ отражает социальный конструктивизм, который предполагает, что реальность всегда социально структурирована. Ситуация и контекст влияют на поведение и речь людей. Аналогично то, что люди говорят или как они себя ведут, также влияет на текущую ситуацию и реальность. Это означает, что речь никогда не может быть извлечена из ситуации [6].

Социальный конструктивизм предполагает, что научные факты изобретаются, а не обнаруживаются. Это означает, что научный факт всегда зависит от выбора исследователя. Результаты исследований и сам процесс исследования всегда привязаны к ситуации и контексту. Проще говоря, в другом контексте результаты исследований и реальность могут быть абсолютно другими.

В дискурс-анализе обоснование интерпретаций, сделанных исследователем, является сложной задачей, поскольку они могут быть обоснованы только через материал, к которому чаще всего только исследователь имеет достаточный доступ. Интерес заключается не в явлении, стоящем за текстом или речью, а в самом тексте: в его структуре, употреблении и функциях. Например, к чему стремится определенная речь? [6]. Функциональность дискурса имеет три формы. Первая – это представление, которое описывает, как обстоят дела. Вторая – это идентичность, которая описывает, кто мы есть. Третий вопрос касается того, как были организованы лингвистические и другие ресурсы [7].

В области лидерских и организационных исследований дискурсы часто понимаются как устоявшиеся речевые практики, помогающие выстроить рассматриваемое явление – в данном случае личный бренд. Основное внимание уделяется тому, как говорится о явлениях, которые формируются языковым действием. Язык производит действие, и по этой причине не имеет значения, каким образом обсуждаются явления [7].

В дискурс-анализе ограниченность материала не создает проблемы. Напротив, ограничение материала может быть даже разумным для обеспечения надежных исследовательских результатов. Дискурс-анализ предпочитает сбор готовых исследовательских данных, чтобы можно было устранить влияние исследователя на них [6]. Это целесообразно в том случае, когда, например, используя данные Instagram, исследователь знает, что данные существовали еще до начала исследования. Однако, он делает собственный отбор материала, что неизбежно влияет на процесс исследования и конечный результат.

В данной статье проанализированы следующие риторические и языковые средства, которые могут быть использованы для построения личного бренда: числовые и рациональные обоснования [8], действие и игра [9], авторитет и догматизм [10], а также идентификация и символизм [11].

Согласно М. Battersby (2003), числовая информация является традиционной тактикой убеждения. Числовые доказательства часто считаются хорошей и рациональной причиной для убеждений и суждений. Оно и редко подвергаются сомнению. В худшем случае цифры могут создать иллюзорную уверенность, если они не будут тщательно представлены и объяснены или если они не будут должным образом поняты и оценены аудиторией.

Z. Paracharissi (2012) изучил представления человеком себя в Twitter с помощью дискурс и контент-анализа и обнаружил, что создание личного бренда и образа себя в Twitter во многом напоминает перформативность, театр и игру. Вместо того чтобы создавать иерархию между актером и зрителем, игра была доминирующей перформативной стратегией, которая включала такие тактики, как импровизация, инновационное переупорядочение грамматики, символизм, инновационное правописание, юмор и иронию в сочетании с провокацией. Игривость состояла в том, чтобы перестроить нормы выражения и пойти против того, что можно было бы ожидать в обычных разговорных условиях, например, делая аффективные заявления с хэштегами.

Практика игривости была также связана с переупорядочением синтаксических и грамматических норм.

H. Ristikangas (2015) объясняет, как авторитет может быть использован в качестве риторического средства, ссылаясь на более высокую позицию, чтобы оправдать свой собственный аргумент или повысить эффективность своего влияния через суждение. Здесь под высшей властью может пониматься другое лицо, организация, учреждение, политическая или религиозная группа, а также собственный опыт или мнение общественности. Обращение к собственному авторитету, с другой стороны, означает обретение авторитета, основанного на собственном знании и опыте. Догматизм – это видение знания или морали как данности. Информация и «истины» принимаются как должное, и они не подвергаются сомнению или критике. Догматизм, таким образом, является средством укрепления авторитета.

Согласно R. Parmentier (2015), символ существует, когда сообщество говорящих соглашается с диапазоном его семантического значения как символа. Это определяет то, как символические коды социально разделяются и конструируются, а также передаются исторически (Parmentier 2015). Идентификация – это процесс, посредством которого значения символов передаются от одного человека к другому. В конкретных терминах идентификация – это отождествление человека с характеристикой другого человека. В контексте дискурсивного анализа и риторики интерес представляет не только

идентификация, но и мотивы и стремления, побуждающие людей влиять и убеждать друг друга посредством идентификации.

В заключение стоит сказать, что, учитывая множественность аудиторий, намеренное формирование идентичности можно рассматривать как средство решения проблемы, которую влечет за собой работа с несколькими аудиториями в социальных сетях. Человек, который знает, как разные аудитории воспринимают его или ее, имеет возможность принимать обдуманное и стратегическое решение относительно того, как представить себя различным читателям. Более того, перформативность и игра, посредством которых люди строят свой личный бренд, связаны с интенциональностью. Z. Papacharissi (2012, 1992) описывает, как информационно-коммуникационные технологии и социальные медиа породили множество различных и конкурирующих личностей бытия. Перформативность – это попытка понять и объединить эти личности в связное цельное повествование, которое затем представляется аудитории. Постоянная саморефлексия и самоконтроль стали предпочтительными стратегиями в построении личного бренда (Papacharissi 2012, 1992).

Литература

1. Vallas S. & Cummins E. 2015. Personal Branding and Identity Norms in the Popular Business Press: Enterprise Culture in an Age of Precarity. *Organization Studies*. 36(3). P. 293-319
2. Smith T. 2009. The social media revolution. *International Journal of Market Research*. 51 (4). P. 559-561.
3. Breur T. 2011. Data analysis across various media: Data fusion, direct marketing, clickstream data and social media. *Journal of Direct, Data and Digital Marketing Practice*. 13, 95–105.
4. Denzin N. & Lincoln Y. *Handbook of qualitative research*. California: Thousand Oaks. 2000.
5. Holstein J. & Gubrium J. *Handbook of Constructionist Research*. New York: Guilford Press. 2008.
6. Eskola J. & Suoranta J. 2008. *Johdatus laadulliseen tutkimukseen*. Tampere: Vastapaino.
7. Pynnönen A. 2013. *Diskurssi analyysi: Tapatutkia, tulkita ja ollakriittinen*. Jyväskylän yliopiston kauppakorkeakoulu, Working Paper N:o 379.
8. Battersby M. *The Rhetoric of Numbers: Statistical Inference as Argumentation*. OSSA Conference Archive. 5. University of Windsor. 2003.
9. Papacharissi Z. Without You, I'm Nothing: Performances of the Self on Twitter. *International Journal of Communication*, 6, 1989–2006. 2012.
10. Ristikangas H. *Kriisiuutisoinnin retoriset valinnat: Tarkastelussaneljänsuomalaisten organisaatiokriisin verkkouutiset*. Master's thesis, Faculty of Philosophy, University of Vaasa. 2015.
11. Parmentier R. Representation, Symbol and Semiosis: Signs of a Scholarly Collaboration. *Signs and Society*. 3(1), 2015. – P. 1-7. 1-7.

«УМОЛЧАНИЕ» В МЕСТОИМЕННОМ ПРЕДСТАВЛЕНИИ

Исследование языковых картин мира привело к выявлению в них семантических доминант, которые «...представляют собой фундаментальные идеи, характеризующиеся частотностью, разнообразием форм реализации в отдельном языке, а также пониженной степенью коммуникативной осознаваемости» [1]. Осмысление семантических доминант, изучение средств их реализации в языке позволяет приблизиться к пониманию особенностей национальной ментальности, национального характера. Среди фундаментальных смыслов, формирующих семантический универсум русского языка: «неагентивность» или «неконтролируемость», «эмоциональность», «иррациональность», «моральная страстность», рассматривают и категорию неопределенности. Сошлемся на мнение В.В. Колесова, который называет неопределенность высказывания среди характерных особенностей русского языка, отражающих ментальные признаки сознания: «что повышает степень уклончивости и размытости русской мысли, которая как бы скользит по яркости образа и пугливо сторонится определенности понятия. Сказать до конца ясно – прямо – значит открыться до времени и тем самым обезоружить себя...» [2, с. 27].

Н.Д. Арутюнова также отмечает возрастание удельного веса категорий безличности и неопределенности в ходе развития русского языка, но обращает внимание на то, что они использовались «для обозначения действий, обычно осуществляемых человеком сознательно и под контролем воли...». «Не язык навязывает их говорящим, а говорящие навязывают их языку» [3, с. 794]. По ее наблюдениям, язык развивается одновременно в двух противоположных направлениях: одно из них определено стремлением к максимально полному и точному выражению истины, другое – желанием ее утаить, отстранить от себя, или прикрыть лицо маской правдоподобия» [3, с. 546].

Е.В. Падучева, назвав категорию неопределенности семантической доминантой русского языка, характеризует ее как «хорошо разработанную» по сравнению с другими языками, а показатели ее, по словам Е.В. Падучевой, «образуют разветвленную систему, позволяющую просто выражать тонкие смысловые различия, в других языках не выразимые» [4].

Явление смысловой неопределенности, являющееся и специфической особенностью информационно-коммуникативной среды, демонстрирует медийные тексты, в которых избираемый способ оформления информации, определенный или неопределенный, задается «целью коммуникации в массмедиа – информирующим воздействием». В ряде ситуаций неидентифицированная форма языкового выражения с отчетливо непроявленным смыслом оказывается более предпочтительной, чем точные формулировки с большой степенью определенности.

Среди «разветвленных», по выражению Е.В. Падучевой, показателей неопределенности», относящихся к разноуровневым языковым средствам, наиболее востребованными в русском языке оказываются неопределенные местоимения, широко используемые в медийном дискурсе.

Наблюдение за функционированием неопределенных местоимений в современных медиатекстах заставляет вспомнить замечание Е.В. Падучевой о том, что «будучи навязано говорящему языковой картиной мира, значение неопределенности не всегда должно приниматься за чистую монету» [4]. Действительно интенциональность медийного текста приводит к тому, что это значение местоимений реализуется в комплексе с другими смыслами, при этом инвариантная семантика неопределенности далеко не всегда является преобладающей. Сошлемся на мнение Н.Д. Арутюновой о семантике неопределенных местоимений: «НМ – это своего рода пунктир, знаки молчания

5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. – 352 б.
6. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 106 б. Екінші басылым.
7. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
8. Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй: Роман. Заманай мен Аманай: Повестер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 624 б.

**Райнбекова Г.С., Муслимбекова З.Т.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

АҢЫЗДАРДАҒЫ ХАНДАР БЕЙНЕСІНІҢ ТАНЫЛУЫ

Аңыз әңгімелер – бір жағынан, әдеби мұра болса, екінші жағынан, тарихи мәні бар мұра. Өйткені аңыз әңгімелер тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді, халықтың тарихқа қатысын, көзқарасын танытады. Маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым-қатынасын көрсетеді.

Шыңғыс хан – талантты әскери қолбасшы, әлем мәдениеті мен өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан қоғам қайраткері.

«Шыңғыс әулетінің алғашқы төрт ханы» кітабы авторының айтуынша, Шыңғыс хан «терең ойлы, асқан ақылды адам болған. Соғыста айта қаларлықтай тез қимылдайтын». Қытай авторын «Жылнамалар жинағының» авторы, парсы тарихшысы қостайды. «Шыңғыс хан, - деп жазады ол, «төтенше батыл, жүректі адам еді, соншалық ақылды, дарынды, алды-артын кең ойлайтын кемеңгер болатын»

Баяғыда, Темучиннің әл қуатты империяны билеймін деу ойына да келмеген жас кезінде далалықтар оның бойындағы күш, кеңдік, айла мен ақылды аңғарып еді. Ол жайлы: «Темучин деген астындағы атын түсіп беріп, жалғыз жейдесін шешіп беретін жігіт» деген сөз шыға бастаған. Жомарттығы мен дарындылығы арқасында атағы жалпақ елге таралып, ел оны жақсы көріп мақтайтын еді» [1, 97].

Шыңғыс хан ақылы мен күш-қуаты ғана емес, сондай-ақ, өктем мінез-құлқы және айрықша мақсаткерлігімен ерекшеленетін. Алға қойылған әлдебір мақсатының орындалуы оны тоқтата алмайтын, ол үнемі басқа да биік мақсатқа ұмтылатын. Шыңғыс хан өзіне қандай мақсат қойды? Оның алдына қойылған мақсаты тым үлкен еді. Ол Моңғол елімен шектелмей, дүние жүзін бір алып империяға бағындырып, әлем халықтарына бейбіт, тыныш әрі жақсы өмір сүру мүмкіндігін алып беруге ұмтылған еді. Шыңғыс хан өзінің соңғы сөзінде: «Өмір сүрген қамшының сабындай аз уақытымда адамзаттың мыңжылдық тыныштығын ойлап, қолыма қару алдым. Осы мақсатымнан ғажайып мол қуат алып, ұлы

қолды жігерлендіріп, қолбасшылардың жан жүрегін иемденіп, рухына рух қосып соғысқа кіруші едім» - деген екен.

Шыңғыс хан – ұлы далалықтардан бастап бүкіл әлемді заңдық құқықта өмір сүруге, заңмен өзін қорғауға үйреткен қайраткер. Қоғамда өмір сүріп отырған адам атты пендеге әділеттілікті заңмен ұстатқан тұлға.

Шыңғыс хан ұлы далада темірдей тәртіп орнатуды басты мақсат еткен. Монғолияны біріктіріп, іргесі берік мемлекет құрған соң ол өзінің әскери талантын сыртқы жауларға қарсы пайдаланды. Себебі, тумысынан табиғи әскери қолбасшы болды. Табиғат оған осындай дарын берген. Оның ұйымдастырушылық қасиеті Қытай, Шүршіт, Қидандармен соғысы кезінде көзге түсті. Ол дұшпандарының адалдығын да, шыншылдығын да жоғары бағалай білді [2, 6].

Шыңғыс хан әлем билеушісі бола тұра, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, тауып сөйлеген жүйелі сөзге тоқтаған, «тура сөзде туған жоқ» деп бұра тартып сөйлеуді жаратпаған, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»деп тілге, сөзге еркіндік берген. Дана Шыңғыс төрт ұлына былай деп өсиет етті:

«Асқар таудың асуын көзде,
Алып теңіздің өткелін ізде!
Алыс екен деп қорықпа,
Жүрсең жетерсің.
Ауыр екен деп қамықпа!
Ілсең көтересің.

Азық шайнар тісің ауызыңда,
Адам шайнар тісің ақылыңда.

Тәңін мықты болса, бірді жеңерсің,

Жаның мықты болса, мыңды жеңерсің!. және де інілері мен балаларына өсиет етіп: «Атар тұстан, батар тұсқа дейін, көк тәңірге, жер жаһанға түгел мәлім болған қағанат билігіне тұтқа болар – інілер, ұлдар туып, елді ел етер қауым көбейіп, бүкіл билікке қазық, үлкен елдікке арқан болыңдар!»- дейді.

Мен өзім қазық болып, билік тұтқасын берік еттім. Арқан секілді болып, бүкіл елді билеп қанаттандым. Інілерім, ұлдарым менің, сіздер тек тамырларыңды сақтап, қанағат үшін жұмылып, жігерлеріңді арнаңдар! Қалың қауым, сіздер өз бастарыңызды ұмытып, ұлыс үшін әркез мәслихат қылып тұрыңыздар. Білім-ғылымды игерген адам тапсаңыз, өздеріңнен алыстатпандар. Егер, білімді адам тауып ап, оны сыйлап, асыл қасиеттерін ала білсеңдер, оның шапағаты сізге көп болады. Көк тәңірінің қолдауымен, бүкіл билікті мінсіз құрдым мен. Сіздер, балаларым менің қалың қауымым, менің азаппен біткен билік – тағымды қорғап, орнатқан елімді қоршап қолдаңдар! Осы аманатты орындамасаңдар, бәрі де бүлінеді. Орнатқан қиын, оны қорғау одан кем емес қиын. Осы айтқанымды зерделеріңе сақтап ұғу үшін, мені әр кез еске алыңдар. Ұлы шабытпен ойлана біліңдер!» - деген еді.

Шежіреден алынған осы үзінділерден байқағанымыздай, Шыңғыс хан дана адам болған. Өзінің ел басқару ісінде қаншама адамды өзіне тірек еткен. Қандай істі болмасын кеңесіп, ақылдасып шешкен.

Шыңғыс хан – ақылды адам, әрі алысты болжайтын саясаткер болғандықтан, қолөнершілерді, суретшілер мен ғалымдарды бағалай білді.

Балалары мен бауырларына да айтар өсиеті осындай: білім - ғылымды игерген адамдарды ақылшы ет, билік тұтқасын берік ұста, ашуға баспа, ақылға сал, халықтан биікпін деме, халықпен санас, ата салтын ардақта, елдің бірлігін сақта.

Шыңғыс хан Құйылдыр шешеннен: «Жанды дүниеде арымайтын арғымақ бола ма? Жеткізбейтін жүйрік бола ма?» - деп сұрайды. Сонда Құйылдыр шешен:

«Арқардан арғымақ өтпейді,
Өз мініңді өзің түзеп жүрсең,
Саған шешен жетпейді», - деген екен.

Құйылдыр шешен Шыңғыс ханның бағасын дұрыс берген.

Шыңғыс хан – өз кезінің дүлдүл шешені болған адам.

Қазақ хандығы тарихындағы жетекші тұлға – Жәнібек, Керей, Қасым, Әбілқайыр, Абылай, Тәуке, Кенесары.

Қазақ хандығының ел тәртібін реттейтін, кейін Қасым ханның қасқа жолы» аталған тұңғыш әдет-ғұрып заңын енгізуші – Қасым хан.

Қ. Жалайыри еңбегінде қазақ хандығының ірге тасын көтерушілердің бірі Жәнібектің ұлдары екенін айта келіп, солардың ішінде елге белгілі ұлдарының бірі деп Қасым ханды атайды.

Тарихи зерттеулер Жәнібектің тоғыз ұлының ішінде хандық билікке қол жеткізгені Қасым хан екендігі, оның мерейі үстем болғандығын жазады.

Орта ғасырлық тарихшылар Қасымның өз заманында ақылмен, ел билеуде аса беделді болғаны жөнінде көп жазады. Мәселен, «Қазір бүкіл Дешті-Қыпшақ билігі Қасым ханға көшкен» - деп Махмұд бен Уәли Қасымханның көрегендігін, саясаткерлігін көрсетсе, «Жошы ханнан кейін атақ пен даңқты Қасым хан иеленді» дей келе, М.Х. Дулати тіпті оның халқының саны көбейгенін дерек етеді.

Қасым хан таққа отырысымен, оның үстемділігі өте күшті болды. Дешті Қыпшақты түгелімен бағындырғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім мұндай билікке қол жеткізген емес. Қасым хан біраз жерлерді бағындырды, сондықтан мәлім, мәшһүр болды.

Қасым ханның сұлтандық кезеңіндегі өмірі Қазақ хандығының күшеюінің алғашқы дәуірі мен оның Сыр бойындағы жерлер үшін жүргізген күрес үстінде өткен. Хандықтың күшеюі процесіндегі оқиғаларға Қасым хан белсене араласып, үлкен роль атқарды.

Қасымхан заманы алғашқы заң, бітімі, жоралғылардың негізін қалыптастырумен ерекшеленеді.

Қазақ тарихындағы айтулы хандардың бірі Абылай хан екендігі айтпаса да түсінікті. Ол алмағайып дәуірде өмір сүрсе де қазақ хандығының өркендеп өсе түсуіне бір кісідей үлес қосқан тұлға. Абылай хан жайында жазылған аңыз-әпсаналармен қатар тарихы шындық деректер де көп.

Абылай хан – қазақ ұлтының ұлы тұлғасы, аты-аңызға айналған айбынды ханы. Абылайдың қызметіне әр кезеңде әртүрлі баға беріліп келеді. Ел аңыздарында ол қысылғанда қол басқарған батыр, қиналғанда ел басқарған көсем, шаршы топта ел басқарған шешен, елі үшін еңіреген ер, қазақ халқының басын қосуға арнаған дана хан.

Абылайдың хан ретінде асқан даңқын сипаттай келе Шоқан: «Қазақтың бірде бір ханы Абылайдай шексіз билікке ие болған емес», - деп жазады [3, 2].

XVII-XVIII ғасырдың ұзына бойында жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үздіксіз көз алартып, тынымсыз қанды жорықтар жасап, бейбіт елдің берекесін кетірген. Халық әдебиетінде ең мейірімсіз тілсіз жау ретінде қалмақтар аталатыны да осыдан. Қалмақтар қастандығы арылмас дерттей ұзаққа созылғандығы соншалық ерте заманда арпалысқан өзге жаулардың аттары ұмыт болып, тыюсыз тажал бейнесінде озбыр ойраттар ғана қалған. Зорлыққа, астамдыққа еті үйренген, бұрын ешкімнен беті қайтпаған ата жау Абылай заманында жеңіліс тауып, елдің көптен күткен бейбітшілік дәуірге қолы жеткені шынында да тарихымыздағы аса нұрлы, мәртебелі кезең еді. Бұл жөнінде аса беделді ғалымдар өздерінің әділ бағасын берген. Орыстың атақты ғұламасы академик В.Бартольд «XVIII ғасырдағы ең күшті хан Абылай болды», - деп жазған.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде қазақ халқы ынтымақ-бірліктің керегін түсінді. «Дауға барсаң бірін бар, жауға барсаң бәрің бар» деген мәтел сол бір кезде айтылса керек. Топ ішінен суырылып сөйлейтін, көпті бастар билер, ту ұстар батырлар, сол тарихи кезеңде айбынды елдің айдынды азаматын іздеді, ал ол болса «Жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу», «Қалың елдің арын», «Жау-дұшпанның кәрі», «Ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі» болуы шарт еді. Дәл осындай ел тілегінен шыққан елдің елеусіз, халықтың қалаусыз жасынан жетім қалып, үйсін Төле бидің түйесін баққан Әбілмансұр (Абылай) болды.

Абылай 30-ға жетпей алғыр, жігерлі, қайрат-қуатымен ел билігіне араласты. Абылай бір қолымен досыңмын деп күміс қынабы бар қылыш беріп, екінші қолымен аяусыз сілтейтіндерді көріп, бірінші – ел бірлігін, екінші – қарулы күш болу керектігін түсінді. Төле, Қазыбек, Әйтеке Бұқар жырау – оның ақылшылары, оның ақ туын ұстаушы Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батыр сияқты қолбасшылары болды.

Біз XVIII ғасырды әдебиетіміздің алтын ғасыры деп бағалайтын болсақ, онда сол кезеңнің алтын шаңырағы деп Бұқарды айтқан болар едік. Өйткені Бұқар – бүкіл сол дәуірдің тарихи шындығы мен әлеуметтік мәселелерінің жыршысы бола білді. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Жыраудың Абылай ханға айтқан мына сөзі:

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда

Әншейін-ақ ұл едің.

Он бес жасқа келгенде

Арқада Әбілмәмбет төренің

Түйесін баққан құл едің,

Абылай атың жоқ еді,

Сабалақ атпен жүр едің.

Оны да көрген жерім бар.

Жиырма беске келгенде,

Бақыт берді басыңа,

Тақыт берді астыңа.

Отыз жасқа келгенде,

Дүниеге кең едің [4, 48].

Жыраудың осы толғауы адамның ішкі жан дүниесін еріксіз тербейді, ханның қарсы алдында тұрып, оның кеше кім болғанын, қаймықпай жырлайды. Тіпті, Сабалақ деген атпен түйе баққанын да, әншейін-ақ екінші бірі болғанын да айтып салады. Абылай қазақтың үш жүзіне де әмірлік жүргізгенін байқауға болады. Осы орайда Бұқарға қандай риза болсаңыз, хан басымен осындай зілбатпан сөзді көтерген Абылайға да сүйсінесіз.

Абылайдың екінші замандасы әйгілі Үмбетай жырау да оның ерлік істерін санамалай келіп:

«Сол ерлікпен хан болдың,

Әлем асқан жан болдың,

Барша әлемге даң болдың...»,- деп оның өзінің асқан ерлігі мен батырлығының арқасында бүкіл қазаққа аты шыққан әмірші болғандығын тағы бір қырынан дәлелдеп өтеді.

Абылай туралы жыр-аңыздар – бірін-бірі толықтырып отыратын тұтас көркем дүние. Болашақ билеушінің қарапайым халық ортасынан өсіп, тәрбие алуы – қалың бұқараға деген қайырымы мен қамқорлығы мол, құрметті ерекше билеушіні армандаған халық қиялының жемісі.

Аңыз-әңгімелердің көбінде белгілі бір оқиғалардың дәл суреті болмағанымен, жаңғырығы жатады. Әуел басты нақтылығы негізден тараған әңгімелер жамағатшылықтың «ой елегінен» өтіп барып, бас-аяғы бүтін шығармаға айналады.

Халықтың көкейіне қонған, қауымға ғибрат болуға жарарлық деген әңгімелер ғана екшеліп сақталатыны табиғи заңдылық. Сондықтан Абылай хан атына қатысты ауызша тараған сөздерді айтылған әңгіменің көшірмесі деп қарамай, көптің «сынынан» өткен нұсқасы деп есептеу керек. Олардың қанша уақыт өтсе де, ұмытылмай келуінің себебі осында.

Абылай айтқан төрелік сөз немесе билер ауызынан шыққан тапқыр шешендік лебіздер ауыз әдебиетінің аса қызғылықты мұрасына айналған. Мұнда шындыққа бергісіз қиял да аралас жүреді. Сондай әңгімелердің бірқатары Абылай хан мен қазақ билерінің ара қатынасы мәселесіне соғып отырады. Бұл аңыздардан қазақ ханының мықтылығы да, әлсіздігі де қарауындағы тайпалардың көсемдеріне қаншалықты ықпалын жүргізе алғандығына байланысты болғанын байқаймыз.

Абылай Орда тіккен орта жүз руларының басшылары өздерінің «салмағын» жақсы білгенге ұқсайды. Олар ру мүдесіне немесе намысына қайшы келетін істерге барса, айбынды ханның өзіне тікелей қарсы шығудан тайсалмаған. Өйткені шоғыр қонған шаһары маңайында тұрақты әскері бұзақыларды салып қоятын зынданы жоқ қазақ хандығының қайраты қоғамдағы күштердің ара салмағын әрдайым зерек бақылап, жақсыларды жиып, телі-тентекті тыйып, әділдік таразысын берік ұстап отыруына қатысты еді. Өзара өкпелесе, тарыдай шашырап, бір-бірінен аулақ жүруге тырысатын дала елінің мінез-құлқын жете білгендерге ғана уысындағы елді кейде айбарымен, кейде айламен ұстаған. Ру намысы қозып, лаулаған ауылдарда жалаң күш қолдану пайдасыз екенін түсінген хандар қажет жерінде «шегіне де» білген. Сондай шегіністер көп жағдайда әлсіздіктің емес, келешекті ойлаған кемеңгерліктің де белгісі еді. Осы жағдайларды жақсы біліп отырған халық әулие тұтқан ханы – Абылайдың өз басы қаншама рет шырғалаңға түскеніне дейін қалдырмай әңгімелейді, ханның небір қиын сәттерде жол тауып кеткеніне сүйсінеді.

Аңыз-әңгімелер хандар бейнесін жан-жақты ашуға, қарапайым халықпен қарым-қатынасын ашуға септігін тигізеді. Хандардың шын даналығы да, бытыраңқы елді ұлы мақсат жолында біріктіріп, беделді батырлар мен билердің әрқайсысымен тіл тауып, солардың қайраты мен қабілетін орнымен бағалай білгендігі деуге болады. Халық тарихи қаһармандардан ауыз әдебиетінің қаһарманын жасаған. Халық ерекше даңққа бөленген, басшы деп таныған, хан деп бас иген, сүйген тұлғасы жайында қашан да алыс-жақынға аңыз таратып, жыр-дастан қалдырып отырғандығы белгілі.

Аңыздың басты мақсаты – хан мен қарашаның бір-біріне құрметін, жарасымдылығын, халықтың тұтастығын үлгі ету.

Әдебиеттер

1. С.И. Тұрсынов Шыңғыс хан және оның ұрпақтары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 152 б.
2. Қ. Сартқожаұлы Шыңғыс ханның мазары табылды // Жаңа Сарыарқа. №2, 2009
3. Абылай – қазақ халқының айбыны // Жас алаш, №34. 2000, 18 наурыз.
4. Бес ғасыр жырлайды. I том, 1984. – 255 б.

АНИМАЛИСТИЧЕСКИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРЕМЫ КАК НАЦИОНАЛЬНЫЕ МАРКЁРЫ

В последние десятилетия, в связи с активизацией межкультурной коммуникации в глобализованном мире, стала особенно очевидной необходимость изучения неродного языка в теснейшей связи с культурой говорящего на нем народа.

Каждый естественный язык отражает определенный способ восприятия и устройства мира, или «языковую картину мира». Совокупность представлений о мире, заключенных в значении разных слов и выражений данного языка, складывается в некую единую систему взглядов, или предписаний и навязывается в качестве обязательной всем носителям языка [1, с. 38]. Формируется мир говорящих на данном языке – языковая картина мира предстает как совокупность знаний о мире, запечатленных в лексике, фразеологии и грамматике того или иного языка.

Ю.Д. Апресян замечает, что «свойственный языку способ концептуализации действительности (взгляд на мир) отчасти универсален, отчасти национально специфичен, так что носители разных языков могут видеть мир немного по-разному, через призму своих языков» [1, с. 39].

В процессе межкультурного общения национально-специфические особенности взаимодействующих культур могут создавать коммуникативные помехи: контактируя с «чужой» культурой реципиент интуитивно воспринимает ее через призму своей культуры.

В.В. Воробьев вводит понятие «лингвокультуремы» – основной единицы лингвокультурологического анализа, определяя ее как «диалектическое единство лингвистического и экстралингвистического (понятийного и предметного) содержания» [2, с. 44-48]. Лингвокультурема, в отличие от собственно языковых единиц, имеет более сложную структуру: план содержания такого знака дробится на языковое значение и культурно-понятийный компонент как внеязыковое содержание лингвокультуремы. Лингвокультурема обладает коннотативными смыслами и «живет до тех пор, пока живет идеологический контекст, ее породивший» [2, с. 52].

В теории межкультурной коммуникации признается, что в ходе интеркультурного диалога представители разных лингвокультур нередко оспаривают чужие когнитивные и эмотивно-аксиологические позиции и установки, защищают свою «точку зрения», предпринимают попытку совместить свое и чужое, исходя из недооценки чужого и переоценки своего. Знаменательно, что именно этномаркированные языковые единицы – лингвокультуремы – выступают вербальными маркерами в языковой картине мира, именно они содержат ценностные фрагменты культуры того или иного народа.

В центре нашего внимания находится анималистическая лексика и фразеология; нас интересует, как она бытует в языковом сознании личности, как она проявляет в языке и дискурсе национально-культурную семантику. Названия животных в большинстве языков мира используются для образной характеристики человека. С помощью зоонимов люди высмеивают глупость, упрямство, лицемерие, дурные привычки и другие моральные и интеллектуальные изъяны человека, вызывающие осуждение. Возникая на основе образного представления о том или ином животном, они наиболее ярко и непосредственно отражают национальную самобытность языка через систему оценочных образов-эталонов, характерных для данной лингвокультурной общности.

Вполне объяснимы те экстралингвистические причины, по которым возможно использование имен животных для характеристики людей: из живых существ только животные, подобно человеку, обладают собственными повадками, каждому из них присущ особый, замеченный человеком способ существования и тип поведения, рассказы о чем передаются из поколения в поколение. Но для лингвиста существеннее тот факт, что

названия одних и тех же животных в разных языках подразумевают нередко совершенно различные качества, характеризуют людей по разным, иногда даже прямо противоположным признакам.

Известно, что лингвокультурема как вербальный маркер национальной картины мира может быть представлена и отдельным словом, и более крупной по объему единицей, то есть принадлежать нескольким семиотическим системам, лингвокультурема воплощается и в мифах, и в поговорках, и во фразеологизмах.

Как пример рассмотрим лингвокультурему «волк». Она содержит в себе представление древних славян о грабителе, убийце, резне, то есть мифологему «*волк-разбойник*», которая накладывает отпечаток на метафору «*волк зарезал*». Неизменность разбойничьих привычек волка нашла отражение в поговорках «*Волк каждый год линяет, но обычая не меняет*», «*Сколько волка ни корми, он все в лес смотрит*», а затем закрепились во фразеологической единице «*волчья хватка*». Волк представляется в сравнении вечно голодным «*голодный как волк*» и рождает определение «*волчий аппетит*». Латинская поговорка *Ното homini lupus est* имеет эквивалент в русском языке «*Человек человеку волк*» и означает характеристику крайне эгоистичного человека, употребляется при обсуждении крайне подлых поступков, которые совершает человек по отношению к другому. В славянской мифологической символике волк обычно был тесно связан с нечистой силой, которую отгоняли крестом, молитвой, колокольным звоном.

Совсем иное субъективно-ментальное отношение к «*волку*» находим у тюркских народов. Известно существование тотема *волка* в сознании тюркских народов. Так, тюркские племена считали *волка* своим «хранителем» и «защитником» (*кок борі*). Как пишет Т.Ф. Вахитова, название *кок борі* не было связано с темно-серым окрасом животного, а выражало его принадлежность к синему небу, к высшим небесным силам, присваивая свойства «храбрый», «священный», «сильный». Изображение *волка* на флагах тюркских племен было обязательно. У казахов было много поверий, связанных с *волком*. Так, если путнику встречался *волк*, это считалось хорошей приметой, если в семье после рождения умирали дети, на шею новорожденного ребенка вешали амулет из волчьего клыка. Это должно было способствовать долголетию ребенка, защищало его от сглаза [3, с. 118].

Примером зоонима-лингвокультуремы может послужить и «*лошадь*». В.В. Красных отмечает, что это одно из самых мифологизированных животных. Исследовательница пишет, что подобно многим другим животным, *конь* амбивалентен: связан одновременно и с плодородием, и со смертью. Издревле использовался как основное транспортное животное, в силу чего воплощает связи с потусторонним миром, воспринимается как проводник на тот свет. В сказках *конь* часто выступает не только как атрибут положительного героя, но и как его помощник (например, Сивка-Бурка). Может представлять как вещее животное (легенда о коне Ивана Грозного, павшем в Пскове, после чего царь отказался от расправы над псковичами). Он может нести смерть своему хозяину: змея, выползшая из черепа коня, убивает героя («Повесть временных лет»; «Песнь о Вещем Олеге» А.С. Пушкина). *Конь* может осознаваться и как символ счастья, отсюда и конек на крыше деревянного дома. От прежних магических представлений, связанных с конем и лошадью, сохранилось устойчивое представление о подкове, приносящей счастье, удачу. Стереотипный образ *лошади* и *коня* многогранен. С одной стороны, это грациозное, сильное, свободное и быстрое животное, с длинной гривой и хвостом (отсюда и вид прически «конский хвост»). *Конь (лошадь)* и особенно жеребенок радуется свободе и просторам. С другой стороны, *лошадь* воспринимается как рабочая сила (аналогично волу). *Лошадь (конь)* издает особые звуки «ржание» («*ржать как лошадь*»). У этого животного крупные зубы (отсюда «*лошадиная улыбка*», «*лошадиная физиономия*»). Современные русские могут обращаться к образу этого животного при характеристике: 1) девушки или молодой женщины, крупного телосложения, крепкой и сильной физически («лошадь», «кобыла»); 2) человека, во внешности которого обнаруживается

сходство с чертами лошади («лошадиная физиономия»); 3) человека, в поведении которого проявляется радость от свободы движения (чаще обращение к образу жеребенка).

В современном русском языке существует целый ряд слов и выражений, связанных с образом лошади, коня, например: *быть на коне, въезжать / въехать на белом коне, жеребец, лошадиная доза, лошадиная сила, (старая) кляча, темная лошадка* (см. об этом: [4, с. 15-16]).

Для носителя русского языка «лошадь» – животное, ассоциирующееся с большим, тяжелым трудом в поле и на подворье, у русских было в традиции запрягать *лошадь* в упряжку, перевозить тяжести на *лошадях*. Именно по этой причине образ *лошади* в русском национальном сознании ассоциируется с трудолюбивым, выносливым, покорно выполняющим тяжелую работу человеком: *работать (пахать) как лошадь, рабочая лошадка, ломовая лошадь*.

Иначе представлен образ лошади в казахском национальном языковом сознании. Т.Ф. Вахитова приводит синонимический ряд *жылкы, ат, тулпар*, который ассоциируется с такими качествами человека, как быстрота, грация, изящество, хорошая порода. У казахов существовала традиция преподносить лошадь в дар молодоженам, особо почитаемым родственникам. Имела место также возрастная градация, в которой есть определение возраста мальчика, выраженное фразеологизмом «*Ат жалын тартып міну*» (букв, взбираться на лошадь, ухватившись за ее гриву) в значении «повзрослеть, возмужать» [3, с. 119].

У казахов не было традиции запрягать *лошадь* в упряжку, *лошадь*, как правило, была свидетельством достатка семьи и предметом гордости хозяина. *Лошадь* берегли, за ней ухаживали, тем более что, когда она участвовала в национальных скачках (*байга, кокпар* и др.), там оценивались не только ее сила, скорость и выносливость, но и внешний вид. Т.В. Вахитова приводит паремиологическое высказывание из «Казахско-русского фразеологического словаря с этимологическими пояснениями»: «*Ат онері білінбес бейгеге тусіп жарыспай*», что означает: «не узнаешь красоту лошади, пока не начнется байга», «*Ат кулагында ойнау*» – «владеет высоким искусством наездника», «*лихо джигитовать*». Зооморфизм *лошадь* выступает в следующих образных сравнениях: *аттай шабу, тулпардай ушу* - передвигаться быстро, грациозно, как *лошадь*.

Тот факт, что в казахском языке *лошадь* – символ свободы, красоты и грации нашел отражение в геральдике суверенного Казахстана: на гербе республики изображена лошадь с крыльями, которые служат дополнением символа свободы: «*атадамнын канаты*» – «*лошадь – крылья человека*» [3, с. 119].

Таким образом, учет анималистических маркеров этнических стереотипов позволяет осуществить отбор методических приемов в содержании обучения русскому языку как неродному, с учетом этнопсихологических факторов обучаемых.

Литература

1. Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания// Вопросы языкознания, 1995, №1. – С. 37-67.
2. Воробьев В.В. Лингвокультурология. – М.: Издательство РУДН, 2008. – 340 с.
3. Вахитова Т.Ф. Лакуны как маркер национальной картины мира русского и казахского языков// Перевод и сопоставительная лингвистика. - 2016, Выпуск № 12. – С.117-120 Электронный ресурс. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/lakuny-kak-marker-natsionalnoy-kartiny-mira-russkogo-i-kazahskogo-yazykov>
4. Красных В.В. Коды и эталоны культуры (приглашение к разговору)// Язык, сознание, коммуникация. – М.: МАКС Пресс, 2001. – Вып. 19. – С. 5 – 19.

АЛАШ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТІЛ МЕҢГЕРТУДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМЫ

Қоғамдық ғылымдар ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесі кеш қолға алынып, осы сала бойынша еңбектер кейіннен жазылды. XX ғасыр бас кезінде шыққан әдістемелік нұсқаулықтар оқытудың әдістемелік жүйесіне арналмады. Мысалы, сол кезеңдегі «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» секілді алғашқы қазақ тілді басылымдарда жарық көрген мақалаларда қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмыстарындағы кемшіліктер мен мектептердің жетіспеушілігі жөнінде айтылды. Жалпы оқыту әдістемесіне қатысты арнайы жеке жинақ немесе кітап жарыққа шыққан жоқ, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тек мақала көлемінде ғана шектеліп отырды. Ал XX ғасырдың оныншы жылдарынан бастап оқулықтарда мұғалімге көмекші құрал ретінде оқытудың әдістемелік тәсілдері қосымша беріле бастады. Осы кезеңде шыққан еңбектердің қатарында «Қазақша букварь» (Нұрбаев, Уфа, 1910), «Әліфбе яки төте оқу» (И. Арабаев, Х. Сәрсекеев, Уфа, 1911), «Қазақша ең жаңа әліппе» (М. Малдыбаев, Қазан, 1912), «Қазақша ең жаңа әліппе» (Ж. Андамасов, Уфа, 1912), «Қазақ балаларына жәрдем. Қазақша әліппе кітабы» (Ғ. Сырғалин Қазан, 1913), «Үлкендер үшін әліппе» (Жиюшылар: Ш. Сарыбаев, Е. Қожантаев, Ташкент, 1921), Т. Шонанұлының «Жаңа әліппе», «Орысша қазақ тілін үйреткіш», «Кеспе әліпби», Н. Төрәқұловтың «Үлкендер үшін жаңа әліппе», Ә. Байділдин мен Ғ. Мүсірепов бірігіп жазған «Қызыл әскер әліппесі» сынды оқу құралдарын атауға болады.

Ы. Алтынсарин негізін қалаған оқулық жазу мәселесін XX ғасыр басында алаш қайраткерлері жалғастырды. Ғасыр басында қазақ ағартушылары А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Т. Шонанұлы, Е. Омарұлы, Қ. Жұбанов, Ш. Сарыбаев, С. Жиенбаевтар қазақ тілі мәселесімен белсене айналысып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасып-дамуына үлес қосты.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін игі бастамаларға толы болды. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін арттырып, басын біріктірген, қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік шаралар, көтерілістер мен толқулар баспасөз ісінің дамуы мен халықтың жаппай сауаттануға ұмтылуы, алаш қайраткерлерінің атқа мінуі – отандық тарихтың қилы кезеңіне тиесілі айтулы оқиғалар. Ресейде 1917 жылы үкіметті шаруалар мен жұмысшылар қолға алғанына, билікке большевиктердің келгеніне алаш қайраткерлері үлкен сақтықпен қарады. Қ. Кемеңгерұлы да Қазан төңкерісін қуанышпен қарсы алмады. Ол осы уақытта Қызылжар қаласынан шығатын өзі редакторлық еткен «Жас азамат» газетінде «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген саяси-әлеуметтік тақырыптағы мақаласын жариялады. Онда Ресейде большевиктердің билікке келіп жатқанына өкініш танытып, қазақ жерінде ондайға жол берілмеу керектігіне шақырды.

Алайда тарихтың шешімі алаш қайраткерлері армандағандай болмады. Жаңа қалыптасқан жағдайда алаш оқығандары жұмыла жұмыс істеуге, бір-біріне одан да мықты ниеттес болуға, жан-жақты қолдау көрсетуге, қазақ мүддесін қорғайтын ғылыми, шығармашылық еңбектерін жариялауға, баспасөз, кітап шығару ісі арқылы халық жүрегіндегі ұлттық сана-сезімнің отын өшірмеуге тырысты.

Қ. Кемеңгерұлының Омбыдан Ташкент қаласына қоныс аударуында да үлкен мән бар еді. Билікке большевиктер үкіметі түгел қол жеткізгеннен кейін Қ. Кемеңгерұлы ұлтына адал қызмет істеуді жалғастырды. Аз уақыт саясат сахнасында болған қайраткер өзінің бар күш-жігерін енді таза шығармашылыққа арнады. Оның жемісі ретінде айналасы он жылдың аясында ғылым мен әдебиеттің сан саласы бойынша бағасы жоғары құнды дүниелерді өмірге әкелді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1923 жылы 22 қарашада «Тіл туралы декрет» қабылданып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы – ХХ ғасыр басындағы ұлттық маңызы жоғары үлкен шара. Осыдан кейін мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама жанданды. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ тілінің қоғамдағы орнына байланысты зиялы қауымның алдында мынадай үлкен міндеттер тұрды:

- қазақ тілінде оқулықтар шығару;

- мектептерге арналған пәндік кітаптар болмағандықтан оқу орындарын қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету;

- қазақ тілінде дәріс беретін мұғалімдерді дайындау;

- орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту [1, 3 б.] шаралары жүргізіле бастады. Қазақ тілінің заңды тұрғыдан мемлекеттік мәртебе алуы оқыту саласына да өз ықпалын тигізбей қоймады. Оқу орындары үшін жаңа оқулықтар жазып, жаңа бағдарламалар құрастыру қажет болды. Оқу орындарында, мекемелерде қазақ тілін оқыту үшін арнайы бағдарламалар жасалып, оқу құралдары жазылып, сағаттар бөлінді.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында басты мәселе жаппай халықты сауаттандыру болды. Осы мәселені іске асыруда алаш оқығандары А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, Е. Омарұлы, М. Дулатұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, Х. Досмұхаммедұлы, Қ. Жұбанұлы, Қ. Басымұлы еңбек етті. Алаш қайраткерлері бұл жылдарда ұлттық мектептердің ашылуына септігін тигізіп, қазақ тілінің өркендетуге күш салды. Олардың ұлттық мектептер жайлы ой-пікірлері мен қазақ тілін оқытуға қатысты ғылыми тұжырымдары әдістеме теориясының дамуына ықпал етті. ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары қазақ мектептерінде қазақ тілінің оқытылуына қаншалық мән берсе, қазақ тілінің орыс тілді мектептерде оқытылуына да соншалық назар қойды. Қазақ оқығандары қазақ тілінің ұлт мектептері мен орыс мектептерінде оқытылуына көңіл бөліп, қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар жазды. Олар мектептерде қазақ тілін оқытуға байланысты оқулықтармен бірге орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәні үшін оқулықтар жазды.

Ы. Алтынсариннен бастау алған оқулық жазу әдістемесін теориялық, практикалық жақтан дамытқан А. Байтұрсынұлы болды. А. Байтұрсынұлының оқулықтары – орта мектепке қазақ тілін оқытуға арналған алғашқы еңбектер. Ал Т. Шонанұлының «Әліппе», «Жаңа арна», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» еңбектері сол қоғамның қажеттілігін өтеді. Қ. Кемеңгерұлының оқулығы сол заманда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуге арналған бірден-бір құнды еңбек болды. Ғалым Ташкент қаласында әскери училищеде қазақ тілінен сабақ бере жүріп, тәжірибе мен теориялық білімін байланыстырды. Нәтижесінде екі бөлімнен тұратын «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» еңбегін жазды. Қ. Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» қазақ тілін аптасына он екі сағат оқитын әскер мектебіне арналды.

А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» оқулықтары қазақ мектептері үшін жазылса, Қ. Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін әзірленді. Оның «Оқу құралы» сол заманда маңызды қызмет атқарып, өзге ұлт өкілдеріне арналған оқулықтардың бастауы болды. Өкінішке орай, қоғамдағы саяси ахуалдың орын алуына байланысты Қ. Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» біраз жылдар бойы жарыққа шығарылмай, көпшілік қауым назарынан тыс қалды.

А. Байтұрсынұлы – қазақ ғылымының әдебиет, тіл, әдістеме салаларынан өнімді еңбек қалдырған ғалым. Оның «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» сынды оқулықтары өз заманының озық еңбектері болып табылады. Бұл оқулықтарды

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытудың, үйретудің нақты әдістемелік нұсқаулығымен бірге ұсынған. Тілші-ғалымның «Тіл – құралдың» бірінші кітабы бір жылдық 1914 жылы, екінші кітабы екінші жылдық 1915 жылы Орынборда, «Тіл – құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) 1925 жылы, «Тіл – құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері) еңбектері қазақ тілінің грамматикасы мәселелерін қамтыған.

Ғалым «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары» еңбектерінде оқытудың әдістемелік ерекшелігін баяндайды. «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы – жалпылау әдіс» мақалаларында әдістің түрлеріне тоқталады. Әдіскер-ұстаз жалқылау, айырыңқы әдіс, жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиылыңқы әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын да тұңғыш қолданысқа енгізген. Ол осы үйрету әдістерінің ішінде жалпылау әдісінің ескісі екендігін айтады [2, 371 б.]. А. Байтұрсынұлы «тұтас сөз» әдісін әр жұрт өз тілінің, емлесінің ыңғайына қарай әртүрлі тұтынып отырғанын сөз етеді. Америкада жазуға үйретуі оқуға үйрету сияқты әріптен басталмай, бүтін сөздің жазуынан басталатындығын, жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынатындығын да көрсетеді. Ғалым: «Жалқылау әдісінің шыққан жері – Франция, ал жалқылау әдісін қуаттаушылардың бірі Гедике», – дейді [2, 364-365 б.]. А. Байтұрсынұлы әдіскерлер Гедикенің, Жакотонның әдіс-тәсілдерін сипаттап, талдаса, Қ.Кемеңгерұлы «Жат тілді оқыту мақаласында» шетел әдіскерлері Ганчина, Кестере, Фриденберг, Мамуналардың әдістері туралы сөз қозғайды.

А. Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» мақаласында сол кездегі мектептер жайынан біраз мәліметтер береді. Мектептерге ең қажетті деген нәрселерге тоқталып өтеді: «Ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы ... Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгіленген программа» [3, 269 б.]. Осы пікірге Қ. Кемеңгерұлы: «Мектеп қай тілде болу керек?» мақаласында: «... мектепті көздеген мақсатқа жеткізу үшін үйі, құралы, сайманы, кітабы, оқытушысы сай болу керек», – деген ой қосады [4, 178-179 б.]. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы мен Қ. Кемеңгерұлы сауатты да білімді ұрпақтың қалыптасып шығуы үшін білімді оқытушы болуы керектігін, оқытудың жолдарының белгілі бір әдістемелік жүйеге сүйенуін, оқытудың әдіс-тәсілдері айқын болуы керектігін айтып отыр.

Ағартушылар А. Байтұрсынұлы мен Қ. Кемеңгерұлы баспасөз беттерінде ХХ ғасыр басындағы ауыл мектептерінің жайын: талаптарға сай еместігін, оқу-білімге қажетті құралдардың тапшылығын, білім беретін оқытушылардың көбі «басқа қызметтерге қолы жете алмаған, не жарай алмағандар, не шалағайлар, не өз шаруасымен байланыстылар» [4, 179 б.] екенін айтып сынайды. А. Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» мақаласында: «Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлықтай емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз», – десе [3, 266 б.], Қ. Кемеңгерұлы «Мектеп қай тілде болу керек» мақаласында: «Қазіргі ауыл мектептерінің төрт түлігі сай деп ешкім айта алмайды. Бірі болса, бірі жоқ. Осы күнде ауыл мектептерінде комплекс (жиынды) әдіспен оқыту программаға кіргендіктен, мектепте алдымен керегі оқытушы болып отыр. Оқытушы жеткілікті біліммен комплексті қолданса, мектептің басқа кем-кетіктерін толтырады. Балаларға керекті білім береді. Өйткені комплекске керек жаратылыс, шаруашылық жағдайлары ауылдан табылады. Ал енді ауыл мектептеріндегі оқытушыларды алсақ, комплекс әдісін жүргізе алатындары некен-саяқ», – деп ашық айтады [4, 179 б.].

Ж. Аймауытұлы – әдістеме ғылымына үлес қосып, педагогика, психология салаларында құнды ғылыми зерттеу еңбектер жазған жан-жақты білгір ғалым. Ғалымның «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» сынды еңбектері өз заманында жоғары бағаланған. Ж. Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде балаға білімді жүйелі меңгертудің жолдарын сөз етеді. Автор: «Баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімге тез жету шарттарын көрсететін педагогика бөлімі – дидактика», – деп [5, 297 б.], дидактикаға қазақ тілінде тұңғыш ғылыми анықтама берген. Ж. Аймауытұлы «Хат таныту әдістері», «Ана

тілін қалай оқыту керек» мақалаларында еуропалық әдістердің озық үлгілерін пайдалану қажеттігіне назар аударады.

XX ғасыр басы – «әдіс», «әдістеме» терминдері қолданысқа еніп, әдістеме ғылымы дами түскен кезең. Ж. Аймауытұлы әдіс туралы ұғымды төмендегіше түсіндіреді: «Әрбір үйретудің мүддесі: шәкірттерді болмыспен әбден таныстыру, дұрыс, анық, ұғым туғызу үшін ұғымсыз деректерді жақсылап түсіндіру. Жаңа болмыс, жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару. Үйрету әдістері дұрыс қолданғанда ғана соңғы мүдде орынға келеді» [5, 323 б.]. Ж. Аймауытұлы білім беруде әдістерді дұрыс тандап қолданудың дұрыстығын айтады. Дұрыс тандап алған әдіс арқылы оқытуда берілген білім нәтижелі болатыны белгілі. А. Байтұрсынұлы: жалқылау-жалпылау, талдау-жинақтау, салыстыру, дыбыс, ойын, зерттеу сұрақ-жауап, сауаттау т.б. әдістерге түсініктеме берсе [2, 364-372 б.], Ж. Аймауытұлы оқытудың талдау (анализ), ұластыру (синтез), жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, түсіндіру, көрнекілік әдісі деген түрлерін [5, 323-327 б.], Қ. Кемеңгерұлы үйлестіру (синтез), талдау (анализ), аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін [4, 174-178 б.] сипаттайды. Әдіскерлер халықтың сауатын ашуда, қазақ тілін оқытуда, өзге ұлт өкілдеріне (орыстарға) тіл үйретуде жоғарыдағы аталған әдістерді талдап, саралап, тиімдісін өз замандас оқытушыларына қолдануға кеңес береді. Жоғарыда аталған әдістер қазіргі білім беру үдерісінде де ыңғайына қарай пайдаланып, негізге алынып жүр деп айтуға болады. Бұл алаш әдіскерлерінің пікір-көзқарастары мен ой-тұжырымдарының өміршеңдігін аңғартады.

Ж. Аймауытұлы: «Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгерді», – деп [5, 306 б.] ана тілімізді халықтың бүкіл жан дүниесі, болмысы деп санаған. Оның «Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән хас мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн», – деген пікірі [5, 306 б.] өзектілігін жоғалтпайды.

Қазақ ағартушылары сабақты дұрыс ұйымдастырудың жолдарын көрсетіп, тілді оқытуда негізгі көңіл бөлетін мәселелерге тоқталып өтеді. Ж. Аймауытұлы мұғалімнің өзі айтып бергенін қайталап айтқызудың пайдасы аз екенін айтады: «Мұғалімнің айтып бергені сабағын қайта қарап отырғаннан басқа балалардың өз бетімен ойлап табары жоқ қой. Өзі ойлап, өзі істеп таппаған білім жан қуаттарын жетілдіре алмайды», – деп [5, 330 б.] жаттату немесе айтқанды қайталатып сұрау баланың ойлау қабілетін жетілдірмейтінін айтса, Қ. Кемеңгерұлы жат тілді үйретуде құрғақ жаттаумен сөз миға қонбайтынын, ұмытыла беретінін еске салады [4, 176 б.].

XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының бағыты бір, мақсат-міндеті ортақ болды. А. Байтұрсынұлы «Баяншы» әдістемелік еңбегін жазса, М. Жұмабайұлы «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол!» еңбектері арқылы бастауыш мектепте ана тілін оқыту, тіл дамыту әдістемесін жасауға үлес қосты. Ол еңбектерінде бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуға, комплекстік оқыту әдісінің ерекшеліктеріне, баланың сөйлеу тілі, тіл дамыту мәселелеріне, жазба тілді меңгертуге, көрнекіліктермен жұмыс істей білуге тоқталады. Бастауыш сыныптағы балаларға арналған қазақ тілі мен жазу емлесі бойынша үйретілетін жұмыстарды әр жылға топтап жүйелеуде ғалым белгілі бір дидактикалық ұстанымдарды сақтайды. М. Жұмабайұлының ойынша, бастауыш мектеп сауат ашқызып, хат танытуымен бірге болашақ тұлға бойына ана тілінің байлығын бойына сіңіртіп, жан-жақты жетілдірумен ерекшеленуі тиіс. XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ зиялылары А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Жұмабайұлылар осы мәселені алға тартты. А. Байтұрсынұлы: «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей, мұнан былай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фелдшер, адвокат, судья, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек, екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі

оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен матбұғатының мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде, мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы арғы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілдетерлік демеу һәм негіз болуға жарасын», – деп [3, 266-267 б.] бастауыш мектептердің балаға тек сауат ашқызып, оған хат танытып қана қоймай, сонымен бірге олардың болашақ білімінің негізін қалап, ұлттың рухани құндылықтарымен сусындаған дара тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлуін міндеттеді. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының оқу-ағарту мәселесі, қазақ мектептерінің хал-ахуалы, ұлт мектептері, ұлт тағдыры, ұлт мәдениеті жайлы айтқан ой-пікірлері бүгінгі қоғамда да өзекті.

Әдебиеттер

1. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 3-п.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 556 б.
4. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. 1 т. – 320 б.
5. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. 4 т. – 448 б.

**Аренова Г.У., Исина Д.
г. Нур-Султан (Казахстан)**

**АНАЛИЗ ПЕРЕВОДА ЛЕКСИЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ С
АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ
ДЖОРДЖА Р.Р. МАРТИНА «ИГРА ПРЕСТОЛОВ»**

Для начала стоит определить само понятие перевода, и для этого отлично подходит определение Бархударова Л.С. «Переводом называется процесс преобразования речевого произведения на одном языке в речевое произведение на другом языке при сохранении неизменного плана содержания, то есть значения» [1, с. 11]. Перевод является важным вспомогательным средством, обеспечивающим выполнение языком его коммуникативной функции. Он играет большую роль в обмене мыслями между разными народами и является средством распространения мировой культуры.

На протяжении столетий исследователи, занимающиеся вопросами переводов, разрабатывали пути для создания более полной передачи информации. Было выпущено множество работ, касающихся перевода. Большое значение перевода для развития просвещения и культуры народов хорошо понимали лучшие умы человечества. Известно, какое внимание переводу уделяли классики марксизма-ленинизма. В своих многочисленных высказываниях о переводе классики марксизма-ленинизма, прежде всего, подчеркивали необходимость глубокого проникновения в содержание переводимого текста, понимания замысла автора и существа употребляемой им терминологии. Неточная или неполная передача содержания оригинала препятствует выполнению общественной функции перевода: сделать мысли автора доступными членам иного языкового коллектива [2, с. 7].

Для достижения адекватности перевода, переводчики прибегают к переводческим трансформациям для того, чтобы текст перевода как можно более точно передавал всю информацию, заключённую в тексте оригинала при соблюдении соответствующих норм переводящего языка. По мнению И. Рецкера, трансформациями являются приемы логического мышления, с помощью которых переводчик раскрывает значение иноязычного слова в контексте и находит ему русское соответствие, не совпадающее со словарным (лексические трансформации) и преобразования структуры предложения в процессе перевода в соответствии с нормами переводящего языка (грамматические трансформации) [3, с. 138].

Лексические трансформации вызываются, главным образом тем, что объём значений лексических единиц исходного и переводящего языков не совпадает. В каждом языке существует круг обычных, установившихся традиционных сочетаний, которые не совпадают с соответствующим кругом сочетаний в другом языке.

В своей работе «Курс перевода» Л.К. Латышев определяет лексические трансформации как «отклонение от словарных соответствий». В лексических системах английского и русского языков наблюдаются несовпадения, которые проявляются в типе смысловой структуры слова. Любое слово, т.е. лексическая единица – это часть лексической системы языка. Этим объясняется своеобразие семантической структуры слов в разных языках. Поэтому суть лексических трансформаций состоит в «замене отдельных лексических единиц (слов и устойчивых словосочетаний) исходного языка (ИЯ) лексическими единицами переводящего языка (ПЯ), которые не являются их словарными эквивалентами, т.е., которые имеют иное значение, нежели передаваемые

ими в переводе единицы исходного языка» [4, с. 176].

Я.И. Рецкер выделяет семь разновидностей лексических трансформаций: 1) дифференциация значений; 2) конкретизация значений; 3) генерализация значений; 4) смысловое развитие; 5) антонимический перевод; 6) целостное преобразование; 7) компенсация потерь в процессе перевода [3, с. 113].

При изучении перевода произведения Дж. Р.Р. Мартина «Игра престолов», выполненного Ю.Р. Соколовой, были найдены примеры применения лексических трансформаций.

Конкретизация

Конкретизация – это замена слова или словосочетания исходного языка с более широким предметно-логическим значением на слово или словосочетание с более узким значением.

«It does that every day about this time» [5, p. 1].

- Ночь каждый день приходит примерно в это же время [6, 7].

Английское местоимение **it** переведено приемом конкретизации как **ночь**.

He had laughed about it afterward [5, p. 2].

Потом, вспоминая первую вылазку, он смеялся [6, с. 8].

При переводе сочетание about it было переведено конкретизацией: вспоминая первую вылазку.

Gared glared at the lordling, the scars around his ear holes flushed red with anger where Maester Aemon had *cut the ears* away [5, p. 4].

Тот гневно глянул на юного лорда, шрамы на месте ушей, там, где мейстер Эймон *срезал обмороженный хрящ*, налились кровью от гнева [6, с. 10].

Здесь мы видим применение конкретизации. Слово **ears** было переведено как обмороженный хрящ, применяя прием конкретизации.

Модуляция – смысловое развитие.

Модуляция считается более сложным приемом, чем конкретизация и генерализация. Модуляция – это замена слова или словосочетания переводческим соответствием, значение которого логически выводится из значения исходной единицы, а значения слов оригинала и перевода связаны логическим причинно-следственным отношением. Сюда относятся различные метафорические и метонимические замены.

«We can make a better pace than this, surely» Royce said when the moon was full risen.

«Not with this horse,» Will said [5, p. 5].

— *Можно бы и прибавить шагу*, — заметил Ройс, когда луна поднялась повыше.

— *Я не уверен*, — отвечал Уилл [6, с. 11].

His heart stopped in his chest [5, p. 7].

Сердце его провалилось в пятки [6, с. 13].

При переводе был использован прием смыслового развития для достижения эквивалентности выражения.

He had taken off Father's face, Bran thought, and *donned the face* of Lord Stark of Winterfell [5, p. 12].

Бран подумал: он снял с себя личину отца и *надел маску*, подобающую лорду Старку, владельцу Винтерфелла [6, с. 17].

Выражение *donned the face* было переведено знакомым для читателя выражением *надел маску*.

Антонимический перевод

Антонимический перевод – замена какого-либо понятия, выраженного в подлиннике, противоположным понятием в переводе с соответствующей перестройкой всего высказывания для сохранения неизменного плана содержания.

«Are you well, Bran?» he asked, *not unkindly* [5, p. 13].

— С тобой все в порядке, Бран? — спросил он, пожалуй, *даже с заботой* [6, с. 19].

Переводчик использует трансформацию – антонимический перевод: конструкция

двойного отрицания английского предложения *not unkindly* заменена в русском предложении даже с заботой.

Целостное преобразование двойного отрицания

Прием целостного преобразования также является определенной разновидностью смыслового развития. Преобразуется внутренняя форма любого отрезка речевой цепи – от отдельного слова до целого предложения. Причем преобразуется не по элементам, а целостно.

«It wasn't cold enough [5, p. 5]»

- Настоящего холода не было [6, с. 11].

Компенсация

Кейбір адамдар тілді ешқандай курсқа бармай-ақ өмірден үйренеді (американдық ғалым Stephan Krashen айтуынша), ал кейбірі арнайы курстарға келіп үйренеді, немесе мектеп, колледж, университет қабырғаларында тіл сабақтарын алады. Екінші жағдайға байланысты ұйымдастырылатын сабақтар өмірмен тығыз байланысты болуы шарт. Ол мазмұны жағынан да, қолданылатын стратегиялар мен игерілетін дағдылар тұрғысынан да мақсат ретінде белгіленуі тиіс. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тілді бірінші және екінші тіл ретінде оқытуда тілдік дағдылармен оқыту өз жемісін беруде. Эксперименталды бағдарлама бойынша күнде бір тақырыпқа дайындалу мақсаты алға қойылады. Ал 7-8 сыныптар мен 11 сыныптар кіріктірілген оқыту бағдарламасына негізделген және басты меңгертілетін нәрсе дағды болып белгіленіп отыр.

1. Оқушының ана тіліндегі тыңдалым дағдысы дұрыс қалыптасуы тиіс, сонда ғана екінші тілді үйренуі жеңілдей түспек. Оқушы ана тілінде қолданған амалдарын екінші тілді үйренуде де сәтті қолдана алады.

2. Оқушыға өз бетімен оқуға мейлінше көп тапсырмалар берілгені жөн. Мұның негізінде оқушы оқылым дағдыларын емін-еркін қолдануға төселеді.

3. Тыңдалым түрлері оқушының жас ерекшелігіне орай таңдалуы тиіс.

4. Оқылымға таңдалған мәтін оқушыны қызықтыратын тақырыптар болғаны абзал.

5. Қиын мәтіндерді ұсынуда оған жеңіл тапсырмалар құрылады, ал жеңіл мәтіндерге керісінше қиын тапсырмалар құрылады.

6. Тыңдалымға табиғи тілде жазылған дүниелер де кем берілмеуі керек. Эксперттердің айтуынша, жеңілдетілген мәтіндер мен түпнұсқа мәтіндер теңдес деңгейде беріліп отырғаны дұрыс.

7. Тыңдалым сабағын ұйымдастыруда кіріспе жаттығулары (тыңдалым алды тапсырмасы, оқыланып мәтін тақырыбы, онда кездесетін жаңа сөздер т.б.), негізгі жаттығулар (көзделген оқылым дағдысы дамытылады), оқылымнан кейінгі жаттығулар (мәтінді өмірмен байланыстыра талқылау, маңызды бөліктерге назар аударту т.б.) жүйелі қолданылады.

Тіл сабақтарында қолданылатын тыңдалымның түрін интенсивті немесе экстенсивті тыңдалым деп бөліп жүрміз. Экстенсивті тыңдалым бойынша оқушы өзін қызықтырған материалын тыңдайды, сол арқылы тілін жетілдіреді, сөздік қорын молайтады. Оқушының табиғи сөйлеу тілін тыңдау арқылы тілді еркін меңгеруіне септігін тигізеді. Кейбір оқушылар өздігінен тыңдалымға ұмтылмаса, оларға бағыт беріп, арнайы тапсырмалар берген жөн. Сондықтан да интенсивті тыңдалым оқушының тыңдалым дағдысын дамыту бағытында қолданылады. Тыңдалым арқылы тіл үйренушілер өз мұғалімінен басқа адамдардың дауысына, сөйлеу мәнеріне, жылдамдығына үйренеді, сөздерді дұрыс айта білуге, ақыр соңында еркін сөйлеу мүмкіндігіне ие болады. Тыңдалым барысында оқушылар түрлі жанрлық өзгешеліктері бар мәтіндерді тыңдайды, ондағы табиғи тіл қолданысын игереді. Мұндай тыңдалым материалдарының артықшылықтары мен кемшіліктері қатар жүреді. Басты артықшылығы тіл үйренуші тыңдалымның дұрыс ести алмай қалған тұсын қайталап тыңдай алады. Ал негізгі кемшілігіне сыныптың акустикасына байланысты оқушылар тыңдалымды анық ести алмай қалуы мүмкін. Интенсивті тыңдалымды жүзеге асырудың тағы бір түрі – ол тіл үйренушілердің бетпе-бет

таза тіл иесімен кездесуі (мәселен, 10-15 жыл жұмыс істеген ағылшын тілі пәнінің мұғалімінің өзі тыңдалым дағдысы қалыптаспаса кез келген шетелдіктің сөзін ұға алмайды, ал үнемі әдеби-көркем мәтіндерді оқитын болса, бірден қатынасқа түсе алмайды).

Тыңдалымға жазба тілден едәуір ерекшеленіп тұратын сөйлеу тілі таңдалады. Тыңдалым арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын үйренеміз, мағынаны ұғамыз, мазмұнын игеру арқылы білім толықтырамыз. Демек, тыңдалым оқушының сөйлеу тілін түсінуіне ықпал етеді. Тыңдалым барысында оқушы сөйлесім мәтінінің көптеген түрлерімен танысады. Олар: әңгіме, жарнама, ән, нұсқаулық, дәріс, жаңалық т.б. осы аталғандардың барлығының өзіндік тілдік ерекшеліктері бар. Кей жағдайларда жай ғана дыбыстар естіледі. Сонымен қатар, тыңдалым материалдарының жылдамдығы да түрлі болып келеді. Кейбір сөздер анық естілмей, олардың әріптері жұтылып кетеді, интонациялары да контекстке байланысты құбылып тұрады.

Оқушылардың тыңдалым дағдысын дамыту мақсатында да бірнеше стратегиялар қолданылады. Осыған орай, тыңдалым барысында мәтіннің жалпы мазмұнын ұғу, нақты мәліметті табу, детальдарды түсіну, сөйлеушінің ұстанымы мен көзқарасын білу мақсаттары көзделеді. Қорыта айтқанда, тыңдалым дағдысын дамыту арқылы оқушылар мынадай жетістіктерге қол жеткізеді:

- ұқсас дыбыстардың арасындағы ерекшеліктерді байқайды;
- кілт сөздерге назар аударуды үйренеді;
- қарапайым нұсқаулықтарды түсініп, жауап беруге төселеді;
- ақпараттардағы мазмұндық айырмашылықты тани білуге мүмкіндік алады;
- ән сөздерін дұрыс тануға үйренеді;
- қарапайым әңгіменің дамытылуын түсінеді;
- әшейін өтініштер мен сыныптағы нұсқауларды қолданады;
- тыңдалым мәтінінің стилін ажыратады;
- негізгі идеяны таба біледі т.б.

Елбасымыздың жолдауында көрсетілгендей, қазіргі шәкірт ертеңгі күні әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алу ұсынылады. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Сол себепті де ағылшын тілінде жаратылыстану пәндерін оқыту негізінде дарынды оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыта отырып, ақпараттық кеңістігіне ену мүмкіндіктерін кеңейту. Негізгі бағыттары:

- Баланың сөздік қорын кеңейте тілін дамыту;
- Жаңа сөздердің мағыналарын жетік түсіну;
- Синонимдер мен антонимдерді қолдана білу;
- Сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс қолдану;
- Сөзді байланыстырып тыңдалым мен сөйлеуге үйрету;
- Диалог түрінде сөйлей білу.

Қорыта айтқанда, тіл үйрету сабақтарының дағдыға негізделуі – біріншіден, өмірге қажетті стратегияларды меңгертуді көздейді. Екіншіден, пәнаралық жікті болдырмайды, білім толықтыруды жеңілдетеді, оңтайлы әдістерін ұсынады. Оқушы білімін нақты

бағалауға мүмкіндік береді. Сабақтардың әралуандылығын қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың бірыңғай болуының алдын алады, оқушыны біртектес тапсырмамен жалықтырмайды. Өзге пәндермен кіріктірілген сабақ өткізуде әдістемелік тұрғыда орайласып келеді (мәселен, эссе жаздыру).

Әдебиеттер

1. Солташұлы Ы. Заман Талабыкөп тілді болу // Ақиқат. 26 қараша, 2012 ж. – № 11. 14-15 бб.
2. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. – Астана, 2012 ж. 115-120 бб.
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению.
6. Grellet, F. (2006). *Developing Reading Skills*. Cambridge: Cambridge University Press.
7. Harmer J. (2007). *English language teaching*. England: Longmen

**Оштанова М.С., Нұрғали А.М.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [1].

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сай, оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы-оқытудағы Кембридждік тәсілдің Қазақстандық модификацияланған нұсқасын отандық білім беру жүйесіне енгізу.

Ғалым Е.Ө. Жұматаеваның пікірінше, дәстүрлі оқыту жүйесінің негізгі кемшіліктері:

- Өзіндік пікір білдіруге жете көңіл бөлінбеуі;
- Күрделі оқу материалын мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруі;
- Фактілерге жүгініп, білімді жинақтап қабылдауға мән беру [2].

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Топтық жұмыста ұжыммен бірге оқу жеңіл, қызық және тиімді, ол шығармашылық жұмыс істеуді қажет етеді. Әрине, бірлесіп біліктілікке оқытуда әртүрлі бағыттарды қолдануға болады. Бірақ төменде көрсетілген принциптерден ауытқымауы керек:

1. Мұғалім көмегімен сабаққа дейін психологиялық ерекшеліктеріне, мінез-құлығына байланысты топтар құрылады. Әрине топта білім деңгейі жоғары, орташа, төмен оқушылар мейлінше ұл бала, қыз бала болуы мүмкін.

2. Мұғалім басшылығымен топқа бірдей тапсырма беріледі, бірақ әр оқушы өз шамасына қарай өз рөлін өзі тандауына болады.

3. Тапсырма нәтижесін жеке, дара емес, топпен бағалау қажет. Яғни, топ мүшелерінің бәріне бірдей ортақ баға беріледі.

4. Мұғалім тапсырманың қорытынды жауабын беруші оқушыны өзі таңдауы тиіс. Ол білім деңгейі төмен оқушы да болуы мүмкін. Себебі әрбір тапсырманы немқұрайлы орындау ғана емес топтағы оқушыларға жаңа материалды толық меңгерту – оның негізгі мақсаты [3].

Топтық жұмыс жасау, шет тілі мұғаліміне сабақта «тілдік орта» құруға ықпал етеді, яғни шет тілінде сөйлеуге оқушыларды біршама жақындатады. Ынтымақтастық оқытудың түрлі нұсқалары бар. Олардың бірі StudentTeamLearning (STL, топпен оқыту) болып табылады. Бұл оқыту нұсқаларының зерттемелерімен Джон Хопкинс университетінің ғалымдары айналысқан. Бұл университет басқа бірлескен оқыту нысандарының негізі мен түпкі тамыры болып табылады. STL тәсілінің мәні топтық мақсат құру. Ол барлық қатысушылар арасындағы өзара байланыспен әрқашан ұштасып, топтың әрбір мүшесінің өзіндік жұмысын көздейді. Топтың жетістігіне ерекше назар аударылады. Оқушылар бірге оқып, ізденеді.

Әр топ мүшелерінің қажетті білімі болып, қажетті дағдыны қалыптастыруы керек. STL мынадай 3 ұстанымдармен қиысады:

А) «марапаттаулар»;

Б) әр оқушының дара (дербес) жауапкершілігі;

В) әрбір оқушының жетістікке жетуге теңдей мүмкіндіктері бар. Өкінішке орай, топпен жұмыс ағылшын тілін үйрету практикасында әлі кең қолданысқа ие болған жоқ, мұны топтық қатынасты ұйымдастырудағы бірқатар қиындықтармен түсіндіруге болады. Дәлірек айтсақ:

Мұғалімнің іс-әрекетіне байланысты, ұйымдастырудағы қиындықтар:

а) топта білім алушылардың көп болуы, нәтижесінде, сыныптағы тәртіпсіздіктен қорқуы;

б) сынып бөлмелерінің икемсіздігі (жиһаздар орнын ауыстыру мен оқушыларға еркін жүріп-тұрудың мүмкін болмауы);

в) топпен жұмысты ұйымдастыру көп уақытты талап етеді (көп жағдайда бүкіл сабақ уақытын алып, мұғалім барлық топты қадағалап үлгермейді);

г) әдістемелік құралдар мен зерттеулердің жеткіліксіздігі (көбінесе үлестірме материалдарды мұғалімдердің өздері ойлап тауып, дайындайды, дегенмен, барлық мұғалімдер шығармашылық ізденіске даяр емес).

Оқушылар іс-әрекетіне байланысты қиындықтар:

а) оқушылардың мұндай жұмыс түріне дайын еместігі (олар «мұғалім – оқушы» атты дәстүрлі қатынас түріне үйреніп қалған);

б) оқушылардың тілдік дайындық деңгейінің төмендігі, талқылау тапсырмасы кезінде оқушының ана тілін қолдануы;

в) топтық қатынас үдерісінде оқушының өз рөлін түсінбеуі;

г) оқушылардың өзгелердің көзінше шет тілінде сөйлеуге қорқуы, кейбір оқушылардың бір топта бір оқушылармен жұмыс жасағысы келмеуі (мысалы, қыздардың ұлдармен);

д) топпен жұмыста тәртіпсіз оқушылардың тапсырманы орындаудан қашу мүмкіндігі;

е) жұмыс жасау екіпінінің әртүрлілігі (бір оқушы тапсырманы ерте орындап қойып, өзгелерге кедергі келтіре бастайды) [4. 20-21].

Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құрау, карточкаларды қолдану арқылы топта ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқыза аламыз:

Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

Көрнекі әдіс – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.

Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар, сөйлеу оқушылардың - білік дағдыларын қалыптастырады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып, түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды оқушыға меңгерту тиімді болып табылады [5].

Келесі әдіс түрі диалог арқылы балалардың сөйлеуін дамыту. Диалогты сөйлеуде оқушылар сұрақ-жауап, өтініш айту, нұсқау беру, және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әртүрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы қажет. Келесі жаттығу түрі «Findthewords» деп аталады. Нұсқау бойынша балалар сөзді табу тиіс.

Bread

E – is exactly in the middle.

D – is at the end.

B – is one of the letters before e.

R – is between b and e.

A – is between e and b.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі – «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады. Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мынадай жаттығулар беріледі.

Сабақ басталар алдында тіл жаттықтыру мақсатында Tongue-twister мен бастаған жөн.

1. Pat's black cat is in Pat's black hat.

2. A girl sees six big grey geese.

3. A cup of nice coffee is a nice coffee cup.

4. Snow is so snowy when it is snowing.

Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warmingup» жаттығуын кіргізуге болады. Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарылата түседі [6].

Ойын арқылы ауызша сөйлеу қабілетін дамыту: «What'sinthebag?» «Сөмкеде не бар?» ойыны. Мұғалім алдымен балаларға бір сумка алып келеді. Балалардан сұрайды: Балалар, сөмкеде не бар? Балалар ішінде дәптер, қалам, кітап бар деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолдануына болады. Әсіресе, жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолданған тиімді. Мұғалім сөмкенің ішіндегі заттармен таныстырады. Сөмкеде не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? сұрағы арқылы затты көрсету қимылымен сұрайды. Мысалы: pen, sorubook, pencil, ruller, rubber деп көрсетеді. Содан

соң оқушыларға жеке-жеке қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Оқушыларға сөмке ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды былай сұрауға да болады: Who has a pencil? Who has a ruler? Жауап бергенде, оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса Janatbek has a pencil деп табу керек. Бұл ойын оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сөздік қорын молайтады, сондай-ақ, оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі.

«Whose birthday is today?» ойыны. Мұғалім оқушыларға «One of you has a birthday today. Guess who she is». Оқушылар: What colour is her hair? What colour are her eyes? What is her nose like? What is she wearing? What is her hobby? – деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл жұмыс түрі де оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді.

Бұл ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Қазіргі замандағы мұғалімдер ағылшын тілінде еркін сөйлеу үшін «Interview» («Интервью») ойынын қолдану өте тиімді деп есептейді. Сұрақ-жауап жұмыстарында ойындарды қолдану да өте қызықты деп саналады [7].

Н.М. Тупициана «Топтық жұмысты ұйымдастыру технологиясы» атты мақаласында төмендегідей ұйымдастыру әрекеттері көрсетіледі:

Buzz Groups. Шағын топта бірнеше секундта жағдаят талқыланады, содан кейін сыныпта талқыланады, топ шешім қабылдайды.

Hearing. «Сарапшы» топтар берілген жағдаятты талқылайды, бұл уақытта қалған оқушылар оларды тыңдайды, содан кейін топ ішінде талқылай отырады.

Fishbowl. Барлық қатысушылар дөңгелене отырып талқылауға кіріседі. Қатысушылардың бірнешеуі дөңгелек ортасына отырады. Дөңгелек ішіндегі мүшелер қалғандарын тыңдап содан кейін талқылауға шығады.

Network. Оқушылар 5-10 адамнан топты құрайды. Оқытушы әр топқа бір шүйке жіп таратады. Талқылау барысында сөйлеуші қолына ұстай отырып өз пікірлерін айтып, содан кейін шүйке жіпті келесі қатысушыға жіпті жіберместен береді. Жіптің ұзындығына қарай топтың белсенділігін айқындауға болады.

Star. Бірнеше шағын топ жағдаятқа ортақ шешім іздейді. Бұл үшін әр топ сөйлеушіні сайлап, басқа топтарда талқылайды, содан кейін өз тобына қайта оралып барлық топ мүшелерімен ортақ шешім қабылдауға тырысады [8].

Ағылшын тілі сабағында топтық жұмыс жасаудың артықшылығы көп талқыланып жүр. Топтық жұмыс жасау оқу процесін күшейту және оңтайландыру үшін қолданылады. Бір-бірімен сөйлесу, жоғары сенім арту, өзара әсер, қолдау, қорларды тиімді пайдалану, өзара көмек сияқты қарым-қатынас топтық жұмыс барысында айқын көрінеді. Заманауи мектептердегі ағылшын тілі пәні мұғалімінің алдына қойылатын маңызды тапсырмаларының бірі – шет тілінде қарым-қатынас жасауға үйрету және мұғалімнің басқаруымен оқушылардың қарым-қатынасын максималды түрде белсенді ету.

Әдебиеттер

1. Тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/> Білім берудегі менеджмент. – №3, 2015 ж.

2. Жұматаева Е.Ө. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003

3. Естибаева Г.А. Шетел тілін оқытуда ұжымдық шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру, Сүйінбай атындағы орта мектеп, Жамбыл ауданы, Алматы облысы, 2010

4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и системы повышения квалификации педагогических кадров // Сост. Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров. – М.: Академия, 2000. – 20-21 бб.

5. Қойшығұлова Л. Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану// Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі, 2014. – №1. – 44-45 бб.
6. Желмуханова А.С. Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану. Теректі ауданы, 2010
7. Жұмабаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. – Қызылорда: Санат, 2012, 20-24 бб.
8. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. – М., 2002

**Оштанова М.С., Муратқали Т.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫП ҮЙРЕНУ ҒЫНАСЫН КӨТЕРУ

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев «...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі мектеп мұғалімдері сіздердің еншілеріңіз», – деп сенім артады. Сол сенімнің кілті білікті де, білімді ұстаздар қауымының қолында екенін бір сәтте естен шығармауымыз керек. Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылу алға қойған мақсаттардың бірден-бірі. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі мектеп өміріне енуде. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыс істей білуіне назар аударған жөн. Ал біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін күшейту және білім сапасын көтеру керек болып отыр. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүргізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану өте тиімді. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және қолдану, интеллектуалды дамыған, ақпараттық ортада жақсы әрекеттене білетін тұлғаны қалыптастыру жолында пайдалы болуы мүмкін коммуникация құралдарының барлығын пайдаланудың белсенді процесі жүріп жатыр. Бұл ретте оқушының шығармашылық қабілетін аша білу үшін жағдай жасау, оның қабілетін дамыту, өзін-өзі жетілдіру және жауапкершілікке тәрбиелеу сөз болады. Білім және біліктілік адам үшін маңызды құндылықтарға айналады. Соған орай білім жүйесі де дайын білімді игеруге ғана емес, интеллектуалдылықты қалыптастыруға, жеке танымдық

әрекетті қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Адам әрекетінің әртүрлі саласында озық ақпараттық технологияларды пайдалану өзекті болып барады.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолданудың негізгі мақсаттары: тілді үйренуге деген мотивацияларының артуы, тілдік компетенцияны дамыту, өзге тілдегі мәтіндерді түсіне білу, сондай-ақ, ақпаратты байланысқан және дәйектелген күйінде бере білу, лингвистикалық білім көлемінің артуы, тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдени құрылымы туралы білімнің толығы, ағылшын тілін өз бетімен үйренуге даярлық пен қабілеттілікті дамыту.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптердің тұтас комплексін жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашыл етеді, әрбір оқушы үшін жеке дара жұмыс қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Жаңа технологияларды практикада қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жаңа түрін ашады, нәтижесінде жаңа білім ашылады, оқушылардың танымдық белсенділігі дамиды, білімді өз беттерінше толықтырады, ақпараттар ағымында іздеу және бағдарлауға үйренеді. Жаңа технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолдану тәжірибесін талдай отырып, мынандай қорытынды жасауға болады: оқыту сапасы артады, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді, ақпараттық кеңістікте адаспайтын, ақпарат мәдениетін жетік білетін тұлға болып қалыптасуына көмектеседі, тіл тосқауылының кедергілері азаяды. Оқу үдерісінде АКТ қолдану оқытушының жеке іс-тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. АКТ оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіндіктер береді. Ол оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, шығармашылықпен жұмыс жасауға жігерлендіреді.

Әрине, қазіргі оқушылар кітапханаға барғаннан гөрі интернетпен жұмыс жасауға көбірек қызығушылық танытады, заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеуде АКТ таптырмайтын тәсіл болып қала бермек. Интернетпен жұмыс жасағанда оқушылар белсенді болады, яғни оқушы не айтады деп күтіп отырмай, өздері ізденеді, зерттейді, таңдайды, шешеді, жасайды, жұмыс істейді. Оқушы өзіне қажетті ақпаратты таңдап алып, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, дұрыс ақпаратты алып, оны өңдеуге үйренеді, компьютерлік сауаттылығы қалыптасады. Қазіргі ақпараттық заманда оқушыларды таңғалдыру мүмкін емес жағдай. Сондықтан, осы кезеңге дейін АКТ-ны қолдану дегенде слайд, презентацияларды қолдану керекпіз деген ұғым қалыптасқан болса, қазір АКТ-ның көптеген мүмкіндіктерін сабақтарда жүзеге асыра отырып, олардың пәнге қызығушылықтарын және нақты білімдерін көрсетпесе де, оған жетуде мол мүмкіндік беретіндігі мәлім. Бұрын оқушылардың ұялы телефондарын сабақта тыныштықты бұзады деп қолдануға тыйым салған болса, ендігі көзқарас өзгерді. Оны ақпаратты іздеу құралы ретінде сабақта пайдаланып, оқушы пікірімен санасу арқылы бірлесіп жұмыс жасауға болады. Сабақ барысында ұялы телефондарын, ноутбукті пайдаланып, берілген тапсырманы орындау оқушылардың белсенділігін арттырады. Олар телефонды тек байланыс құралы емес, сабаққа да пайдалануға болатынына көздері жетті.

Себебі, кітапта жоқ ақпараттарды, электрондық құралдардың көмегі арқылы компьютерде өңдеу, интернет желісінен бейне фильм (видео) арқылы көрсету, оны көшіру мұғалімнің жұмысын да, оқушының қабылдауын да жеңілдетеді.

АКТ-ны ағылшын тілі сабақтарында қолдана отырып, оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуіне, техникалық құралдармен жұмыс жасауға, компьютерлік сауаттылықтарын қалыптастыруға болады. Жас ұрпақты оқытуда осы айтылған инновациялық технологияны пайдалану – сапалы білімнің кепілі, шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және мұғалімнің кәсіби өсуінің тура жолы.

Қорыта келе, ақпараттық-коммуникациялық технология мұғалім үшін педагогикалық технологияны игеру; сабақ уақытын тиімді қолдану, білімнің тереңдігі, жиелік қауымдастыққа, әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу.

Ал, оқушы нәтижесінде пәнге деген қызығушылықтары артады, оқушының өз бетінше ізденіп шығармашылық белсенділіктері дамиды, білім, білік, дағды деңгейі қалыптасады, сабақта уақыт үнемделеді, оқушылар интерактивті тақтамен жұмыс жасауды үйренеді, АББҚ оқушыларды шапшаңдыққа, тез ойлана білуге үйретеді, ағылшын тілін үйренуде тіл тосқауылының кедергілері азайды, АКТ-ны басқа модульдермен ықпалдастырылып пайдаланады, ғаламтор желісін пайдалану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отырады, бұрынғы білімі мен қазіргі алған білімін салыстыратын болады, алған білімдерін өмірмен байланыстырып отыратын болады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданғанда оқушыларға сабақта өздеріне пайдалануға мүмкіндік беру, интернет жүйесін тек білім алу мақсатында қолдануға жетелеу керек.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Әдебиеттер

1. Білім беру жүйесін 2010-2015 жылдарға дейін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Исаева Г., Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары, Мектептегі шет тілі, 2011 ж. – №3 60 б.
3. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы
5. Иманбаева А., Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі, – №2, 2000 ж. 45 б.
6. Мақсұтқанова М., Интерактивті тақта // Оқыту-тәрбиелеу технологиясы, 2010 ж. 32 б.
9. Мусаева Г.Ә., Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану // Мектептегі технология, 2010 ж. – № 5, 32 б.
10. Жаримбетова Г.Т., Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері // Мектептегі технология, 2008 ж. – №9 34 б.

ИНТЕРПРЕТАЦИИ ПОНЯТИЙ «ФРАЗЕОЛОГИЗМ» И «ИДИОМА» В АНГЛИЙСКОМ, КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

Фразеологизмы всегда привлекали внимание лингвистов, поэтому существует давняя традиция изучения фразеологизмов. Фразеологическая терминология отличается: в **отечественной** лингвистике преобладают термины «фразеологическая единица», «фразеологизм» и «фразеология», а в **иностранной** – «идиома», «словосочетание» или «установленная фраза». Балли впервые систематизировал сочетания слов в своих книгах «Очерк стилистики» и «Французская стилистика» [1, с. 78]. Филмор указывает на смысловое единство фразеологизмов при помощи детального грамматического исследования [2, с. 67-78].

А. Болганбайулы и Г. Калиев в своём труде «Лексикология и фразеология **казахского языка**» отмечают: «Существует три признака, по которым можно сказать, что фразеология – это независимый раздел лингвистики. К ним относятся: использование в данном виде, без изменений; целостность значения и устойчивость сочетания» [3, с. 49], поэтому одной из крупных проблем в области лингвистики является формирование фразеологических оборотов. В **русской лингвистике** проф. Е.Д. Поливанов поднял вопрос о том, что фразеология является лингвистической дисциплиной. Он отмечал, лексика изучает индивидуальные значения слов, а морфология – формальные, сто синтаксис затрагивает формальные значения словосочетаний. «*И вот возникает потребность в особом отделе, который был бы соизмерим с синтаксисом, но в то же время имел в виду не общие типы, а индивидуальные значения данных отдельных словосочетаний, подобно тому, как лексика имеет дело с индивидуальными (лексическими) значениями отдельных слов. Этому отделу языкознания, как и совокупности изучаемых в нем явлений, я и уделяю наименование фразеологии укажу, что для данного значения предлагается и другой термин – идиоматика*» [4, с. 61].

В данной статье мы рассмотрим идиомы английского, казахского и русского языков. Принимая во внимание тот факт, что термин «фразеологическая единица» почти никогда не используется за рубежом, мы также будем использовать термин «идиома» для сравнения этих двух понятий. Термин «идиома» в лингвистике может использоваться в широком и узком смысле. В «узком» смысле, идиома – это фиксированная семантически непрозрачная или метафорическая единица, например: *пнуть в ведро или пролить бобы*. В «широком» смысле, идиома – это общий термин для многих типов многословных единиц. Американский ученый А. Маккай использует этот термин для всех несоставных полиморфных слов, таких как *черный дрозд*, а также для словосочетаний и конструкций, которые не сформированы свободно. Фразовые глаголы, чистые идиомы, такие как *spill the beans* (*рассказать секрет, тайну*) и непрозрачные соединения, такие как *forefinger and black bird* (*указательный палец и черный дрозд*) являются примерами лексических идиом. Притчи и формулы приветствия являются примерами семантических идиом. Затем А. Маккай классифицирует лексические идиомы по структуре поверхности. Он сбрасывает со счетов такие комбинации, *hue and cry or to and from* (*оглушительный крик или туда-сюда*), которые содержат уникальные предметы, называя их «псевдо-идиомами», поскольку в них отсутствует существенная неопределенность или дезинформационный фактор, который характеризует истинные идиомы.

Примеры: *Half-baked* – *недопечённый*, *ballandchain* – (*чугунный шар на ноге каторжника*), *обуза*, *rule of thumb* – *общее правило*, *сорусат* – *человек ворует чужие идеи или делает то же самое что и другие, подражает, копирует, как «попугай»*, *lip service* – *неискренние слова (говорить)* и т.д

В лингвистике постсоветского периода, в зависимости от концепции, термин «фразеологическая единица» может использоваться для определения подкатегории, которая является идиомой в иностранной лингвистике, или как общий термин, который объединяет комплексы фиксированных слов любого типа (иногда за исключением пословиц).

Фразеологизмы в «узком» смысле рассматривают О.И. Молотков, В.П. Жуков, Н.М. Амосова и др. В «широком» – А.В. Кунин, А.Г. Назарян, Н.М. Шанский [5, с. 46]. В «узком» смысле отличительной чертой фразеологизмов является идиоматичность, тогда как в «широком» смысле словосочетания, пословицы и тексты на основе формул включены в определение фразеологизмов. Как известно, академик В.В. Виноградов внес значительный вклад в теоретическую основу «устойчивых фраз», согласно его фразеологической теории «фразеологизмы» – это «фиксированные» словосочетания, в отличие от «свободных» синтаксических фраз как готовых языковых единиц, которые воспроизводятся только в процессе речи [6, с. 312]. Таким образом, из вышеприведенных интерпретаций ясно видно отсутствие какого-либо терминологического единства между фразеологами. Взгляды лингвистов настолько схожи в том, что они изучают один и тот же предмет, несмотря на то, что у него есть несколько названий – «фразеологическая единица», «фраза», «множество выражений», «идиома» и др. Что касается понятия «идиома» в казахском языке, то было трудно найти какие – либо примеры. Например: в англо-казахском фразеологическом словаре источники казахских эквивалентов не указаны, большое внимание уделяется различным способам перевода английских идиом на казахский язык, а подавляющее большинство примеров употребления английских поговорок взяты из произведений Сомерсета Моэма. Нами было выявлено две большие категории казахских идиом: фразеологизмы с именами небесных светил (Солнце, Луна, звезды и пр.) и о семье/родственных отношениях (родители-дети, традиционная иерархия, взаимоотношения близких и дальних родственников и т.п). **Примеры:** *Яснее ясного – Айдайаның [ясный, как Луна]. Счастье привалило – Айдан іздегені алдынан табылу [то, что искал на Луне, нашел у себя под носом]. Фортуна улыбнулась – Жұлдызы оңынан туды [его звезда вошла справа]. Два сапога пара – Ағама жеңгем сай, апамға жездем сай [моя невестка под стать моему старшему брату, моей сестре под стать мой зять]. А мы что, лысые что ли? – Біз не, тоқалдан тудық па? [мы что, от младшей жены родились?]. Страшно обрадоваться – Әйелі ұл тапқандай қуану [обрадоваться, словно жена сына родила].*

Если рассмотреть англо-казахские идиомы о домашнем скоте, найти различия и сходства среди них и попытаться ответить на следующий вопрос: Почему значение идиомы «черная овца» («qara koi», «a blacks hip») имеет положительное значение в Казахстане и обратное в Англии? У казахов самыми ценными домашними животными считались овцы. В казахском языке *овца* имеет хорошее и важное значение, по сравнению с английским: *Mal osirsen, Qoi Osir, Из скота, овца – лучшая, Paidasy onyn kol – kosir* *Благословенны ее благо и польза. Мясо черной овцы обладает полезными свойствами* [7, с. 224]. На английском языке *овца* означает «неуверенное, робкое животное». По отношению к человеку описывает нежную, безвредную личность, например, тихий, как ягненок (*as quiet as a lamb*) (из фильма «Молчание ягненка»).

В заключение следует отметить, англо-казахская двуязычная история богата и разнообразна и включает в себя огромное количество идиом. Они безупречны, юмористичны, серьезны. Из-за географии, истории, религиозных убеждений, традиций и обычаев в англо-казахских идиомах отражена национальная культурная характеристика. Фразеология включает в себя все комбинации двух или более слов, функционирует как единое целое, исключая свободные словосочетания.

Литература

1. Bally Ch. Очерк по стилистике и Французская стилистика. – 1905, 1909. – р.78.
2. Fillmore Ch. Regularity and Idiomaticity in Grammatical Constructions. The Case of Let Alone. – 1988. – 67-78.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 49 б.
4. Поливанов Е.Д. Труды по восточному и общему языкознанию. – 1991. – С 61
5. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – 1996. – 46 с.
6. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография. – М.: – Наука. – 1977. – 312 с .
7. Кожаметова Х.К., Жайсакова Р.Е., Кожаметова Ш.О. Казахско-русский фразеологический словарь. – Алма-Ата: Мектеп, 1988. – 224 с.
8. Сарбасова Қ. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. – 38 – б.

КЛЮЧЕВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Всеобъемлющая глобализация современного мира оказывает колоссальное влияние на деятельность человека и общества ставит масштабные задачи модернизации общественного сознания, которая невозможна без утверждения приоритета гуманитарного знания, содержательного и методологического обновления преподавания гуманитарных, социальных и специальных дисциплин. Развитие гуманитарного знания в эпоху глобальных вызовов расширяет перспективы образования, определяет систему новых требований к подготовке специалистов с высшим образованием, что связано с усилением глобальной конкуренции, вызова, с которым сталкиваются образовательные системы всего мира. Действительно «Среди ряда мировоззренческих и культурных, политико-правовых явлений общественного развития значимое место принадлежит образованию. Стратегия развития образования обусловлена многими обстоятельствами объективного характера и касается структуры, содержания, организационно-материальных и других основ организации образовательного процесса. Среди основных проблем, которые требуют общегосударственного решения для развития образования, самыми существенными являются: выработка стратегии и приоритетов в подготовке специалистов в условиях глобализационных, социально-экономических, демографических и других процессов; развитие национального образования в контексте мировых образовательных процессов» [1, с. 43].

Масштабные задачи решения актуальных проблем современного общества, концептуальные направления национального образования определены в программной статье Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», направленной на «серьезное переосмысление того, что происходит в мире» [2]. Елбасы подчеркивал: «Стремление к образованию всегда было характерно для нашего народа. Много было сделано за годы независимости. Мы подготовили десятки тысяч молодых специалистов в лучших университетах мира. Начало, как известно, было положено программой «Болашак» еще в начале 90-х годов прошлого века. Мы создали ряд университетов очень высокого уровня, систему интеллектуальных школ и многое другое. Но культ образования должен быть всеобщим. И тому есть жесткая и ясная причина. Технологическая революция ведет к тому, что в ближайшие десятилетия половина существующих профессий исчезнет. Такой скорости изменения профессионального облика экономики не знала ни одна эпоха. И мы вступили в эту эпоху. ...Каждый казахстанец должен понимать, что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей образованность станет главной ценностью, то нацию ждет успех» [2]. Следует отметить, что на современном этапе для организации образовательного процесса характерно сочетание традиционных форм и методов обучения и инновационных технологий, компьютерных разработок, интернет-материалов. Но все же, фундаментом образовательного процесса классическими образцами гуманитарного знания являются учебники и учебно-методические материалы, которые нуждаются в совершенствовании в контексте современных требований. Однако создание и совершенствование учебного материала – это сложный и длительный процесс.

В целях скорейшего решения данной проблемы в Казахстане начинается внедрение проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» по общественным и гуманитарным наукам. Елбасы Н.А. Назарбаев подчеркивал: «Мы должны создать условия для полноценного образования студентов по истории,

политологии, социологии, философии, психологии, культурологии, филологии. Нам нужны не просто инженеры и медики, но и люди, хорошо понимающие современность и будущее. Нам нужно перевести в ближайшие годы 100 лучших учебников мира с разных языков по всем направлениям гуманитарного знания на казахский язык и дать возможность нашей молодежи учиться по лучшим мировым образцам. ...Будущее творится в учебных аудиториях. Наше социальное и гуманитарное знание долгие годы было законсервировано в рамках одного учения и в рамках одного взгляда на мир» [2]. Теперь стало возможным обращение к достижениям мировой научной мысли, книгам, которые использовались в учебных процессах известных университетов. Среди них труды известного французского философа-ученого, профессора Реми Хесса «25 избранных книг по философии» (25 livres clés de la philosophie), Дэвида Бринкерхофа, Сюзанны Ортега, Розы Вейц «Основы социологии» (Essentials of Sociology), профессора Клауса Шваба «Четвертая индустриальная революция» (The fourth industrial evolution), известного правоведа Малколма Шо «Международное право» (International Law) и многие другие [3].

В целях реализации проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» в 2017 году был создан неправительственный и некоммерческий общественный фонд «Ұлттық аударма бюросы» (Национальное бюро переводов). Характеризуя его деятельность, исполнительный директор национального бюро переводов Рауан Кенжеханулы отмечает: «Проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» не имеет аналогов. Он является частью программы «Рухани жаңғыру» и реализуется при поддержке Национальной комиссии по реализации указанной программы». При выборе учебников учитывались следующие требования: во-первых, одним из обязательных условий являлось то, что учебник должен был быть включен в учебную программу 100 лучших университетов мира. Во-вторых, книга должна была быть издана не менее трех раз, последнее издание – за последние 3 года. В-третьих, содержание учебника должно быть нейтральным. В-четвертых, учитывается наличие в учебнике различных интерактивных приложений и видеолекций, онлайн-курсов [3]. Основная часть учебников переведена с английского языка, один – с французского, еще два - с русского языка. Несмотря на то, что некоторые из этих книг имеют версию на русском языке, Национальное бюро переводов предпочло переводить учебники с языка оригинала [3]. Тираж каждой книги 10 тысяч экземпляров, которые были распределены по вузам страны. Кроме того, все книги представлены в онлайн – формате на портале «Открытый Университет Казахстана» в свободном доступе. На основе книг созданы онлайн курсы и видеолекции, которые тоже можно посмотреть любому человеку совершенно бесплатно [4].

Для преподавателей иностранных языков данный проект имеет особое значение, так как создает основу для решения ряда важных системных вопросов. Совершенствуются навыки, пополняются знания и формируется традиция прямого академического перевода с английского и других языков на казахский язык, зарубежная литература не только повысит качество отечественного образования, но и позволит обогатить казахский язык международной научной терминологией, ускорит нормирование научного стиля и терминологии. Масштабный переводческий проект создает условия для ускоренного развития казахстанской школы перевода. Самое главное, был переведен ряд книг, которые преподаватели могут использовать непосредственно в учебном процессе. Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хамс «Введение в языкознание» (An introduction to language), Светлана Тер-Минасова «Язык и межкультурная коммуникация», Тор Янсон «История языка» и многие другие [3].

Действительно, процесс глобализации, стремительного увеличения объемов информации, расширения международных, деловых, культурных, научных связей, предъявляет жесткие требования к подготовке специалистов, которые должны умело сочетать профессиональную подготовку с высоким уровнем владения иностранным языком. Современная высшая школа призвана обеспечить студента прочными,

оперативными знаниями, в данном контексте огромную помощь окажет новая учебная литература, подготовленная в рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке».

Литература

1. Сулима Е.Н. Философское осмысление глобальных трансформационных изменений в образовании // Вестник Московского университета. Серия 27. 2018.-№1. -С.43.
2. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»/http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/pres.
3. Перечень книг. Библиотека «Рухани жаңғыру» пополнилась 30 новыми книгами» / <https://100kitap.kz/ru/faq>.
4. Тридцать мировых бестселлеров будут доступны на казахском языке / <https://ruh.kz/news/eshche-30-mirovykh-bestsellerov-budut-dostupny-na-kazakhskom-yazyke/>.

Сулятецкая Н.Л., Пескова В.В.
г. Нур-Султан (Казахстан)

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ПЕРЕВОДА КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ (НА МАТЕРИАЛЕ ИГРЫ «THE WITCHER 3: WILD HUNT»)

В наши дни игровая промышленность занимает большое место в жизни молодежи. С каждым днем вселенная игр становится все больше и пополняется различными новыми мирами, персонажами и вселенными. Целью компьютерных игр является погружение игрока в виртуальный мир. В большинстве случаев компьютерные игры создаются за рубежом и выход игр на международный рынок становится первостепенной задачей государства. Следовательно, возникает необходимость в переводе компьютерных игр с английского языка на русский.

Актуальность выбранной темы заключается в том, что в настоящее время компьютерные игры пользуются большой популярностью среди молодого поколения. Материалом исследования послужили диалоги из игры «The Witcher 3: Wild hunt». В ходе работы мы выявили основные особенности перевода компьютерных игр и способы перевода диалогов.

Переводчику необходимо отлично разбираться в терминологии художественных произведений и кино для достижения адекватного перевода компьютерных игр.

Прагматика – это раздел семиотики, который изучает отношения знаков к субъектам, которые производят эти знаки и интерпретируют их. Прагматика перевода определяется В.Н. Комиссаровым как: «влияние на ход и результат переводческого процесса необходимости воспроизвести прагматический потенциал оригинала и стремление обеспечить желаемое воздействие на Рецептора перевода» [1, с. 72].

О тех изменениях, которые переводчик делает в переводимом тексте, А. Нойберт пишет следующее: «обязанность переводчика предпринимать такие изменения, чтобы получился текст Б, который ориентирует получателя руководства об эксплуатации машины, говорящего на (ПЯ) так же, как текст говорящего на (ИЯ). В результате будут пропуски, дополнения, перестановки, перенесение акцентов, которые, если их дословно перевести обратно, могут показаться говорящему на (ИЯ) коверканием, искажением, недопустимым добавлением, многословием, пропусками, изменением привычной классификации» [2, с. 195].

Понятие прагматики в языкознании отнюдь не сводится только к понятию прагматических значений языковых единиц. Это понятие гораздо шире – оно включает в себя все вопросы, связанные с различной степенью понимания участниками коммуникативного процесса тех или иных языковых единиц и речевых произведений и с различной их трактовкой в зависимости от языкового и не языкового опыта людей, участвующих в коммуникации. Прагматическая адаптация перевода – это изменения, которые вносит переводчик в текст перевода с целью добиться необходимых эмоций со стороны получателя [3, с.142].

При сопоставлении текстов оригинала и перевода компьютерных игр нами были выявлены следующие виды прагматической адаптации:

Добавление – пояснение названий неизвестных получателю перевода.

В зарубежных странах сокращенной рабочей неделей уже никого не удивить. С идеей сокращения рабочего времени ранее выступали глава Google и мексиканский магнат Карлос Слим Элу, занимающий вторую строчку Forbes. Если ввести трехдневную рабочую неделю, можно нанять двух сотрудников на одно место, при этом у обоих будет больше личного времени. Компания Google давно предлагает своим сотрудникам работать на 20% меньше полного рабочего времени, стимулируя их тратить это время на собственные проекты и исследования.

Работники проводящие в офисе долгие часы, нередко лишь имитируют бурную деятельность. Согласно Закону Парето (или принцип Парето), «20% усилий дают 80% результата, а остальные 80% усилий – лишь 20% результата», то есть, даже при сокращении рабочего дня на 1 час, можно всю работу выполнить и за семь часов [2].

Режим рабочего времени – порядок распределения нормы рабочего времени в течение определенного периода времени. Режим рабочего времени имеет весьма серьезный социальный аспект в плане свободного времени, которое, по мысли Карла Маркса, является пространством для расцвета человеческих способностей и творческих сил, свободное время не должно поглощаться трудом, оно должно оставаться свободным для удовольствий, для досуга и т.п. «Свободное время, – писал К. Маркс, – представляющее собой досуг, так и время более возвышенной деятельности, разумеется, превращает того, кто им обладает, в иного субъекта, и в качестве этого субъекта он и вступает затем в непосредственный процесс производства» [3].

40-часовая рабочая неделя существует уже более ста лет, и многие страны уже перешли на меньшую рабочую неделю. Список количества рабочих часов в неделю в некоторых странах: [4]:

1. Нидерланды – 30,5 часа.
2. Финляндия – 33 часа.
3. Франция – 35 часов.
4. Дания – 37 часов. В госучреждениях в рабочее время включён ежедневный 30-минутный перерыв на обед.
5. Германия – 38 часов.
6. Норвегия – 39 часов.
7. Греция, Австрия, Израиль – 43 часа.
8. Аргентина – 44 часа, из которых четыре приходится на субботу.

Преимущества сокращения рабочего дня:

- повышение правовой грамотности населения;
- улучшение здоровья населения;
- появление дополнительного времени воспитания детей, на спорт, культуру, другое хобби;
- сокращение энергопотребления рабочих мест, что улучшит экологию;
- сохранение заработной платы.

Сокращение рабочего времени стало возможно благодаря росту производительности труда и внедрения прогрессивных технологий.

От правильного выбора режима рабочего времени зависит эффективное использование фонда рабочего времени, которым располагает данное предприятие, в конечном счете – его экономическая рентабельность, экономическая состоятельность, конкурентная способность.

Считаем, что сокращение рабочего времени до 35 часов, так же имеет существенное влияние на продуктивность и повышение производительности труда работников, так как повышение производительности зависит и от социально-экономических показателей, связанных не только с квалификацией, образованием, знаниями и навыками, но и с условиями труда, применением оптимальных режимов труда и отдыха, а сокращение рабочего времени, за счёт которого у работников увеличилось бы личное свободное время (на занятия спортом, укрепление здоровья, на вопросы отдыха и проведение досуга) явилось бы дополнительным стимулом для повышения производительности труда со стороны работника.

Литература

1. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года. Информационно-правовая система «Параграф»: [Электронный ресурс]//Режим доступа: <http://online.zakon.kz/>

2. <https://articlekz.com/article/7437/> Нуртазина Д.К. Журнал: Сборник материалов с конференции «Государственно-правовые основы политической системы Республики Казахстан и ее влияние на сферу государственного управления в условиях глобализации».

3. Горохов Б.А., Маврин С.П. Российское трудовое законодательство и международное трудовое право // Правоведение. 2004. №6. С.14.

4. <https://fingeniy.com/rabochij-den-i-rabochee-vremya-v-raznyx-stranax-mira/>
Константин Белый. Рабочий день и рабочее время в разных странах мира.

**Крушинская Е.В., Далабаева К.М.
г. Нур-Султан (Казахстан)**

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ АРЕНДЫ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Проблемы правового регулирования договора аренды недвижимого имущества в современном казахстанском законодательстве связаны с осуществляемыми экономическими преобразованиями и правовыми реформами, поиска оптимальных вариантов решения соответствующих задач.

Курс Казахстана, направленный на унификацию и гармонизацию правовой системы в современном международном пространстве, приводит к расширению сферы гражданско-правового регулирования имущественных отношений, складывающихся в различных сферах деятельности. В этой связи важнейшей задачей правового, в том числе гражданско-правового, регулирования, является гибкое реагирование и поддержание законодательства в соответствии с потребностями участников имущественных отношений. Одним из таких инструментов правового регулирования является договор аренды.

Аренда недвижимости является одним из наиболее распространенных гражданско-правовых институтов, при этом, что сразу хочется отметить, в самом Гражданском кодексе РК говорится в первую очередь не об аренде недвижимости, а об аренде зданий и сооружений, что вряд ли можно признать правильным, поскольку на практике это приводит к весьма серьезным проблемам и неудобствам. Получается, что правила об аренде недвижимости, расположены в общих положениях об аренде (гл. 29 ГК РК), а вот правоотношения по аренде зданий и сооружений (которые и являются основными объектами недвижимости) регулируются в первую очередь специальными правилами (пар. 4 гл. 29 ГК РК) и лишь при отсутствии таковых, общими положениями об аренде [1]. Вряд ли это можно признать правильным с точки зрения юридической техники, тем более что никаких оснований для подобного «деления» нет.

По договору аренды здания или сооружения арендодатель обязуется передать во временное владение и пользование арендатору здание или сооружение (гл. 29, пар.4, ст. 581 ГК РК) [1].

В последние годы сложилась ситуация, когда любой гражданин или организация, желающая заняться предпринимательской деятельностью, рано или поздно сталкиваются с проблемой размещения своего бизнеса. Возможности приобретать помещения под офисы, склады и магазины в собственность ограничены; для перевода жилого помещения в нежилой фонд необходим ряд технических условий, которым соответствуют далеко не все коммерчески привлекательные объекты недвижимости. Остается оптимальный вариант решения этой проблемы – аренда.

В сфере арендных отношений, когда объектом является здание, сооружение, возникает много острых, дискуссионных проблем, которые представляют тем больший интерес, что позиция законодателя по этому вопросу не всегда безупречна. Мы рассмотрим наиболее важные и проблемные аспекты аренды зданий и сооружений.

Особого внимания заслуживает проблема аренды нежилых помещений. Является ли нежилое помещение предметом аренды здания? Авторы, которые считают, что нежилые помещения уже объединены под общим значением «здание», не правы в своих убеждениях. Понятия «здание» и «помещение» не равнозначны. Аналогичного мнения придерживаются и другие авторы, например, В.А. Лапач. Думается, что здание и помещение относятся друг к другу как форма и содержание. Здание состоит из множества помещений. В рамках одного здания можно изменять помещения, перестраивать их, создавая тем самым совершенно иные объекты, но здание (как форма) останется неизменным. Нежилое помещение является частью здания (сооружения).

Применительно к аренде нежилых помещений пробелы в законодательстве, связанные с определением самого нежилого помещения как объекта гражданских прав, также являются причиной различного рода толкования действующих норм, регулирующих арендные отношения.

Так, по мнению В.В. Витрянского, «в отношении аренды нежилых помещений какие-либо специальные правила в Кодексе отсутствуют, поэтому на указанные правоотношения общие правила о договоре аренды распространены в полном объеме» [2]. Такого же мнения придерживается и Е.Е. Дорогавцева, которая считает, что, если признать нежилое помещение самостоятельным объектом недвижимости, следует применять для регулирования отношений по его аренде не нормы параграфа четвертого главы 29 ГК РК, а общие правила об аренде [3].

Кроме того, в настоящее время казахстанское законодательство не решает такой важный вопрос, как правомочия арендатора нежилого помещения в здании в отношении так называемых вспомогательных помещений и оборудования. Отсутствие же данного регулирования приводит к спорам, поскольку пользоваться нежилым помещением изолированно практически невозможно. На практике это осложняется тем, что суды отказываются применять нормы об общей собственности собственников квартир в отношении нежилых помещений. Так, в настоящее время отсутствует закон, предусматривающий возникновение общей собственности на объект недвижимости в случае приобретения нежилого помещения в объекте недвижимости, не являющемся жилым домом, нельзя применять по аналогии закон, не регулирующий спорные правоотношения.

Из сложившейся ситуации представляется возможным выходом введение специального вещного права на помещение, которое бы предусматривало возможность его продажи, а равным образом использование всех вспомогательных помещений и оборудования. Иным вариантом может являться введение фикции общей собственности на здание без преимущественного права покупки.

Проведенное исследование позволило сформулировать и обосновать следующие основные положения и выводы.

Что касается самого нежилого помещения, то в его определении должна быть отражена конструктивная (техническая) связь помещения со строением и его обособленность, возможность самостоятельного использования. Например, нежилое помещение – это изолированное неделимое помещение, которое является недвижимым имуществом и предназначено для использования в целях, не связанных с проживанием в этом помещении.

В целях совершенствования действующего законодательства, регулирующего аренду зданий и сооружений, предлагается внести соответствующие изменения в действующее гражданское законодательство.

Во-первых, следует признать, что нежилые помещения являются объектами, входящими в состав зданий и сооружений, поэтому аренда нежилых помещений должна регулироваться теми же нормами, что и аренда зданий и сооружений, поскольку нежилые помещения обладают теми же характеризующими признаками, что и здания: искусственность возведения, индивидуальность, самостоятельность с точки зрения

возможности использования по назначению, высокая стоимость. В этой связи нормы гл. 29, пар. 4 ГК РК «Аренда зданий и сооружений» следует распространить на отношения, связанные с арендой нежилых помещений.

Во-вторых, объектом договора аренды зданий или сооружений могут быть только объекты недвижимости, прочно связанные с землей и введенные в установленном порядке в эксплуатацию. Объекты, незавершенные строительством, не являющиеся объектом действующего договора строительного подряда, хотя и представляют собой недвижимость, но предметом договора аренды зданий или сооружений быть не могут.

Для реализации указанных положений можно рекомендовать:

1) изменить название гл. 29, пар. 4 ГК РК «Аренда зданий и сооружений» на название «Аренда объектов нежилого фонда (зданий, сооружений, нежилых помещений)».

Указанное изменение на законодательном уровне распространит нормы данного параграфа на отношения, связанные с арендой нежилых помещений;

2) изложить гл.29, пар. 4, ст. 581 ч.1 ГК РК в следующей редакции:

«По договору аренды объектов нежилого фонда арендодатель обязуется передать во временное владение и пользование или во временное пользование арендатору объекты нежилого фонда (нежилые помещения, здания и иные сооружения).

Объектом договора аренды нежилого помещения может быть только изолированное помещение, не предназначенное для общего пользования».

Тем самым, на законодательном уровне будет урегулирован вопрос об объекте аренды здания (сооружения), которым может быть исключительно нежилое помещение, изолированное от других помещений.

Литература

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.10.2019 г.).

2. Витрянский В.В. Договор аренды и его виды: прокат, фрахтование на время, аренда зданий, сооружений и предприятий, лизинг. – М.: Юрист, 2011 г. – 255 с.

3. Дорогавцева Е.Е. Здание, сооружение и нежилое помещение как объекты аренды недвижимости (проблематика соотношения разграничения понятий). – М.: Юрист, 2008. – 172 с.

4. Голомазова Л.А. Аренда нежилых помещений: законодательство и судебная практика. – М.: Юрист, 2010 г. – 230 с.

**Крушинская Е.В., Потапчук А.
г. Нур-Султан (Казахстан)**

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРАВОВОГО СТАТУСА ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ В МУСУЛЬМАНСКОЙ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ

Право частной собственности вытекает из природы человека, оно связано с его стремлением к материальному благополучию. На протяжении истории природа этого права, а также его пределы претерпевали изменения. Например, в период родоплеменных отношений правом собственности обладало лишь племя, так называемая «общинная» собственность. В целом, можно сказать, что в различные периоды истории человечества круг собственников менялся; появились государственная собственность, общественная, частная форма собственности.

В мировой философии существовало множество понятий, имеющих отношения к собственности. Никогда не было однозначного понимания собственности. Эту

неоднозначность можно найти в трудах философов, которые рассматривали вопросы собственности: Цицерон, Гоббс, А. Смит, Д. Локк, И. Кант, Г. Гегель, Ф. Энгельс и другие. Обычно собственность рассматривают с экономической и юридической точки зрения, а они не дают точного определения, поскольку собственность является одной из фундаментальных категорий, которая отражает сущность общественной жизни человека.

Отношение к собственности показывает особенность любой правовой системы и передает уровень её развития. Исламское право в этом смысле не является исключением. Если не рассматривать все юридические тонкости, то следует сконцентрироваться на концепции собственности разработанной исламским правоведением, которая описывает образ жизни мусульман и специфический подход мусульманского общества на первостепенные для ислама экономические и социальные проблемы. Вопросы собственности не занимали самостоятельного места в традиционных трактатах по шариату, а рассматривались юристами исламского права вместе с разработкой других вопросов таких, как ганима (военная добыча), закят (обязательное пожертвование), раздел наследования, некоторые виды договоров [1].

Многочисленные аяты Корана дают понять, что Владельцем вещей во Вселенной является – Всевышний Аллах. В полном смысле все, что есть в мире, принадлежит Ему. Но это не значит, что у людей нет каких-либо полномочий. Наша собственность на те или иные вещи приобретает в таком свете особый характер. Таким образом, человека можно считать в некоторой степени «доверительным управляющим» Бога на Земле. Отсюда следует, что Коран не отменяет право частной собственности.

Ислам предусматривает разные полномочия в отношении разных категорий объектов собственности. Существуют такие объекты, которые принадлежат только Богу и не доступны человеку, примером можно привести небесные тела, не созданные человеком. Есть также то, что принадлежит человечеству в целом, океаны – они не могут находиться в частной собственности. В каждом государстве, обществе есть то, что принадлежит человеку, например, земли общего пользования. Существуют и такие предметы, которые могут быть во владение одного определенного лица или же группы лиц. В исламском праве, как и в других правовых системах собственность которой владеет человек, связана с определенными правами и обязанностями. С этим связано то, что исламский закон устанавливает некоторые ограничения в этом отношении. Основное, что нужно помнить – это то, что все принадлежит Богу, и человек должен распоряжаться имуществом согласно Его заповедям.

В исламском праве у собственников есть свои права и обязанности в отношении собственности приобретенной ими. Одно из основных ограничений в отношении собственности, налагаемых исламом, заключается в том, что собственность может быть приобретена только законным путем. В свою очередь, право человека защищать свою собственность является священным. Пророк (да благословит его Аллах и приветствует) говорил: «Человек не должен причинять вреда себе или окружающим» (Муслим). Это необходимо учитывать и при использовании собственности. Например, Ислам порицает монополизацию ресурсов, имеющих жизненно важное значение для всего общества. Кроме того, Шариат отмечает, что допустимо причинить малый вред, если это необходимо для предотвращения большего вреда, который будет причинен значительному числу людей или обществу в целом [2].

Право собственности в Шариате связано с определенными обязанностями. Одна из которых связана с использованием собственности для содержания семьи. Также есть обязательство, которое заключается в выплате закята (отчисления в пользу нуждающихся), оно является фардом (обязательным действием) для любого, кто исповедует ислам. Закят является одним из столпов ислама, формой поклонения Аллаху. Закят может выплачиваться, в том числе, и в денежной форме. Он не является разновидностью подоходного налога. Размер закята составляет 2,5% от стоимости принадлежащего лицу определенного имущества, при этом то имущество, которое

человек использует для своих первоочередных нужд (например, дом, в котором он проживает), не учитывается. Закят выплачивается один раз в год [3]. Кроме этого, в исламском праве существуют и другие виды налогов. Известны слова Пророка (да благословит его Аллах и приветствует): «На собственности лежат и другие обязанности, помимо закята» (Тирмизи). В свою очередь справедливый правитель утверждает дополнительные налоги в том случае, когда сумма закята не покрывает основных потребностей общества, например, в случае войны, голода, болезни и других непредвиденных обстоятельств.

Современная мусульманская юриспруденция уделяет проблемам собственности особое внимание. Основываясь на выводах средневековых авторитетов, она стремится обобщить и переосмыслить их в тенденции развития современной мировой правовой мысли. Это затрагивает основные понятия и категории относящиеся к праву собственности, среди них центральными понятиями выступают «маль» (имущество) и «милък» (собственность). Термин «маль» встречается примерно в 90 стихах Корана, но в этом в основном источнике шариата нет точного определения этого понятия. По этой причине в различных мусульманско-правовых толкования понимают «маль» не одинаково. Например, ханафитская школа относит к этому понятию все, к чему испытывает тягу природа человека и что может сохраниться до возникновения в этом потребности. Современные мусульманские юристы рассматривают «маль» как то, что можно сохранить и чем разрешено владеть и пользоваться обычным естественным образом. Также к этим критериям могут добавлять наличие у имущества стоимости и возможность компенсации в случае его неправомерного уничтожения или повреждения. С учетом указанных признаков можно сделать вывод, что к «маль» в первую очередь относятся материальные ценности. По преобладающему мнению, мусульманских правоведом, термин «маль» подразумевает не только реальные предметы, но и полезные свойства вещей в качестве особой разновидности имущества. То есть шариат считает ценным то имущество, которым разрешено пользоваться мусульманам, отсюда следует, что это имущество обладает дозволенными полезными качествами [4].

В мусульманской концепции права собственности не трудно найти противоречия. В частности, в 50-70 годах XX века эта концепция служила аргументом для идеологического оправдания аграрных реформ и национализации в арабских странах, когда они решили построить социализм. В настоящее время «исламская» аргументация принимает участие как в обосновании концентрации в руках государства собственности на важные объекты, так и в поощрение частного предпринимательства. Так, например, в ряде арабских государств государственная монополия на добычу нефти и природного газа не только их политической системой, но и мусульманско-правовым принципом, который объявляет всех людей «сосоварищами» в пользовании огнем и водой, без которых жизнь общества была бы невозможно. По аналогии это распространяется и углеводороды, которые необходимы современному человеку. В тоже время поддержка частного сектора тоже опирается на мусульманско-правовые представления. Принятый в Йемене в 1999 году закон о приватизации, предусматривающий передачу некоторых объектов из государственной собственности в частную, вполне по-исламски ставит своей целью предупреждение монополии.

Важно выделить, что институты, принципы или отдельные нормы исламского права собственности зачастую включаются в общую систему законодательства, которая построена по европейским моделям. Ярким примером служит Гражданский кодекс Объединённых Арабских Эмиратов 1985 года. Он регулирует отношения собственности в виде французской правовой традиции, но при этом он закрепляет отдельные положения мусульманского права. В частности, он показывает деление имущества на имеющее стоимость и лишенное её в зависимости от того, разрешает ли шариат пользоваться ей мусульманину или нет. Иными словами, по вопросам собственности исламская и

европейская правовые культуры чаще всего не выступают как оппоненты, а дополняют друг друга или даже эффективно взаимодействуют.

Литература

1. Хайруллов Д.С., Якупов В.М., Гафуров Ш.И. Экономика религиозных исламских организаций. – Казань: ТГГПУ, 2009. – 550 с.
2. Исламская экономика: право каждого - благо всех - Доктор Джамаль Бадави – профессор Университета св. Марии в Галифаксе (Канада), 2012. – 225 с.
3. Коран / Перевод с араб. и комментарии М.-Н. О. Османова. 2-е изд. – М., 1999. – 450 с.
4. Исламские финансы в современном мире: Экономические и правовые аспекты / Сост. Р. И. Беккин. – М., 2004. – 230 с.

**Ксеубаева Л.А., Алибекова А.М.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы мәселесі әрқашан кез келген халықты алаңдататын мәселе, себебі бүгінгі жасөспірімдер елдің, ұлттың ертеңгі болашағы болып табылады.

Соңғы жылдары елімізде кәмелетке толмағандардың қылмыс көрсеткіштері айтарлықтай төмендегенімен, олардың теріс үрдістері де байқалады.

Кәмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыстарға алып келетін мінез-құлықты қалыптастыру мен бекітуге отбасылық институттардың бұзылулары, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық даму ерекшеліктері және оларды отбасы мен білім беру мекемелерінің тәрбие және педагогикалық тәжірибесіндегі есепке алудың тиімділігі, жасөспірімдер мен жастардың бейресми топтарының рөлі, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамудың жағымсыз тенденциялары сияқты факторлар әсер етеді.

Баланың адам болып қалыптасуы ең алдымен отбасына байланысты. Отбасы бала өмірінің жағдайын реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі жат қылықтардан жиіркендіретін, дұрыс жолға бағыттайтын, басқаратын күш, өмірдегі тірек және де алғаш тәрбиелік орта болып табылады.

Мәселен, 2018 жылы жүргізілген кешенді социологиялық зерттеу нәтижесінде, кәмелет жасқа толмағандар үшін ең маңызды бес құндылық индексі келесідей орын алған: ата-ана – 88%, денсаулық – 80%, қауіпсіздік – 47%, отбасы және дәстүрлер – 36%, сапалы білім – 27% [2-33 б.] Бұл жерде жасөспірім үшін отбасының маңызы зор екенін, жанұя жағдайының жалпы келеңсіз жақтары отбасы тәрбиесінің бұзылуы, баланың жанына қатты әсер еткенін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға дейін әкелгенін дәлелдеп берді.

Отбасының маңыздылығын А.М. Решетина «Баланы адам етіп қалыптастыру бастамасы ең кішкентай әлеуметтік орта – жанұяда жүзеге асады» деп атап көрсеткен. Дәл осындай пікірді М.С. Нәрікбаев, С.Х. Жадыбаевтар да қолдаған [3-18 б.; 4-15 б.].

Жалпы, отбасындағы жағдайдың шиелесуі ең алдымен, балаға кері әсерін тигізеді: баланың мектептегі үлгерімі төмендейді, бала ата-аналарға емес, отбасынан тыс, далада құрылған референттік топтарға еліктейді, оларды үлгі тұтады, сол топтар балаға ата-аналарға қарағанда беделді болып көрінеді. Нәтижесінде жеке тұлғаның қалыптасуында бұзушылықтар орын алып, бұл өз кезегінде кәмелетке толмағанды құқық бұзушылыққа

алып келуі, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімдердің және жасөспірімдер қылмысының алдын алуға жауап беретін басқа да органдардың араласуына негіз болуы ықтимал. Бұл жүйенің үлкен кемшілігі – бұл органдар көбінесе кәмелетке толмағанның әлеуметтік жағдайын өзгертпей, проблеманың шешілмеген себептерін қалдыра отырып, тек салдарға ғана жауап береді [3, 68-70 бб.].

Осы орайда, кәмелетке толмағандар қылмысының алдын алу тиімділігін арттыру үшін институционалдық түзетудің басқа да агенттерінің, атап айтқанда, отбасылық психологтар мен консультанттардың қатысуы қажет.

Жалпы баланың қалыптасу кезеңінде оған әртүрлі жағдайлар мен факторлар әсер етсе, ол ең алдымен оның көзқарасына, қызығушылығына, икемділігіне өз нәтижесін беріп, қатынас, сезім, көңіл-күйді қалыптастырады. Осылардың арақатынасында бала бойында белгілі бір сипаттық белгілер мен жеке басының жақсы, жаман жақтары дамиды [5-69 бб.]

Кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тартуға ықпал ететін келесі фактордың бірі – оның тұлғалық ерекшеліктері. Көбінесе кәмелетке толмағандардың ата-аналары баланың мінез-құлқының ерекшеліктеріне, оның темпераментіне дұрыс әсер етпейді, бұл әрине, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуында өз ізін қалдырады.

Кейбір ата-аналар баласының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана жағдай жасауға тырысады. Ата-ананың мұндай қадамы баланың бойында масылдықты, жатып ішер арамтамақтық қалыптастырады. Енді бір ата-ана баланы киімге құмар қылып өсірсе, ал үшінші бір ата-ана баласының алдында қалай ұрлағанын немесе қоғам мүлкін қандай жолмен жымқыру жолын, істеген істерін «жайып» салады. Мұндай әрекеттер ата-ананың өз баласының алдында беделінің жоғалуына, баланың ойында құқық бұзушылық әрекеттерді туындатуға әкелуі мүмкін.

Көптеген ата-аналардың «ыңғайлы» бала туралы түсінігі бар, бірақ ол жас ерекшелігіне байланысты жасөспірім оның ойындағы бейнеге сәйкес келе бермейді. Содан кейін ата-аналар тарапынан баланың даралығымен күресі басталады, олар баланың мүдделерін елемей, «ыңғайлы стандартқа» айналдыру үшін оны қайта қалыптастыруға тырысады. Кейіннен балаға деген осындай қарым-қатынас онымен күресу нәтижесіне қарамастан оның жеке тұлғасына кері әсерін тигізеді.

Отбасындағы келеңсіз жағдайлар, одан кейін мектепте де өзіне жақын адамдарымен қақтығысқа түсуіне алып келеді. Осы орайда, мектеп дезадаптациясы да кәмелетке толмағандардың қылмысына әсер ететін басты факторлардың бірі. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі дағдарысты бастан кешіруде, бұл әсіресе мектепте көрініс береді. Мектептер тәрбиелік сипаттағы мәселелерді басымдыққа қоймастан, кез келген мүмкін құралдарды пайдалана отырып, тәртіпті қолдауды бірінші орынға қояды. Оқушының үлгерімі мұғалімнің балаға деген қарым-қатынасына, оның беделіне, оқудың жеке маңыздылығына тікелей байланысты. Мектепте дезадаптацияның себептері оқу мотивациясының болмауы, мұғалім мен оқушы арасындағы қақтығыстар, сыныптастармен күрделі қарым-қатынастар және т.б. болып табылады [4, 68-77 б.].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына себеп болатын тағы бір жағдай – қоршаған ортасы. Мұнда әсіресе бейресми ортаның әсері көп. Мектептен тыс уақытта көптеген оқушылар ата-анасының қарауынсыз болғандықтан, бақылаусыз өмір кешеді. Бұндай баланың мектептегі сабаққа бармауы, немқұрайлылығы осы бақылаусыздықтан шығады десек, артық айтқандық емес. Ондай балалар көбінесе сыныпта «қиын» балаға, тәрбиеленуі қиындық туғызатын балаға айналады. Тәжірибе көрсеткендей, бақылаусыз қалған балалар өздері тұратын жерлердегі кіші топтарға біріккен. Ал, ол топтардың қандай іспен айналысатыны белгілі. Ата-аналардың басым көпшілігі сабақтан бос уақытта баласының немен шұғылданып жүргенін, достарының кім екенін, достарының қандай пайдалы іспен айналысатынын білуге ниет етпейді. Осыдан барып, баланың ата-ана бақылаусыз тыс қалғанына сенімі артып, құқық бұзушылыққа оңай қадам жасайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмысын ерте алдын алудың негізгі құралы құқықтық сананы дұрыс тәрбиелеу және қолайсыз отбасын декриминализациялау, бұған құқықтық нормаларды жетілдіру және балаларды тәрбиелеудегі азаматтардың жауапкершілігін арттыру шаралары енеді.

Әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептер де кәмелетке толмағандар қылмысына әсер ететін бірден-бір факторлардың бірі болып табылады. Жанұя тәрбиесінің жеткіліксіздігі кейбір жеке ата-ананың кінәсінен емес, қайта жанұя жағдайының әртүрлі сәттерінің әсер етуінің жиынтығына байланысты: жанұя санында, материалдық-әлеуметтік және мәдени-әлеуметтік, жанұя мүшелері арасындағы қарым-қатынастан бастау алады. Бұл түрдің себептеріне мыналар жатады: төмен материалдық деңгей, көп балалы, толық емес отбасылар.

Қолайсыз отбасында өскен кәмелетке толмағандардың бұзақы болу мүмкіндігінің жоғары болуы соншалықты, осындай отбасынан шыққан кәмелетке толмағанның қоғамға қарсы немесе аморалды бағдар алмай, иә болмаса құқық бұзушылық жолына түспеуі өте сирек кездесетін жағдай.

Баланың әлеуметтенуі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға уақыт пен қаражаттың жетіспеуі, тәжірибе немесе қажетті білімнің болмауы девиантты мінез-құлықты дамытуға және бекітуге ықпал етуі мүмкін. Толық емес отбасылардағы әлеуметтік орта ең күрделі болып табылады.

Аталған тұжырымды сондай-ақ, мына статистикалық мәліметтерден де аңғаруға болады. Мәселен, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекцияларындағы девианттық есепте тұрғандардың 23,5%-ы өз ата-анасымен тұрса, 36%-ының ата-анасы айырылысқан, 27%-ының туған әкесі болмаса, 25% тек өгей әкесі мен анасы болып, олардың тәрбиесін алған [1, 17 б.].

Көптеген толық емес жанұяда тәрбиелеу тек қалған ананың немесе әкенің үлесіне тиетіндіктен, тәрбиелеудегі барлық ауыртпалық соған ғана түседі. Соның нәтижесінде жанұяда педагогикалық талаптар мен тәрбиелік шаралардың құлдырауы пайда болып, жасөспірімге деген әлеуметтік бақылау төмендейді.

Бұл әсіресе, көп уақытын жұмыста өткізетін, жалғыз анасы бар жанұя жағдайынан айқын сезіледі. Анасы жұмыста болғандықтан, бала үнемі өз-өзімен қалады. Олай болса, оған анасының көңіл бөлмеуі, уақытының аз болуы, болса да, шаршауы қатты әсер етіп, қандай жұмыс болса да, ол бала өзіне уақытында көмек беретін адамды таба алмайтын дәрежеге жетеді.

Осылайша, бірте-бірте анасының балаға деген ықпалы жоғала бастаған жасөспірім тығыз байланыстан айырылып, оның жанұядан бөлінуі басталады. Осындай жағдайларға байланысты А.С. Макаренко «Қараусыз балалардың жағдайы жетім балаларға қарағанда, көп жағдайда күрделі де қауіпті» деген болатын [6-341 б.].

Бүгінде кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде оң нәтижеге жету үшін қолайсыз отбасыларына ықпал ету жүйесін өзгерту қажет, мұндай бұзушылықтар үшін тек қана ата-аналық құқынан ғана айырып қоймай, бас бостандығынан айыруды қарастыратын ата-аналардың кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудегі жауапкершіліктің тиімді институттарын құру керек, бұндай институтты құрмайынша кәмелетке толмағандардың оң бағыттағы құқықтық санасын қалыптастыру туралы айту мүмкін емес. Себебі балаларға тәрбие және бұл өмірде дұрыс бағыт беру үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Қорытындылай келгенде, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы мәселесі қазіргі кезде тек криминологтарды толғандыратын мәселе емес, бүкіл халқымызды толғандыратын мәселе болып тұр. Қоғамымыздың жарқын болашағы саналы да салиқалы, білімді де білікті бүгінгі жасөспірімдерден шығатынын ұмытпағанымыз жөн.

Әдебиеттер

1. Аналитикалық есеп (кешенді социологиялық зерттеу нәтижелері). Авторлық ұжым. – Алматы, 2017. – 142 б.

2. Жадыбаев С.Х. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. – Алма-ата, 1982
3. Кашкина Е.В. Актуальные вопросы профилактики правонарушений, совершаемых несовершеннолетними // Административное и муниципальное право, 2008. – № 4. – С. 68-70
4. Реан А.А. Асоциальное поведение несовершеннолетних как проблема психологии образования // Российский психологический журнал. 2005. № 3. – С. 68-77
5. Орсаяева Р.А. Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуда отбасының алатын орны // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – №2 (38) 2015 ж. – 69 б.
6. Макаренко А.С. Педагогикалық дастан. – А., 1983. – 604 б.

**Мәулен Б.М., Журунова М.К.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОН СЕГІЗ ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАР ЕҢБЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көптеген отбасыларда ата-аналар балаларын жастайынан еңбекке баулиды. Әлемнің барлық елдерінде, сондай-ақ, Қазақстанда жасөспірімдердің еңбек етуін кездестіруге болады.

Жасөспірімдердің физикалық тұрғыдан және ақыл-ойының толық дамымағандығынан оларды қорғау мен қамқорлық жасау бірінші кезекке шығып, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін ерекше құқықтық қорғаудың қажеттілігі туындайды. Сондықтан бұл мақалада шетелдік тәжірибені зерттей отырып, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін жекелеген санаттағы жұмыскерлер қатарына жатқызудың қажеттілігі мен халықаралық құқық саласы бойынша олардың құқықтары жақсырақ қорғалатынын мысалға келтіру мен кейбір тәжірибесін елімізде қолдану қажеттілігі қарастырылады.

Мақалада он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбек, құқығын реттеуде олардың жұмысқа шығуының басты себептерін анықтап кетейік.

Т.Ю. Коршунованың пікірі бойынша, он сегіз жасқа толмағандар еңбегі экономикасы дамыған және экономикасы төмен елдерде кеңінен тараған [1, 63]. Әрине еңбек ету кез келген азаматтың өмір сүру қажеттілігі, сондықтан да Т.Ю. Коршунованың пікірімен келісе отырып, жасөспірімдердің түрлі жағдайларда еңбек етуінің артықшылықтары мен оны жетілдірудің қажетті жақтары болатынын айтамыз.

Мысалы он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің шығармашылықпен айналысып, өзін физикалық және мәдени тұрғыдан, ақыл-ойын дамыту мен оны бір жағынан табыс көзіне айналдыруын ұтымды деп есептесек, кейбір он сегіз жасқа толмағандардың сауда орталықтары мен қоғамдық тамақтандыру орындарында әртүрлі жұмыстарды атқаруы олардың физикалық және ақыл ойының кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сондай-ақ, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін экономиканың көлеңке саласында қолдану кеңінен орын алып кеткен.

Осы мәселеге сәйкес, халықаралық құқықтық актілерге талдау жасайтын болсақ, Халықаралық Еңбек Ұйымының (ары қарай ХЕҰ) 1973 жылғы 26 маусымдағы «Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас» туралы № 138 Конвенциясының 1-бабында: «Осы Конвенцияны күшінде деп танитын Ұйымның әрбір Мүшесі бала еңбегін тиімді жоюды және жеткіншектердің дене және ақыл-ой сезімінің толық дамуына сәйкес дәрежеге дейін жұмысқа қабылданатын ең төменгі жасты біртіндеп көтеруді қамтамасыз ету мақсатымен ұлттық саясатты іске асыруды міндеттенеді» [2]. Бұл Конвенция Қазақстанда

мойындалған және осы аталған баптағы норма Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (ары қарай ҚР ЕК) 31-бабының нормасында еңбек шартын жасау үшін жол берілетін жас мөлшерінен саулығы мен имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмейтін шығармалар жасауға байланысты жас мөлшерін көтеру қарастырылған [3]. Бұл жерде жоғарыда атап кеткеніміздей шығармашылық саласында баланың өзін дамытуға бағытталған жұмыстарды орындауға жол берілетіні қарастырылған.

Он сегіз жасқа толмағандардың құқығын анықтайтын халықаралық құжат болып, 20 қараша 1989 жылы қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының (ары қарай БҰҰ) «Бала құқықтары туралы Конвенциясы» танылады. Бұл Конвенцияның 32-бабының 1 тармақшасында қатысушы мемлекеттердің әр баланың экономикалық қанаудан, оның денсаулығына қауіп төндіретін немесе білім алуына кедергі келтіретін немесе денсаулығына зиян, дене бітімінің, ақыл-есінің жетілуіне, рухани және моральдық, әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіретін кез келген жұмыстардан қорғалуға құқығы бар екенін мойындайды [4].

Бұл Конвенцияның да Қазақстанда мойындалып, осы баптың нормасы ҚР ЕК 26 бабының 2 тармақшасынан орын алғанын көреміз. Яғни, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің имандылық және физикалық тұрғысы мен ақыл-ойының дамуына нұқсан келтіретін жұмыстарға жібермеу туралы тыйым салынған норма бекітілген [3].

Бүгінгі күні он сегіз жасқа толмағандар еңбегін халықаралық-құқықтық тұрғыдан қорғау толық және жеткілікті көлемде орын алған деп айталамыз. Оған мысал ретінде кеңестік кезеңнің өзінде заңнамамыздың дамуына ықпал еткен Германияның тәжірибесін басшылыққа алатын болсақ, он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін «Еңбекті қорғау туралы» заңнамасында жазылған [5]. Бұл заңнамада он сегіз жасқа толмағандардың еңбек саласы бойынша құқықтарының көлемінің үлкен екенін және олардың заңға сәйкес нақты орындалатынын аңғарамыз.

Мысалы, бұл заңнамада әр жастағы балалардың атқаратын жұмыстарының тізімін нақты жазылған. Біздің ҚР ЕК-те тек 13 жастағылардың еңбекпен айналысуына болатын тізім ғана көрсетіліп кеткен.

Саломе Челидзенің айтуы бойынша, бұл заңнамада жұмыскерлердің еңбегінің қорғалуына үлкен мән береді. Мемлекет жұмыс беруші мен кәсіптік одақтың қарым-қатынасын реттейтін әлеуметтік әріптестік жүйесінің жақсы дамығанын басшылыққа алған [6, 4].

Әрине, бұл пікірмен келісе отырып, Қазақстанда да әлеуметтік әріптестік жүйесінің еңбекті қорғауға байланысты түрлі саладағы кәсіптік одақтары жұмыс атқарып жатқанын басшылыққа ала келе, нақты он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің кәсіптік одағы жоқтығын айтамыз. Ол әр салада он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін реттеу туралы жалпы ережелермен жұмыстарын атқарып келеді.

Дамып кеткен елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Америка Құрама Штаттарын (ары қарай АҚШ) алып қарайтын болсақ, 1938 жылғы «Еңбектің әділетті талаптары» заңында еңбек шартын жасайтын жас мөлшері 16 жасты қамтиды [7]. Сонымен қатар, бұл заңда жас мөлшерін 15, 14, 13 жасқа дейін қысқартылатын туралы нормалар мен оларды арнайы субъектілер қатарына жатқызатын тарау орын алған. Қазақстанда жас мөлшерін төмендету туралы нормалар ҚР ЕК 31-бабынан орын алғанымен, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді арнайы субъектілер қатарына жатқызатын тарау орын алмаған. Бұған дейін қолданыста болған 2007 жылғы (қазіргі күні күшін жойған) ҚР ЕК он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін жекелеген санаттағы жұмыскерлер қатарына жатқызған [8].

Ол заңнамада он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін реттеуді қазіргідей әр тарауға лақтырып тастамай, бір тараудың аясында реттейтін баптар болған еді. Ол оқығанда да, жалпыға түсінікті нормалар болатын.

Қазіргі қолданыстағы ҚР ЕК әр баптың нормасын ашып, түсіндірме жасап алуға тура келеді.

Сондай-ақ, АҚШ заңнамасында он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін қорғауда олардың он сегізге толмай көлік жүргізушісі қызметіне, соның ішінде мемлекеттік жолдарда жүруіне тыйым салынатыны, зиян және қауіпті жұмыстарды орындауға болмайтыны мен ауыл шаруашылығының жұмыстарын атқаруда еңбегін қорғау басшылыққа алынады. Біздің ҚРЕК ауылшаруашылығына байланысты жұмыстар туралы норма мүлдем жоқтың қасы.

Эстонияның тәжірибесінде он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін пайдалануға тыйым салатын нормалар «Еңбек шарты туралы» заңның 125 бабынан орын алған [9].

Бұл баптың нормасында ата-анасының біреуінің немесе қамқоршы, қорғаншысының немесе еңбек инспекторының рұқсатынсыз 13-18 жас аралағындағы жастармен, сондай-ақ 13 жасқа толмағандармен және 15-18 жас аралығындағы жастармен еңбек шарты жасалса, еңбек дауларын қарайтын органдармен ол шарт жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Ал, біздің еліміздің тәжірибесінде ҚР ЕК ата-анасының біреуінің қол қоюымен он алты жастан төмен жастағы балалармен еңбек шартын жасауға жол беріледі деген. Ата анасы неліктен еңбек шартына қол қоятыны түсініксіз, олардың еңбек шартына қол қоюынан еңбек қатынастарының қандай субъектісіне айналады деген өз алдына жеке сұрақты туындатады. Эстонияның тәжірибесінде еңбек инспекторының рұқсаты туралы аталған норманың болуы өз алдына он сегіз жасқа толмағандардың еңбек саласынан қорғалатынын көрсетеді, ондай норма ҚР ЕК көрініс таппаған.

ҚР ЕК еңбек шартының өзгеріске түсуі кезінде он сегіз жасқа толмағандарға қатысты да жалпы норма қолданылатын дұрыс емес деп есептеймін, себебі еңбек шартын жасағанда қалай ата-анасының, қамқоршы, қорғаншысының рұқсаты қажет болады, сол сияқты еңбек шартын өзгерткен кезде де олардың рұқсаты міндетті түрде қажет деген пікірдемін. Себебі еңбек шартына өзгеріс енгізген кезде тікелей еңбек жағдайының өзгеруі орын алатындықтан, бұл аталған азаматтардың тікелей қатысуы тиіс, оған міндетті түрде еңбек инспекциясының бақылау жасағаны дұрыс.

Сонымен он сегіз жасқа толмағандардың еңбегін құқықтық реттеуде халықаралық құқықтық нормалардың ұлттық заңнамада, яғни ҚР ЕК нормаларынан көрініс тапқаны мен ешқандай ауытқушылықтардың орын алмағанына талдау жасадық.

Ал, шетелдің тәжірибесін басшылыққа алған кезде, бұл дамыған мемлекеттердің тәжірибесін басшылыққа алуға болатын тұстарына назар аударды. Мысалы: Германияның тәжірибесін қолдану еліміздің ҚР ЕК нормаларынан орын алатын болса, балалар еңбегін тым жастайынан бастауға болмайтыны туралы нақты нормалар пайда болатын еді.

АҚШ тәжірибесінен алатын болсақ, ҚР ЕК он сегіз жасқа толмағандарды арнаулы субъект ретінде танитын жеке тараудың болғаны дұрыс деп ойлаймын және сол тарауда ауылшаруашылығына да байланысты балалардың еңбегіне тыйым салынатын жұмыстар тізбектеліп жазылса деген ойдамыз. Себебі ҚР барлық аумағында ауылшаруашылығы аса дамығандықтан, балалар еңбегін пайдаланудан алшақтап кете алмаймыз.

Эстонияның тәжірибесінің негізінде балалардың жас мөлшеріне қатысты олардың еңбек шартын жасауына рұқсат беретін субъектілердің тізімін толықтыру мен олардың еңбек қатынастарында алатын орнын нақтырақ түсінікті етіп жазуы керек деген пікірдеміз.

Бұл өз алдына ата-ана, қамқоршы, қорғаншы мен еңбек инспекцияның жауапкершілін арттырып, құқықтық нигилизмнің алдын алуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Коршунова Т.Ю. Особенности регулирования труда отдельных категорий работников // Трудовое право. 2012, № 6. – С. 60-65.

2. Женевада 1973 жылғы 26 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 58-сессиясы қабылдаған Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенция (138-конвенция) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000116_ (20.10.19).

3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (20.10.19)
4. Бала құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша, 1989 ж.) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_ (21.10.19)
5. <https://gigabaza.ru/doc/5578.html> (21.10.19)
6. Саломе Челидзе «Правовые основы надзора и контроля в сфере охраны труда в Германии: законодательство, органы, процедуры, санкции». Сравнительное трудовое право № 4, 2010. С. 1-6. // [https://www.hse.ru/data/2011/01/21/1208900003/Germany_4_2010_T2-A\(1\).pdf](https://www.hse.ru/data/2011/01/21/1208900003/Germany_4_2010_T2-A(1).pdf)(21.10.19)
7. https://en.wikipedia.org/wiki/Fair_Labor_Standards_Act_of_1938 (22.10.19)
8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Күшін жойған. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000251_ (22.10.19)
9. <https://v1.juristaitab.ee/ru/zakonodatelstvo/zakon-o-trudovom-dogovore> (23.10.19)

**Мусынова Г.Е., Кумаева А.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫН САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қылмыстық құқықтың үлкен бір арнасы, жеке көлемді институты – жаза тағайындаудың қағидаларын даралап, сотталушының іс-әрекетіне, оның жасаған қылмысының қауіптілігіне сай қылып жазалау мақсатын қойған, соттар үшін басшылыққа алатын басты бағдар.

Қазақстан Республикасы Конституциясында барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де сот үкімінсіз кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген қағидаларын басшылыққа ала отырып, соттар қылмыстың түрі мен ауырлығына, айыптының қызметтегі және қоғамдағы орнына қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет.

Жаза тағайындаудың жалпы негіздері жөнінде заң қағидаларын сақтаудың негізгі шарттары ҚР Жоғарғы сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 25.06.2015 жылғы №4 нормативтік қаулысында толығымен түсіндіріліп көрсетілген.

Қылмыстық жаза тағайындалған кезде соттар ҚР Қылмыстық кодексінің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы керек. Атап айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығы, қылмыстың қайталануы және оның түрлері, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңі, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесі, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызы және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуы, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздері ескерулері қажет.

Осындай ерекше маңызының барлығына қарамастан жаза тағайындау қағидалары мәселесі әлі де болса құқық ілімінде толық шешімін таба алмай отыр.

Мұндай келеңсіздіктің себебін, соның салдарынан жіберілетін кемшіліктердің мәнін Л.Л. Кругликов жаза тағайындаудың қағидаларының саны және түрлері туралы әртүрлі

пікірлердің болуынан, олардың жеке түрлерінің мағынасын түсінбеушіліктен, олардың арасындағы қарым-қатынасты айыра алмаудан, жаза тағайындаудың жалпы негіздерімен шатастырудан және олардың жұмыс істеу тетігін жете игермеуден дейді [1, 16 б.].

Құқық қағидалары нормативтік жиынтықтың жоғары дәрежесі болып табылатын барынша жалпылама нормалар ретінде қарастырылады. Қылмыстық құқық алдында тұрған міндеттер оның қағидаларының негізінде шешіледі. ҚР Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқықтың қағидалары жеке заң нормалары ретінде қаралмаған.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде жаза тағайындау қағидаларына қатысты, олардың саны, түрлері, олардың өзара байланысы немен сипатталатыны, бұл қағидалардың қандай құралдармен жүзеге асырылатыны, т.б. жөніндегі мәселелер әртүрлі шешіледі. Айталық, көптеген авторлар (В.Д. Меньшагин, Ю.В. Бышевский, А.И. Марцев, И.И. Карпец, Л.А. Прохоров, А.М. Васильев және т.б.) жаза тағайындау қағидаларына заңдылықты, ізгілікті, жазаны жеке даралауды жатқызады.

Ю.Б. Мельникова еңбегінде жаза тағайындау қағидалары былай тізбектеледі: «заңдылық, негізділік, жазаның қылмыстың қауіптілігіне сайлығы, жазаның қылмыскердің жеке басының қауіптілігіне сайлығы, жазаны жеке даралау, жазаның әділеттілігі» [2, 13-15 бб.]. М.М. Бабаев еңбегінде «заңдылық, жазаның негізділігі, адамгершілік, жазаны жеке даралау, жазаның әділеттілігі» айтылады [3, 3 б.]. М.И. Бажанов жазаны тағайындау қағидалары деп «заңдылықты, жазаның негізділігін, гуманизмді, жеке даралау және әділеттілігі» түсінетіндігін көрсетеді [4, 69 б.]. Н. Дулатбековтың атап келтіргеніндей, негізгі берілген анықтамаларды және кездескен басқа еңбектердің бәріне тән бір ортақ олқылық бар секілді [5, 34-56 бб.]. Олар мыналар:

- жоғарыдағы авторлардың көрсетілген қағидалар арасындағы алшақтығын, жете түсінбеуі;

- кей кездерде қағидалар өз арасындағы мазмұндық ауқым-аясына қарамастан бірдей дәрежеде көрсетіліп кетуі;

- қылмыстық іс жүргізуде мәнге ие болатын қағидалардың негізсіз жаза тағайындаудың қағидалары ретінде көрсетілуі;

- олардың бір-біріне деген ішкі байланыстары ұмытылып, мағынасыз тізбектелуі.

Авторлардың жазаны тағайындаудың қағидаларын жалпы құқықтық қағидаларымен шатастырып, «жалпы-жалқы» арасындағы айырмашылықтарды жете түсінбеуінен туындайды.

Шын мәнінде, жаза тағайындау кезінде жалпы құқықтық, қылмыстық құқықтық қағидалардың қызмет атқаруы, өзін-өзі көрсету қабілеті қылмыстық құқықтық жеке институттарын қолдану әртүрлі деңгейде болады. Мазмұнының жете көрініп тұруына байланысты оларды кейде ерекшелендіру дұрыс. Бірақ қылмыстық құқық іліміне ортақ қағидаларды бөліп алып, оны тағы да жеке институт қағидасы қылып қоюдан ештеңе ұтпаймыз. Сондықтан заңдылық, гуманизм және т.б. қағидаларды жазаны тағайындаудың қағидасы етіп көрсетудің ешқандай маңызы жоқ деген пікірлерге қосылған жөн.

Біздің ойымызша, жаза тағайындаудың қағидасы ретінде тек жазаны жеке даралауды, жазаның нысаналылығын және жазаның мөлшерін қылмыс ауырлығымен деңгейлестіріп қолдануды пайдалану керек. Осыған орай Л.Л. Кругликовтың берген анықтамасы дұрыс деп ойлаймыз [1, 16 б.]. Себебі, осы көрсетілген қағидалар жазаның алдына қойған мақсаттарынан туындап, жазаны тағайындаудың ішкі қасиеттерімен астарласып тұрғандай.

Қағидалар мен ережелер – біркелкі емес қылмыстық-құқықтық категориялар. Олар бірлесе отырып жаза тағайындаудың жалпы негіздерін құрайтын басты ұғымдар болып табылады. Қағидалар аталған процестің негізінде жатқан және оның мән-маңызын ашып көрсететін жетекші идеяларды, концепцияларды білдіреді, ал ережелер заңдағы баптың қылмыстық-құқықтық санкцияларын жасалған қылмысқа және айыпкердің жеке басына қатысты салыстыру мен қолданудың қажеттілігінен, тәртібі мен процедурасынан құралады.

Жаза тағайындай отырып сот барлық сот тергеуін қорытындылайды. Сондықтан негізгі ережелер түрінде жаза тағайындаудың жалпы негіздерін жетекшілікке ала отырып, сонымен қатар тағайындау қағидаларын да қатаң сақтау қажет. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері жаза тағайындау барысында сот әрекетінің құқықтық мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге сотқа белгілі талаптарды есепке алатын міндеттерін жүктейді.

ҚР ҚК-нің 52-бабына сәйкес, жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі делінген [6].

Жаза тағайындаудың жалпы негіздерін қылмыстық жауаптылықтың қағидаларына сүйене отырып бөлуге болады.

Әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы және басқа да құқықтық салдары тек қана Қылмыстық кодекспен айқындалады. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

Әдебиеттер

1. Кругликов Л.Л. Уголовно-правовые средства обеспечения справедливости наказания. – Ярославль, 1986. – 16 б.
2. Мельникова Ю.Б. Индивидуализация наказания с учетом обстоятельств, характеризующих личность, 1969. – с. 13-15
3. Бабаев М.М. Индивидуализация наказания несовершеннолетних. – М., 1968, – с. 3
4. Бажанов М.И. Смягчающие и отягчающие ответственность обстоятельства при назначении наказания. – М., 1974. С. 69
5. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселері). – Астана, 2002. – 464 б.
6. ҚР Қылмыстық Кодексі 2014 ж.

О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА УСЛОВНО-ДОСРОЧНОГО ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ

Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года, одним из важных направлений уголовной правовой политики государства предусматривает «совершенствование институтов освобождения от уголовной ответственности, отбывания наказания, условно-досрочного освобождения от отбывания наказания» [1].

В соответствии с п.1 ст. 60 Минимальных стандартных правил обращения к заключенным «желательно, чтобы перед завершением срока наказания принимались меры к постепенному возвращению заключенного к жизни в обществе. Этой цели можно добиться с учетом особенностей каждого правонарушителя, вводя особый режим для освобождаемых либо в самом заведении, либо в каком-нибудь другом учреждении или же, освобождая заключенных на испытательный срок, в течение которого они все же остаются под надзором, при условии, что такой надзор не возлагается на полицейские власти и сочетается с эффективной социальной помощью» [2].

Вопросы правового регулирования и правоприменительной практики института условно-досрочного освобождения от наказания на современном этапе развития уголовно-правовой науки представляются достаточно дискуссионными.

Согласно нормам Уголовного Кодекса Республики Казахстан (далее УК РК) условно-досрочное освобождение является одним из видов досрочного освобождения от отбывания наказания, наряду с иными видами освобождения (замена неотбытой части наказания более мягким видом наказания, либо сокращением срока назначенного наказания (ст. 73 УК РК), освобождение от отбывания наказания в связи с болезнью (ст. 75 УК РК), отсрочка отбывания наказания беременным женщинам и женщинам, имеющим малолетних детей, мужчинам, в одиночку воспитывающих малолетних детей (ст.74 УК РК), освобождение от отбывания наказания в связи с истечением сроков давности обвинительного приговора суда (ст.77 УК РК) [3].

В соответствии со ст. 72 УК РК, для применения института условно-досрочного освобождения от наказания необходимо наступление определенных материальных и формальных оснований.

К материальному основанию в уголовно-правовой науке относят степень фактического исправления лица, на основе которого суд делает вывод об отсутствии надобности в полном отбывании назначенного наказания. Высокая степень исправления осужденного, позволяющего суду прийти к выводу о нецелесообразности полного отбытия назначенного наказания, то есть убеждение суда в том, что осужденный для своего исправления не нуждается в полном отбывании назначенного судом наказания, является основанием условно-досрочного освобождения от наказания [4].

Показатели исправления зависят от специфики отбывания наказания. Наиболее серьезные требования предъявляются к лицам, отбывающим наказание в виде лишения свободы. К критериям исправления таких лиц могут быть отнесены и соблюдение всех требований режима, и наличие поощрений со стороны администрации учреждения или органа, исполняющего наказание.

В качестве формального основания признается факт реального отбытия осужденным определенного уголовным законом части срока наказания. Вывод об исправлении лица суд может сделать лишь относительно после продолжительного отбывания наказания осужденным [5].

Институт условно-досрочного освобождения от наказания в отечественном законодательстве регулируется следующими нормативно-правовыми актами: уголовным, уголовно-процессуальным и уголовно-исполнительным законами Республики Казахстан.

Уголовным законодательством определяется сущность условно-досрочного освобождения: основания применения, перечень уголовных наказаний, в связи с назначением которых возможно применение условно-досрочного освобождения от наказания и т.д.

Уголовно-процессуальным законом определяется порядок представления осужденного к условно-досрочному освобождению и рассмотрения судом этих представлений.

Уголовно-исполнительное законодательство регламентирует процесс организации исправления осужденного, систему подготовки к условно-досрочному освобождению, порядок освобождения и наблюдения за осужденным.

Условно-досрочное освобождение неразрывно связано с назначенным наказанием, является уголовно-правовым механизмом, посредством которого достигается цель исправления. Согласно ч.1 ст.72 УК РК «лицо... может быть освобождено судом условно-досрочно, если судом будет признано, что для своего исправления оно (лицо) не нуждается в полном отбывании назначенного судом наказания». Нельзя отрицать тот факт, что изложенная в законе формулировка основания условно-досрочного освобождения, предполагает, что осужденный еще не исправился, он близок к исправлению и ему требуются иные, более мягкие меры уголовно-правового воздействия, чем применение наказания в виде изоляции от общества.

В противном случае, если исходить из того, что при условно-досрочном освобождении осужденный полностью исправился, отпала бы и необходимость в применении к нему вообще каких-либо мер уголовно-правового характера, в том числе и правоограничений, которые освобожденный обязан соблюдать под страхом возвращения в исправительное учреждение. Другими словами, такое лицо подлежало бы безусловному освобождению от наказания, применение которого (освобождения) могло бы быть, например, в форме помилования, или в какой-либо иной, установленной законом форме.

Как отмечалось ранее, в соответствии с ч.1 ст. 72 УК РК условно-досрочное освобождение может быть применено в отношении лица, отбывающее ограничение свободы или лишение свободы, после фактического отбытия сроков, указанных в чч. 3, 4, 5, ст.72 УК РК, может быть освобождено судом условно-досрочно, если судом будет признано, что для своего исправления оно не нуждается в полном отбывании назначенного наказания.

Согласно ч.ч. 1 и 3 ст. 44 УК РК, ограничение свободы состоит в установлении пробационного контроля за осужденным на срок от одного года до семи лет. Ограничение свободы отбывается по месту жительства осужденного без изоляции от общества. В случае злостного уклонения от отбывания наказания лицом, осужденным к ограничению свободы, неотбытый срок ограничения заменяется наказанием в виде лишения свободы на тот же срок.

По нашему мнению, применение условно-досрочного освобождения от дальнейшего наказания в отношении осужденных к ограничению свободы является излишним, поскольку судами при вынесении решения уже применяется более мягкое наказание, не связанное с изоляцией лица от общества, с установлением пробационного контроля.

Как видим, ограничение свободы уже подразумевает то, что в отношении лица приняты меры для способствования его исправления.

Считаем, что условно-досрочное освобождение должно применяться только в отношении осужденных к реальному лишению свободы. В этой связи необходимо внести соответствующие изменения в уголовное законодательство, которые приведут к более конкретизированному подходу применения института условно-досрочного освобождения.

Литература

1. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>
2. Минимальные стандартные правила обращения с заключенными. Приняты на первом Конгрессе ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями 30 августа 1955 г., одобрены Экономическим и Социальным Советом на 994-ом пленарном заседании 31 июля 1957 года // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/O5700000001>
3. Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 03 июля 2014 г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>
4. Авдеев В.А. Условно-досрочное освобождение от отбывания наказания несовершеннолетних: дис. канд. юрид.наук. – СПб., 1996.
5. Ткачевский Ю.М. Изменение дополнение уголовного исполнительного законодательства // Законодательство 2002 №2 С.77-83.

**Мұқажанов Қ., Канафина Г.А.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

ЖЕРГЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының жер қоры 272.490 мың гектарды құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз әлемде тоғызыншы орында. Алайда, жерді тиімді пайдаланудағы көрсеткіштеріміз қанағаттанарлық емес. Әр гектардан алынатын өнімді, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар атқарылуда. Солардың арасында үлкен үміт артылғандарының бірі – жерге жеке меншік құқығын енгізу болатын.

Ата заңымызда «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» - деп көрсетілуі Кеңес Одағы кезеңінде қолданылмаған жерге жеке меншік құқығын енгізу нарықтық экономикаға өтудің алғышарттарының бірі екенін білдіреді (1.6 бап). Қазақстан Республикасының азаматтық кодесінде меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлік иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттілігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы (2.188 бап).

Сонымен қатар, жер басты байлығымыз, халқымыздың өмірі мен қызметінің негізі екені ескеріліп жерге жеке меншік құқығын енгізудің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Ата заңымыздың жоғарыда аталған бабында жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негізде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін деп көрсетілген (1.6 бап). Мұндағы « заңда белгіленген негізде, шарттар мен шектерде»- деген ескерту Қазақстан Республикасының жер қорының барлық санаттарының жеке меншікте бола алмайтынын көрсетеді. Жер кодексінде қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік, мемлекеттік шекараны қорғау және күзету үшін тұрғызылған

инженерлік-техникалық құрылыстар, кеден қажеттеріне арналған жер учаскелері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; магистральдық темір жол желілері мен ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары; елді мекендердегі ортақ пайдаланудағы аумақтар орналасқан жер учаскелері т.б. жеке меншікте бола алмайтыны айтылған (3.26 бап).

Азаматтық кодексте Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады делінген (2.12 бап). Ал, жер кодексінде Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың жерге жеке меншік құқығында түбегейлі айырмашылықтар бар. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жерлерге жеке меншік құқығы берілмейді (3.23бап). Сонымен қатар шаруа немесе фермер қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде үш ай ішінде меншік құқығы иеліктен алынуға немесе жерге сондай субъектілерге тиесілі болатын құқық түріне қайта ресімделуге тиіс (3.66 бап).

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді делінген (2.191 бап). Жер кодексінде Қазақстан Республикасының азаматтарына ауылдық жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізуге, жеке тұрғын үй құрылысына, бағбандыққа, сондай-ақ саяжай құрылысына тегін берілетін жердің мөлшері көрсетілген. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін тиімді пайдалану мақсатында облыстық өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімдерімен жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты жеке меншікке немесе жер пайдалануға берілетін жер учаскесінің шекті мөлшері белгіленетіндігі айтылған (3.50 бап). Жердің құндылығын, адамдардың өміріндегі маңызын ескере отырып, оның көп мөлшерде бір қолда шоғырлануына мүмкіндік бермеу үшін жер учаскелері аталған мақсаттарға қайталап тегін берілмейтіндігі белгіленген.

Жер қатынастарын реттеудің тағы бір ерекшелігі жер учаскелерін пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізіледі. Құрылысқа арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап қатарынан екі жыл бойы мақсатқа сай пайданылмаған жағдайда мәжбүрлеп алып қоюға жатады (3.92 бап). Жер учаскесін немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланған жағдайда да жер учаскесі мәжбүрлеп алып қоюға жатады. (3.93 бап). Екі жағдайда да меншік иесіне ескерту жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген шаралар қолданылғаннан кейін сот шешімі негізінде жүргізіледі (4.338 бап).

Жер табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде бағаланғандықтан (3.3бап) жер қатынастарын реттеу шаралары жер кодексінде Қазақстан Республикасының Конституциясының, азаматтық кодекстің қағидаларын кеңейте, тереңдете және нақтылай берілген. Мұны бұлжытпай орындау арқылы ғана жер мәселелерін шешуге болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім).
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ.
4. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ДЕМАЛЫС АЛУ ҚҰҚЫҒЫН РЕТТЕЙТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Отандық еңбек заңнамасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдарынан бастап, еңбек қатынастарын реттеудің неғұрлым оңтайлы және тиімді механизмін іздеуде біраз жұмыстар жасаған эволюциялық процесс болып келеді.

Нарықтық экономика талаптарына сәйкес елдің экономикасының дамуына жұмыс күші ықпал ететінін білеміз, сондықтан да еңбек қатынастарын реттеу мүдделі тұлғалардың қарым-қатынасына әсерін тигізеді. Жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы тепе-теңдікті іздеу кезінде мемлекет делдал ретінде заңнамалық тұрғыдан жалпы стандарттарға ғана сүйеніп қоймай, еңбек қатынастарын реттейтін арнайы модельдерді пайдалану қажет деп есептейміз.

Осыған себеп ретінде Қазақстан Республикасының (ары қарай ҚР) Еуразиялық экономикалық одаққа (ары қарай ЕЭО) кіруінің өзі бірізділік пен заңнаманы икемдірек қылуды талап етеді. Ол үшін еңбек қатынастарына халықаралық құқықтық актілерді қолданудың қажеттілігі туындап, еңбек саласындағы актілерді мойындау мен жеке актілерді дайындауға қатысу ұлттық заңнаманың дамуына ықпал ететін заман талабы болып табылады.

Осының нәтижесінде бұл мақаланың мақсатын еңбек қатынастарын реттеу саласында халықаралық нормаларды қолданудың контекстінде отандық еңбек құқығын оңтайландыру жолдарын ұтымды пайдаланып, оларды еңбек заңнамасына имплементациялау болып табылады. Жаһандандыру процесінде әртүрлі мемлекет аралық ынтымақтастықты құқықтық реттеу мәселесі ұлттық заңнаманы біріздендірумен тікелей байланысты болады. Әр мемлекеттің ішкі ұлттық заңнамасының болуы бірігіп жұмыс жасау процесіне нұқсанын келтіреді.

Мысалы М. Журунова айтып кеткендей, Ресей Федерациясының Армения азаматтарына екінші тіл орыс тілі болмағандықтан, жүргізуші куәлігін мойындамай, оларды жүргізушілік жұмысқа орналасуына тыйым салуы, ЕЭО келісіміне кедергісін келтіреді [1].

Бұл жерде түсіндіріп кететін жағдай, әр мемлекеттің өзіндік ішкі заңы еңбек қатынастарын жүзеге асыру кезінде өз нұқсанын тигізуде.

Еңбек қатынастарын реттеу кезінде Халықаралық Еңбек Ұйымының (ары қарай ХЕҰ) құқықтық актілеріне, бірыңғай модельді ұсынатын ұйым ретінде жүгінеміз. ХЕҰ конвенциялары мен ұсыныстарын мойындап, оны ұлттық заңнамаға енгізу үшін, оны мойындаудың арнайы процедураларына өтуі тиіс.

Демалысқа құқық азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтары болып табылатындықтан, халықаралық құқықтық актілерді имплементациялау кезінде:

- Жалпы адам құқықтары туралы 1948 жылғы Декларация,
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті,
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті,
- ХЕҰ Қаулысы мен онымен бірге жүретін ХЕҰ мақсаты мен міндеттері туралы нұсқаулықтары,
- Еңбек саласы бойынша құқықтар мен қағидаттардың негізін қалайтын ХЕҰ нұсқаулығын айтуға болады [2, 12 б.].

Ал, бірдей еңбегі үшін тең дәрежеде еңбегіне ақы алу, әділетті және қанағаттанарлық сыйақы алу қағидаты, балалар мен жасөспірімдер еңбегінің ең нашар түрлеріне жол бермеу қағидаты, тәуелсіз кәсіптік одақтар бірлестігін құру мен оларда сөйлеу бостандығы қағидаты сияқты қағидаттарды қарастыратын болсақ, олар

Р. Аскеровтың айтуы бойынша, тынығу уақытын беру мен демалысқа құқық кезінде қолданылмайтынын, олардың басқа еңбек қатынастарына қатысты қолданыста болады деген пікірімен келісеміз [3, 175 б.].

ХЕҰ демалысты құқықтық реттейтін актілеріне тоқталатын болсақ, ол туралы ХЕҰ қабылдаған 11 Конвенциясы бар [2]. Бұл конвенциялардың ақылы еңбек демалыстары мен теңізшілердің, ауыл шаруашылығымен айналысатын жұмыскерлердің, оқу демалыстарына және де қонақ үй, ресторандар мен соған сәйкес мекемелерде жұмыс атқаратын жұмыскерлердің демалыстары туралы. Ал, осы аталғандардың ішінде ҚР мойындалғаны 1952 жылғы № 183 ананы қорғау туралы ХЕҰ конвенциясы болып табылады [4].

Сонымен, жоғарыда аталып кеткен конвенциялардың ерекшеліктеріне тоқталып өтетін болсақ, ауылшаруашылығымен айналысатын жұмыскерлердің демалысын құқықтық реттеу ХЕҰ 1952 жылғы 26 маусымдағы №101 конвенциясы болып табылады [5].

Бұл конвенцияда ауылшаруашылығында еңбек ететін жұмыскерлерге бір жұмыс берушіде белгілі бір уақыт кезеңінде үзіліссіз жұмыс атқарғанына байланысты демалыс берілетіні туралы жазылған. Бұл конвенция ҚР мойындалмағандықтан, біз бұл халықаралық құқықтық норманы ұлттық заңнамамызда қолдана алмаймыз, бірақ бұл тәжірибенің ҚР ауылшаруашылығының дамуына байланысты қолдануға тұрарлық норма екеніні айтамыз.

Себебі қазіргі уақытта ауылшаруашылығы жұмыскерлерінің еңбегі ҚР Еңбек кодексінде (ары қарай ҚР ЕК) жекелеген санаттағы жұмыскерлер ретінде бөлінбейді, ол жалпы нормалармен реттелуге жатады [6].

Бірақ, ауылшаруашылығының еңбегі өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес, жеке реттелуге жатуы тиіс деген ойдамыз, яғни ауылшаруашылығының жұмыстарын атқарып жүрген жұмыскерлерге қатысты халықаралық норманы имплементациялап, олардың жеке мүліктік емес құқықтарын еңбек саласында байытудың қажеттілігі бар дейміз.

Келесі басшылыққа мысал ретінде 1970 жылғы 24 маусымдағы № 132 ақылы демалыстар туралы конвенция [7]. Бұл конвенцияның 3 бабында әркімнің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға құқылы екенін сипаттайтын болса, 8 бабында ол демалыстың берілу ұзақтығын үш аптадан кем емес болуы керек деп бекіткен.

ҚР ЕК 92 бабының 3 тармақшасында кемінде екі аптаға беріледі деп бекіткен [6].

Осы жерден бұл нормаға түсіндірме жасап кететін болсақ, әрине елдің экономикасын жақсарту мақсатында жұмыс күшін үздіксіз пайдаланудың қажеттілігі орын алатынын білеміз. О.С. Хохрякова өз ғылыми еңбегінде кеңестік дәуірде демалыстардың қалай пайда болғаны туралы зерттеу жасаған. Ол өз зерттеуінде алған ақылы демалыстар туралы В.И. Лениннің алғашқы ақылы 12 күн берілетін декретін қабылдағаны туралы, бірақ оны артынан билікке келген И.В. Сталиннің елдің экономикасын арттыру мақсатында 6 күнге қысқартып тастағаны [8, 25 б.].

Әрине елдің экономикасын көтеру қажет, оны көтеруге атсалысатын жұмыс күші әлбетте, бірақ, жұмыскердің тынымсыз еңбек етуінен жұмысқа қабілетін жоғалтып, дем алмастан жұмыс жасағаны үшін зорығып, жұмысын ары қарай өнімді атқара алмайтын жағдайға жетуі мүмкін ғой. Ондай жағдайда жұмыс берушінің еңбек өнімділігі төмендеп кетуі де ықтимал жағдай. Сондықтан, заң шығарушы өз алдына нормаларды қабылдау кезінде адамдардың физиологиялық, физикалық және психологиялық қажеттіліктерін ескеруі тиіс деген пікірдемін. Себебі екі аптаның адамның толыққанды демалып, жұмысқа қабілеттілігін толықтай қалпына келтіретіні күмән туғызады. Егер де, осы аталған конвенция мойындалған болса, жыл сайынғы еңбек демалысын кем дегенде үш аптаға берілуінің қажеттілігін заңнамалық тұрғыдан бекітуге болатын еді.

Ананы қорғау туралы конвенцияда әйелдің жүктілігі он төрт апта болатын болса және оның жүктілігі мен босанған уақыты ешқандай қысқартылусыз жүктілігі мен босануына байланысты демалыс уақытына қосылуы керек деген нормасын конвенцияның 5 бабында бекіткен [4].

Бұл баптың нормасын ҚР ЕК нормаларында қолданысын тапқан, имплементация жасау үшін ешқандай негіз көріп отырғанымыз жоқ. Бірақ ҚР ЕК бір тұзету енгізуі қажет нормасы ретінде 99 баптың 3 тармағына жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге (ата-ананың біреуіне) баланы асырап алған күннен бастап және бала туған күннен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге демалыс беріледі деген нормаға қатысты орын алса деген пікірдеміз. Оның себебін былай түсіндіреміз.

Біріншіден, «жаңадан туылған бала» анықтамасы ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 1 бабында анықтама берілмейді. Ол жерде бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам деген анықтама бар [9]. Сонда жаңадан туылған бала кім? Бұл туралы Ананы қорғау туралы 1952 жылғы ХЕҰ конвенциясының 1 бабында да аталмаған [4].

Ол сұрақтың жауабын нанатология ғылымынан іздеп көретін болсақ, жаңа туған бала-туған сәттен бастап өз өмірінің 28 күніне дейінгі бала [10].

Бұл анықтамадан жаңадан туылған баланың туылған сәтінен бастап, 28 күн өткен соң балаға айналып кететін көреміз. Ал ҚР ЕК асырап алушылар тек қана жаңадан туылған баланы ғана асырап алса, демалыс алу құқығына ие болатынын аңғардық. Осы жерде екінші мәселе орын алып отыр. ҚР азаматтық процесілік кодексінің 302 бабының нормасы бойынша бала асырап алу ерекше іс жүргізуге жататын іс болып табылады [11].

Бұл жерде соттың шешімі 28 күнге дейін шығып, жаңадан туылған баланың балаға айналып кетпеуіне дейін орын алса, асырап алушы ҚР ЕК 99 баптың 3 тармағына сәйкес демалысын алуға толыққанды құқылы. Ал, егер үлгермеген жағдайда оның демалыс алуға құқығы жоқ дегені ме? Сонда бұл норманың жұмыс жасамайтыны ма? Осы сұрақтардың жауабын іздеп көрейік. Заң шығарушы бұл норманы жазған кезде неге қиын жолмен жүргені қызықтырады. Бұл норманың жұмыс атқаратынын үшіншіден, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 98 бабының 1 тармағының нормасынан табамыз. Ол жерде: бала асырап алу құпиясын қамтамасыз ету үшін бала асырап алушының өтініші бойынша асырап алынған баланың туған күні, айы, жылы алты айдан аспайтын мерзімге, сондай-ақ оның туған жері өзгертілуі мүмкін [9]. Яғни асырап алушыда демалыс алуға үміт бар деген сөз.

Төртіншіден, ҚР ЕК 99 бабының 3 тармағындағы құқықты жүзеге асыру үшін асырап алушының жаңадан туылған баланың туған жылын алты айдан аспайтын мерзімге өзгертуі үшін сотқа тағы да талап арызбен жүгініп, оның шешімін алғаннан кейін ғана жұмыс берушісіне демалыс алу құқығын білдірсе болады деген түйіндеме жасаймыз. Сонда бұл жерде асырап алушы осы демалыс алу құқығын иелену үшін екі сот өндірісінен өтуге заң шығарушы жағынан сынақ берілген бе?

Бесіншіден: Ананы қорғау туралы конвенцияның 1 бабында: осы Конвенцияның мақсатында «әйел» термині қандай да бір кемсітушіліксіз кез келген әйел жынысты адамды, ал «бала» термині қандай да бір кемсітушіліксіз кез келген баланы білдіреді деп жазылған емес пе [4].

Неліктен ҚР ұлттық заңнамасы бала ұғымын жаңадан туылған бала деп қиындатып қойған. Әрине жаңадан туылған баласына туған ата-анасы демалыс алу құқықтары бар, ол босануына байланысты деп көрсетілген. Ал, асыраушыларға байланысты ескертпе жасалуы тиіс деп ойлаймын, бала он сегіз жасқа дейін бала болып есептелінеді, кез келген жаңа отбасына келген бала сол ортаға үйреніп кетуі үшін уақыт керек екенін ұмытпаймыз. Сондықтан да, ананы қорғау туралы ХЕҰ конвенциясының нормасын ұлттық заңнамаға имплементация жасау керек деген пікірдеміз. Яғни, жаңадан туылған бала ұғымының орнына бала ұғымын пайдалану қажет. Сонда бала ешқандай да кемсітуге ұшырамай толыққанды құқыққа ие болады, сонымен қоса, асырап алушысы да бірнеше сот инстанциясынан өтіп жүруінің қажеттілігі де жоққа шығады. Бұл конвенциядағы әйелдің босануы мен жүктілігі, бала күтіміне байланысты демалыста болған кезіндегі барлық құқықтарының сақталатыны туралы ҚР ЕК нормаларынан көрініс тапқанын айтамыз. Сонымен, халықаралық құқық нормаларының жұмыскерлердің демалысқа құқықтары

саласы бойынша еңбек қатынастарын реттеуде тиімді тұтастай бір жүйеге келтіруге жағдай жасайтын нормалар екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1. Журунова М.К. Проблемы осуществления трудовой деятельности гражданами стран ЕАЭС в рамках договора о ЕАЭС. Ученые труды Российской Академии адвокатуры и нотариата. № 2 (53) 2019. С. 128-130 // [http://raa.ru/files/UT%20RAAN-BI-2\(53\)-2019.pdf](http://raa.ru/files/UT%20RAAN-BI-2(53)-2019.pdf) (13.10.19)

2. Богатыренко З.С. Международная организация труда. Конвенции, документы, материалы. – М.: Дело и Сервис, 2007

3. Аскеров Р. Влияние международно-правовых норм и принципов на национальное законодательство в регулировании трудовых отношений (сравнительный анализ конституций России, Азербайджана и Италии) // Право и жизнь. – No162 (12). – 2011. – 170-179

4. Ананы қорғау туралы 1952 жылғы (қайта қаралған) конвенцияны қайта қарау туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 14 ақпандағы № 554-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000554> (15.10.19)

5. Конвенция об оплачиваемых отпусках в сельском хозяйстве: Конвенция МОТ No 101 от 26.06.1952 // http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms_c101_ru.htm (15.10.19)

6. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (18.10.19)

7. Конвенция об оплачиваемых отпусках: Конвенция МОТ No 132 от 24.06.1970 // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_102747/ ^[1]_{SEP}(18.10.19)

8. Хохрякова О.С. Правовое регулирование отпусков: История, теория, перспективы совершенствования. Дисс. на соис. доктора юридических наук. 1992, Москва, 400 стр. // <https://www.dissercat.com/content/pravovoe-regulirovanie-otpuskov-istoriya-teoriya-perspektivy-sovershenstvovaniya> ^[1]_{SEP}(18.10.19)

9. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> ^[1]_{SEP}(18.10.19)

10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Новорождённый> ^[1]_{SEP}(18.10.19)

11. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> ^[1]_{SEP}(20.10.19)

ЕҢБЕК САЛАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІКТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ РЕТТЕУ

Еңбек саласында гендерлік кемсітушілік әртүрлі көріністерге ие көпжақты құбылыс болып келеді. Ол көбінесе келесі мәселелерден көрініс табады: әйелдер мен ерлердің еңбек қызметіне бірдей қол жеткізбеуі, кәсіби дамуы, саясатта, бизнесте, мемлекеттік басқаруда қажетті шешімдер қабылдауға әйелдерді қатыстыра бермеуі, ерлер мен әйелдер жалақысы деңгейінің ерекшеленуі, осындай кемсітуге ұшыраған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың күрделілігі.

Халықаралық қоғамдастық демократиялық мемлекеттің басым бағыттары ретінде еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мүмкіндіктер мен мүдделердің тең дәрежеде көрініс табуын қолдайды.

Гендерлік саясаттың енгізілуі мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласында теңсіздікке байланысты кездесетін мәселелерді шешу, соның ішінде еңбек қатынастарын да айналып кетпейді. Оны реттейтін ұлттық механизм мемлекеттің деңгейінде барлық салада жұмыс атқаруы керек. Жалпыға бірдей идеологиялық, ұйымдастырушылық, бақылаушы қағидаттардың негізінде жұмысын атқаруы тиіс.

Көптеген шетелдерде мемлекет атынан мемлекеттік органдар гендерлік теңдікті дамытуда белсенді рөл атқарады. Гендерлік теңдікті дамыту үшін дамыған шетелдің тәжірибесін басшылыққа алу әрине оңтайлы шешім болады. Гендерлік саясатты енгізудің қажеттілігі қайдан бастама алғанына тоқталып кететін болсақ, ең алғаш «гендер» анықтамасы американдық психолог Роберт Столлермен 1960 жылдары ұсынылған болатын. Р. Столлер Концепциясында «гендер» – әлеуметтік жыныс дегенді білдіреді, яғни адамдардың биологиялық жынысқа байланысты олардың әлеуметтік орындарын белгілейді.

Қазақстан Республикасында заңнамалық тұрғыдан «гендер» анықтамасы ашылмағанымен, оны елімізде теңдікпен кемсітушілік ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (ары қарай – ҚР ЕК) 6 бабының 2 тармақшасында еңбек саласындағы кемсітушілік ретінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығын алады [1].

Бұл жерде кемсітушілік жалпылама алынғанымен, гендерлік теңсіздік анықтамасы қосылатын болса, нақтырақ түсінік пайда болатын еді деген пікірдеміз.

2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (ары қарай – БҰҰ) гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді дамыту туралы Саммитте он жеті негізгі мақсатты алға тартты. Бұл Саммитте гендерлік теңдік ұлттық басымдыққа ие болуы тиіс деп нақтыланды [2].

Әрине, ҚР көптеген жылдар бойынша әйел азаматтарын жұмысқа араластырмай, көбінесе, үй шаруашылығымен айналыстырып, жұмысқа шығып, еңбек қатынастарына түскеннің өзінде де жұмыс барысында жоғарыда атап кеткендей кездесетін теңсіздіктер орын алып отырған.

Қазақстанда гендерлік теңдік туралы Стратегия 2006 жылдан бастап 2016 жылға дейін әрекет етті [3].

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейін әрекет ететін отбасылық және гендерлік саясат туралы Концепциясы қабылданды [4].

Бұл Концепцияның мақсаты ретінде гендерлік теңдікті мемлекеттік реттеу арқылы оны реттейтін құқықтық актілерді қабылдау және гендерлік саясаттың әйелдер және отбасылық демографиялық саясатын жақсарту мен дамытуға септігін тигізуі саналады.

Оның қорытындысын 2015 жылы Қазақстанның БҰҰ гендерлік теңдік бағытының қалыпты дамуына қосылғанынан байқауымызға болады. Осы жерден мемлекеттің толық көлемде БҰҰ қалыпты дамуына сәйкес ішкі деңгейде гендерлік теңдікті жүзеге асыратыны қалыптасқанын көреміз.

Бірақ әлі күнге дейін гендерлік теңдік бағытында жүргізетін біраз жұмыстар бар деген пікірдеміз. Мысалы ерлермен тең дәрежеде әйелдердің атқара алмайтын жұмыстары бар. Ол әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі бойынша 287 түрі көрсетілген [5].

Олардың біразын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.08.2018 № 348 бұйрығымен алып тастағанымен, бұл тізім әрекет етуде.

Бұл жерде АҚШ § 1604 федералдық ережелер жинағының 1 бабының «а» тармақшасында «Адал кәсіпке қатысты ұсынылатын ерекшелікті тар мағынада түсіндірген жөн. «Ерлерге арналған жұмыс» немесе «әйелдерге арналған жұмыс» сияқты анықтамалар, оған жеткілікті негіздерсіз бір немесе басқа жынысты жұмысқа алуда таңдау мүмкіндігінен айырады деп жазылған [6, 125 б.].

Шынымен де әйел азаматтарға тыйым салынатын жұмыстар тізімін енгізу арқылы шектеулер жасалғанмен тең деген пікірдеміз, бірақ таяқтың екі ұшы бар сияқты, бұл жерде арба сынбайтындай және өгіз өлмейтіндей жағдай жасау қажеттілігі орын алатынын ескергеніміз де жөн. Заң шығарушының бұл шектеуді қабылдауы кезінде жұмыс берушіні сақтандырғаны көрініп тұр, егер ол әйел азаматты физиологиялық тұрғысынан орындай алмайтын жұмысқа алып, ол нәтижесінде өндірістік жарақат алған жағдайда жұмыс берушіні шығынға ұшыратып, жұмыскердің өзіне де нұқсан келетін болады. Сол себепті бұл тізімнің орнына ҚР ЕК 23 бабына жұмыс берушінің жұмысқа алу кезінде таңдау құқығының аясына берген дұрыс деп ойлаймыз. Сонда екі тарап та жауапкершілікпен еңбек қатынастарына түседі.

Еуропа тәжірибесінде 1970 жылдан бастап, әйел азаматтардың жұмыспен қамтылуына назар аударған болатын. Жұмысқа орналасуына квота белгілеген. Еуропалық парламентте әйел санын ұлғайту мен ірі кәсіпкерліктің әкімшілік қызметтеріне де әйелдер саны ұлғайту орын алған [7].

Әрине мұндай квотаның бөлінуі өзінің артықшылықтары мен келіспейтін мәселелер туғызуы мүмкін. Бұл жағдайда ерлерге қатысты кемсітушілік мәселесі орын алып кетуі ықтимал. Сондықтан ҚР ЕК 25 бабында әлеуметтік жағынан осал деп танылатын топтағы азаматтарға жұмысқа орналасу кезінде артықшылықтар беру қарастырылғаны дұрыс шешім деп ойлаймыз.

Н.Л. Лютов та осындай пікірді ұстанып: «әйел азаматтарының қосымша қорғауға ілінуі арқылы өздерін толыққанды тұлға ретінде санауына кедергі келтіруі мүмкін»,- дейді [8, 116].

Әрине қазіргі бәсекеге қабілетті заманда әйелдердің ерлермен тең дәрежеде өздерінің жетістіктерін көрсете алатынына сенімдіміз. Бұл жерде Еуропаның тәжірибесі 90 жыл бұрын орын алғандықтан, сол кездегі орын алған мәселенің оңтайлы шешімі ретінде қарастырған дұрыс деп ойлаймыз.

ҚР әйелдердің саяси құқықтары туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының (ары қарай ХЕҰ) конвенциясына қосылған болатын. Осы Конвенцияның 2 бабында әйелдер ұлттық заңмен белгіленген, жариялы сайлауды талап ететін барлық мекемелерде қандай да болмасын кемсітусіз еркектермен тең жағдайда сайлана алатыны айтылған [9].

Қазіргі уақытта бұл конвенцияның мойындалғанымен, елімізде нарықтық заманның дамуы, бәсекелістіктің өсуінен әйелдердің ерлермен бірдей саяси өмірге қатысуы белсенді түрде орын алуда.

Сондай-ақ, ҚР Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы конвенцияны мойындаған болатын [10].

Бұл туралы еңбек кодексінде жалпылама норма қолданылатындықтан, ерлер мен әйелдердің арасындағы еңбекке сыйақысына байланысты қандай да бір кемсітушілік орын алған жағдайда ол ҚР ЕК 6 бабының нормасымен сараланады [1].

ХЕҰ еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы Конвенциясын Қазақстан Республикасы бекіткен болатын [11].

Бұл конвенцияның нормаларының ҚР орындалуына талдау жасай келе, оның нормасын бұзатын жағдайларды кездеспейтіні жайлы өз ғылыми жұмысында М.Х. Хасенов та атап кеткен [12, 120 б.].

Әлбетте, әйел азаматтарының гендерлік теңсіздігі бұл түрлі жағдайларда орын алуы мүмкін мәселе екеніне бірнеше мысалдар келтірдік, ендігі кезекте әлі де болса, әйел азаматтарының жұмыс орнында көзге көрінбейтін кемсітушілікке жиі ұшырап отырулары алаңдататын мәселе.

Әлбетте ҚР осы мәселені халықаралық деңгейде реттейтін актілерге ҚР мойындалған 1979 жылғы 18 желтоқсандағы Әйелдерге қатысты кемсідудің барлық нысандарын жою туралы ХЕҰ конвенциясын айтуға болады [13].

Осының бір нақты көрінісі ретінде 2015 жылы БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті Қостанай облысы Перцовка ауылының 35 жасар тұрғыны Анна Белоусованың пайдасына шешім шығарды. ҚР билік органдарын оның құқықтарының бұзылуы салдарынан келтірілген моральдық және материалдық шығынның орнын толтыру мен тиісті қаржылық өтемді төлеп беруге шақырды. БҰҰ комитеті Анна Белоусованың дәрменсіз жағдайда болғанын және сол сәтте мектеп директорына толықтай тәуелді болғанын атаған [14].

Бұл ҚР тәжірибесінде бірінші рет орын алып отырған жағдай екеніне назар аударамыз. Яғни, жұмыс барысында көзге көрінбейтін әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді дәлелдеу бір жағынан, өте қиынға соғып жатса, екінші жағынан, әйел азаматтарының өздерін кемсіткені туралы айтуды жат санап, үндемей жаба салатын кездері де қаншама.

ҚР заңнамасында, әсіресе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте осы жұмыста кемсітушілік әрекеттеріне ұшыратқаны үшін жауапкершілік көздейтін норманың болғаны дұрыс деген пікірдеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (8.10.19)
2. Цели в области устойчивого развития.// <http://www.un.org/sustainabledevelopment/> ru. (9.10.19)
3. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001677_(8.10.19)
4. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (10.10.19)
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012597#z12> (10.10.19)
6. Фридмен Л. Введение в американское право. – М., 1992. С. 248
7. М. Орешкин высказался против идеи трудовых квот для женщин // Российская газета. 2017. 6 сент.
8. Лютов Н.Л. Дискриминация и дифференциация в трудовом праве: сравнительно-правовой аспект // Проблемы дифференциации в правовом регулировании отношений в сфере труда и социального обеспечения: материалы Пятой Международной науч.-практ.

конф. / под ред. К. Н. Гу- сова. М., 2009. С. 116.

9. Қазақстан Республикасының Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 18-III// [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000018_\(13.10.19\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000018_(13.10.19))

10. Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 115-II// [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000115_\(13.10.19\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000115_(13.10.19))

11. Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы Конвенцияны Қазақстан Республикасының бекітуі туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 20 шілде N 444 Заңы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000444_\(14.10.19\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000444_(14.10.19))

12. Хасенов М.Х. О результатах анализа законодательства Республики Казахстан о государственных гарантиях равных возможностей мужчин и женщин. Вестник Института законодательства и правовой информации РК №3 (57) – 2019. С. 116- 125

13. Қазақстан Республикасының Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 248 Заңы// [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000248_\(14.10.19\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000248_(14.10.19))

14. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-anna-belousova/28645300.html> (14.10.19)

**Тортаева А.Э., Хабибулина Р.
г. Нур-Султан (Казахстан)**

О МЕРАХ ПО УСИЛЕНИЮ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ, УКРЕПЛЕНИЮ ДИСЦИПЛИНЫ И ПОРЯДКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ И ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ

Наше государство, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан – одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу.

«Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия.

Согласно 1 статьи Закона Республики Казахстан «О противодействии и коррупции»: «Под коррупцией в настоящем Законе понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ» [1].

Болезнью под названием «коррупция» болеют многие страны мира как развивающиеся, так и развитые страны.

Проблема борьбы с коррупцией является одной из актуальных и животрепещущих в жизни нашего общества и государства. Коррупция разлагает и расшатывает государственные устои изнутри, сводит на нет все прогрессивные инициативы и начинания честных людей, готовых вкладывать душу и сердце служению во благо нашего народа, во благо процветания отечества. Известно, что коррупция значительно снижает конкурентоспособность государства, тормозит осуществление демократических преобразований в обществе, наносит ущерб международному авторитету страны. Но

самое главное – подрывает в людях веру в демократические основы общества, веру в закон и справедливость, в конечном счете, доверие к власти [2].

Для повышения эффективности борьбы с коррупцией необходима активизация комплекса мер политического, правового и нравственного порядка и содержания, нужна активная жизненная и политическая воля всего народа Казахстана. И тогда можно рассчитывать на определенные положительные результаты.

Сегодня основные усилия судебных органов Республики Казахстан направлены как на предотвращение, так и на профилактику коррупционных проявлений в своих рядах.

В свете Указа Президента РК по усилению борьбы с преступностью и коррупцией основным вопросом повестки дня стало обсуждение мер по профилактике коррупционных правонарушений должностными лицами организаций с участием государства при использовании активов государства и госорганов при осуществлении контроля за полнотой и своевременностью поступлений в бюджет [1]. Усиление предупредительных и профилактических мер правоохранительных органов создали возможность ведения дальнейшей наступательной борьбы с коррупцией.

Реализация норм антикоррупционного законодательства позволили укрепить дисциплину государственных служащих. В соответствии с законами «О борьбе с коррупцией» и «О государственной службе» и общепринятыми морально-этическими нормами установлены основные стандарты поведения госслужащих, которые должны руководствоваться принципами закона, неукоснительно соблюдать нормативно-правовые акты РК, противостоять проявлениям коррупции и не допускать использования служебной информации в корыстных целях [3].

В Концепции правовой политики Республики Казахстан, одобренной Н.А. Назарбаевым, заложены конкретные основы для дальнейшего совершенствования и развития всего комплекса действующего законодательства, в том числе и антикоррупционного.

В целях усиления противодействия преступности и коррупции, дальнейшего совершенствования и укрепления дисциплины и порядка деятельности государственных органов и должностных лиц Н.А. Назарбаевым были утверждены следующие меры:

- определить приоритетными направлениями деятельности правоохранительных органов борьбу с коррупцией и защиту конституционных прав и свобод граждан от преступных посягательств с обеспечением неотвратимости реакции государства на любые правонарушения и привлечением виновных к установленной законом ответственности;

- возложить на руководителей государственных органов, государственных организаций и организаций с долей государственного участия непосредственную обязанность по противодействию коррупции с установлением за это персональной ответственности;

- Правительству Республики Казахстан совместно с заинтересованными центральными государственными органами в установленном законодательством порядке:

- предусмотреть меры по стимулированию антикоррупционного поведения граждан, включающие механизмы поощрения деятельности граждан, направленной на оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений;

- ввести обязанность государственного служащего доводить до сведения руководства государственного органа, в котором он работает, или до правоохранительных органов о ставших ему известными случаях коррупционных правонарушений, предусмотрев за невыполнение данной обязанности дисциплинарную ответственность;

- разработать правовой механизм, обеспечивающий прозрачность имущественного положения граждан в период прохождения ими государственной службы, а также на протяжении определенного периода после увольнения с государственной службы, установив обязанность государственных служащих, а также лиц, уволенных с государственной службы, в течение определенного периода после увольнения

предоставлять информацию о происхождении имущества, стоимость которого превышает официальный доход этих лиц;

- выработать меры противодействия «корпоративной коррупции»;

- в государственных органах определить перечни должностей с высоким риском совершения коррупционных правонарушений, с установлением особых, повышенных требований для поступления и прохождения службы на этих должностях, в том числе с принятием обязательств о возможности применения в отношении лиц, занимающих указанные должности, механизмов, предусматривающих специальные проверки на предмет соблюдения ими антикоррупционного законодательства. При этом лица, не выдержавшие такой проверки, должны подлежать увольнению с государственной службы;

- для каждой должности в правоохранительных органах, за исключением политических должностей, разработать и утвердить специальные квалификационные требования по аналогии с квалификационными требованиями к категориям административных государственных должностей;

- обеспечить унификацию правового статуса сотрудников правоохранительных органов и прохождения ими службы, предусмотрев при этом повышение процессуального статуса следователя, назначение и аттестацию участковых инспекторов полиции с учетом мнения населения, а также установив конкурсный порядок приема на службу в правоохранительные органы с обязательным прохождением кандидатами стажировки [4];

- в пределах средств республиканского бюджета принять меры по установлению для сотрудников правоохранительных органов, выполняющих основные функции, более высокого уровня оплаты труда по сравнению с сотрудниками, выполняющими обеспечивающие функции. При этом пересмотреть порядок определения выслуги лет, пенсионного обеспечения, присвоения званий и классов чинов в зависимости от выполнения основных или обеспечивающих функций;

- принять законодательные меры, предусматривающие повышение эффективности прокурорского надзора за соблюдением прав и свобод граждан в социальной сфере;

- усилить уголовную ответственность за преступления, посягающие на несовершеннолетних, их права и законные интересы, обеспечив должную профилактику указанных преступлений;

- усовершенствовать правовые механизмы противодействия преступлениям, совершаемым в составе организованной преступной группы или преступного сообщества, в том числе с усилением уголовной ответственности за их совершение.

Агентству Республики Казахстан по делам государственной службы совместно с заинтересованными государственными органами:

- обеспечить создание единой электронной базы данных, содержащей сведения о личных и профессиональных качествах лиц, работающих и ранее работавших на государственной службе, а также о допущенных ими нарушениях и фактах привлечения к различным видам ответственности и причинах прекращения государственной службы [4];

- на законодательном уровне определить понятие «конфликта интересов» в системе государственной службы, при котором могут возникнуть противоречия между личными интересами государственного служащего, интересами общества и государства. При этом регламентировать порядок предотвращения и урегулирования конфликта интересов, в том числе установить запрет для перехода государственного служащего, в течение определенного периода после увольнения с государственной службы, на работу в коммерческие организации, которые были в период исполнения им служебных обязанностей ему непосредственно подконтрольны или непосредственно связаны с ним в соответствии с его компетенцией;

- распространить ограничения, установленные для государственных служащих, на лиц, выполняющих управленческие функции в государственных организациях, и организациях с долей государственного участия.

Таким образом, исходя из вышеизложенного, следует вывод о том, что борьба против коррупции должна стать постоянной функцией государства, перспективным представляется стимулирование стремления общества к созданию социально-психологической атмосферы всеобщего культа честного человека, скромного, справедливого и доброго, идеалом которого являются трудолюбие, высокая культура и высокий профессионализм, служба в государственных органах гордостью, стимулом и примером для каждого гражданина.

Литература

1. «О борьбе с коррупцией» Закон Республики Казахстан от 2 июля 1998 года 267.
2. Уголовный Кодекс Республики Казахстан, ЮРИСТ-2011.
3. Постановление Правительства РК от 31 марта 2011 года № 308 «Об утверждении отраслевой Программы по противодействию коррупции в Республике Казахстан на 2011 - 2015 годы».
4. Закон РК от 2 июля 1998 г. N 267-1 «О борьбе с коррупцией» (с изменениями, внесенными в соответствии с Законами РК от 23.07.99 г. N 454-I; от 28.04.2000 г. N 46-II; от 08.06.01 г. N 206-II; от 12.07.01 г. N 240-II; от 09.08.12 г. N 346-II).

**Ыдырысов Қ.З.
Нұр-Сұлтан қ. (Қазақстан)**

